

66.3(5Қаз)
Б20

ҚАЗАҚСТАН БАҒЫПАНДЫҚ



Мұхамедқали Баймұханов

**ҚЫЗЫЛАРАЙ
БАУРАЙЫНДА**

УДК 821 .512.122
ББК 811-каз-7

Б-20 Баймұханов. Қызыларай баурайында: Астана қ., 2014 ж.,
304 бет.

ISBN 978 601-7020-27-9

Қарағанды облысының 80 жылдығына,
Қызыларай ауылының үлкен-кішілеріне арнадым!

Бұл автордың төртінші кітабы. Ауылдастарына арналған. Өткен ғасырдың оқиғаларын нанымды түрде бейнелеген. Адам бойынан жақсылықты іздеу жазушының кредосы. Адам аттары көптеп келтірілген. Жеңіл, астарлы әзіл езу тартқызып отырады. Елмен жерді, сонда жасаған адамдарды бейнелеу арқылы қаламгер өз жүрегiнiң елмен жерге соғысын бiлдiрген. Тiлi жеңiл, қарапайым. Оқып ләззат алыңыздар, қауым!

Пiкiр жазғандар: аға жазушы Қалмұқан Исабаев., Сүлеймен Баязитов және Қазақстанның Еңбек сiңiрген қайраткерi, белгiлi күрескер ақын. Қазақстан Жазушылар одағының Павлодар облыстық бөлiмiнiң директоры Арман Бақтанұлы Қаннев.

Кеңесшiсi: Шағыров Қордабай Мақсұтұлы.

ISBN 978-601-7020-27-9

УДК 821.512.122 ББК 811 қаз-7

Баймұханов, 2014

ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ БАЛАЛАРЫ

Алғысөз орнына

Арқаның ең биік шоқысы - Қызыларай.

Қызыларай тауы, Қарқаралы сонау Тянь-шаннан бері қуалап, Тарбағатайды бойлай келіп аласарып кететін тау сілемдері болса, Қызыларай сол Қарқаралының жалғасы. Теңіз деңгейінен 1558 метр болып жағырафия ғылымының анықтауынша иісі Сарыарқа яғни Орта Қазақстандағы ең биік тау. 1954 жылы күз айында шыққан "Советтік Қарағанды" газетінде Қызыларай тауларынан археологиялық өте құнды экспонат табылғаны жайлы және оны өте көркем баяндап жазған Әлксі Марғұланның мәтіні бар еді. Онда Қызыларай тауын зерттеп жүрген кезде ертеде темір қорытқан орындардың табылғанын және алтын ертоқыммен ерттелген шағын ат мүсінінің шебер сомдалғаны және анадай жерде малдас құрып отырған алтыннан құйылған адам бейнесі әмбе табылғаны айтылған еді. Өкінішке орай кейінгі археологиялық мәліметтерден ондай деректерді кездестіре алмай жүрміз. Әлкей Марғұлан 1960 жылдары Қызыларайды, біраз зерттеді, Бегазы-Дәндібай мәдениеті тарихқа біржола енді. Ақтоғайдағы мемлекетіміздегі бірегей археологиялық мұражай экспонаттарының біразы Қызыларай тауларынан. Мұнда Тобықты елін Сыр бойынан бастап келс жатқанда Мамай батыр қиыншылықпен асқан асу бар. Өйткені сол кезде Қызыларайды да қалмақтар жайлап бекініп алған екен. Кездейсоқ кездесіп қап үлкен ұрыс салуға мәжбүр болыпты. Жеңіп өтіпті. Мұны тарата айту тарихшылармен деректанушылардың міндеті болса керек. Қызыларайдың табиғаты өте әсем, ертеден әнмен мен жырға өзек болған, ақынның қиялын өрлеткен қарағай, қайың, тал аралас өскен, сайдан жамырай аққан өзеншелерден күкірт иісі аңқиды, шөптің, гүлдің неше атасы өседі. Сирек кездесетін ырғай, шырғай, самырсын, шетен, емдік күшала сияқты дәрі-дәрмектік шөптің қоры көптеп кездеседі. Жер шалғайлығы, тауының қиындығынан толық зерттелмеген жер, сондықтан да кеңес дәуірінде де бағы ашылмады. Аң мен құстың көптеген түрлері, әсіресе арқардың ең элиталық тұқымы, қаршыға, лашын, сұңқарлар көптеп мекендейді. Көптеген үңгірлер, тас жазулары, балбат мүсіндер жүздеп кездеседі. Әрине, кеннің де әртүрлі қоры бар. Қаныш Сәтбаевтың кітабында айтылған. Қызыларай Шоқан Уәлиханов жазбаларында үш жерде ұшырайды. Кезінде Пришвин келіп кетіпті.

Потанин және Усова деген ғалымдар зерттепті. Потанин белгілі адам, ал Усова биолог болса керек шөптермен дәрілік өсімдіктерді зерттеген. Бұған себепші болған тұңғыш "Алашорда" төрағасы болған, халқының азаттығы үшін өмірінің соңына дейін қызмет қылған, сол жолда михнат шеккен, айдауда, түрмеде болып, әйтеуір, кездейсоқ атудан аман қалған Қызыларайдың тумасы. 1913 жылы Томск политехникалық институтын алтын медалмен бітірген Әлімхан Ермеков екен. Әлімхан Ермеков туралы бір-екі ауыз сөзбен біте салатын дүние жоқ. Қазақ тарихында тұңғыш математика профессоры, жаңылмасак сонда жиырма жасты орталаған кезі. Санжар Жағыпарұлы Асфандияровпен бірге Қазақ Мемлекеттік Университетін құрушы, жоғары математикадан тұңғыш қазақ оқулығын жазған ғалым. Бұл кісі өмір бойы қуғында жүрсе де жасаған мәнді, мағыналы жұмысын, қайраткерлігін бір-екі ауыз сөзбен айта алмаспыз. Қалкен Мәкенбаев, Қайырбек Садуақасов деген елге белгілі азаматтардың шағын "Әлімхан Ермеков" деген кітапшасы шығыпты, басқадай үлкен дүние әлі жасалмаған сияқты. Қазақтың осы ардагер ұлы Қарағанды қаласында жетпісінші жылдардың басында қайтыс болғанда, сырбаз жазушы Ғабит Мүсірепов "Қазақ әдебиеті" газетінде өз қолымен қазанама жазыпты. Онда Семей гимназиясын алтын медалмен бітірген Әлекең, Томск Политехникалық институтын және алтынмен бітіріп, бұдан былайғы өмірін халқының бостандығына бағыттаған... Қазақ еңбекшілерінің хатын алып Лениннің алдына барған Әлекең... деп тебірене жазғаны есімізде. Ардақты аталары туралы үлкен зерттеу жасау жаңа түлек, буырқанып келе жатқан ұрпақтың міндеті болар. Әлекең "Алашорданы" басқарғанда Сұлтанмахмұт Торайғыров оған арнап өлең жазған, көзі қарақты оқушы тауып оқыр. Мағжан Жұмабаевтың да Әлімхан Ермековке арнап жазған өлеңі бар, ол кезінде «Абай» журналында жарияланды. Соңынан Томскіге Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты өз орнына жатқызып, орналастырып кеткен... Жалпы сол уақыттағы Қазақ зиялыларының бір-біріне өте тілектес болғаны ғажап. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков толып жатқан басқалары, батысы бар, шығысы бар, бірін-бірі өте аялағанын үзік болса да сол кездегі жазбалардан да байқауға болады. Мұндай үрдіс француздарда болған. Гюго, Делорма, Сент-Бев, Шатобриан, Ламартин сияқты ұлы француздар бірін-бірі дәріптеумен болған. Өкініштісі қазақтың ұлы зиялыларынан бастау алған ынтымақты олардың інілері бұзып алған сияқты. Отаршылдықтың зардабы ма екен, әрқайсысы шамасы келсе өзін қолпаштап кеткен, тіпті бір-біріне жамандай жаулық қылғандары да бар екенін біз ғана емес, көзі қарақты жұрт біледі.

Қарқаралы-Қызыларай арасы сексен шақырымдай, бұрын алтыншы ауыл атанған Қызыларай қазақ халқына тағы бір Әлекеңді бергенін айтсақ оқушы таңғалмас. Ол Әлихан Бөкейханов. Бертінге дейін жасап қайтыс болған, өзі де үлкен қайраткер және өмірлік ораза ұстаған діндар Смахан төре Бөкейханов: 1994 жылғы "Жұлдыз" журналында басылған өмірбаяндық

естелікте "Әлихан 186... жылы Қызыларайда туған. Туғанда кіндігі кесіліп туған"- деп ашық жазған. Осы жерде бір ескеретін нәрсе: қазыргы «Қаратал» кеншары болып, қазыр Шабанбай ауылы да ол кезде Қызыларай аталған. Анық себебі: бұл ауыл Қызыларай тауының батыс етегінде орналасқан. Кеңес үкіметі жылдары «5 декабрь» колхозы болып кейіннен «Қаратал» атанған. Смаханнның естелігі арнайы әдебиет үшін дайындалған нәрсе емес, өз жанұяларының тарихын, шежіресін жазған. Сол дәптер кейіннен әдебиетшілер қолына түскен болу керек, бір сөзін өзгертпестен жариялаған екен, бірен-саран олақтау жерлері болғанмен өте көркем дүние деуге болады. Оның құндылығы Әлихан Бөкейханов туралы нағыз құжаттық дүние екендігі. Осы С.Бөкейхановтың естелігінде Қызыларайдың сол кездегі атақты ақыны Нұржан Шоңұлы туралы қызықты деректер бар екен. Жас күнінде Нұржан ақын жастары да қатарлас болу керек, Әлихан Бөкейхановпен асықты көп ойнапты. Олардың бұл қарым қатынасы жөнінде бертінде Әлихан Бөкейханов жазаға ұшырап кеткеннен кейі елге келгенде ағасы туралы естеліктер жинаған болу керек. Сонда ол кезде тірі Нұржан ақынға келіп Әлихан туралы есте қалған қызық сәттерді сұраған. Сонда Нұржан ақын: «Әлихан асықты жақсы атушы еді, мерген болатын» деп айтты деп жазыпты.

Нұржан Шоңұлы туралы деректер өте тапшы. Қазақстанның 1935 жылы 15 жылдығында өлең, жыр айтысында «бас бәйгі алған» дегенді жаңылмасам, Дүйсен Исабеков деген адам, бұл кісінің өзінің ақындығы да болған, нағашыларына тартса керек. Алпысыншы жылдардың басында Ақтоғайдың газетінде осы кісінің топтама өлеңдері жарияланып еді... Білуімше, бұл кісі Қарағандыда тұрған, ревизор-тексеруші болып істеген сыңайлы. Өзінің тәуір адамдығы да болғанға ұқсайды. Қарқаралының Нұркен ауылында тұрғанымда кеншардың ферма басшылары болып қызмет атқарған бір адамдардың жазықты болып, солардың жұмысын тексерген осы біз айтып отырған Исабеков Дүйсен тексерген екен. Бұл алпысыншы жылдардың ортасына қарай болса керек. Жағыдайды түсінген тексеруші бұлардың жазадан босауына себепші болғанын, айтып отырғанын естіп едім...

Әлихан Бөкейханов туралы біраз мәліметтер көп жазылып та айтылған да сияқты. Оның бәріне тоқталмайтынымыз сондықтан. Петербургта Орман институтын бітіруінің өзі Әлекеннің келешек казак жерін орманға айналдырмақ болған талабын менземей ме. Бірақ, сол кездгі қоғамдағы саяси өзгерістер Әлекенді де халқының саяси бостандығы үшін күресуге мәжбүр еткен. Үлкен ғұлама, сол кезде казак баласының бұл кісіні силамайтыны жоқ екен.

Қазақтар түгілі белгілі орыс ғалымдары ол кісіні қатты силап, құрметтеп Александр Николаевич деп атапты. Әлекене сол кезде Ресей ғылым Академиясы тарапынан Сібірдің тарихын жазуға тапсырма беріліпті. Ол жазылды ма, жазылса қайда қалды ізделу керек, іздену керек әрине,

талапты ер болса. Басқалардан гөрі Әлекеннің біраз дәрежеде аты аталған сияқты. Бірақ осы ұлы есім, аса қымбат, халқының батагөйі болған, каранғыдан жарыққа бастаушы болған Әлихан Бөкейхановқа кейінгі ұрпақ мақтана қарайтындай істер жасау әлі алда болса керек.

Қарқаралы-Қызыларай-Ақтоғай сөз болғанда осы бір Бермуд үш бұрышы сияқты феномен. Ақбайұлы Жакыптың туған ауылы Бүркітті, Әлімхан Ермеков туған Былқылдақ бойына қырық шақырым жер, Әлімхан Ермеков туған жерден Әлихан Бөкейханов туған ауыл арасы (Жіңішке өзеніне жақындау) қырық шақырым, Әсет Найманбайұлы туған Керегетас қыстауы (Қызыларайдың бір шырайлы сайы) тағы қырық шақырым, Әсет туған жайлаудан Қызыл деген жерде Қасым Аманжолов туған жер де қырық шақырымдай.

Қызыларайда Екі Әлекеннен басқа, биік дауысты әнші, өзі кезінде Ұлы Абайдың шәкірттерінің бірі, әрі суырып салма, әрі жазба ақын, Әсет Найманбайұлын бүкіл халық біледі, жоғарыда айттық, Қытайда төңкерістің қырсығынан барып өлген. "Әсет пен Ырысжанның айтысы" айтыс өнерінің "Біржан-Сарадан" кейінгі шоқтығы биік айтыс екені дау тудырмауға тиіс.

Қызыларай қазақ- қалмақ соғысында үлкен ерлік қылған, тарих мойындаған батыр Сеңкібайдың және інісі батыр Шойдың туған жері. Сеңкібай зираты Нұраталды бойында, Шой зираты тап Қызыларайдың өзінде. Мұның себебі сол уақыттағы көшпенділікпен, жорықты өмір салтында. Осы өңірден қалмақтарды ығыстыруда Сеңкібай батырдың әкесі Оразғұлдың және оның бәйбішесі Сырымбикенің еңбегі үлкен. Қалмақтарды әртүрлі шарттар қойып, мәмілегерлік арқылы кетіру жолдарын қарастырып іске асырған ақылды адамдар болған. Мәселен бұлар қалмақтарға балуан күрестіру шартын қояды. Кімнің балуаны жеңілсе солар көшіп кетеді. Сырым бәйбішенің құрметіне халық Сырым өзені деп күні бүгінге дейін аталатын Қарқаралы мен Ақтоғайдың тура орта тұсындағы әжептәуір езеннің екі жағында қазақ-қалмақ жеңісе алмай отыр екен дейді. Міне әлгі айла осындайда өз жемісін беріпті. Екі жақта өз балуанын баптапты. Уәделескен қырық күн өткенде екі жақ балуандарын шығарыпты. Қазақ жағы Томай деген балуанды шығарыпты. Қалмақ балуанының бұғанасын сындырып жіберген екен. Содан қалмақтар жөңкіле көшіпті. Томай батырдың тегі кім екені осы уақытқа дейін белгісіз, бірақ Қызыларайда қыстақта аты бар, елдің есінде қалған адам, ұрпақтары бар.

Қызыларай туралы әндер, жырлар көп, қазақтың бұл өңірде болған ақындарының бәрі де бір-бір жырын арнаған. Жоғарыда Қызыларайдан шыққан ақын, әнші Әсетті айттық. Осы жоғарыда аталған Нұржан ақын шығармалары Қазақ Академиясының қолжазба қорында қалып жарыққа шықпай жатыр. Әсет, Нұржаннан кейін елдің есі шығып қалған

ауыртпалықтардан кейін бір өзі көпке татитын нағыз өр өлеңнің иесі, тек өлеңмен ұйықтап, өлең көрпесін жамылатын, расында Қасым айтқандай «өлеңнен құйылған дерлік» Серік ақын Ақсұнқарұлы шықты. Серікті ақын ретінде жауы да, досы да таниды. Бірнеше кітаптары өлең сүйер қауымның қолынан түспейді. Елуге толған тойында ғұмыр-ғұмырында іші адамға толмайын Қарағандының С.Сейфуллин атындағы театрда ине шаншар жер болған жоқ. Алпыс жылдығында да үлкен қошеметке ие болды. Ұлына тіршілігінде де ұлы десе жөн болар. Серіктің өзіміз куәсі болған, он сегіз жасында Қарқаралының Шайтан көліне шығарған «Шайтан көл» сөзі де әні де өзінікі ғажап ән. Кезінде бағы ашылмаған ән, Огинскийдің "Полонезі" құсап енді жарқырай ашылып, ән сүйер қауымға арналып ресми сахналардан шырқалып, белгілі әншілердің орындалуында халқының ілтипатына бөленуде. Осы орайда кейде жүрекке түйткілі бола беретін бір нәрсе, осы әннің «сөзін шығарған Серік Ақсұнқарұлы да, әні басқа біреудікі» деп жаңсақ ұғымдарға жол беріліп жүрген жайлар көп, мұны ашып айтқан әділетті болар, бұл ән басы бүтін Серіктің өзінікі, бұл әннің тағы бір қымбат жері- ол ақиық ақынның жастығының куәсіндей. Негізінен Серік әнді де жақсы орындап, домбыраны да жақсы шертеді, «Шайтан көлдің» алғашқы орындаушысы да өзі болған. Осы арқылы Серік Ақсұнқарұлы қазақ ән өнері тарихында да қалатын болды. Осы жерде бағы болмай, елеусіз ескерілмей жүрген Балтабай Батталғазинды айтуымыз орынды деп білем. Балтабай да үлкен ақын. Өлең сөздері керемет жымдасып, тап бір Қадыр ақынның өлеңіндей «кірпіштен қаланғандай жымдасып» жатады. Өлеңдері сезімге, шабытка құрылады. Балтабай кезінде еркелігімен, аңқаулығымен, ақкөңілділігімен «пысықтардың» құрбаны. Кейінірек ширап, бәрін түсініп таза ақындық жолына түсті. Бағы ашылатын күн туар деп ойлаймын. Өйткені ол шын-өлеңнің иесі. Сонымен бірге сазды күймен, жақсы шығарған әндері де көп. Қызыларайдан кезінде көптеген әнші, жыршылар, ертекішілерге дейін шыққан. Олардың атын айтып мезі қылмайық, сүйікті оқушыларды, Ә.Ермековке еріп Потанин келгенде біраз ертектерді жазып алған (ол қазақша білген ғой).

...Әлихан, Әлімхан, Әлімханның ұлы Мағауия Әлімханұлы Ермековте геология-минералогия ғылымының докторы, Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі болған. Бертінде қайтыс болды, «Мой отец Алимхан Ермеков» деген кітап жазып еді. Орынбек Жәутіковте академик, өз өмірбаянында «Қызыларайда тудым» депті. Қызыларайдан шыққан мен білетін алғашқы ресми ғылыми атақ (кеңес заманында) иеленген –тарих ғылымының кандидаты Смағұлов Хайдар болуы тиіс. Оны осы кітаптың бір жеріне жазғанмын. Рахметолла Башаров-физика ғылымы саласында профессор, Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми зерттеу институты ішіндегі тәрбие институтының директоры болатын. Менің білуімше оқулықтар шығаруға көп еңбек қылған адам. Кезінде алғаш ашылған Торғай пед. Институтының ректоры болған. Екінші бір физик профессор

Жезқазғандағы Әбеуов Мұрат ініміз де, ғылым саласында салмағы бар азамат. Химия ғылымының кандидаты, профессор, фамилиясы қазыр есіме түспей отыр. жанылмасам Оразалин Мұқаш, Махмет, Тәжібайларға туыс Рахимов Әбікен деген азамат –химия ғылымдарының кандидаты, профессор, Қарағанды Университетінде Алма Советқызы Әділова –филология ғылымының докторы. профессор, осы саланың жетілуіне, қазақ тіл ғылымының өркендеуіне күш салуда. Бақытбек Сыздықов, Астана қаласында сот, заң ғылымының кандидаты. Кейінгі жастардан Баймұханов Зейін Қайырбекұлы физика -математика саласында ғылым кандидаты, қазыр Астанадағы жоғары оқу орындарының бірінде дәріс береді. Баймұханов Ербақыт Мұхамедқалиұлы –саяси ғылым саласынан ғылым кандидаттығын Алматы Мемлекеттік Университетінде қорғаған, Қарағанды облысы бойынша осы ғылым саласынан екі кандидаттын біреуі, Ішкі Істер Министрлігінің Қарағанды Заң Академиясының аға оқытушысы, доцент. Кезінде өзі де талапты болған Кәслан Нығыметжановтың ұлы Махмуд Әліпбергенов жоғары мемлекеттік қызметте болып, Жезқазғанда кезінде жұмыссыз жерлестеріне көп пайдасын тигізген. Кейіннен Балқаш қаласында да осындай қолқабыстары болған. Теміржол саласындағы үлкен маман әрі қызмет лауазымының иесі Жандос Майқыбеков та тәуір азамат. Қызыларайға жиен Қуаныш Мақсұтов «қазақтың сары тентегі» атанып ел атағын шығарды. Мен осы кітабымда баяндаған Сейтқазы мұғалімінің жиені Руслан Нұрбаев –жақсы, талантты ақын. Қазақстанның Жазушылар Одағының мүшесі. 1959 жылы Қарқаралыда дүниеге келген, мен осы кітапта көп әңгіме қылған Нұржановтардың жиені Ерлан Ыдырысов – дүниелік саясатқа әсері бар лауазымды тұлға екенін өздеріңіз білесіздер. Оның нағашысы Нұржанов Садуақас небары ветеринарлық емдеу мекемесінің бастығы бола тұра, бүкіл Қарқаралы. Ақтоғай аудандарына сөзі өтетін қабілетті адам болған. Өйткені өзі Нұржан ақынның баласы ғой. Қызыларай өңірінен Қарқаралы техникумына түскеннің бәріне осы кісінің шапағаты тиген. Кезінде әлеуметтік қамсыздандыру Министрі болған жас азамат Серік Әбденовтың шыққан тегі де –қызыларайлық. Қызыларай түлектерінен Бейбіт Нұржановтың баласы –Қазақстанның Малайзиядағы толық өкілетті елшісі.

...Қазыр ауылдың жөн айтар, жастардың арқа сүйер ақылғөй ақсақалына айналған Мәжіманов Нилтай аға балалары-Айдар, Дүйсен құқықтық сала қызметінде абройлы қызмет атқаруда. Басқа балалары да тәрбиелі, көшелі болып өскен. ... Қызыларайға келгенде Нилтікен үйінен. Мәкен жемізі сауып баптаған қымызды сан ішкіміз, ондай қымыздар бүгіндері кездеспейтін сыяқты. Мәжімановтар әулеті елге мақтаулы әулет. Мәжіман ақсақалды кезінде ел еркелетіп Мәймаң атаған. Оның себебі: бұл кісі қол өнерінің аса шебері болған. Ер жасап елдің қажетін шығарған. Бүкіл Арқа өңірінде бұл кісі жасаған ермен таласатын басқа ер болмаған. Кезінде Мәскеудегі қолөнер байқауында бұл кісі жасаған дүние өте жоғары бағаланған екен. Әрине, Қызыларайда басқа да ер жасаушы талапкерлер көп

болған. Біз олардың бәріне тоқтай алмаймыз. Мәйманның өнері ортаншы дәтесі Есенге қонып еді. Бірақ, бұл өмірде бағы болмады, өмірден ерте өтіп кетті.

Аскен ағамыздың үйінде де қымыз бапталып тұрушы еді. Бұл кісі де өзіннің үлкендік қасиетін ұстайтын жастарға жөн айтар, ақыл берер адамның бірі. Інісі Аман ширақ, еті тірі болатын. Ауылдың әрбір адамына кітап жазса болады, бірақ біздің мүмкіндігіміз осы болып жатыр... Кәріғұлдың әкесі жүзге жақындап өлді білем, Кәкен ауылдағы әр істің басында жүретін адам еді. Бір қасиеті жұмысты апыл-ғұпыл істейтін. Үй салса да, пеш қаласа да бүгінгі жұмысты ертеңге қалдырмайтын. Кенес заманында Шотай Тайбағаров деген адам –қой қырқудан Одақ чемпионы болды. Кәкең екінші орын алып жүрді. Осы жарыстарға Кәкең кейіннен бармай қойды. Себебі: райполкомнан бір адам, облыстан тағы біреу ереді екен. сонын бәрін ішкізіп жегізуден ығыр болса керек. Бәйгеге деп берген кілемді де солар мезіреті қыла берген сон, ер көңілді Кәкен бермей тұра алсын ба?. Кішкентай күннің өзінде Кәріғұл соғыстан кейін қаусап қалған елге, тым болмаса бидай қуыратын бақыр жасап беріп көп сауап алған екен. Ол кезде Былқылдақта май заводы болған. Осында Шаймерден, Шарбан деген ел адамдары осы заводтың жұмысын жүргізген. Тіпті завод майды орап, арнайы жәшікпен сауда нүктелеріне бірақ жіберетін дәрежеде болған. Кәкең жазғы демалыста осы кісілердің майды хаттау жұмысына араласқан. Өйткені қаңылтырмен орау сыяқты жұмыстарға қатты бейімді болған Кәкен осы қаңылтырлардан бақыр жасауды да жолға қоя білген ғой. Жоғарыда атлған Шаймерден, Шарбан дейтін ел адамдары да халықтың алғысын алған адмдар екен. Себебі: Былқылдақ жол аузында болған. Саздап қалған машина, қыста боранда жүре алмай қалған жолаушылардың бәрін де талғамай күтіп силап жібереді екен. Ойымызға келіп тұрғанда осы қызумен біраз адамдардың атын атай берсем, артықтығы болмас деймін. Мен бұлардың көбімен істес болған емеспін, бірақ, сол ауылда туып өскен сон танымын, білемін. Рахманов Совет, Кестай деген ауылдастар болды. Советті жұрт «сері» деп атайтын. Неге екенін кім білсін «сері» аты бұл кісіге жарасатын. Мал, дүниені мансұқ еткен, қонаққа, жолдасқа барын аямайтын, қашан көрсең ақжарқын қалпынан бір ажырамайтын адам болатын. Жұрттың бәрі бұл кісіні жақсы көретін. Кестай аға ұзын бойлы, бір қарағанда мойыс көрінгенмен, текті кісілігі мол адам еді. Жаңылмасам, бұлардың нағашысы Ермековтер болуы тиіс. Кіші інілері Қайролла жақсы мол дауысты әнші, артист болатын. Совхоз «байғұс» өнерді қайтсын, әйтеуір Ақтоғайда халық театры құрамында болып, кейін оның Бас режиссері дәрежесіне көтерілді. Гастролмен көп жерді аралап өнер адамы ретінде атағы шықты. Қабжан»сері» де болды. Ибрахимов Қабыжан. Бұл кісі де сондай серілік мінезден құралақан болмаған соң аталған болу керек. Кейіннен елден жырақтау жүріп өмірден өткен. Қапасов Қабыжанды да сері дейтін. Расында «серілік» мінезі көп еді. Бірақ, ол заман «серілікті» көтермеді, қайта жаманатқа іліктіріп отырды. Әдепбаев Қапан да «серілік» атағы бар

еді. Шынында да ән де салып жіберетін, өлең де шығарып қоятын, киып түспе жылдам мінезді, зиректігі де бар еді. Менің есімде жақсы қасиеттерімен қалды. Кейіннен мал өсіріп, өнерден жырақтаған да болу керек. Аңшылығы да болған. Атасы Түсіп «құс» салған деп естігенім бар еді, кезінде белгілі адам болыпты. Кеңесбай Әдепбаев өз қабілетімен, ұрпақтарын өсіріп келе жатқан, жасында кітап оқып талапты болған азаматтардың бірі болатын. Төкіш өзінің ғашық болып қалап алған жары. Жігіттің бағы жақсы жар шығар... Кеңесбайдың үлкен қасиетінің бірі туған ауылын сағынып, аңсап тұрады. Жігітке бұл да бір жұғымды қасиет шығар.

Тағы да ауылдастар жайында...

Сарыөлеңді Мәдениет деп, Мәдениетті Сарыөлең деп те атай береді. Бұл ауыл кейінен сол кездегі «ірілендіру» саясаты кезінде түгелдей жойылып кетті. Осының бір жерінде айтқандай: ауылдағы бірінші үй Махмет ағаның үйі. Ол үйде Сапа, Майра, Зәукен, Бәтима, Рая (Роза) бар. Ол кезде бәрі де оқушы. Келесі үй Мұқи атаның үйі. Жас кезімізде ол үйдегі Тіләш ағамызды көргеміз жоқ. Сөйтсек Қарағандыда оқиды екен. Оныншыны сол жақтан бітіріп келді. Отбасы жағыдайына байланысты ауылда қалып қойды, оқыма ширақ үлкен істі алып кететін адам еді деп ойлаймын. Сонда да ауылда жақсы қызметтер атқарып, кейін Қарағандыда зейнеткерліктің қызығын көруде. Мұқи ақсақал жүзге жақында өтті-ау, деймін. Жасында күрескендерін, кейде Әукеннің өзі «зорға» жыққанын айтып отыратыны есімде. Расында кішіректігіне карамай өзі мықты екен. Сол кезде тракторлар МТС-дегеннен келетін. Оның бригадир дегені болады. Ол атпен жүреді. Әр нәрсенің тапшы кезі. Сол Мұқанның шідерлеп жіберген атына ауылдың далдасында кезігіп қалып шідерін шешіп әкетіпті. Және қалай ұсталғанын білмеймін, жанында біреуі бар, екі атты екен. Солар қылмыстарын басында мойындамап еді, қолында насыбай уқалайтын шокпарын ала сала, бір-екі нұқып жіберіп еді, әлгі дәу жігіт екен, «ағатай-ай, алғаным рас еді, бірақ шідердің бір жағы ағытылып, шұбап жүрген соң, бәрібір бір жерде жоғалады ғой» деп алғаным рас еді, деп мойындап кешірім сұрап қайтарып берген... Одан кейін Мұса ағамыздың үйі. Ол үйде Кәкен бар. Сол үйдің жалғыз баласы. Сол ауылда бірінші велосипедті Кәкен мінді. Велосипед болғанда қандай! Алдында фары бар, ол дөңгелекке үйкелу арқылы айналып отыратын динамомен жанады. Кәкен кейін ел сеніміне ие болардай жақсы азамат болып өсіп, ауылда қызмет атқарып, қазыр Балқаш қаласында тұрады. Өскен, өрбіген ұрпақтарының ақылшысы. Балалары: Еркіннен бастап бәрі де өнегелі тәрбие алған азамат болып қалыптасқан. Кезінде байлығымен атағы шыққан Сона аталарына ескерткіш те қойыпты. (Сона «Қараталға қарап отырған ауыл»). Әкесі Мұса ақсақал да көп жасап барып дүние салды. Сол үйдегі Қалимаш шешей-менің анама апай болып келуші еді. Отағасын «Қамарияның атасы», деп атайтыны есімде қалды. Сол үйде көп барып жүреміз, өйткені Кәкен бір қыс оқуда болған. Сарғайған суретте сол үйдің Қамария атты қызының суреті де болушы еді.

Ақтоғайда қызмет істеп жүргенде, (сауда мекемесі) болу керек, соғыстың аяқталуына жақындаған кез болу керек, соқыршекке ота жасатқан екен, сол аса жазылуын күтпей ол уақыттың қысылшандығы көп, қызметке шығуға тура келген. Дүкенге келген кезде кезектегі халықтың арасына түсіп қысылып қалып, содан ота жасаған жердің зақымдануынан опат болыпты. Қалимаш ана ол атты қайғыра отырып, қысқа күнде қырық айтушы еді, сондықтан да апамыздың рухы риза болсын, деп әдейі осы естелікті жаздым. Менін жасырақ кезімде (оқуға ілікпегем) менен үлкен ағаларым Сапарғали, Сейітқали да осы үйде тұрып оқу оқыпты.

... Сарыөленде бұдан басқа Несібелдінің Ахметі деген кісі, Қараауыз Ахмет деген адам да өмір сүрді. Әрине, бұлар қартайған кездерінде осында тұрды. Оған дейін колхоз жұмысының бір жерінде жүргені даусыз. Қарауыз Ахмет те, екінші Ахмет те сөзшен адамдар болатын Қоңыратбек деген қызыларайдың бір азаматы (ертерек қайтқан) осы қараауыз Ахметтің баласы. Қоқанның артында ұрпақтары бар. Одан басқа Ахметтің Көртай деген ұлы болған, қазір Балқашта. Екінші Ахмет (бұ кісіні айыру үшін шұбар Ахмет деп те атайтын) әңгімешілі адам болды. Ертеректе қалада болған, анда-санда Балқаш, Қарағандыға барып ауылдың керек-жарағын алып келуші еді. Бұл үйде : Үлкендері Хабзада, Шәйкен, Шәмкен одан кейін жалғыз қыз Меруерт бар. Меруерт мен осы кітапта біраз дәріптеген Тохметов Амантайдың зайыбы. Шәйкен Балқашта болған екен, кейін келді, боксер, бізге мықты болып көрінетін. Шәмкен ағамыз сотқарлау еді. Жас кезінде қайраты бойына симай өрекіп жүретін. Төбелесуге қатарластарының бәрі қорқатын. Бокс дегенде ішкенін жерге қоятын. Тіпті боксқа қатысу үшін жоғары класс оқып жүрген кезінде Балқашта бұрын Шәйкен ағасы жатқан ағаларының үйіне барып оқып, боксқа расында қатысып, разряд алып келгені есімде .

... Ыбырақым атаның үйінде Задан, Құрал, Гүлмайра, Қайын, Марал, Шәкітай бар еді. Ол кісі аурушан болатын. Бірақ, көп жасап кетті. Ол үйдің анасы Жами дейтін кісі де менің шешеме апай болып келеді екен. Құрал кейін туған ауылына көп еңбек қылғандардың бірі болды. Осы ауылдастардың бәрі бір-бірімен тату-тәтті тұратын. Мұқыш ағаның үйі бар еді, ол үйде Бақыт менін Сейтқали ағамызбен құрдас. Нұрғайын менімен құрдас, ауылдың белгілі азаматы Жомартов Ерғазының зайыбы болып, от-анасы болып тұрғанда ерте кетті. Мұқыш ағамызды біздің үйді іші әкем, бәрі жақсы көретін едік. Кейде адамның бір-біріне ықласы түсетін шығар. Ол да бір дүниенің жұмбағы. Біздің үйдің іші бұл кісімен өле-өлгенше силас болып кеттік. Сол үйдің кенжесі Әрмия жас кезінде аяғы майып болды ма, әйтеуір ұзақ емделу қажет болып екі жылдай -, кішкене күнінде Балқашта емханада жатты. Кенес уағының бір жақсылығы тәуір медицина еді. Ауруға жақсы қарайтын, жазылғанша емханадан шығармайтын. Міне, сол Әрмия бір күні жазылып келді, сөйлесіп көрсек бір ауыз қазақша білмейді, сөйтсек емханада тек орысша сөйлесілген ғой.

Мұхтар Өмірзақов ағаның үйімен бір үйдің екі басында тұрдық Алтын, Мәрпуза, Әлікен бар ол үйде. Ол үйдің өнерге бейім үлкен қызы Күлпан орта мектептен кейін тұрмысқа шығып кеткен. Әлкен кейін кооперативтік институттың түлегі болды. Осы салада дәрежелі қызметтер атқарды. Кейіннен Қарағайлыда Тұтынушылар кооперациясының бастығы болып істеді. Қарқаралыда жүргенде Қарағайлыға Әлкенді іздеп бардым. Кабинетінде екен, жақсы қарсы алды. Негізінен Әлкен (шын аты Әбілқайыр, біз Әлкен деп кеткеміз) қалжыңға да ұста, сөзге де шешен, бұл жағынан әкесіне көп тартқан. Өнерге де бейім, домбыраны да сырлы шертеді, ән де салады. Қарағайлыда өзі қатарлас қызметтегілердің ішінде өнерімен абройға ие болып жүрді. Қолы да ашық. Өзім деп келгенді кеудесінен итермейді. ...Сол жолы Әлкеннің кабинетінде неше түрлі қызық әңгімелерге дес беріп күлісіп отырып, бір жасап қалдық. Кетерімде Әлкен дүкенге болмай ертіп барып тәуір шай алып беріп, -женгейге апарып берініз,-деп жіберген. –Тағы қандай бұйымтайыңыз,-бар?- деп сұрағанда бір шетел бәтенкесі керек болып жүргенін айттым. Сөзге келмей бір дүкенге өзі ертіп барып неше түрлі бәтенкелерді таңдатып еді, маған ұнамдысы шыға қоймады. Сатушыға салмақты түрде, келесі бәтенкелер түскенде маған мөлшерімен қойып қою туралы нұсқау берілді. Бірақ, мен кейін онда қайтып барғамын жоқ. Бірақ, Әлкенге сол үшін риза болып кеттім. «Адам көңілі бір атым насыбайдан» деген осы шығар. Кейін Қарағандыда кездесіп шұрқырасып қалушы едік....

Алтын Мұхтарқызы –ауылдың мәдени шараларының басы-қасында жүретін. Ұйымдастыру, тіл алғызу қабілеті күшті болатын. Дәл өзінің тікелей міндеті болмаса да өнерпаздар байқауына белсенді араласып, сол топтың гүлі болып жүрді. Балалар бақшасын лайықты басқарды. Жұбайы Имұхаметов Сәбит те өнер адамы еді. Жақсы суретші болатын. Ешкімнің көңілін қимайтын. Бірақ, қоғамдағы әділетсіздіктерге төзбейтін. Соны жанына өте жақын қабылдап қалушы еді. Соның бәрі жүрегіне үлкен ауырлық түсірді. Кезінде институтта оқығанда белгілі қайраткерлер Мақсым Омарбековпен, Кәмел Жүнісовпен бірге ЕСЕП партиясына қатысқан. Сәбит ағамыз өмірден ерте кетті, рухы халқынан алыс кетпес деп ойлаймыз. Жақсының жақсылығын айтқан жөн болар.

Біраз әңгіме қазақтың шығу тегі туралы бірсыпыра дүниелеріміз бар еді, басында осы кітапшаға қоссақ деген ойымыз болған, бірақ та нәсіп болса, бөлек шаруа ретінде қарастырсақ деген ой басым бола берді. Сондықтан оны қоя тұрдық. Жоғарыда біз атын атаған қазақ жақсыларының ұрпақтары Қарқаралы, Ақтоғай өңірлерінде өмір сүріп жатыр. Алла оларға қуат берсін дейміз. Осы жолдар жазылып жатқанда теледидардан Қожа Ахмет Яссауи кешенінің ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік аса маңызды ескерткіштер құрамына алынғандығын диктор қазақ қызы айтты, көңілімізге нұр құйылғандай болды.

Ең қымбат нәрсе бостандық еді, ол бар. баскасы "орнында бар, оналар" демей ме, түзелер, істелер, жасалар, орнар. Айтпақ ойларымыз көп болатын. Бірақ оның бәрін кейінге қалдыра тұрғанды жөн көрдік. Неге десеніз, осының ішінде айтылғанның бәрі осы қазақ деген халықтың ұлы бола тұрып, жақсы көретіндігімізді, сүйетінімізді ұрпақтарымызға білдіру еді. Ол ойларымызды бұл кітапқа тықпалаудың жөні келмейтін сыяқты. Өйткені, қазыр дүние өзгерді, кітап қалындай берсе оның шығару құны да қымбаттай бермек. Бір жағы қаражатқа тіреліп тұрған дүниемен санаспауға тағы болмайды. Әрине, жақсы көруді әркім өз дәрежесінде білдіретін шығар, дау жоқ. Ауылымыздың адамын, табиғатын дәріптеген кітабымыздың аты да айта қаларлықтай болсын дедік, періште сыбырлаған шығар «Қызыларай баурайында» деп атадық, расында да солай екен ойлап көрсек. Жоғарыда айтқан Абай сәулетханасын жасаған Сайын Назарбекұлы досымыздың 1994 жылы Ақтауда жазған бір өлеңінде:

...Жүрсем түйіп бір ойды жинап көптен,
Ішкі сезім айтқызбай кинап кеп пе ен?...
Оян,қазақ, Адам деп Адам-ата,
Саған ғана өз атын сыйлап кеткен.

деген тамаша өлең шумақтары осы кітапты жазу жөніндегі ойымызды бекіте түсті. Қадырлы оқушы қауым! Ауылдастар! Мен қасиетті Қызыларайдың түлегі бола отырып, сол өзім туып-өскен ортаның аамдары туралы кітапша жазғым келді. Сіздерге айтайын дегенім, қазыр шыққан кітаптардың көбісі атасын, ауылдасын, дос-жолдасын асыра мақтауға лайықталған.Бәлкім ондай авторлар «айналасының бәрін жақсы адамға толтырып осы арқылы өздері де жақсы болып көрінгісі келетін болар. Менің бұл кітабымда мақсат етіп қойғаным өзіміз өмір сүрген дәуірде көрге-білгендеріміз, түйгендеріміз, осы арқылы тағы қайталайын кішкене болса да ауыл тарихын кейінгі ұрпаққа білдіру. Ал біреуді мақтап, екінші біреуді жамандасам, онда мен де жазушы, діндар, қажы емес, сол күншіл көптің біреуіне айнала едім ғой. Өмірдің заны, біреу, біреуден артықтау болады, артық болғанда байлықпен дәулетпен емес, мінезбен артық болады. Міне, менің өлшемім осы. Баяғыда тәуір акын Сырбай Мәуленов бір тойда жұрттың бәрімен де құшақтасып мақтаған екен дейді. Сода сыртта бақылап тұрған ғалым ба, жазушы ма біреу:-апырай, мына Сырбайдың бір жауы жоқпа, осының ішінде, бәрін досым деп жатыр ғой,-депті. Сонда оның жанында тұрған бір адам: -Мен Сырбайды түсінем, ол бір адаммен жамандасып сөзге келіспейді, әрине, содан кейін жұрттың бәрімен дос болмай қайтеді-деген. Сол құсап мен де өз жерлестерімді мақтаудан құралақан қалдырмаспын. Бірақ, жамандауды менен күтпеніздер.

Бұрын көргені бар, оқыған-тоқығаны бар, әр нәрседен хабарлар- адам ретінде өзімдік шабытпен келген кішкентай еңбегімді ғибрат алар

жастарымызға, жатпы халқымызға арнап ұсындым. Олшы-солпы жерлері болса алдын-ала кешірім өтінемін. Өз басым өлең де, қарасөз де шабыттан туады деп есептеймін, сондықтан түзетуге қарсымын. Қазды бір жүндегеннен кейін, жұлынған қауырсынды қайта сұққылап, онысын орналастыра алмай қайта лақтырып тастаған сияқты шаруа деп ұғамын. Көшірген дүние болса әрине, ондайға көнер, сондықтан ойға оралып, қаламның жазғанына тиіспедім.

Мына бір төмендегі деталды әдейі қыстырдым. Жасымнан оқып өскен Қасым ақынның кейінгі мұрағаттық жұмыстарына көп ат салыса алмасам да, карап жатпаған адам екенімді халқымыз білсін деген ғой. Бұл ғана емес, мен халқымыздың ортасынан шыққан талант иелеріне, ақындарға, жазушыларға, әншілерге, күйшілерге, олардың өнерінің жерде қалмауына түрткі болатындай өз тарапымнан қамқорлық қылатын жерлерге дейін алып барып, біраз жұмыстар жасадым. Халқымның өнерінің алдындағы борышымыз кішкене болса да ақтала берсін деген ғой.

Қасым Аманжоловтың 100 жылдығына.

Ұлы ақынның тағы бір суреті жайлы.

Қасым Аманжоловтың 100 жылдығы қарсаңында «Орталық Қазақстан» газетіндегі мол мәтіндер қалам ұстаған қауымды қуантуда. Әсіресе, бұрын мәлімсіз суреттердің жариялануы бұрын-соңды мұнша мол болған емес. Осы тұрғыда бізде қолымызға түскен мына бір суреттің өзіміз білетін тарихын айтып сіздерге жіберіп отырмыз. Бұл сурет жарты ғасырдай уақыт қазір астанада тұратын Роза Іргебайқызының үйінде сақталған. Яғнй Роза алайдың анасы Бәтима ана бұл суретті көздің карашығындай сақтап келіп осы күнге жеткізген. Сақталу себебі, суретте Ұлы ақын Қасымнан екі кісіден кейін оң жақ шетінде отырған Мақсұт Жүнісов деген адам. Бұл кісі Ақтоғай ауданының қазіргі «Қаратал» кеншарының тумасы, Сарым руынан. Тірі кезінде Бәтима ананың және ол кісінің сінілісі болып келетін Қарқаралы қаласында кезінде елге белгілі қызметтер атқарған, кейіннен техникумның қызметкері болған Маржан Жүнісқызы Шнетованың айтуынша Қасыммен осы суреттің оң жағында отырған Мақсұт Жүнісовтың достықтары ерекше болыпты. Өйткені бұлардың достығы бертінде басталған емес, бала күндерінде Қасымның туған жерімен Сарым елінің жайлаулары өте жақын болған. Міне, осы кезден олар асықты бірге ойнап дос болып кеткені өз алдына, Маржан шешейдің айтуынша Мақсұт Жүнісов Шығыс Қазақстан обылысының Ұлан ауданында аудандық атқару комитетінің хатшысы болып тұрғанда (бұл отызыншы жылдардың аяғына қарай) арнайы іздеп келіп біраз уақыт бірге тұрыпты. Себебін анық ешкім білмейді, қызметке тұру мақсаты болды ма, немесе басқа себебі бар ма бұл жері мәлімсіз.

Қасымның жан досы Мақсұт Жүнісов сол қызмет істеп жүрген жерінен майданға сұранып кетіп 42 жылдары қаза болыпты. Бұл суретті тағы айтайын: сол Мақсұт Жүнісовтың зайыбы Бәтима шешей сактап кейін қызына аманат етіп кеткен. Бірақ бұл сурет біздің қолымызға алыстап кетіп барып түсті. Өйткені бұл сурет бұдан онбес жыл бұрын Алматы қаласында тұратын Шолпан Задақызы Керімбаева деген Мақсұт Жүнісовтың қарындасынан туған жиені Астанадағы үйден қалап алып кеткен. Өзі көрмеген нағашысының рухын құрметтеп жүрген Шолпанға да әрине ризалық білдіруіміз ләзім. Шолпан кезінде Алматы облыстық Тіл Басқармасының Бас маманы болған, қазір де мемлекетке пайдасын тигізетін қызмет аткарып жүрген талапты адам. Өзі ағылшын, француз тілдерінің маманы. Шолпан өзі Алматыда туып өскен. Қасымның жас кезінде соғыста шаһид болған жан жолдасы Мақсұт Жүнісовтың біз білетін жайына оралсақ, Іргебай, Әзімбай, Жүніс бірге туған адамдар. Бұлардың туып өскен жері Ақтоғай өңірі десек, Жүністен Мақсұт туса, Әзімбайдан қазырғы белгілі қайраткер Қабылсаят Әзімбайұлы Әбішев туады. Көзі қарақты оқырман аржағын өзі біле берер. Ал суретте ортада отырған екі адамның аты-жөні бізге де, басқа да адамдарға әзірше мәлімсіз. Қасыммен бірге суретке түсуіне қарағанда оларда әрине, белгілі адамдар болуы мүмкін.

Сонымен бұл суретті Шолпан қарындасымыздан (әрине, Алматыдан) Маржан Жүнісқызы Шнетова шешейдің қызы Қарқаралының тумасы, жоғары білімді ауылшаруашылық маманы болған Роза Шнетова апай сұрап әкелген еді. Ол кісі Шолпанмен туған бөле. Сондықтан да бұл сурет баршамызға қымбат бола берер. (Сол сурет жарияланған болатын).

Бастау, немесе алыстан келген хат

Құрметті досым Талап! Арамызда кездеспегенімізге, көріспегенімізге қырық жылдан артық уақыт болса да ұмытып кетпей есіңе алып, есіңе алып деймін –ау... әрине, алуға тиістісің, өйткені екеуіміз балалық шақтың базарында бірге серуендедік, балалықтың қызығы ғана емес, турасын айтайын михнатын да бірге шегіп едік.

Сен өз хатыңда: «елдің қандай әңгімесі болса да, мен үшін қымбат, соңу кенес уағынан бері мәмілегерлік қызыметте болуым себепті. туған елмен жерден қол үзіп қалдым, тіпті туған тілімнен де жұтандап қалған сияқтымын, сондықтан да құрметті досым, енді жер ортасынан асқан шақта, туған елдің жалғыз белгісіндей сенің хатыңды алып қайта жасағандай болдым, қазыр Мәскеуде тұрып жатырмын, көп жылғы мәмілегерлік қызыметім яғни елшіліктің хатшысы деген лауазымымды және осы саладағы бірінші дәрежелі санатымды ескеріп өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдардың басында осында

пәтер берген болатын. Қазір қартайған шағымда осында тұрып жатырмын. Барлық жағыдайым жақсы, бірақ елді, жерді, сағынамын. Тым болмаса бала күнімнен танитын бір адамға кездесем деген тілек енді арманға айналғандай. Осы сөзімді естіген жұрт болса мені кіналар-ау, бұл заңғар осы уақытқа дейін қайда, не себеппен келе алмаған деп. Әрине, себеп бар, бастысы кеңес уағындағы көптеген тиымдар бізді де айналып өтпеген. Азияның алыс құрлықтағы алып елмен арпалыса соғыс салып жатқан күндерінде менің қызметім сол жақта болды, шындығында мәмілегерлік деген аты болмаса біздер кеңес елінің тыншылығын да қоса атқарушы едік. Дүние өзгерген шақта мұны әдейі айтып отырмын. Достым, өзіңнің де есіңде болар, баяғыда Мәскеуде кеңес әскерінің қатарында қызмет қылғанымызда анда-санда бір күндік демалысқа үлкен қала ішіне шығарғанда «көшеде ешкіммен қарым-қатынас қылмаңдар. сыйлық берсе алмаңдар» деп қара аспанды төндіруші еді, өйткені екі шетелдік болса біреуі әбден жау болуы, тыншы болуы мүмкін деген болжамды тықпалап бітетін. Өзін білесің, менің елден жырақтауым осы әскери қызметтің аяғында болды ғой. Ол уақытта әскери қызмет мерзімі күздің аяғы қыстың басында болатын. Ал жоғары оқу орындарында қабылдау жаз айында болып қоятын, әскерден қайтқан жас азаматтың талаптысы оқуға түскісі келсе де ол арманын іске асыра алмаушы еді. Ол үшін өлермен болу керек-ті. Мен сол өлермен болдым-ау деймін. Елдегі әке-шешемді сағынсам да өз сезіміме тиым қылып келесі жазды тосып сол Мәскеу маңындағы бір колхозда трактор айдаушы болып қалып қойып едім ғой. Есіңде болар сені де қатты үгіттедім емеспе, бірақ сенін де оқуға деген талабың менен тіпті артық болса да елдегі қартайып қалған әке-шешенді көргің келетінін, амандық болса келесі жылы қайтып келетініңді, тіпті М.Горький атындағы Әдебиет институтына немесе Мәскеу мемлекеттік университетінің Шығыстану факультетіне түсетініңді айтып сендіріп едің. Алайда өмір де бір қызық ойын сыяқты, арманыңның бір пайызы орындалса да жақсы. Бәрі басқаша болды. Айтпақшы, достым, қазір есіме түсіп отыр, сен әскерде өте тәртіпті едің, тіпті бірде –бір гауптвахта аталатын қамауға түспегеніңді білемін. Сондықтан да сені ылғи бір тәуліктік демалысқа жіберуші еді, сен бір күні академик Шарбатов деген кісіге барып жүріп, (академиктің алдына солдаттың кіруі оңай ма!) ақырында есебін тауып кірген соң сөйлесе келе ол, ақылды адам ғой, тіпті сенің талабыңды қатты ұнатқаның білем депсің, осының аяғында ол бос уақыт тауып келіп тұрарсың, депті, тіпті шығыстану жөніндегі талабыңды қатты қоштаған. Достым, есіңде болса мен сол жолы қатты қуанып келдім, қолымда әлгі академик сילהан арабша оқулық бар еді. Тағы бір жолы сол кісіге барғанымда, ғалым Бартольдтің атын тұңғыш сол кісіден естіп едім, бұл менің ондаған жылдардан кейін тарих ғылымына, оның ішінде деректануға бет бұрған кезімде, осы оқиғаны еске алушы едім. Әрине, солдаттың жолы жіңішке, осы үлкен ғалымнан кейін қол үзіп қалдым. Бір қызық жері қырық жыйдан астам уақыттан кейін «Араб тілінің оқулығы» атты осы шығыстанушы айтулы ғалымның кітабі қолыма түсіп менің өзім шұғылданып жүрген ориенталистикамен шұғылдануыма пайдасы тиді.

Жақсыдан шарапат деп осыны айтқан дана қазақтар. Бартольд демекші ұлты неміс жаңылмасам, немісше аты Фридрих Вилгельм дейтін осы кісі шығыстанумен, түркітануға керемет еңбек қылған. Бұлардың Ресейге келуіне себептер көп болған. Орыс патшаларының көбісі немістерге жиен болып келетіні бар, тіпті генетикалық тұрғыдан христиан дінін ұстайтын халықтар қыздан туған жиенді мұрагер-бауырлас санай береді. Сондықтан да патшалардың қанында осындай жақындық болғандықтан алман ұлтының адамдары орыс жұртына көптеп сіңіп кеткен. Бартольд сияқты, тағы көп олардан шыққан атақты адамдар аты-жөндерін орыс қалыпқа түсіріп алған. Осы айтылған ойды тағы да тиянақтай түсу үшін Ұлы Петрдің де, Императрица Елизавета, Екатериналардың да тіпті біздің халықтың сонау ғасырлар ортасында вассал болу жөнінде Әбілқайыр ханмен келіссөз жүргізетін Анна Иоанновна кезінде бір ауыз орысша білмеген деген сөз де бар. Бірақ, бұлардың көбісі ақылды адамдар жылдам оқып, үйреніп орыс тілінден қоя үйреніп алып, кейін орыс тілін жақсы білетіндердің өзін жаңылдырған деген сөз бар. Бір ой, екінші ойды қозғап кететіні де рас, әлгінде Бартольд туралы айтып келе жатқан себебім бар еді, сол Бартольд арнайы Жетісуға келіп арабистикадан сол кезде Жетісу генерал-губернаторы Кауфман болу керек, сонын көмекшісі, әрі тілмашы болып істеп жүрген біздің халқымыздың ардақты ұлы Сералі Мұнайтпасұлы Лапиннен сабақ алған ғой. Бұл бір бір ғажап оқиға. Сералі Лапин жасында Қызылорда (ол кезде Ақмешіт) туып өсіп, әрине дәулетті жанұяда (дәулеттің болуы қазірде оқудың алғы шарты ғой достым) жақсы оқуға қол жеткізеді. Орыс-тузем мектебін бітіреді, бұл жерде мынаны да еске алған жөн: ұқпайтын бала қай мектепке апарсаң да ұқпайды, ал Сералі атамыз ұғымды болған. Ол мұнан кейін Самарқандтағы сол кездегі Орта Азиядағы ең жоғары діни медресе «Көкілташты» бітіреді. Көкілташ медресесі ғажап әңгіме, аңыздардың бұлағы. Бұл медреседе перілер де адамдармен бірге оқиды, екен деген әңгімені әркімнен 199... жылдары ести жүріп, Қарқаралыда Құнанбай қажы атындағы мешіт ашылар қарсаңда сол кезде Қарқаралы қаласында тұрған, қазақтың соңғы ханы Жамантайдың (Тұрсын) туған немересі яғни Жамантайдың бір баласы Махмуд сұлтаннан туған жасы сол кездерде тоқсанға жақындаған Мұхамедхан ақсақалдан да қызғылықты әңгімелер естіп едік. Ол кісінің айтуынша Көкілташты бітіріп келген перизат тегінен жасы нешеде екені мәлімсіз, батыс өңірінің төрелерінің біреуінің қызы осы әңгімені айтып отырған Мұхамедханның анасы ұзатылып келгенде әлгі періні жасауымен бірге қызметші ретінде сілапты. Тек, бұл ғана емес, тағы да жаңа, жас ұзатылған қызбен қоса оның қызметіне екі бірдей пері қыздарын сілапты, дейді. Пері қыздары өте пәк, өздері керемет әдемі, тек дәретпен жүрген адамдармен ғана ишараттасады. Бұл әңгіменің соңы: әлгі қыздар қазақ ауылындағы пәктікке, тазалық шарттарына да келе бермейтін қылықтар көп болған ғой. Осындай қиыншылықты, рухани сезім елегінен өткізуге келмейтін жағдаяттардан кейін, мәлімсіз жаққа ұшып кетіпті... Әлгі ер текті пері, Мұханның айтуынша қартайып қалған болу керек, арабша балалар

оқытып жүреді екен, әлгілердің артынан ол да бір күн жоғалыпты. Осы оқиға жөнінде әлгі ақсақал «мына Жағыпар осыны біледі» деп жасынан бірге өскен ауылдасын куә етіп отыратын. Мұхамедхан ақсақал жас күніндегі суретін карасаныз ғажап әдемі жігіт болыпты, әкесі Махмұд сұлтан бір ауылға барып түссе, әлгі кісінің әдемілігі сондай, көреміз деген қыз-келіншектер ақ үйдің жабығынан таласа сығалайды екен. Ақыры сол сұлтан жиырма бес жастарында көз тиіп өлген деседі.

Достым, Талап! Әңгіме айту да бір ғажап қасиет. Өйткені жас күнімізде әңгіменің майын тамызып айтатын адамдар болды. Сол уақытта «пәленшекенін әңгімесін тындаймыз» деп жүретін науқан болатын, сол заманның сәні сияқты болатын. Ал, мен саған айтамын.., яғни жазып отырамын деген уәдеммен осыларды жаза бастағаныммен ойымды қожыратып алған сияқтымын. Мұның себебі күтпген жерден сенен хат алғаннан кейін, және де балалық кезден бастап елді еске түсіретіндей не әңгіме болса да әйтеуір қолың тиіп, денсаулығың жараса жаза берші, кейінірек шамам келсе менде барып қайтуға талпынармын» деген елді сағынған сөзің себеп болып, ақкөңіл адаммын, өзің білетін балалық мінезім жетпіске жақындасам да өзгере қойған жоқ. Аллаһ берген мінезді өзгертем деп әуреге түскен емеспін. Әрине, ондай адамдардың бар екенін де, аз емес екенін де білемін. Кенес уағында қызметі өссе, мансабы көтерілсе қақырынып, түкірініп, кокиланып «көбелек көлеңкесімен әуре» дейтіндей жандар көп болды. Бірақ, достым оларға да ренжуге болмас, жаратылыс берген қасиет қой ол да. Достым, қырық жылдан артық уақыт өтсе де сен жақсы білесің менің сықақты жақсы көретін қалжық мінезім болушы еді, сол мінез әлі де қалған жоқ. Шындығында өз басым адам бойынан жамандықты іздеп тұрмаймын, қайта жақсы қасиеттерді іздеймін, өйткені жақсылықты іздеп көр, тауып көр, бұл киын нәрсе, ал жамандық өзінен өзі көрініп жатады. Осыншама жасқа келгенше адамдармен араласа жүргенде шынында да бір ғұлама айтса айтқандай: «Әрбір адам баласының мінез-құлқы, бүкіл болмысы әлемге тең» деген екен, өте ғажап нәрсе деп білемін. Жақсы, жаман деген немен өзі, мен қысқаша өз бағамды айтайын, сенің пікірің әрине, өзіңше ғой және осынша уақыт көбіне сырт елде болған соң құлқында көп өзгеріс, құбылыстар да болған шығар, әзірше ол маған беймәлім. Осы уақыттар ішінде бәріміздің адам баласының іздейтіні жақсылық екен, әр адамның бойында жақсылық та, жамандық та болады, бірақ, қайсысы басым, әңгіме осында. Жақсылығы көбірек болса сол жақсы аталуы тиіс.

Жасымызда өткен заманның адамдарының көзін көрген, шалдар болатынды, соларға сәлем бергенде аты-жөніңді сұрап, тегінді, нағашынды сұрайтын. Кейде «е, нағашың жақсы екен, оған тартсаң сен де жақсы боларсың» дегенді еститінбіз, бірақ сол сөздің байыбына бара бермейтінбіз... Жақсы тұқымнан шыққан адам жаман жерде жүрсе де өзінің тектілігін көрсетеді, жаман адамның тұқымы жақсы жерде жүрсе де жамандығын көрсетпей қоймайды

екен, бұған сан көзіміз жеткен. Бір жағынан бұл әңгімені бастау себебім де жоқ емес, —өзіңе уәде бергендей балалық шақтан бері ойға түскен жақсы-жаман әрекеттермен өткен өмірде адамдармен араластық қой, сондықтан келесі әңгімелер барысында адам аттары болады, олардың кейбіреуін өз аттарымен атасам, кейбіреуін лақап аттармен атамақпын, себебі көп кейбіреуі -бұл өмірден кетіп қалған, кейбіреуі біздің тағдырымызға қатысты болғанмен мінез-құлқы әртүрлі болуы да мүмкін. Екінші лақап атпен атау әдебиетте ежелден бар нәрсе.

Құрметті досым! Саған есте қалған оқиғалардың бәрін ретімен жазбақ болып отырып тіпті жазушы болып кетермін. Әй, қайдам менен жазушы шыға қойса... Негізінен бес жасымнан бастап көп оқиғаларды жіпке тізгендей білітінім рас. Бірақ, мұны жан баласына, тіпті әйеліме де айтпаушы едім, себебі, қазір түкке тұрмайтын нәрсеге мақтаншақтар көп, солардың бірі болғандай болмайын дегенмін. Әр адам неге екенін кім білсін, әсіресе біздің халыққа тән бір қасиет —мен сондай оқиға кезінде туған екенмін, деген хронологиялық патология біздің халықта басым болатыны несі екен, психологтар немесе рухани саланы зерттеп, зерделейтін ғалымдар болмаса мен бұл сұрақтың жауабын таба алмадым. Тіпті менің өзім саған жазып жібермек естеліктерімді дәп осылай бастайын деп отырмын.

Балалық сені сезіндік пе...

Әкем байғұс Ұлы отан соғысы басталғанда жасы елуден асып кетуі себепті әскерге бармай қалыпты. Соғыс болып, ол жақта қару ұстайтын халық арпалысып жатқанда ауылдағы елге тыныш отыру қайдан келсін. Біреулері мал бақса, енді біреулері колхоздың егінін егіп, қой қыркып, малдың астын тазалап, оның жемшөбін дайындап жаны қалмай жұмыс істеген ғой. Соғыстың аяқталуына жақындаған кезде жайлауда тамыз айының басында мен дүниеге шырылдап жылап келіппін. Қазіргі керемет мықты бөлекше ойлар айта алған Қадыр ақынның өлеңін жатқа білмеуім себепті ұққанымды айтайын: ол айтады «адамның өмірге келгенде жылайтын себебі, жамандар бар қинайтын, өлерде жылайтыны жақсылар бар қимайтын» деп өте керемет айтқан емеспе. Шешем толғатып киналып отырғанда осы ауылдан соғысқа аттанып өзі жер ортасына келіп қалған адам болу керек, соғысқа жасы іліккен соң алып кеткен ғой, сол уақытта артында үбірлі-шүбірлі үш-төрт ұл-қызы қалса керек, сол өлді деген «қара қағаз» келген ғой, Түсіпбек деген кісі екен, кейін өскен соң білдік қой, өзі алашқа белгілі биік дауысты ақын-әнші Әсет Найманбайұлымен жақын туыс екен. Сол кісі кезінде халықтың қадірлейтін ақылға да шола емес, тәуір адам болған екен, сол кездегі басқарма Смайылов Қанафия деген кісі: «қазақ ғұрпымен ауылына ат қойып «бауырымдап» естіртіндер деп соғыстан жараланып қайтып бір қолы шынтактан, шынашаққа

дейін бүктеліп жарамсыз болып қалғандықтан басқарманың көмекшісі болып істеп жүрген Тәпен деген кісіні жұмсапты. Бұл басқарманың адамшылығы жайында да кейіннен ес білгеннен кейін де көп естідік және жас күнімізде өзін де көрдік. Міне, ауыл адамдары үшін осындай «жығылған үстіне жұдырық» оқиға үстінде мен шыр етіп жерге түскен екенмін. Ел у-шу болып жылап жатқан кезде Гүлза деген есті бәйбіше «жоғарыда айтылған Әубәкірдің әйелі) елге тоқтау айтып, менің кіндігімді өзі кесіп алыпты. Сол сәтте аспаннан кара бұлт үйіріліп келіп, қатты дауылды алдына ала келіп соққанда осы ауылдағы тәуірі бар, жаманы бар, қосы бар, он шақты үйдің бәрін жығып кетіпті. Ол аз болса артынша үлкендігі бауырсақтай бұршақ жауып, азған ауылдағы тауықтардың бәрін қырып кетіпті. Осы уақиға туралы анам: онан кейін ондай үлкен бұршақ жауғанын көргемін жоқ» деп отыратын. Бір қызығы дәл осы мен айтқан оқиғаны мен туып өскен ауылдың қолына қалам ұстаған бір азаматы бір басылымға жазған екен, мен кездейсоқ қолыма түсіп оқығаным бар. Жазушылардың бәрі де өз өмірбаяндарын келтіреді, әрине әрқайсысы әртүрлі формада. Біреулері сол уақыттағы оқиғаларды тілге тиек ете отырып, өмірбаянын соған қосақтап жібереді. ...Негізінен қалам ұстаған адамның өмірбаяны сол заманды суреттеудің оңтайлы құралы екені де рас. Сондықтан да осы шығарма басылып шыға қалса ауылдастардан басқа оқушылар, тіпті ауылдастардың кейінгі ұрпақтары үшін де артығы болмас деп, бір жағы бұрынғы жазушыларға еліктеп, (соларды оқып өстік қой) алғашқы өмірге келген сәтімнен айта кетсем артық болмас.

Соғыстан кейінгі жылдар...

Көркем әдебиетте, қазақ тіліндегі әдебиетте сол соғыстан кейінгі ауыртпашылық аз жазылған жоқ, кезінде өзіміз де осындайды оқып отырып жетімсіздікке, қиыншылықты суреттеген жерлерді оқығанда жанымыз ашығаннан жылап жіберердей болып, тіпті кейде осыны неге жазды екен деп авторға да ыза болғандай болатынбыз. Өйткені адам табиғаты жақсылыққа құштар, сол жақсылық бола берсе екен дейді. Басқасқ, сол авторлар өмір шындығын көрсеткісі келеді, өздері көрген қиыншылық пен жетімсіздікті іште сақтау да оңай емес, шығарып тастағысы келеді екен... Қазір осы жолдарды жазып отырған менің басымда да осындай хал бар. Біз толық балалықты сезіне алған жоқпыз, мұны мен айқын білемін. Менің өзім дәл тоғыз жасымда өгіздің басына міндім. Бір ғажабы колхоздың өгіздері ақылды болушы еді. Білмеймін жануарды дін заңдарында ақылды деуге бола ма, егер оларды ақылды десек, ақыл адамға ғана тән демекші. Онда адам баласын кемсіткендей болуымыз, осы арқылы күнәлі болып қалуымыз әбден мүмкін. Бірақ бәрібір колхоз өгіздерінің кәдімгідей ақылдары болды, өйткені олар жаздың ми қайнаған ыстығында басқарма сені демалдырмайды, завферма сені демалдырмайды, бригадир демалыс дегенді айтсан қолындағы дойыр қамшымен сабап тастауы бар... Міне, осындай жағыдайда бір шөп машинеге төрт өгіз жегіледі, осы өгіздер ғана сенің жағыдайыңды түсінеді, осыны

оларға сәл-пәл сездірсең түскі кішкентай ғана уақытқа тамақ ішіп алуға берілген аз уақытта жармадан босаған өгіздер дәп бір уәделескендей ағаштын қалың жынысына сіңіп кетіп таптырмай кетеді. Әрине, бізде бой салып қарамайтынымыз түсінікті шығар, бригадир оларды қарғап-сілеп тауып әкелгенше біраз демалып, ойнап, бүлдірген қаракатқа да тойып қаламыз. Ал, бүлдірген қаракат дегенің Қызыларайдың өң бойында шығар... Осы шығарма жазылып жатқанда теледидардан Қоостанай өңірінде «Әулікөл» асыл тұқымды сиырының құрметіне ескерткіш ашылғаны және Қостанай асыл тұқымды жылқы зауатында жылқыға ескерткіш орнатылғаны туралы хабарлап жатты. Ия, достым, социализм кезінде бүкіл ауыртпалықты көтерген ауыр еңбекке жегілген сиыр тұқымы-өгіздер болатын. Бұларға қай жерде де ескерткішті социализм қоғамы орнату керек еді. Сиырдың сүтінен жасалған айран –шалап қай заманда болсын кедейдің жанын алып қалған нәрсе екенін оқып естіп білгеміз.

Құрметті досым Талап! Саған хат жазып өткен уақыттағы әңгімелерді айтып, жазып жіберу ең алғашқыда маған өте оңай көрінген... бірақ, шамалы жазғаннан кейін –ақ қол кібіртіктей бергенін байқадым. Баксам, мұның басты себебі біздің қиыншылықпен өткен балалығымыз ғана емес, тіпті әкелеріміздің, аналарымыздың да көрген көрешектерін өз ауыздарынан естіп едік ғой. Бала күнімізде олар колхоз жұмыстарынан қолдары қалт еткенде бірі-біріне 32 жылғы аштықта көрген қорлықтарын айтып тауыса алмай отыратын еді. Біздер бала байғұстар бала көңілмен кей кезде «әке, немесе апа, неге олай болған деген сұраулы жүзбен қарасақ олар «қарактарым, алла оны сендердің бастарына бермесін, ұлдының ұлының басына, қыздының қызының басына бермесін» деп қатты толғана, көздеріне жас тола жауап беруден қашқан боп және «е, қарағым, алла қойса, өскенде түсінерсін деуші еді. Шынында өсе келе, оқи, ести келе қарасақ, адам баласының тарихында 1932 жылдың аштығы сирек кездескен құбылыс екен, тіпті қандай бір жауыз патшалар тұсында да адамға адам етін жегізген жағыдайды тарих жазып қалдырмапты. Қанша қорқынышты үрейлі болса да бұл сыяқты керемет із қалдырған оқиғаларды кейінгі ұрпақтың бітуі үшін жазып қалдыру да жөн шығар. Өйткені кім кепіл бола алады, жүздеген, мыңдаған жылдар өткеннен кейін бір есер саясаткер шығып: «бұрын коммунизм деген болған, адам баласын қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман болған екен, соны қайта жанданыру керек! деп тұрмасына кім кепіл, расында. Сонда сол ұрпақтың көзсіз қателікке ұрынбасы үшін мұны жазып қалдыру керек. Жиырмамыншы ғасырдың аяғында бұл оқиғалар туралы әжептәуір дәрежеде көркем әдебиетте, деректі әдебиетте де біраз нәрселер жазылды. Бір өкінішті жері осы оқиғаларды өз көзімен көргендердің жазып қалдырғандары жоқтың қасы. Оны жазуға бет бұрған адамдар болды, бірақ олар өзі өмір сүріп отырған жүйеден бір жағы бата алмады, екінші сол бір аса көңілсіз жағыдайларды жазу құлық болмады. Айтылып отырған оқиғалар туралы жазып қалдырғандар мен сияқты шала-шарпы ұғып қалғандар. Тіпті солардың

естігендерін жазғандарының өзі керемет, ішінде жүргендей әсер қалдырады. Бір ғажап айтарлық осы қиыншылықтар әсіресе, біздің халықтың басына бар қиыншылығын төккен екен. Бұл жөнінде исламдық көзқараспен қарасақ, дүниедегі ерекше халықтардың бірі болғандықтан, ұлан-ғайыр жерге ие болып отырған халық жаратушының сынағында ұзақ болған сыяқтымыз. Ал, енді осы сынақтан өз дінін сатпай, қандай қиыншылық көрсе де төзіммен келіп, жаратушыға тәубә еткендіктен жарылқану кезеңіне келген сыяқтымыз. Отыз екінші жылдың оқиғалары дәп бір қорқынышты ертегі сыяқты еді: бір ұл және бір қызын ертіп келе жатқан, жұрт әйтеуір бірі кетсе басқасы да сол жаққа қарай қанғып ауа тартқан ғой. Сонда әлгі ұлмен қызын ертіп тау арасындағы жолмен қайда баратындарын өздері де білмей келе жатқан ерлі-зайыпты ауыл адмдары аштықтан естері шығып еле жатып, (екі баланың кішісі қыз екен) осының еруі қиындап , әлгі кішкене қыз екі-үш жаста ғана болу керек, ұлдан гөрі ересектеу, әйтеуір әлсіреген әке-шешенің соңынан ілби еруге әзірше жарап келеді. Тау арасындағы бір бұлақтың аяғына келіп әлгі адамдар үнсіз киналады, өйткені аркалап жүруге өздерінде хал жоқ, еріп ол жүре алмайды, өз бастарымен әлгі ұлын құтқару үшін кішкене қызды тастап кетпек болып үнсіз келіседі. Содан «балапаным, сен осы жерде отыра тұр, біз қазір анау жерден тамақ алып келейік» деп сәби қызды тастап кетеді. Өздері жақын кезеңге бара беріп жан-жүректері жылап «қарағым-ай, енді қайтейік» деп не болса да бірге өлейік деп кейін оралса әлгі қойып кеткен жерде кішкене қыз жоқ болып кетіпті, адам алып кетті ме, жоқ, аңдып тұрған, аң қасқыр (олар да аш қой) алып кеттіме, әйтеуір манайды қанша шарқ ұрып іздесе де таба алмапты. Бұл адам баласының бір теңдестіруге келмейтін керемет қайғысы, соғыс дегенің мұның қасында түк емес сыяқты, ондағы жағыдай басқаша.

Екінші оқиға жаңылмасам мен айтқалы отырған оқиғаға ұқсас бір дүниені бір жерден оқыған да сияқтымын. Бір ауылда сүйіп қосылған адамдардың жалғыз қыздары болады, сол зұлмат-жұт кезінде үш-төрт жаста болса керек, бұлар елдің соңынан ішетін, жейтін ештеңе қалмаған сон ауа жөнеледі. Жолда әбден өзектері талады. Екеуі келісіп, аман қалсақ әлі де баламыз болар, қимасақта мына баланы өлтіріп жейік, сонда аман қалармыз, деген қасіретті уәжге келеді. Әрине, әйелдің ондай іске баруы қиын, ол алыстау ұзай тұрып мұны, әкесі іске асырмақ болады. Әйел еніреп жылағанын көрсетпеу үшін булығы көйлегінің жөнін көзіне тыққыштап әудем жер ұзап, енді не жүрерін, жұрмесін білмей есі шығып анырып тұрғанда, сол күні күн шайдай ашық болса керек, аспаннан көз алдына бір көлеңке түскендей болады. Әйел аспанға қараса көз алдында бір үлкен бүркіт қалықтай түйле келіп, әйел байқамаған екен анадай жерде кетіп бара жатқан бір арқарға келіп бүре түсіпті, әлгіні көріп әйел есі шығып айқайлай жүтіргенде бүркіт арқарды тастап ұшып кетіпті де қатты жарақат алған арқар орнында тыпырлап қана жатуға дәрмені келгенін көрген әйел, әлгі баланы қалай өлтіруді ойлап есі шығып отырған күйеуіне қатты айғайлап қол бұлғағанда ол да көріп, бала

екеуі -әлсіреген қадамдарымен жүгіргенсымақ болып келсе әлгі арқар өліп жатыр дейді. Сөйтіп бұлар аман қалыпты. Достым, адам баласы аштыққа да, тоқтыққа да төзбейді деген рас па деймін, осы оқиғаларды жазып отырғанда менің таңғалатыным, адамның кейбір оқиғалар кезінде жол тауып шыға алмайтындығы. Екінші бір таңғаларлық нәрсе: жануар жасамайтын, аңдар жасамайтын каталдыққа баратындығы. Бұл бір керемет нәрселер, мұның жауабын ешкім сірә, таба алмас. Осы айтылған екі оқиғаға ұқсас мыңдаған оқиғалар қазақ ауылдарында бәрінде болған. Ауданнан шыққан өкілдің атын сойып жеп қою, тіпті өзін де жеп қою сол уақытта қалыпты жағдайларға айналған. Енді осыға кім кінәлі. Кеңес үкіметі құрылғаннан онын сонына қалтқысыз бар көңілдерімен ерген қазақ халқына кеңес үкіметінің «сыйы» осы болды. Малдың бәрін жинап алуы себепті осылай болды ғой. Кейде осы оқиғаларды біз сияқты халықтарды құрту үшін жасады дегенге мен өз басым сенбеймін. Құртқысы келсе сылтау тауып атып тастауға да күші келіп тұр ғой. Бұл «асыра сілтеу» деп аталған науқанның кезіндегі надандық, қараңғылықтан болған нәрселер. Совет үкіметі, кеңестік жүйе оқымысты бола алған жоқ. Тіпті өзі құрылғанға жетпіс жылдар болған кезідін өзінде сауатсыз парткомдар көп болды. Олардың бәрі де Маркс, Ленин деп айғайлауға ғана шебер болатын, шынтуайтына келгенде бірде –біреуі Лениннің бір еңбегінен цитата келтіре алмайтын. Маркстің Капиталын оқуға түсінуге бұлардың білім деңгейлері жетпейтін. Мынандай қалжың сол кезде шыққан ғой: Бір ауданың партия комтетінен бір колхозға бюро мүшелерінің бірі уәкіл болып келеді. Уақиға елуінші жылдарда болса керек. Әлгі уәкіл колхозшылардың жиналысын өткізіп бяндама жасап, бұдан басқа да мәселерге тоқталып өз би, өзі қожа дегендей, енді бұлардың саяси білімін тексеріп көрмекші болады, әртүрлі жеңілдеу сұрақтар қойып көрсе де оған жауап бере қойатын адам шықпайды. Ол байғұстар саяси сауатын қашан ашсын, малшы болса ертеден кара кешке дейін мал соңында, басқа колхозшылардың да бос уақыты жоқ. Тіпті шамалы бос уақыты болса да саяси сабақ оқып отырмайды ғой тым болмаса кішкене боса да демалмай ма! Осыған қарамастан әлгі әкірендеген бюро мүшесі, бұлардың ештеңе білмейтінін білген соң, бұларды біржола ұялтпақ болып, басқарманың өзіне сұрақ қоя бастайды, ол да өзінің ештеңені білмейтінін білдіріп алған соң, бюро мүшесі тіпті көтеріліп кетіп, басқармаға тіпті сендер өзі «Капиталды» кім жазғанын білесіндер ме десе, әлгі байғұс «бюро мүшесі жолдас, маған сеніңіз, мен жазған жоқпын» депті дейді. Ішіне үлкен сырды түйгенсіген әлгі бюро мүшесі дереу ауданға аттанады. Ауданға келсе жер-жерге жіберілген өкілдердің бәрі де жиналып, олардың нені бітіріп келгенін бюрода карамақ болып жатыр екен. Бір кезде бұған да кезек келеді, «ал, пәленшеке, сіз не бітіріп келдіңіз» делінеді ғой. Маскара екен, дейді бұл, колхозшылардың басқа мәселені былай қойғанда саяси сауаттары өте төмен екенін тексеріп көзім жетті дейді ол, тіпті басқарманың өзі «Капиталды» кім жазғанын білмеді, бұл төзгісіз жағдай дейді. Ия, қиын екен десіп отырғанда бұдан басқа бюро мүшелерінің біреуі қол көтереді дейді. Бюро мәжілісін жүргізіп отырған бірінші хатшы «ия, не айтпақсыз» десе әлгі байғұс: Жәке,

сол колхозға мені жіберінізші, кім жазғанын қайтсем біліп қайтайын, тіпті таптырып алып, өз алдарыңызға алып келіп кешірім сұратайын депті. Осы бір шебер айтылған калжын- Кеңес мамандарының өресі қандай екенін айтып тұр емеспе. Халық ол уақытта да халық, мәселе олардың бәрі ақылсыз деген емес, мәселе, ұяты бар, ары бар сол ақылдыларды 37 жылдары ұстап құрттырып жіберген әлгі өтірік сұрқыя коммунистерде болып тұр ғой әңгіме. Мен өзім жасымнан үлкендердің әңгімесін тыңдауға құмар болдым, сөйтіп жүріп бастауыш класта-ақ оқып жүргенімде кітап жазбақ болғаным есімде. Ол кезде қайбір жетіскен дүние. .. Әкеміз хат танымайтын қаранғы адам еді. Бірақ ешкімге алдатпайтын көңілі зирек адам еді. Ол кісінің қызықтары өте көп. Есімде қалғаны күзде оқу уақыты таяған уақытта мінгестіріп орталыққа алып барушы еді, колхоздың сүренсіз сырты да ағартылмаған дүкенінде оқулық кітаптар толып тұрады. Осы жерде сатушы туралы айта кетейін. Сатушы ауылдағы басты тұлға. Біз көзімізді ашқалы көргеніміз Мақыш деген ағамыз еді. Бізде бұл кісіден басқа сатушы болады,-деген ұғым болған жоқ. Тек бертін Шырын ағамыздың зайыбы Кино деген кісі кейін ашылған екінші дүкеннің сатушысы болды. Мақыш аға әкеммен әртүрлі тақырыптағы әңгімені айтып тұрғанда мен керек кітап, дәптерлерді алушы едім, керегі аз болса да зілмауырдай ағаштан рабайсыз жасалған пеналды да алдым. Біраз әдеби кітаптарды да қосып жібердім. Бір жағы мен әкемнің өлшеулі ақшасының бұған жұмсалып кететіне қиналамын да, өйткені тағы оқулық керек-аға-інілерім де бар ғой. Солай болса да әлгі әдеби кітаптарды да қимамаймын. Әкем-сатушымен амандасып болғаннан кейін мен ішке кіріп кітаптарды таңдай бастаймын. Бір жолы аса керек болмаса да пеналды да алғаным бар. Пеналь ол кезде ағаштан жасалған кәдімгідей ауыр. Портфельдің түсуі өте сирек. Сондықтан да маған да, басқа оқушыларға да шешеміздің ескі қалған шүберек тектес нәрседен тігіп бергені жарай береді. Әкеммен дүкенге келгенде оқулықтарды түгендеп алғаннан аейін кейде бір екі әдеби кітап та қосып жіберетінім бар еді. Әкем оны әрине білмейді, білсе де менің көңілімді қайтармауы мүмкін. Өз кіндігінен тараған жеті баласының бәрін де жақсы ұстайтын. Колхоз жұмысынан қаншама шаршап, тарығып жүрсе де мейірімді болатын. Әлгі әдеби кітаптарды алып жатқанымды әрине сатушы көріп тұр, оның керек емес сыяқты екенін де біледі, себебі оған өткені керек. Мен осыларды алғанымға қысыламын, себебі әкемнің қалтасы жұқа екенін білемін, ертең бауырларым да осылай келіп оқулықтар алады. Бір қызық жері әкем бәрімізді бірақ алып келмейді, сол кезде оқыр жүрген төртеумізді жеке әкеліп керек оқулық, дәуіт, сыя дегендерді сатып алуға мүмкіндік жасайды. Оқулықтарды сатып алып болып қайтуға ынғайланған кезде әкем менің үстіме жүдеу киімдеріме көзі түсіп күрсініп қояды, мұның себебі, осыған дәрменсіз болып тұрғанын ол да, мен де білемін. Бірақ, екеуміз де сезбеген, білмеген қалып танытамыз. Себебі, белгілі ала жаздай жинаған азын-аулақ ақшасы осыған ғана жарайды. Оқушыларға анықтама үшін айтатын бір нәрсе: колхоз дегенде ақша мүлде аз болады, тіпті болмайды деуге болады. Себебі колхоз дегеннің бар тіршілігі еңбеккүн дегеннен тұрады. колхоздың әрбір

жұмысын істеген адамға қанша еңбеккүн жазылады оны есепші және ферма бастығы біледі, Осы еңбеккүнге күзде егін алғанда , алынған өнімді тиісті міндеттеме бойынша мемлекетке өткізгеннен кейін әлгі сорлы колхозшыларға әр еңбеккүндеріне бір қадақ па, екі, немесе екі жарым қадақ па бидай бөлінеді. Мен өзім анық білетінім: бір жылы жаз бойы төрт өгіздің басына мініп жетектегенімде он төрт еңбеккүн жазған екен. Соның өзін үлкен жетістік көріп отырдық. Екі қадақтан болғанда он төрт еңбеккүнге жиырма сегіз қадақ бидай беріледі. Оның өзі тарығып, ашығып отырған жұртқа қырман біткеннен кейін беріле салмайды. Колхозшылардың жалпы жиналысы өту керек. Әркімдердің, әсіресе, белсенділердің пікірі еске алынады. «белсенді» дегендер кім олар қазіргі айтып жүрген сталиндік зұлмат кезінде аяқ астынан «жау» тауып ұстап берушілер. Олар да кәдімгі ауылдастар. Бірақ, өздері де ішер асқа, киер киімге жарымай жүрседе «коммунистік» үгітке ерген байлық десе көздері ақиып кететіндер еді. Ұлы отан соғысы бұл белсенділерді де соғысқа алып кетіп, содан өлмей қайта оралғандары бірен-саран болса да бас көтергенсігенмен аяғы құрып тынды. Осы белсенділер әлде болса сол уақытта басқармамен шарпысатын.әрине, сауаты мол, басқарма оларға дес бере қоймас, дегенмен олардың сол кезде әлі маңызы болғандай еді. Бір қызығы бұл белсенділер құри бастағанда «арыской» дегендер пайда болды. Олар да «шындық үшін шырылдадық» дегенмен, белсенділерге қарағанда өз мүдделерін көп ойлайтындар еді. Өйткені замананың ауқымы да өзгеріп тұрады ғой. Былайша айтқанда бұлар кешегі» белсенділердің» өңін айналдырған, Сталин кеткеннен кейін дәрмендері құрығандардың эстафетасын қолға алмақ болғандар еді. Бәрі «еңбеккүннен» шықты ғой. Қазіргі заманның өлшемімен алғанда жыл бойғы тапқан еңбеккүн деген бір жылғы еңбегіңе төлем. Ол төлемнің мәні былай: үйдегі еңбекке жарамды адам мал бақса да, жер жыртып егін сепсе де, оған әр жұмыс күніне «еңбеккүн» жазылады. Жыл аяғына қарай жазда егілген егіннен түскен бидайдың мемлекетке тиісті міндеттеме бойынша өткізілгеннен қалғаны әр отбасына, үй басына еңбеккүнге шағылып беріледі. Бір еңбеккүнге бір қадақ бидай немесе арпама, ол әлгі шыққаннан қалған астықтың мөлшеріне байланысты. Сөзімізге тиянақ айтайық: мен колхоздың шөп шабатын машина шалғыға жегілген төрт өгіздің алдына отырып бір жаз еңбек еттім. Сонда менің атыма күзге қарай 14 еңбеккүн жазылыпты. Сол жылы қанша екенін білмеймін... әр еңбеккүнге , тіпті екі килодан десең де 28 кило бидай тиеді екен. Яғни екі пұтқа жетер, жетпес. Бір ғажабы халық осымен күн көрді. Жоғарыда айтқан «Зенгібаба» тұқымы әр үйде біреу, әрі барса екеу болатын еді. Халықтың аштан аман қалуына осылардың себі болды. Социализм – нақты тілмен айтсақ трагедиялық комедияның иесі еді. Барлық іс –әрекеттері көңілі зирек адамды күлдірмей қоймайтын еді.

...Әсіресе, ол айтты деген ел аузында қалған қалжың әңгімелер де бар. Өткен ғасырдағы оқиғаларды айтып отырмыз ғой... елуінші жылдардың бас кезінде әкеміз көп балалы жанұяны асырау қамында екені белгілі ғой, қой бақты.

Жоғарыда айтып кеткен колхоз деген далалық мекеме болатын, мұны досым Талап, саған айтып отырғаным жоқ, кейінгі ұрпақ біліп жүрсін дегенім ғой. Колхоз дегеннің құрылымы былай. Бір басқармасы болады, оның орынбасары, бас есепшісі, партком хатшысы деген қоғамдық негізде, оны атқаратын не кітапханашы, не есепші, әйтпесе ауыл комунистері әйтеуір өздері лайық көріп сайлаған адамнан болады. бұдан басқа ауыл кеңес дегені болады, оның хатшысы болады, әрине. Мен осы әңгімелерімде ол байқұстарды шенейін деп отырғаным жоқ. Оларды осындай бишара халде ұстаған «Совет Одағы» деп аталатын құлиеленушілік құрлысты шебер құрып алған жүйені шенеп отырмын. Халық ешбір жақсылық көрген жоқ. Олар шындықты жақтаймыз деп айғайлағанмен олардың істері шындыктан алшак еді. Менің осы жазбаларымнан көңілі зирек оқушы олардың істерінің қандай екенін сезіп отырар деймін.

Мен әкем сол колхоз дегеннің қойын бақты дедім ғой. Танертеннен кара кешке дейін қой соңында, әбден ымырт жабылған соң қойды ауылға беттетіп келеді. Жалғыз менін әкем емес, басқа қойшылар да солай. Содан үйдің «кигіз үйдің» маңайына жақындата ымырттап келіп түн бола бастағанда иіреді. Бұл колхоздың қойлары деген де бір тойымсыз бәлелер еді. Танертең күн шығаршықпаста қайта өргізеді. Ешбір рақат не жанұяға, не өзінде, не шешемізде болмайды. Түнде оны ит-құстан күзету керек. Оқтын-оқтын не болса содан әбден тойып, диланып тіпті семіріп алған жануарлар үркіп мазаны кетіреді, егер байқамай қалсаң үріккен бетінде лағып кетеді. Онын аяғы қасқырға жем болу, онын аяғы бишара қойшыға қоғамдық малды қарап ие болмағаны үшін көп жылға сотталып кету қаупі төнеді. Оны аяитын кім бар, ешкім аямайды, кеңес үкіметі біреуді біреуге айдап салып өз ішінен жау іздетіп қоюға аса шебер болатын. Міне, елуінші жылдардың басында өзіміз кішкене бала болсақ та осыны көріп ішімізге бір дық мықтап орнап, бекіп өстік. Елуінші жылдардың аяғына қарай қойшылар түнемелікке шарбақ құрып алатын болды. Бұл бұрынғы жағыдайға карағанда «коммунизм» осы сыяқты еді. Шынында да қойшылардың жеткен «коммунизмі» осы болды. Бұл шарбақ қойшыларға тым болмаса тыныш ұйықтап жатуына жағыдай жасады. Колхоз белсенділері бұған карсы болғанмен Сталин кетіп қалған кез, олар да еріксіз жуасығандай сыңай танытыпты. Елуінші жылдарда жаман кара құрым үй, сүренсіз қостар өте көп болды. Ескі әбден тозығы жеткен кигізден басқа не болсын, сорлы халықта. Тұрмыс балаға да, үлкенге де өте көңілсіз еді. Тамақ ол тапшы, әйтеуі өлместің күнін көрердей талшық қыларлық бірденелерді колхоз беретін. «колхоз» өлтірмейді» деген сөз сол кезде шыққан болу керек. Адамдар да сүренсіз еді. Мәйегі шығып тұратын игі жақсыларды, ауыл ішінде бас көтерер азаматтарды талғамсыз, топас надан белсенділер халық жауы осы деп ұстап беріп құртқан соң не қалсын. Одан қалған халықты соғыстың ең ауыр жерлеріне апарып салып, оққа жем қылған. Елуінші жылдары жалғыз біздің ауылда емес, казак ауылдарының бәрінде де ақсақ, соқыр, бір тіпті екі қолы шолактар, бір, немесе екі көзі соқырлар көп болатын. Әйтпесе аяғын

жамбасынан снаряд жаркышағы жұлып әкеткен, бір жақ самайы ішіне кіріп кеткен адамдар да көп еді. Осының бәрі соғыстың салған лаңы екенін түсінгендей болсақ та, бәрібір балаларға әлгілердің түрі қорқынышты болып көрінуші еді. Кейін білгеніміздей олар ауылда қалған әйел қыздарды таңдағандай екен. Өмірдің тәлкегі өзі соған әкеледі. Әйтеуір адамның баласы болған соң қызға күйеуге шығу керек, еркекке әйелге үйлену керек, сөйтіп өмірдің ащылы-тұщылы тауқыметін тарту адам баласының маңдайына жазылғандай... Әрине, адам пенде, кеше ғана соғыстан осындай жаралы, кем-кетік халде оралып келі, елмен қауышқанда «әйтеуір туған елмен, жерге жетіп өлсем деген тілегім орындалды-ау» деп сайраған кейбір адамдар кейін тойынып, елдің еркесі болып алған соң, неше түрлі астамшылық шығарғандары да аз болмаған. Біздің жазушыларымыз кезінде мұндайлар туралы көп жазды. Кейінгі ұрпақтың «патша көңіліне» көлеңке түсірмеу мақсатында олардың аттарын атамай-ақ қояйын. Бұл әңгімені әрі қарай тағы да жалғастыра берерміз. Тағы бір есімде қалған жайт тіпті жаман еді. Әлгі кенес үкіметінің «алтын заң» деп аталатын, жай халықты сорлату үшін жасалған заңдарын қолданамыз деп көп күпінетін. Милиция дегені- жан алғыштар болатын. Ауылда Нақыс деген, сол уақытта үлкендердің айтуынша ескіше жақсы оқыған, елпілдеген өте адал көңілді адам болып еді. Ауданнан «участковый» Қақабай деген милиционер әлгі кісіні бір жылы жайлауда отырғанда қайта-қайта ауданға алып кететін. Сондағы жазығы кейін білгеніміздей, соғыста болған, тіпті жараланған, содан жаулардың тұтқынына түскен. Құрметті досым! Бұрынғы әдебиетте, әдетте, «немістердің» қолына түскен барлық жазушыларымыз сықпырта беретін. Мен өзім жақсы көретін неміс халқы туралы олай айта салуға қатты ұялып отырмын. Ия, тіпті кейін жақсылап білгеніміздей «коммунизм» деген болмаса Гитлер соғыста ашпауы мүмкін, тіпті одақтас та болған болар ма ек! Бұл әңгіме ұзап кетер деп, осымен түйе салсақ деймін. Сол соғыстан тұтқыннан аман-есен елге оралған әлгі иман жүзді Нақыс әкемізді айтамын. Сол кісіні қайта-қайта алып кете беретіні-ол кісі тұтқында болғанда жарықтық, Мұстапа Шоқай атамиздың тараттырған құранды елге біреуін алып келген екен ғой. Есімде: ол кісі де колхоздың «жаман» қойын бағатын. Кейін кеңшарлар болып ауыл құрлысы өзгерген соң «ЛСП» деп өзгерткен. Ауру, сырқау шынында да «жаман» қойдың отары болатын. Құрттаған, сасыған, жаман қойлар әр жерде өліп қалып жатады. Әлгі кісіні Қақабай милиция алып кеткенде колхоз оның орнына адам әкелмейді. Өлсін-тірілсін, соның әйелі, жанұясы ие болу керек. Бәрібір осы жаман қойлар үшін жауап беру керек. Бір-ақ бір ғажабы әлгі кісі өзі соғыстың, одан кейін тұтқында болудың көрешегін көріп келсе де бір мойыған емес. Жаратқанға деген сенімі өте күшті, рухани мықты, таза адам екен. Шынында да жасында өте зирек болған, құранның көп жерін жатқа білген, осынысына қарамай бергін, қуғын-сүргін уақыты да ескіріп қалса да молда болып сұғынып алға шыққан жоқ.

Онда мына сен айтқан «достым, қалам қайратын бар ғой, кейінгіге бір ескерткіш болып қалсын, есте қалғандарымды мен де жазып берейін, денсаулық болса қазір қолым бостау ғой» деген екенсің. Сондықтан да мен саған уәде еткен соң осы бір дүниенің соңына қатты түсудемін. Қалай болып шығады оны уақыт, тағдыр көрсетер.

Құрметті достым! өткен заманды еске алғанда біздің қор болған балалығымыз бен бірге біздің халқымыздың асыл да қасиетті ұлдарының жазықсыз, өздері бақытқа жетеміз деп құрған жүйенің құрбаны болып кетуі тарихтың шешімін таппай кететін жұмбағы шығар сірә.

Ол уақытта қазіргідей мамандық деген жоқ «колхозшы» деген бірақ мамандық атауы болған. Шынында да бұдан басқа қандай атау болсын, тіпті бертінге дейін малшы, қойшы тракторшыдан басқа атау болған жоқ. Сол сұрапыл кезінде Кеңес одағы деп аталатын үлкен мемлекетте дәл қазақтардай беріле қызмет қылғандар жоқ шығар деп ойлаймын. Кейін ұмытылып қалмай тұрғанда айта кетейін, Ақтоғай манының Жантулақов Моншақбай деген кісі Отан қорғау қорына деп жүздеген мың теңге ақша салғанын, сол ақшаның екі танк жасауға жететінін, оның жанында еріп келген тағы біраз адамдардың қомақты ақша әкеліп сол уақытта аудандық банкінің бастығы Ыбыраев Мансұр деген кісіге өз қолдарымен өткізгенін, осы оқиғаны көзімен көрген сол уақытта аудандық «Қызыл ту» газетінің редакторы болған қазақтың рабфак бітірген журналистерінің бірі, жазуға да, әңгіме айтуға шебер, жетпісіңші жылдардың басында Қарағандыда дүние салған, кезінде бірнеше аудандық газеттерге редакторлық еткен, бүгіндері аты аталмауға айналған Оспанбай Орынтаевтан естіп едім. Айта кетейік қазақтың Қызыларайда туып, Қытайда 1921 жылы дүние салған аса биік дауысты әншісі, өзі ақын. Абайдың шәкірттерінің бірі болған Әсет Найманбайұлы туралы оның өмірбаяндық және шығармашылық бағалы деректерді зерттеушілерге бергенін айтқан жөн. Нақтылап айтсақ ол Әсеттің өмір жолын, шығармашылығын алғашқы зерттеуші ретінде орын алуы тиіс. Үйткені, достым екеуміз кітапты аса көп оқушы едік қой. Есінде шығар орталау кластарда оқып жүргенде күнде бір жана кітап оқып, оның мазмұнын айтып отыруға уәде еткенімізді. Және, солай істедік те. Осының аяғы екеуміздің колхоздың әжептәуір кітап қоры бар кітапханада қонып қалуымызға дейін апарып еді-ау. Бұл бір кішкентай қызық оқиға еді. Күнде оқуға кітап қайдан табылсын, маңайдағы әр үйдеге жинаған елдің кітаптарын үлкен кіші демей оқи беретінбіз. Таңдап, жас шамасына қарай дегенді білмеміз, әйтеуір кітап болса болғаны. Айтпақшы осы әңгімелердің басында айта кеттім-ау деймін мен өзім бірінші сыныпқа бармай тұрып-ақ біраз дүниелерді ауылдың шал-кемпірлеріне оқып беретінмін. Осы жөнінде біраз күлкілі жерге тоқталайын. (Оқушылар менің әдеби нормадан ауытқыған жерлерімді көңіліне алмасын, өйткені сол уақыттың кейбір келеңсіз оқиғаларын тым сыпайылап беру қиын екен, оның үстіне мен бұл

жазбаларды тіл мамандарына, ақын- жазушыларға ұсынып отырған жоқпын, кәдімгі сөз түсінетін оқушы әлеуметке арнап жазып отырмын).

...Үшінші класс оқимыз. Екеуміз. Колхозда қай бір еңселі үйлер болсын, жатаған үйлердің бірінде ең еңселісымағында колхоз кеңсесі орналасқан. Кеңсенің ішіне яғни дәлізіне кірсеңіз қағаздың көптігіне таңқаласыз. Анда да, мұнда да бұрқыраған қағаздар. Дәл осы жерде осыларды көріп тұрып Кеңес өкіметінің байлығына мақтанғандай болатынбыз. Шынында да кеңестің жүйенің бір қасиеті өзі талаптанып оқимын деген адамға жақсы еді... Тіпті оқымаймыз дегендер болса ерегесіп оқуға жіберетіні де бар еді. Бірақ ол оқулары әртүрлі болатын. Бірыңғай ғалым-академиктерді де дайындай беру оңай емес. Сондықтан У-2 деп аталатын тырқылдаған шотаяқты трактордың оқуы да бар екен. Біздің бала кезімізде көргеніміз, сол уақыттағы коммунизмге мініп бармақшылардың көлігі осы екен. Бұдан бұрын У-1 дегені болыпты. Оның қандай екенінін білмеймін, ал мынау бір ғажап жайсыз дүние. ...Біздің шағын ауылдан соғыстан кейін, одан аман-есен оралғандардың аяқ-қолы саулардан төрт бес адамды оқуға жібереді екен, деген хабар елді жайлап бір қуанышты, өмірге құштарлық тудырғандай еді. Оқуға бару соғысқа бару емес. Тамабай, Нұрділда, Қабдуахит, Зияда деген бізге үлкен болып көрінеді, әрине, әйтпесе сол кезде отыздардың ішіндегі жігіттер екен. Осылар оқуға кетті. Ненің оқуы екенін ешкім білмейді. Жыл араламай сол кісілер елге оралды. Бірнешеуі тракторшы, біреуі комбайнды оқыпты, енді біреуі Балапанов Зияда деген өзінің ескіше де жаңашада сауаты жақсы адам еді, осы кісі шоферлықты бітіріп оралған екен. Басқалары туралы кішкене қоя тұрып осы біз «Әйзаң» деп атап кеткен, балалары солай атаған, содан былайғы жас адамдардың бәрі осы Әйзаң деп кеткен осы кісіге тоқталсақ. Шынын айту керек, өзі қалжакты жек көрмейтін адамның құрдастары да көп болатыны белгілі ғой, сол уақытта бұл кісімен қалжыңдасушылар көп болатын. Жалпы балаларға мейірімді, зады мінезі жайлы адам болатын. Біз ойын балалары бәріміз де Әйзаңды жақсы көретінбіз. Өйткені, ол бізді қашанда тоқтай қалып кабинасының жоғарғы төбесі күн көзіне күйіп ағарып кеткен «полуторка» аталатын машинасына мінгізуге ерінбейтін. Тіпті алыс жолдан шаршап келе жатса да ауылға жақындағанда оның дауысынан білгендіктен- бар бала жамырай жүгіреміз. Бар бала болғанда ол мың, жүз бала емес соғыстан кейін жаңа өсіп, өрбіп келе жатқан жайлаудағы шағын ауылдың оншақты балалары. Ол бәрімізді де машинасына ықтиятап мінігізіп алып біздің көңілімізді көншіту үшін ауылдан алыстанқырап бір екі айналады. Міне, бала кезіміздің бір қызығы осымен байланысты болғандықтан Әйзаңа алғысымыз шексіз болатын. Өскен соң білдік, бұл кісінің туған нағашысы Қарқаралы уезіне жақсылығымен белгілі болған Жанғабылдың Оспаны деген кісі екен. Жалпы Әйзаңа оқу дарыған кісі екен. Мұны кейінірек Несібелдінің Ахметі деген өзі де көзі қаракты Әйзаңның аталас ағайыны айтқанын естіп едім:

-Зияда жасында оқуға алғыр еді, -Қаршығалының бойында медіресе болды,- Зияда тағы бәріміз осыдан оқыдық, ол бір айтқанды қағып алатын алғыр еді- деп менің әкеме Мәдениетте елуінші жылдары әңгімелеп отырғанын естіп едім. ...Елуінші жылдардың басы. Жоғарыда айтқандай Әйзаң шофер. Кейде екінші машинаның шофері Шекен деген адаммен де екі машина бірігіп жүреді. Бір күні күн жауындау еді, жайлаудамыз. Әйзаңның кенже ұлы Төкенмен ойнап жүргенбізх, бір уақытта машина гүрілдеп-қарасак Әйзаңның үсті ақ кабиналы машинасы жүйткіп келеді екен. Ол кісімен бізде үйге кірдік. Үй ішімен амандасқаннан кейін күн жауын болуы себепті кигіз үйде ортада от жанып тұр, Әйзаң оттың төр жағына отыра қалды. Андай, қол созым жерде қайдан келгенін кім білсін, тәрізі сол кездерде жоғары класта оқитын Мәннанның «Әдебиет» кітабы екен, Әйзаң қолына ала салып ортаңғы беттердің бірін аша салып «Александр Фадеев пәленіші жылы туған» деп зуылдатып оқи жөнелді. Біз ауымызды ашып қарап қалыппыз. Жалпы сол кездегі баталар- біздің өмірімізде қызық жайттар көп болатын.

Оқушыларымызға айтып қоянын, Қызыларайда екі Әйзаң болды. Біреуі жоғарыда мен айтқан Балапанов Зияда, екіншісі Жаксыбеков Зияда. Кейіннен бұл кісі де Әйзаң атанып кетті, себебі еңбекшіл адам еді, совхоздың тракторын айдады, алғашқы «жүйрік» Беларусь тракторын осы Әйзаң айдады. Біз Әйзаңның тракторына отырғанда расында «күспен» жарысып келе жатқандай күйде болатынбыз. Кейіннен малшы болды, бала-шағаны оқыту, адам қылу сыяқты тірлікпен күн кешті, малды ұтымды өсіріп отбасында, ел ішінде молшылықпен күн кешуге қолы жеткен адам еді.

«Немістер» деп аталатындардың көбісі жазда қос тігіп отыратын. Бала ұғымымызға сіңіп қалған «неміс» деген атаудан зәреміз ұшып қорқатынбыз. Сөйтсек, бұл сорлылар кейін Поволжьеден зорлықпен көшіріліп әкелген, баяғы Екатерина заманынан келіп тұрақтап сіңісіп кеткендер екен ғой. Бұларды да соғыстың қызу кезінде «қандастарына болысып кетеді» -деген қауіппен көшіріп жіберген ғой. Бір жылы жаз айында жайлаудамыз. Әкеміз қой бағады. Қойшы елден, ауылдан жырақтау отырады. Кішкентай өзеннің ар қабағында шөпшілер. Міне осы шөпшілердің құрым үйлерінің қатырында әлгі байғұстардың қостары болады. Біз ол ауылға күнде барамыз, өйткені баллармен ойнау керек. Содай күндердің бірінде бір шілдехана болды ғой деймін, халық жиын отыр. Руди деген неміс баласы шамасы сол кездерде бізден әжептәуір ересек. Әлгі жерде сол бала бар екен. Өзі қазақ әндерін айтуды біраз игеріп алған сыяқты. Түсіпбайдың Қасымбегі деген кісі, (Қазыр Балхашта тұратын кезінде ауылда аянбай еңбек қылған Қизаттың әкесі) өзі қолы білетін адам, таяуда ғана жұмыс арасында аппақ домбыра жасап отырған, мен соған қатты қызыққам, және «аға маған домбыра жасап беріңізші» деп сұрауға батылым жеткен. – Ол кісі маған көзін қадай қарап: «Жасап берейін, әкеңе айт қызыл тайыншаны бере ме?» деді. Мен әрине, жасыңқырап үндемей отырып қалдым. Үйде үйелмелі –сүйелмелі бес бала

бармыз, олардың аузынан жырыл әкем домбыра ақысына мұндай мырзалыққа бара алмайтынын бала да болсам білемін ғой.

Құлагер әні

Міне осы жиында әркімдер өлең айтқан болып жатыр. Бір уақытта Руди аталатын сары неміс баласы кірді. Бәрі ду ете қалды: «Руди Құлагерді айтып жіберші, қане! Десіп жатыр. Бір уақытта Руди қолына домбыраны ала сала кәдімгідей шертіп жіберіп «Құлагер» әнін айта жөнелді. Бір қызығы мен өзім өмір бойы сүйіп жақсы көріп тындап келе жатқан «Құлагерді» қазақтан естімей, тұңғыш рет немістің аузынан естігенім ғажап еді. Көп замандардан кейін сол Рудиды таба алмай қалдым. Біреулер пединститутта қазақ тілі факультетін бітіріпті, десіп жүрді. Еліне кетіп қалды ма, жоқ өліп қалды ма менің анық мәліметім жоқ. Неміс халқы дәлшіл халық. Өзіндік шыдамды, керемет қиыншылыққа төзе білетін мінездері бар. Кейіннен байқағанымдай неміспен қазақ ұнаспайды. Себебі мынада жатыр ғой деймін: біздің халық уәде бергіш. Ертең «пәлен жерде кездесейік» деп неміске уәде беруін береді де, айтылған жерге сол уақытта келмей қалады. Өйткені олардың сүйегіне біткен осындай мінезі бар. Ал неміс болса дәл сол уақытта келіп досын тосады, келмеген соң қайтып кетеді. Бірақ, енді қайтып әлгі қазақпен істес болмайды. Ал қазақең өзінің уәдесінде тұрмағанында шаруасы жоқ, мына неміс менің шаруамды бітірмей жүр деп кіналайды. Біздің халық –қонаққа да, тойға да солай кешігіп келеді. Мұның себебін мен түгіл дүниенің ғалымдары іздеп, зерттеп таба алмай жатыр дейді. Неміс демекші, кішкене кезімізде Мәдениетте Эрна деп аталатын неміс әйелі тұрды. Бұрын Ақжарықтағы интернатта балаларға нан пісіріп, тамақ істеп берген екен. Одан ауысып келу себебі: Бұрын сотталып, кейін жер аударылған Анатолий Лебедев деген орысқа күйеуге шыққан. Осы кісінің Эльза, Эльфрида деген екі қызы болғанын білемін. Сол уақыттағы Ақжарықтағы мектепті жаңылмасам, жеті кластарын бітірген екен. Сол үйге барып жүріп, әйтеуір қағаз болса мен жармаса кететін әдетім бар еді, сабақ жазған біраз дәптерлерін берді. Қарасам: қазақ тілінде жазылған жазулары маржандай. Соған бір таңғалғаным бар еді. Олардың тағдырынан да кейін бейхабар болып қалғанбыз. Негізінен беталды сыр ашпайтын, ішін бермейтін халық.

Әйзаң және басқа оқиғалар

Дәл осы жерде бір ұмытпай тұрғанда айтып кететін, этнографиялық сипаттағы дерек: Қызыларай кашан да өнердің туын көтерген мекен болған. Жалғыз өнердің ғана емес, колөнердің де ортасы болған. Небір шеберлер шыққан орта. «Қырғыздан ұл туса, ағашқа күн туады» деген қалжың аралас қанатты сөз де бар. Өйткені ағаштың түр-түрі өсетін жер Қазақстанда көп

емес. Қызыларайды мекен еткен кара, қырғыз, майлық деген үш елден де бармағынан бал тамған шеберлер шыққан екен. Аңшылар да, құралайды көзге атқан мергендер де көп болыпты. Осындай көріктілігімен қатар, карағай, қайың, тал мол өсетін жерде ағаш шеберлері де көп болған. Жалғыз ағаш шеберлері емес, етікші, ұсталар да көп болған. Осы өнер түрлері олардың арасында тіпті бәсеке тудырғандай болып қолөнері өркендеп тұрғанда, қазан төңкерісі бұл өнерлерге қатты бөгет болған. «Балалап басына, тұрымтай тұсына» дейтін замандар бірінен соң бірі алмасып, бұл өнерпаздықтың жолын кесе берген. Сөйтіп жүргенде Ұлы Отан соғысы басталып, елдегі еркек кіндік майданға кеткен. Кетіп қана қоймаған, көбісі дерлік майданда опат болған. Ал, мен баяндап отырған елуінші жылдарда осы өнер де, өнерпаздарда, ұста да, әнші де қадау-қадау кезі. Ел «шіркін-ай» деп аңыз қылып отыратын өнерпаз аталарымызды біз көрген жоқпыз, тіпті кейбіреуінің атын да естімеген шығармыз.

Ал енді У-2 ге оралайық. Әйзаңның машинасына мініп дәндеп қалған біздер мотор даусы естілсе алдынан жүгіре жөнелеміз. Мәдениет атты шағын ауылдан жоғары жақта колхоздың шағын егістігі болатын. Содан бері қарай кара жолмен дүрсілдетіп әлгі У-2 нің біреуі келе жатыр екен. Кәкен деген досымыз екеуміз алдына қарай барып едік, әлгіні жүргізуші кісіні қап-қара маймен шаннан танып болмайды, сөйтсек әлгі оқу бітіріп келген ағаларымыздың бірі екен. Аса жай жүретін болғандықтан тоқтаудың қажеті жоқ сыяқты. Ол біздің бала көңілімізді әрине байқап тұр, «мына жерден, артынан келіндер деді, мотор даусын жене айқайлап. Біздің мінбей жатып түскіміз келді. Себебі әлгінің жүрісі ең жүрісі жаман аттың да жүрісінен жаман ба деймін, іші-бауырымызды солқылдатып жіберді. Ол бізді еппен түсіріп жіберді. Өмірімде осындай жайсыз көлікке мінгенімді білемін.

...Қарабай деген тракторшы болды. «ДТ-54» деген тракторы бар. Ең алғаш бұл кісіні 1951 жылы Тарасу қыстағында отырған көріп едім. Қыстақта жұт болуға гаянған соң оның жанында тағы біреу бар, көмекке жіберген екен. Бұл ауылдың адамы емес екенін байқап отырмын. ФЗО-ға келіп, ретін тауып осы жақта қалып қойған екен. Кезінде Қарағандыда белгілі күйші Мағауия Хамзинмен және кезінде өнерпаз, әнші болған Әбеуов Қуандықпен балалар үйінде бірге болған көрінеді. (Әрине, мен мұны кейін білдім). Қараекен өте жұғымды адам болып халықтың ішіне сіңісіп кетті. Трактормен келіп қай үйге токтаса да «жоғары шық» деп үй иелері қалбалақтап қалатын еді. Бір байқағаным, бұл тракторлар қыстыгүні от алуы өте қиын болатын. Жанар майды аямай өртеп астын, үстің қыздырыл барып «пускач» деп аталатын оталдыру тетігін жіппен орап алып тартып жатқаны. «Тырк» ете қалып дінкені құртатын. Тракторшы түгіл жанында қарап тұрған адамның шыдамы жетпейтіндей күйде болушы еді. Ең жаманы тракторшының үсті басы қап-қара, қара майдан көрінбеуші еді. ...Сол кездерде С.Кәрімбаев деген дарынды сазгердің «Тракторшы қарындас» деген әні, өлеңімен шыққан. Тракторшы

арындастың осындай трактормен қандай күйде ән салып жүретінін елестетіп беріңіз!.

... Шал, кемпір дегеніміз сол уақытта күйеулері соғыстан қайтпай қалған тұлғалар екен ғой. Олар сол уақытта азар болса, көбі жиырманың, аяғы отыз жастың басындағылар болу керек, тұрмыстың ауыртпалығымен материалдық және рухани қайғы оларды мезгілінен бұрын қартайтып көрсетеді екен. Оның үстіне қайбір киім жетісіп тұр дейсің, «адам көркі шүберек» демекші киімдері де жалба-жұлба, кеңес халқының «коммунизмге» ұмтылған түрі осындай болатын. Осы бишаралардың кітап оқып беріп сауабын көп алдым, деп жоғарыда тағы айтып кеткенмін. Есімде қалғаны: «Мың бір түнмен» бірге қайдан келгенін білмеймін- Қалижан Бекхожинның поэмалар жинағы болды. Сонда «Дударай» поэмасын елге оқып бергенім есімде. Әлгі поэманың басында «Қазақстанның исскуствоға еңбек сіңірген қайраткері Мария Егоровна Рыкинаға арнаймын» деген эпиграф та есімде қалыпты.

195** жылдың басында Мәдениет деп аталатын кішкентай ауылда бастауыш мектепке бардым. Мектепке барғанға дейін жаз жайлауда мал бағатын әкемізге, ауылдың үлкендеріне кешке қарай солардың өтінішімен кітап оқып беруші едім. Қалмахан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан», (Мың бір түнді сол кісі аударған) мен оларға тіпті даусымды құбылттып ырғақпен оқушы едім. Соның әсері ме, үлкендер қатты сүйсініп, кейбір аянышты оқиғаларға жылап та алатын. Мен солардың баталарын көп алып едім. Кейде ойлап та қоямын, солардың баталары қабыл болған екен деп... Әңгіме балалық шақ болған соң, біраз көсіле түскін де келеді. Балалығы есінде қалмайтын адам болмайтын шығар, бірақ, бәрі бірдей оны жеткізе алмайтын шығар. Мен мектепке барған Мәдениет атты колхоз болған екен, (Ең басында «Бесата» колхозы болса керек), (бұдан былай колхоз аты қолданылып отырады, ол үшін оқушылардың кешірім өтінемін, ұйткені оқиғаның өрбуі тікелей ауылмен, колхозбен байланысты болады), сол уақытта үлкендердің сөзіне көп құлақ салушы едім, 1949 жылдарға дейін Қоңырат деп аталатын ауданда отыз бес колхоз болған екен, кейін Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін, ес жия келе осының бәрін «үкіметпен партия» ірілендіруге көшкен екен. Біздің әлі ес жия қоймаған кезімізде «үкіметпен партия» деген тіркес әркімнің аузында көп қолданылатын еді. Біз балалар осыларды екі адам екен деп ұққандай болатынбыз. Сөйтсек, басқаша екен ғой. Мәдениет, Жұмыскер, Кенасу деген үш колхоз біріктіріліп, «Ұлы көсем, барлық халықтармен, ұлттардың әкесі, Иосиф Виссарионович Сталиннің сенімді серігі» Георгий Максимилианович Маленковтың атына берілген екен.

... Бірінші сынып оқыған жылдары мен өзім сол уақытта саяси бюроның мүшелері, халық «көсемдер» деп атайтындардың көпшілігінің аты-жөнімен білуші едім. Қазір алыпс жылдан артық уақыт өтсе де солардың есте қалған кейбіреулерін, мүмкін кейінгі балаларға қызықты болар, атап көрейінші:

Иосиф Виссарионович Сталиннен бастағанда, Георгий Максимилианович Маленков, Вячеслав Михайлович Молотов, Лазарь Мойсеевич Каганович, Семен Михайлович Буденный, Климент Ефремович Ворошилов, Александр Михайлович Василевский т.б. Бұлардың бәрі біздің жас көңілімізге дәп бір ертегідегі алыптардай көрінетін... Өзіміз оқып жүрген мектептің дәлізінде тізіле ілініп тұрғандардың ішінде Буденныймен Кагановичтың мұрттары өздерін аса бір сұсты етіп көрсететін. Кейбір жоғары сынып балалары «Ворошилов автоматтан өз атын окпен атып жаттығу стендіне жазады екен» деп жүретін. Тәрізі соғыстан қайтқан адамдардың әңгімелерінен естіген болу керек. Ол кезде бұл «көсемдерге» ешкім шаң жуытпайтын. Қаншама мұқтаж халде жүрсе де халық дәп сол көсемдердің арқасында ғана өмір сүріп жүргендей сезімде еді. Өйткені сол уақыттың үгіт машинасы керемет жұмыс істейтін. Лаврентий Павлович Берияның есімі тіпті дүбірлеп тұратын. Менің мұны білетін себебім: Сәбит Мұқанов айтқандай әлі оқуға бармасамда кітапты да газет журналдарды да оқып кетуім. Ұмытпай тұрғанда айта кетейін: Сәбит Мұқановты кейін қазақтың аса көрнекті жазушысын-сол уақытта ешкімнің түсіне кірмейтін жағыдай жасап, Бүкілодақтық Староста деп аталған Михаил Иванович Калининге ертіп барып таныстырған Уғар Жәнібековтей төңкерісшіл жерлесіміздің атын ұмытып калуға тиіс емеспіз. Мәселе Уғардың большевиктігінде емес, идеяға адалдық қылып, халқына бостандық алып бермек талабының өзі кейінгі ұрпақ үшін аса құнды болу керек. Қадап айтайын: қазырғы жастар астарлап айтқанды, жанамалап айтқанды түсінбей жүрер, Уғар (Мұқатай) Жәнібеков Қызылрайда туған адам. Солтүстікте Лена кенінде болып жұмысшылардың ереуілін бастап шыққан төңкерісшіл- шын мәнінде батыр адам. Ульянов (Ленин) осы Лена кенішіндегі оқиғаға байланысты Ленин деген лақап атқа ие болса, осы кеніште төңкерістің себебін жасап берген Уғар –екінші Ленин. Ана бір жылдары Уғардың мүсінін Қарқаралықтар жасатып әкелген, сол кезде аумалы-төкпелі кезде ескерткіш орнамай қалған секілді, іздесе Қарқаралының бір таса жерінде әлі де болса жатуы тиіс. Уғардың Республикалық милиция бастығы болып тұрғанда Мержақып, Ахметтерді тұтқындауға барып, біле тұра барған үйде жоқ екен» деп қашырып жібергенінің өзі Уғардың ақылды адам екенінің де бір айғағы.

Бұрынырақ айттым-ау деймін газеттерді пошташы тым болмаса айына бір рет әкеп қарық қылып тастайды. Көбінесе облыстық «Советтік Қарағанды», аудандық «Қызыл ту» газеттері келеді. Газеттер әр үйге бұрқыра келіп жататын. Өйткені еңбеккүн есебінен сыртынан жазып жібере берсе керек. Мен бірінші сыныпқа бармай тұрып-ақ оқып кеттім дедім ғой. Қазір ойлап отырсам соның өзі адамның қоршаған дүниені тану үшін ақпаратқа құштарлығынан, қажеттілігінен туған сыяқты. 1952-53 жылғы қыста колхоз орталығынан аса алыс емес, «бұрынғы заманда қалмақтарды Қызыларайдан қуған осы кісі екен» -деп үлкендер айтып отыратын Томай атты қыстауда, тіпті сол кісінің кезінде салып мекендеген қыстауында отырғанымызда

жасында аралас-құралас болған. Тіпті Ермаковтар орысша мұғалім жалдап бала оқытқанда бірге оқыпты. Бұған дәлел: бертінде Қожамбаева Күлғайша деген кейуана (бұл кісіге қатысты әңгімелер алда айтылар, менің досым Саматтың және Манаттың анасы, сол үйде барлық балалар асыр салып ойнағанда бір қабақ шытып ренжімеуші еді), Бабаңның қызық мінездерін сөз ете отырған, сол оқып жүрген кезінде Бабаң түнде ұйқысырап оянып: «шпишқу шажағай» депті деген әңгімені айтып отырушы еді. Бұған карағанда Бабаңның орысша сөйлегенін мен да басқалар да естімеген сыяқтымыз, солай бола тұрса да ол кісінің шамамен өткен ғасырдың бас кезінде орысша оқығаны рас. Сол біз әңгіме қылып отырған 195... жылдардың басында Бабаң алыстың ортасында. Бұл кісінің тағы бір мінезі ұйқыны жақсы көретіні. Өлгінде айттым: екі отбасы аядай бір бөлмеде өмір сүрдік деп. Сонда Бабаң түнде қатты қорылдап ұйықтайды. Бірақ, үнемі қорылдай да бермейді, ешкім оятпаса түске қарай түрегеледі.

-Балам, анауыңды оқы! дейді, Бабаң. Мен қолымда бар газетті оқи жөнелемін. Бірақ газет сөздері Бабаңды тұшшытпайды. Неге десеңіз онда : «Үгіт пәрменді болсын» деген сұрықсыз сөз көп жазылушы еді. Ұғуымызша алда сайлау келе жатыр. Соны қолдап үгіт жүргізу керек болуы керек. Өздеріңізге белгілі, ересек оқушылар. Сайлау демекші «Халықтың қалаулысы» деп жоғарыдағылар өздері ұнатқан біреуді сайлатып жіберуші еді ғой. Ал үгіт дегені халықты алдау үшін жасаған қитұрқылары болатын. Бабаңа оның ұнамағанын менде сеземін. «ССРО тарихы» деген бір кітап жататын. Соны оқи бастағанда басында Бабаң –е-е-е, деп мақұлдағандай болғанмен оның да қызығы жылдам таусылып қалатын да, -тасташы бар болғырды-дейді Бабаң. Кейін қолымызға Қалижан Бекхожинның өлен кітабы түсті. «Дударай» дастаны әрине бәріне ұнады. Кешке сығырайған жарықпен екі үй ғана емес, ауыз бөлмедегі Әнуар деген малшы лауазымындағы колхозшы да тындауға кіріседі. Бұл бір ғажап сәттер еді. Тындаушылардың барлығы да керемет әсерленетін. Өлі есімде Дударай деген атаудың бас жағындағы бұрышта «Қазақстанның искусствоға еңбек сіңірген қайраткері Мария Егоровна Рыкинаға арнаймын» деген эпиграф болатын. Мұның бәрін жазып отырғаным өзімді дәріптеу емес, сол кездің нақты ахуалынан оқушыларды хабардар ету үшін жазып отырғаным ғой. Бір күні Бабаң колхоздан «Үгітші блокноты» деген кішкентай кітапша алып келді. Оқып көрсем Орталық комитеттің саяси Бюросының мүшесі Лаврентий Павлович Берия жолдастың Орталық Комитеттің «пәленінші» Пленумында жасаған баяндамасы дегенді басқан екен. Өзі кішкентай расында блокноттың үлкендігіндей ғана кітапшада осы баяндамадан басқа нәрсеге орын қалмаған екен. Сондықтан оның қызығы болмады. Бабаң туралы әңгімеміз қаншаға созылады, білмеймін, бірақ Бабаңның Төлеу атты үлкен баласы болды. Туған шешесі ертеректе өлген екен, көбінесе сыртқары тәрбиеленген. Кезінде палуан да болған. Бертінде бірнеше оқу орындарын бітіріп ауылға оралды. Сол кездегі қоғамдық құрлыстың жұмысында болды. Көбінесе ферма

басқарды. Мұқтаждыққа жаны ашығыш, жағымпаздығы жоқ, бірбеткей азамат болып өсті. Адалын айтқан дұрыс (С.Мұқанов айтпақшы) Төкең халқына құрметті де, қадірлі болды. Өзінің акпейлділігімен бірге қызық мінездері болатын. Оны ешкім әбес көрмейтін. Шын мәнінде ауылының еркесі де серкесі болды десем жұрт менімен келісер. Біреуге жамандығы жоқ адам қашанда өркендер, өзі өмірден ерте кетсе де арты берекелі деп естимін. Менің осы жазбаларым Төкең ағамызға бір ескерткіш болар деп үміттемін. Төкең өмірде ауылдастарына жаны ашығыш қайырымды, әр нәрседе азаматтығы мол адам ретінде менің есімде қалды. Төкеңнен кейін Бабаңның Серік атты баласы құқық қорғау органдарында көп жыл қызмет еткен, өмірден бертінде кетті.

... Бабаң құйма насыбайшы еді. Өзінің мол денесіне насыбай атуы үйлесіп тұратын сыяқты еді. Егер насыбай мол болса, ол саптаманың қонышына салып жүретін шамасы жарты қадақ сыятындай иіссудан босаған шыны құтының ішінде болады. Негізінен кезінде ауыр бейнетті басынан кешірген аталарымыз байғұс насыбайлары болса, соның өзінде дүниелері түгелденгендей көңілді жүретін. Бір қиын жері насыбай дайындайтын темекі тұқымын өздері әкеліп өсірмейді. Қарағанды не Балқаштан «косып» алдырып отырады. Кезінде Шылымдағы «мұжықтар керемет өсіруші еді, олардың темекілері ғажап еді, иістері жүз қадам жақындағанда аңқып қоя беруші» — еді деп есіне алып отырушы еді. Насыбай үгудің өзіндік тәуір әдістері бар. Әрбір адам тұтынатын қажетті нәрселердің бәрі сыяқты насыбайдың дайындалуына қарай «жаман» «жақсылары» болады. Бабаңның дайындауы былай: таңертеңгі шайдан кейін, ағаш төсектің астындағы қай заманда жасалғаны белгісіз саптыяқ алынып, темекі оның ішіне бір уыстай салынып шокпардың сабының түбімен үгіле бастайды. Осы жерде бір айтатын нәрсе: шокпар «универсал» болып келеді. Насыбай үгетін қайың шокпар аталарымызға қару ретінде де пайдаға асқан. Үгу үрдісі кезінде күтірлеген дыбыс шығады. Ол үгіліп жатқанның белгісі. Аздап су бүркіліп отырылады. Біраз уақыттан соң Бабаң жүдемелете түшкіре бастайды. Ол насыбайдың қазіргі тілмен айтсақ «кондицияға» келе бастағаны. Бабаң аса көңілденіп бір-екі әңгіме де айтып қояды. Әбден дайын болған насыбай екшеліп жоғарыда айтылған шыны құтыдан орын табады. «Құйма» деудің мәнісі Бабаң насыбай мол кезінде алақанға салып мөлшерлеп атып жатпайды, шыны құтыдан тығынын суырмай тұрып етікке тықылдатып алады да тығынын суырып алып ерніне құтының өзінен төңкеріп атады. Одан соң құтыны жоғары жарыққа қарата көтеріп ішінде әлі қанша барын мұғдарлап қояды. Әрине, кейде насыбайдың темекі жоқтықтан тапшы болып қалатын кезі де болады. Бірақ, көп жүріп тұратындықтан ба, Бабаңның насыбайдан тарыққан кезін көргемін жоқ. Кейде ұрымтал қыстақтардан жүгіртіп «тым болмаса шақшаның түбін» иіскеп кетуге келетіндер де болады. Бабаң оларға сараңдық қылмайды. Шаш алдырған кезде Бабаңның басының қатпарлары ойдым-ойдым, алған адам қиналыңқырайды. Шашты елдің бәрі ала алмайды, қолының ебі бар адамдар

болады, ұстараны тәптіштеп қайрау керек. шашты сумен жуып жібіту керек-дегендей әжептәуір жұмыс. Сол уақыттағы адамдардың бір қасиеті қолынан келген жұмысты –істемеймін-деп бұлданбаушы еді. Бірақ бұл кісінің шашын алған кезде шаш алушы әлгі ойдымдардан көп қиналып, эзер алушы еді. Бабан өзі де оны сезеді, бірақ үндемейді. Елдің айтуынша жасында бай Ермек балаларының барымта-қарымтасына көп қатысқан, сондағы ұрысқағыстардағы тиген шоқпардың ізі ғой деп отыратын.

... 1953 жылдың жазында мен бірінші сыныпты мадақтау грамотасымен бігіріп жазда Былқылдақ бойында жайлауда отырғанда 3-4 бала далада козы бағып жүргенбіз. Кенет бір қомақты түбірлі тобылғаның басында желмен желбіреп күнге сарғайған газет жыртындысы тұр екен. Жүгіріп барып қарасам: «Немістердің шпионы Л.П.Берия өз кінәсін толық мойындады. Кеңестер Одағының Жоғары соты оны ату жазасына кесті. Үкім орындалды» деп жазылған екен. Сонда «Үгітші блокнотындағы» Берия есіме түсті. Ол кезде мұның байыбына баратын жағыдайымыз әрине, жоқ. Бірақ жұрттың бәрі газетте, кітапта жазылатын сөзге сенетін. Біздің бала көңілімізде бізге қарсы шпиондарды өте жек көретінбіз. Бертінге дейін ауыл балаларының шпиондары бар киноларды көп көретініміз сондықтан еді. Бірінші класта да одан кейін де кітапты іздеп оқитын болдым. «Әли батыр» деген дастан, одан кейін Қасым Қайсеновтың «Переяславль партизандары» деген бояуының әлі иісі аңқып тұрған кітапты оқып, Қасым Қайсеновтан асқан батыр партизан жоқ сыяқты көрінген...

... Бабаңнан кейінгі екінші көршіміз, көп жасап Балхаш қаласында қайтыс болған Әнуэр да әңгімені жақсы айтушы еді. Соғыс кезінде "түртөрмияда" (трудовой армия) дегені, болған. Бұл әскерге баруға не жасы асып, не денсаулығында кінәраты болып жарамай қалғандар. Қатты соғыс жүріп жатқандықтан үкімет мұндайлардың өзін Қарағанды, Балқаш, Ақшатау сыяқты өндірістер жұмысына пайдаланған. Ол кісінің әңгімесіне қарасак, ондағы жұмыстың ауырлығы да ғажап болған. Тіпті онда барғандардың көбісі соғысқа баруға өтініш береді екен, себебі мына ауыр жұмыстан соғыстың өзі жеңіл болар деп естіген. Әнуар ақсақал туралы әңгімелегенде тағы бір сол уақыттың оқиғасы есіме түсті. Өткен ғасырдың 40 жылдардың аяғына қарай Мойынты-Шу темір жолын Кеңес Одағының басшылары Бүкілодақтық құрылыс деп жариялаған ғой. Осы маңызды темір жол құрлысын жылдам бітіру, халық шаруашылығын өркендету мақсатында бұған Қазақстанның әр колхозына дейін көмектессін-деген, шешім қабылданған. Сол уақытасоғыстан кейін қазырғрғы Қызыларай Саржал, Мәдениет, Жұмыскер, Кенасу деген колхоздар болып тұрған.Осы ұсак колхоздар бірігіп осыған

көмекке екі таңдаулы өгізбен арба бөлген. Осы Мойынты-Шу темір жолын салуға қатынасқан транспортты алып бару сол кездің алдыңғы қатарлы стахановшы колхозшылар Смақов Әнуармен- Шағыров Максұтқа жүктелеген. Әнуар ақсақалдың айтуынша бұл кісілер Мойынты-Шуға айдан аса уақытта жеткен. Әрине, жолға азық-түлік алған шығар. Өгіз арба сағатына әрі барса жеті шақырым жүреді деп ойлаймын. Өйткені жаяу адам сағатына жеті шақырым жүреді делінуші еді. Соған карағанда бұл кісілердің де жол сапары өте жеңіл болмаған. Бұл екі адам да сол сапардан абройлы болып оралған. Жол құрылысында апарған арбаларына тактай қорап орнатып осымен құм тасып жолға үйетін болған. Жақсы жұмыс істегендері үшін екеуіне силық беріп қайтарыпты. Бір өкінішті жері, бұл кісілер онда қанша болды, мұны ешкім білмейді. Кеңестік құрлыстың бір кереметі адамды аямайтын. Тіпті бертінге дейін жаздың аптап ыстығында, қыстың боран аязында да жұмыс істеуді талап ететін. Оның бір себебі: тарихты қарап отырсаң Октябрь төңкерісі де қаталдықпен, Отан соғысы жауға да, өзіне де қаталдықпен келген жеңістер. 37 жылдың жазалау шаралары да қаталдықпен атқарылды. Сондықтан да адам дегенді ойыншық қылып жіберген. Әрине, реті келген соң айтып жатырмын. Сол уақытқа саяси баға беруді міндет қылып отырғаным жоқ. Менің мақсатым туған ауылдың адамдарының шамам келгенше жақсылығын айтсам деп едім...

Сол қыста көп ауыртпалықтар болды. Әнуардың әйелі Қамаш деген кісі қайтыс болды. Аядай екі бөлмесымақта осындай қиыншылық балалардың да үрейін алды.

Кішкентай бір жасар ма, екен бала жылап қалды. Аты Кәбетай болатын. ... Ол уақытта мұндай оқиғаларды ел жылдам ести алмайды. Қазыргідей ақпараттың бірі жоқ. Бір жерде біреу өлсе алыстағы туысқан, таныс, ел жұрт жата-жастана ести береді. Айында, жылында, шамасы келген ағайындар қырқына дейін келіп кетеді. Негізінен мұқтаждық адамдарды топтастырады. Біреудің мұнын біреу бөліскендей болатыны рас. Осы жолдарды жазып отырғанда менің ойыма бір есте қалған, осы оқиғаға байланысты бір іс есімде қалды. Сол кезде үлкендердің айтуынша Тапай, Көкей деген кісілер ағайынды екен. Көкей ерте қайтыс болған екен. Осы қайтыс болған марқұм әйел сол Көкейдің қызы екен. Тапай кезінде елде болған. Тіпті жаңа құрылып жатқан колхоздардың бірінде басқарма да болған. Жалпы бұл кісі туралы мен әжептәуір білуші едім. Өйткені бұл әкеммен құрдас, силас болатын. 1951 жылы қыста Тарасуда қыстап отырғанымызда екі адаммен келіп қонды, мойнында су жана мылтығы бар екені есімде қалды. Әңгімесіне карағанда орман шаруашылығы мекемесіне жұмысқа орналасқан екен. Орманның көбісі Қызыларайда. Ендеше әрине, орманшылар да осында жүреді. Қазір ауылда емес, Сарытерек аталатын өз ауылымыздан шалғай жерде тұрады екен. Ол жаққа көшіп кету себебі, Қарқаралы педтехникумын бітірген баласы сол жаққа мұғалім болып барған... Бұл ағамыздың аты Нұрмаш болатын. Сол

қыста бес жыл әскерде болып аман-есен оралып осы марқұм апасының сау кезінде амандасуға келіп кеткен. Бірден айтып кетейін Нұрағаң сабырлы, салмақты артық-ауыс сөзі жоқ жақсы азамат ретінде елдің есінде қалды ғой деп ойлаймын. Бертінде ауылда қызметтер атқарды.

... Сол кездің бір қызық жері баласы бір жерге қызметке барса әке-шеше соның сонынан жүретін. Алпысқа толған адамдар ауыр бейнеттен, суықтан, тұрмыстың жетімсіздігінен ерте қартайып кететін. Сондықтан олар ерте баласының үйінің пешінің түбінен орын алатын. Ол кезде колхоз дегенде пенсия болмайды. Сонда оларды балалары керемет күтетін. Салыстырмалы түрде айтсақ, қазір кейбір үлкен адамдардың баласының қолында зейнетақысын алып соларға беріп отырса да симай отырғандары да бар.

...Осы баяндалған оқиғадан кейін оншақты күннен кейін Тапай ақсақал келді. Естігені сол екен, бірден жиналып жүріп кетіпті... Қыс қатты болды, дедім ғой жоғарыда. Соған қарамастан астындағы аты әлді екен, сонау алыс Сарытеректен қыс көзі қырауда араға бір қонып жетіпті. Әкеммен көп әңгімелерді айтысып екі күн қона жатты да үшінші күні қайтатынын айтты. Қайтқанда бір жасар, әлгінде мен айтқан Кәбетай атты кішкентай жиенін алып кетпек ойы бар екенін айтты. Өйтпесе оны асырап сақтау - Әнуарға қиын болатынын, онсыз ауыр жұмыста жүрген адамға кішкене балаға қарау қиын болатынын, мұның арты баланың ауруға не басқа бірдеңеге ұшырап қалу қаупі бар екенін айтып, күйеу баласы Әнуардың келісіп отырғанын айтты.

Тапайұлы Хамит туралы әңгіме

...Күн сол күні аяз болды. Тапай әке жас баланы менің шешеме жақсылап оратып, қойнына тығып алуға ыңғайлы қылып алды. –Өй Ақан деді, менің шешеме,- сүтті дайындап қойған шығарсың, екі шөлмек болса жетер, жолда қарны ашып жылаған кезде бірдене қылып беремін ғой-деді де баланы құндағымен өзі көтеріп алып шықты да құндақты менің шешеме ұстата тұрып, алдын ала ерттеулі тұрған атына лезде мініп алды. Бұл кезде Әнуар жоқ болатын, колхоздың тағы бір жыртығын жамауда жүр ме, болмаса баланы алып бара жатқанына еріксіз егіліп, көріп тұруға шыдамады ма, ол жерін мен аңғара алмадым. Тапай әке құндақты қойнына тығып мол шапанының етегін қымтап алып, -шүү деп жүріп кетті. Шешеммен бірге есіктің алдына шығып тұрған менің көзіме өзім кейіннен оқып жүрген ертегідегі батырға, сәбиді жезтырнақтың тұтқынынан болсатып алған ертегінің батырына ұқсап кетті, Тапай ата.Тапай ақсақал -зады, мол денелі, әдемі ақсары жүзді, көзі көгілдір келген жүзі жылы қатты сөйлемейтін, байыппен ғана сөйлейтін мінезге бай адам еді. Бертінде ол кісі ауылға көшіп келіп Мәдениеттен үй салып орын тепті. Баласы Мұрат екеуміз жолдас болдық, жолдас балалардың әртүрлі бүлдіру әрекеттері болатыны белгілі. Сонда бізге бір қабак шытып ұрыспайтын асыл атамыз еді. Бертінде белгілі

болды, ол кісі ескіше оқыған адам екен. Имамдық құрмағанмен ауылда халқына, жастарға ұлағатты үлгісін беріп отырды. Сол кездегі осы адамның қыс ішінде сәбиді қойнына тығып алып кетуі, тіпті күні бүгінге дейін менің есімде қалды, бұл бір үлкен адамдықтың ерлігі емеспе. ...Бертін көп жылдардан кейін Қарқаралыда жүрген кезімде сол жақтың қарттарымен көп араластым. Сонда Разақ дейтін кісі -Деңгелбайдың Тапайы, кезінде тәуір адам болған, деп айтып отырғанын естідім. Қызыларайдың көрікті жерінің бір пұшпағы осы Деңгелбай Қарағашы деген қыстау мен әңгіме етіп отырған Тапай атамыздың қыстауы екен.... Жалпы бұл отбасының тарихына қатысты бір деталды жас оқушы ауылдастарымызға айта кетсем қызықты болар. 1932 жылдың аштығында елде зардап шекпеген адам болмаған. Кенес өкіметінің жергілікті жерлердегі бір тапқан лажы,- жас балаларды балалар үйіне жинастырып берген, әйтеуір тірі қалсын деген ниет болған. Міне, төңкеріске дейін жақсы дәулетті әулеттің мұрагері болып тұрған Тапай әкенің де қолындағы жеті-сегіз жасқа келіп қалған баласы Хамитты да балалар үйіне тапсыруға мәжбүр болған. Бұл әңгімені баяндау себебім, бұл шынында да көзі қарақты адам үшін әжептәір оқиға, тіпті үлгі тұтар жерлері де бар. ...Бала Хамит алдымен Қарқаралыдағы балалар үйінде. Кейіннен сонау Қиыр Шығыстағы балалар үйінде дейін., кеткен. Ол талапты болып өскен, көбінесе балар үйінде тәрбие алғандар бұзық келеді, кейбіреуі тіпті өлермен болып ержетеді. Бұлардан тәуір адамдар көп шықпайды. Хамит оқуға бейім болады, балалар үйінің барлық қиыншылықтарын көреді, еті тірі жасөспірім он сегізге толғанда балар үйінен кетіп бір жерде жұмыс істеп жүрген. Ауылы алғашқыда жиі түсіне кіретін, содан бері он шақты жыл өткен, бүгінде ауылды сүйікті ата-анасының жылап қалған бейнелері бала өскен сайын санасында буалдырлана бастаған. Саналы бала елге қайтуды ойлаған. Бірақ, аштықтан ата-ана, ел-жұрт тірі қалдыма екен,- деген деген бір күдік жібермейтін сыяқты. Жетімсіз жағыдайда өскен бала шағы да қызық емес сыяқты көрінген. Сағыныш бірте бірте-бірте Хамит баланың санасында көмескілене бергендей ме? Қаншама елден ерте жырақ кетсе де туған тілінде іштей күбірлеп сөйлеп жүретін. Кішкентай күнінде әкесімен бірге той-кештерде таласа шырқайтын әншілерден көңіліне қонып қалған әндерді де оңашада шырқап қоятын. Бірнеше балалар үйінде тәрибемді. Неге екенін кім білсін мұнда тәрбиеленушілерді судай сапырып анда-мұнда ауыстыра беретін. Мұның да себебі бар шығар... Басты себебі: балалар бір-біріне әбден үйреніп, сенісіп кетсе топпен қылмыс істеуі мүмкін деген қағида болу керек. Башқұртстанда бір балалар үйінде Хамит өзімен шамалас Александр Матросов деген баламен бірге болды. Хамит балар үйіне ересейген кезінде тап болса, Александр кішкентай күнінен осыны мекендеген. Бір қызық жері балалар үйінің өзгерісі көп болатын . Тіпті Қарқаралы балалар үйіне кеткендердің көбінің Қиыр шығыстан бірақ шыққан кездері болатын. Башқұртстанда шамалы уақыттан кейін есейіа қалған Хамитты басқа балалармен бірге өзі келген Семей қаласына қайта жіберді... Александр сонда қалды. Бірақ қазақ баласы екенін біледі, қазақ сөзін ұмыта да бастаған ба,

немесе кішкентай күнінде келгендіктен бар билетіні сол ма аздаған сөздерді ғана біледі. Хамитқа үйірленіп, көбінесе бірге жүретін. Екеуі фин соғысының қайнап тұрған шағында әскери комиссариатқа бір топ жасы толғандармен бірге шақырылды. Бұларға атқыштар бөлімінің кіші командирлерін даярлайтын курсқа бару ұсынылды. Бұлар осы жерде айырылысты. Термездегі әскери курсты Хамит Тапаев үздік бітірді. Осы жерден фин соғысына аттанып кетті. Бұл туралы әлі алда баяндармыз... Александр Матросовтың керемет ерлік көрсетіп Батыр атағын алғанын Хамит кейіннен барып білді. Фин соғысында екі жауынгерлік ерлігі үшін алған медалмен Қызыл жұлдыз орденінің иесі Тапаев Хамит –дыңдай кеңес армиясының офицері. Фин соғысынан жеңіспен оралып демалыста жүрген. Шамалы үзілістен кейін 1941 жылғы Ұлы Отан соғысы басталатынын ол білген жоқ еді.

Енді бүгін –ертен майданға жіберер деген сәтте бір взвод байланысшылармен Хамитты Иранға алып жөнелді. Әрине ол жерде бұлардың қайда бара жатқаны айтылған жоқ. Ол уақытта әскерилердің қайда баруы құпия болатын. Автомашинамен Оңтүстік Шығысқа қарай жүріп келе жатқандықтан бұлар өздерінің майданға бара жатпағанын білді. Өйткені бұлардың бәрі де орта білім алған жігіттер болатын. Сөйтсе бұлар Иранға келіпті. Бұл елдің ол кезде өте әлсіз кезі, аэропортта небәрі онға жетпейтін ескірген соғыс ұшақтары, шамалы әскері тез-ақ Кеңес әскерлерінің ыңғайына көшті. Соғыс аяқталғанға дейін осында болды. Жағыдайы әрине майдандағылардан әлдеқайда жақсы. Тегеран конференциясы кезінде аға лейтенант Тапаев Хамит құпия тапсырмаларды ойдағыдай орындағаны үшін Қызыл жұлдыз орденімен марапатталды. Ираннан енді соғыс аяқталды, қайтатын шығармыз деп жүргенде тағы да құпия тапсырма бұған жүктелді. Тағдырдың бір оңтайлы сәті болғандай. Кішкентай күнінен әкесінен құлағына сіңіп қалған «ла илаһа ил алла» деген сөзді қашанда қиын сәттерде айтатын. ... Тағы да үлкен ерлік жасапты, көптен қолға түспей жүрген жау жансызын ұстап алды. Хамитқа екінші рет Қызыл жұлдыз ордені тапсырылды. Ол осы ертегідегі Исфаһан, Хорасан елі деп жырланған, осыларды оқи отырып осыны оқыған адамның қиялына қанат бітіргендей Шығыс елінен Кеңестер Одағына қайтатын сәтте келді. Зады ат жақты, ашаң жүзді, әкесіне тартқан ақсары өнді жігіт осы елде төрт жыл болған кезінде парсы тілін де еркін меңгерген. Парсы сұлуына ғашық та болған. Шығыстық келбеті кейде парсы жігіттерінің арасында жүргенде олардан айырғысыз еді. ... Бірақ, жат елдіктерге үйленуге болмай Кеңестің келте занынан асып қайда барасын. Оның үстіне Хамит алдымен комсомол, одан кейін өзінен жоғары командирлердің ұсынысымен партия мүшесі болып та үлгерген еді. Тегеран үлкен қала. Тегіннен де бұл қалада Гитлерге қарсы Одақтастардың конференциясы өтуі де оның бүкіл шығыстағы салмағынан болу керек.

Осында болған төрт жылда бүкіл Шығыстың қиссаларында айтылатын әдемілік, әйелдердің еркектердің алдын кесіп өтпейтін әдептілігіне тәнті болды. Ол кейде өзін осы парсы жігітіндей сезінген кездері де болды. Мұндағы құпия, ел қорғанысында үлкен маңызы бар тапсырмаларды үздік орындағаны үшін алған марапаттары дәл майдан төсінде жүргендерден артық болмаса кем емес. Бар нәрсенің, оқиғаның аяқталатын шегі болады. Соғыс та аяқталды. Хамит кейінгі кезде көп ойланды. Анасы ашаршылықтан көп бұрын қайтыс болған. Мұның балалар үйіне тапсырылуының да бір себебінін ұпштығы осында жатса керек. «Әкесі қайда екен... Елдің ағайындарының қолқалауымен ұлын қимай зорға дегенде балалар үйіне жинап жүргендерге тапсырып еді. Ол уақытта бүйтіп ұзаққа кететінін кім ойлапты. Бәрі де жылдам бігер деген... Аяғы өте ұзап кетті. ...Бар ма екен, сүйікті әке? Ашаршылықтан аман қалмаған шығар деп ойлады. Хамит. Өйткені Кеңес өкіметінің газеттері жамандықты жазбағанмен, ұзын құлақтан Қазақстанда сол уақытта көп шығын болғаны туралы естіген. Туған ауылын сағынады. Кейде түсіне кіреді, Денгелбай Қарағашы деп аталатын туған қыстауының маңайы да аса әдемі еді. Жаз болса бұлбұлы сайраған, қыс болса сырғанакка лайық тауы қандай. Ес біліп қалғанда кеткен қай бала туған жерін ұмыта алады.

Сөйтіп әрі-сәрі болып жүргенде Ландис дейтін жолдасы, ол да офицер болатын, талай жауапты да құпия тапсырмаларды сенісе орындаған, артық-ауыс сөзі жоқ жігіт еді, сол еліне Латвияға баруға үгіттеді. Хамиттың бас тартуға сылтауы қалмады. «Жетім қозы тасбауыр» дегендей бұл қайраты бойына симаған қонырқай өңді осы бір жиырмалардадан көп аспаған жігіт жақсы –жаманды көп көріп ысылып та қалған, жолдастарына үйірсек, адал болатын. Бәрі де жақсы көруші еді. Хамиттың жағыдайына қанық олар бәрі де өз аймақтарына, қалаларына шақырып жатыр. Сонымен Хамит Рига қаласында. Балар үйінде орта мектепті бітірген. Рига Университетінің орыс филологиясы факультетінде омырауына екі бірлей Қызыл жұлдыз, екінші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен қоса жеті медаль таққан жігітке емтиханды оңай тапсырды десе болады. Хамитке әсіресе латыш қыздары әуестене қарайды. Жақсы бағалармен бітірді. Тегеранда жүргенде –ақ Хамитты партия қатарына көп қинамай-ақ қабылдаған. Факультеттің партия ұясының хатшысы болып жүрді. Тағдырдың бір қызығы Хамит қазақ жазушыларының бірде-біреуін білмейді десе болатын. Өйткені ол кездегі орыс орта мектептерінде әлі Жамбыл, Мұқтар Әуезовтар оқытылмайтын. Қазақ даласының бір шұрайлы түкпірінде, әдемі Қызыларайда туған бала орыстың Пушкинімен Лермонтовын, Чернышевскиймен Добролюбовты олардың балаларына оқытып жүрді. Сөйте жүре Жамбылды да, Әуезов, Мұқановты, Қалижан Бекқожинды тағы басқа ақын –жазушыларды енді біле бастады. Оның себебі соғыс кезінде керемет ерлік көрсеткен қазақтарды Кеңестік жүйе қаншама елемейін десе де бұл халық аренаға шыға бастады... Хамит –Рига Университетіне оқытушы етіп қалдырылған болатын. Еті тірі,

талапты жігіт бастауыш ұйымда хатшы болды дедік қой. Содан көзге түскен болу керек, шағын республика-Латвияның Орталық Комитетіне қызметке шақырылды. Үш айдай бөлім бастығының көмекшісі, бір жылдай референттік жұмыста болды. Хатшылардың баяндамаларын бұрқырата жазып беретін. Ақыры басты бөлімдердің бірінің менгерушісі болды. Бірнеше жылдар өтті, латыш қыздарының біріне үйленді. Аты Анна болатын. Әртүрлі семинар, жиналыстарға көп баруға тура келетін. ... Одақтық республикалардың әртүрлі деңгейдегі партия қызметкерлерінің үлкен бір форумы елуінші жылдардың басында Алматыда өтіп еді. Хамит осыған қатысатын болыпты. ...Семинар екі апталық екен. Бірер сағаттардан кейін үзіліс жарияланып тұрады. Ылғи партия қызметкерлері болғандықтан мейманхана да, басқа күтімдері де жақсы. Хамиттың көңіл-күйі де жақсы. Тұңғышы дүниеге келген. Атын Марат деп қазақша қойды. Кейіннен Валерий және Александр деген Тапаевтар дүниеге келді. Жас келіншегі бұған ешібір қарсылық айтқан жоқ, және ол да жоғары оқу орнын бітірген мұғалім еді. Бұл екі арада Хамит партиялық жоғары курсты да бітіріп алған болатын. Мейманханада семинардан қайтқаннан кейін бір-бірімен араласу, танысу сыяқты адам қарым қатынастарға еш шектеу жоқ. Сондай күндердің бірінде демалыс күні еді. Хамит мейманхананың дәлізінде келе жатқан. Алдында тәрізі Қазақстаннан келген жылы жүзді жасы бұдан әжептәуір үлкендеу бір кісі жүргенін ұшыратқаны бар. сол кісі қарсы алдынан шыға келмесі барма. Екеуі таныса келе жеңіл кафеге барысты. Ақтоғай ауданынан келіпті. Мұхамедияров Карл деген партком хатшысы екен. Біраз сырласа келе ол бұған Қарқаралы, Ақтоғай аудандары туралы айта отырып, дәл бүгін түстен кейін бір адаммен кездестіргісі келетінін айтты. Екеуі мейманханаға қайтып оралып Карл дереу бір номерге Кенжебеков Алшынбек деген Ақтоғайдан келген бір колхоздың партком хатшысын ертіп шығып өз номеріне алып келіп әңгіме көрігін қыздырды. Бұл Алшекең қызық болғанда елдегі Хамиттың әкесімен тура көрші тұрады екен. Әке туралы, інілері туралы амандықты біліп Хамит өмірге деген құштарлығы қайта оянғандай халде болды.

...Содан 1956 жылы елге келіп ата-ана, туған-туысқанмен көріседі. Орталық Комитетке өтініш қылып туған елді жағалап келеді. Дәл Ақтоғай ауданына келгісі жоқ. Реті солай болған. Нұра ауданының Чернигов деген кеңшарына партком хатшысы болып келеді. Қанша дегенмен Орталық комитетте істеген қарымды хатшы тез арада осы алып кеңшардың идеология жұмысын тез-ақ жолға қойып, аз уақыттың ішінде аты шыға бастайды. Бұл кісінің жұмыс тәжірибесі республика көлеміне таратылады. Обылыстық Комитетке жұмысқа шақырылады. Келісім бермейді. Отбасы жағыдайын да ойлау керек. Зады атакұмар адам емес еді. Зорға дегенде Нұра аудандық партия комитетіне қызметке келеді. Жыл сайын әкесінің інілерінің үйіне демалысқа келіп тұрді. Хамит ағаймен осы жолдарды жазып отырған мен де таныс болдым. Бұл кісінің бір кісілігіне ден қойғаным: қанша уақыт сырт жұрттың ішінде жүрсен де өз тілін өте жақсы білетіндігі. Сөйлегенде тағы бір қасиеті бірде-бір ауыл

орыс сөзін араластырмай сөйлейтіні ғажап дерсің. Балаларын Маратты, Валерийді, Александрды ертіп әкеліп тұратын. Менің есімде қалғаны 1970 жылы жаз жайлауда келіп жатты. Әкесі ол кезде тірі, сексеннен асып отырған кезі. Демалысы бітіп қайтар кезде әлгі баланың қайсысы екенін білмемін, - атамның жанында қаламын, - қайтпаймын - деп өлгенше жылады. Ақсақалынан жасы сорғалап Тапай ата да жылап еді. Әкемен баланың махаббаты деген осы шығар... Ал Анна женгей болса күйеуінің туған жеріне бірде бір келмей жүр еді. Себебі, біздің халықтың өзін жатырқайды, дегені болар. Әрине, өкінішті. 1990 жылы Хамит ағамыз жетпістен аса бұл дүниеден өткенде, өсиеті бойынша Нұрмаш, Жұмаш, Мұрат інілері сонау Киевкадан алып келіп Ақжарықтағы үлкен зиратта, Қызыларайдың туын түсірмей өткен Хамит Тапаевты әкеліп әкесінің жанына қойғанда - әлгі женгеміз бірінші және ең соңғы рет күйеуінің еліне, туған жеріне келіпті. Халқының өзін бауырынан ұшқан баласына деген құрметін көрген Анна женгей қатты егіліп, барша жұрттан осы уақытқа дейін мұндай құрметтің өзін түсіне де кірмегенін, күйеуінің ең асыл да, батыр да халқының сүйіктісі болғанын танып білмей келгені үшін қатты өкініп жылапты. Бүгінде ол кісі де дүниеден өткен... Хамит ағамыздың жылы жүзі, қағылез, зирек пішіні біздің де көз алдымызда тұр....

Бұл жерде қолымызға түскен жаңа дерек болған соң сәл шегініс жасайық.

...Хамит Семейдің балар үйінде болған соң, артынша сондағы педагогикалық училищеге түсіп бітірген. Ендігі мақсат бір жерге мұғалім болып бару. Айтпақшы осы кездері өзі бекініп, елге араб әрпімен әкесінің атына хат жазған болатын. Әкесі жоғарыда айттық, ескіше жақсы оқыған адам болатын. Бұдан ешбір хабар болған жоқ. ...Кейін білсе мұнын себебі мынада екен: Қызыларай 1940 жылдарға дейін Қарқаралыға қараған. Кейін Ақтоғай ауданы құрылған соң бірсыпыра жапсар аймақтарды осы жаңа құрылған аудан бағыныштылығына берген. Хамиттың хаты Қарқаралы ауданы делінген соң бармай қалған сыяқты. Негізінен жапсар елдер, көпшілігі бірін-бірі біледі, хатты аударып жіберуге де болады. Хаттың бармауының басты себебі: құнтсыздықта жатыр ма деймін.

Сонымен Семей педагогикалық училищесін бітіріп тұрған Хамит Тапаевқа әскерге шақырылған қағаз келіпті. ...Денсаулығы бәрі жақсы әскерде де оқыған өзіндей жас мұғалімдер қажет деп қалжыңдаған әскери комиссар көп кешіктірмей-ақ бұларды жүргізіп жіберді. Мәскеу қаласындағы байланысшы офицерлер даярлайтын әскери училищені Хамит үздік бітірді. Лейтенант шенімен Украинадағы әскери бөлімдердің бірінде байланысшылар взводының командирі. Бұл өткеріп жүрген «міндетті әскер» деп аталатын әскери қызмет мерзімі бес жыл. Бірақ бұл офицер болғандықтан ол мерзім ұзарып кетуі де

ықтимал. Әскери қызмет қашанда жеңіл емес. Хамиттың әскери бөлімі округте алдыңғы қатардағылардың бірі. Сөйтіп жүргенде фин соғысы басталды. «Маннергейм бекінісі» деп тарихи атау тапқан осы соғыста Кеңес әскерлері көп шығындарға ұшырағаны мәлім. Өйткені Европадағы алдыңғы қатарлы технологияға ие, оқу-білім қонған-, ықтиятты, құнтты фин халқы да коммунистерді жек көреді екен. Бұл соғысты олар бастап отырған жоқ. Кеңестердің европаны бөлісу жөніндегі экспансизмін жақсы түсінген жері де, халқы да шағын фин халқы тәуелсіздігін қорғап соғыспай қайтсын. Әрине, біздің кейіпкеріміз Хамит ол кезде мұны қалай білсін. Насихат құралдары «бізге тиісейтін деп жатыр» деп жар салатын. Сондықтан кеңес адамдары біреумен соғысу керек болса сөзсіз оны жау деп танытын. Тағдырдың неше түрлі күтпеген жақтары болады. Елден ес біле берген шағында жырақ кеткен Хамит Тапаев жылдам шоғырланып финдермен соғысуға жіберілген дербес бір батальонның командирі қазақ жігіті екенін білгенде туған елі көшіп келгендей болды. Хакім Бекішев деген капитан қазақ жігіті осы дербес батальон командирі екен. Ол кезде адалын айтса, бұратана халықтардан офицерлік атақты беру де, оларға тым жауапты мемлекеттік мәні бар тапсырмаларды жүктей бермейтін. Кеңестің жымысқы саясаты басым тұратын. Бірақ мына офицер өзінің қажырымен, әскери ғылымды мықты игергендігімен алға шыққаны көрініп тұр. Екеуі дайындықтан тыс кезде жылдам шүйіркелесіп кетті. Адамдығы, отаншылдығы, қазақы қаны бар екені көрініп тұр. Хамит қысқаша өз жайын, елден ерте кетіп осындай тағдыр соқпағында жүргенін, түтелдей айтып берді. –Екеуіміз бірге болуға тырысайық-деді Хакім. Хакім Бекішев ұзын бойлы алып денелі түрі европалықтарға ұқсас келген атпал азамат екен. Хамит болса лейтенант шенінде батальонның байланысшыларын басқарады. Фин жерінде соғыс амалдарын жүргізудің қиынның қиын екенін жоғары командование жасырмаған. Жер батпақты, орманды. Оның үстіне фин мергендері әрбір ағаштың басында отыруы мүмкін. Өйткені әр әскердің өз тактикасы бар. Бұлар жасанған жауға қарсы тұра алатын халық екенін көрсетуде. Бірақ, қызыләскерлік патриотизммен әбден қатып алған кеңес әскерлері қай жағынан болса да басым. Бірнеше қатты ұрыстар болды. Қыстың іші. Ашық майданға ешкім де шыққысы келмейді. Өйткені қалың орман, онан қалса батпақ кешу жауынгерлерді қалжыратып жіберді. Соғыс ашық соғыс емес, аңдысып соғысу. Бір ұрыста Хамит жеңіл жараланып қалды. Әйтеуір тылдағы госпитальға жібермеді. Хамиттың ойы Хакімдей асыл ағасынан айырылып қалғысы келмейді. Тура туған ағасындай жақын болып кетті. Жасы бұдан мүшелдей үлкен, әскери академия бітірген екен. Ол бұған: -Хамит мен сені өте жақсы көріп кеттім, жырақта жасыннан кетсеңде туған тіліңді бір мүдірмей сөйлейтін сен тегін адам емессің, - екеуіміздің біреуіміз оққа ұшып кетпесек деп, жаратқаннан соны тілеп жүремің-деп бір күні ағынан жарылғаны бар. Осы соғыстардың бірінде қатты ұрыс болып батальон бірнеше рет атақаға көтерілді. Соғыс қортындысында осы ұрыста ерлік көрсетті деп танылған төрт жүз адамның ішінен Хамит Тапаевқа Қызыл

жұлдыз ордені тапсырылды. Басқалары әртүрлі дәрежедегі медалдармен марапатталды. ... Соғыста туған Қызыларай түгілі қазақ халқының ерлік рухын биіктетіп жүрген жерлестерінің ерлігін ол кезде Қызыларайдағы туған-туысқандар да, басқа халықтар да білген жоқ еді...

... Хамит Тапаевтың соғыстағы ерлігін жоғарыда аталған Хакім Бекішев өзінің «Батальон, алға?» деген кітабында өте жақсы баяндаған. Осы Бекішев кім? Оқушыларымызға бұл аңызға айналған адам туралы азырақ баяндай кетейік. ...Көзі қарақты адамдырдың көпшілігі Хакім Бекішекті жоғарыда аталған кітапты жазбай тұрып-ақ білетін. Бұл ерлігін, батырлығын Тек Бауыржан Момышұлымен ғана салыстыруға болатын керемет айбынды батальон командирі болған.Тегі әскери адам. Фин соғысында мұнан кейін Ұлы Жаһан соғысында бастан аяқ қатысқан. Бәрінен бұрын 100 бригаданың құрамында Ржевтағы зеңбірекке қарсы тікелей қарсы баруды бұйырған шалағай кеңес командованияесінің бұйрығы орындаймыз деп Актөбеде құрылған тек біздің ұлт өкілдерінен тұратын бригаданың түгелге дерлік ажал құшқан соғысқа осы- Хакім Бекішевте қатысқан. Бірақ аман қалған. Бұл кісіні сол кездегі әскери газеттер «брондалған капитан» деп мақтағанмен «қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген мақалды осы кісінің тағдырына қарап айтқан жөн шығар. Өзінің аталған кітабында кеңес жауынгерлерінің ерлігін паш етеді, онын ішінде Хамит ағамызды да жақсы айтқан. Бір айтатын нәрсе: отызыншы жылдары-ақ капитан шенінде болған білімді білікті Хакім Бекішекті кеңестің қызғаншақ дарынсыз жоғары әскери бастықтар өсірмеген. Қазіргі Тәуелсіздігіміз болса Хакім Бекішев -Маршал болып кететін адам ғой деп ойлайсың. Бұл кісі туралы айтатын әңгіме көп. Оны оқушыларымыз өздері тауып оқыр. Тек бұл кісінің Сәбит Мұқановпен достығы үлгі боларлық. Анығын біле алмадым: ертеректе бір жерден осы кісілердің байланысы туралы оқыған едім. Нағашылы-жиенді болып келеме, әйтеуір бір жақындықтары бар. Өйткені Хакім Бекішев кейін әскери қызметтен полковник шенінде босанып С.Мұқановтың үйіне келгенде Сәбең- менің саған силайтын ештеңем жоқ, мына машинаны ал –деп беріп, оны Х.Бекішевтің алған-алмағанын білмеймін. Міне, осындай оқиға болған. Х.Бекішев қазақтың Отаншыл азаматы, кісілігі болмаса Сәбең елуіші жылдар жоқ-жітік кезде жалғыз жеңіл машинасын ұсынар ма? Үлкен азаматтық енбегі жетпісінші жылдарда Сәбит Мұқановпен Ғ.Мүсіреповтың мұражайын ашуға көп күш салған. Жаңылмасам, сол мұражайды өзі басқарып тұрған. Хамит Тапаевпен сөз жоқ, бертінге дейін араласып хабарласып тұрған болу керек.

...Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» атты кітабын каникул кезінде келген ағаларымыз әйтеуір бір жерден ала келіпті. Бұл бір керемет болды. Қажымұқаннан алып, күші асқан адам жоқ екен деп бәрі әсерленді. Бейнеттен қажыған, соғыстан кейінгі ауыртпалықтан әлі бас көтере алмаған колхоз

деген сорлы дүниенің қызметшілері Қажымұқанға арқа сүйегендей жігерленіп қалатын. Кітапты оқыған менің ендігі жылы бірінші класс оқуға баратынымды естіген қыстақ адамдарының бәрі де мұнайып қалатын. Әрине күні бойы кітап оқи бермейсің ойнағын келеді, дала аяз не боран. Боран демекші ол уақытағы борандар апталап соғады, адамның аяқ асты көрінбейтін осындай борандар қыс бойы жүдемелете болып тұрады. Қар өзі жатаған үйлердің үстінен жүріп кетеді. Оны ін құсап тесіп шығып жатқан халық. Бертінде колхоз орталығында әжептәуір еңселі үйлердің өзін қар басып қалып жататынын үлкендер біледі. Сол кездің, тіпті одан да әрі таман Ұлы Отан соғысы кезінде ауа райы тіпті қатты болушы еді дейтін үлкендер. Бірақ оның есесіне жаз жауынды және ыстық бол келеді. Әрине мұның бәрі ойын баласына қызықтық тудырады. Жаздың аты жаз қанша дегенмен оның қызығы көп. Ал қыста әрине қиын. Ойыншық деген атымен жоқ. ... 194.. жылдардың аяғында менің ес біліп қалған кезім, бір шеткері қыстақта әкеміз байғұс қой бағады, Марқұм Әдіхан үйімен көршіміз. Ермеш те кішкентай. Қайдан келгенін кім біледі соның бір ойыншық қызыл бояумен сырланған, бірақ Ермештің қолында жүрген кезінде сол бояудың қызарған жұқанасы ғана қалған бір тауықтың ағаштан жасалған бейнесі бар -бір ойыншық болды. Қыстақтағы екі-үш бала осы ойыншықты ұстап көрсек дейміз. Бірақ бұл өте қиын: себебі Ермеш ерке бала, өзінің тіпті адуынды әжесі бар. Әкесі бір күні бір жаққа барып келді, көп басты бәкі әкеліп берді, Бейсембеков Сайлау беріп жіберіпті. Сондықтан, оған жуу қиын. Бала көңілі қызық қой. Бір күні әке Ермештегідей тауық жасап берші, әкем: -Жасап берем, деп қуантып қойды. Бірақ тауық жасалмай кетті. Себебі әкеміз таңертеңнен қара кешке дейін колхоздың қойын бағатын. Егер бос уақыты болса жасайтын еді. Өйткені оның ағаш шеберлігі болатын. Тіпті елуінші жылдардың басында қатты ауырып мал бағуға жарамай қалды. Аздап сауыққаннан соң ағаштан ер жасап жүрді...

...1953 жылдың қаңтары туды. Біз балаларға қыс аса созылып кеткендей. Өйткені әке-шешеміз бізді далаға емін-еркін шығармайды. Оның себебі көп. Оқудағы ағаларымызды көргіміз келеді. Оларға қыста бір ұзақ демалыс болатынын білеміз. Бірақ олар сол демалыста да кейде өз үйіне жете алмайды.... Кім алып келеді оларды. Ал жаз болса колхоздың жұмысына жегіледі. Жұмыс дегеніңіз өгіз басына міну. 9-10 жастағы балалар өзі мінген өгізді тапжылтпайды. ...Қайда барсан бір сүренсіз дүние ретінде балалық шағымыз есімізде қалды. Өйткені саналы балаға қызығынан реніші, бейнеті, көңілсіздігі көп дәуір ретінде есте қалды. Үстіңдегі онсыз да тозығы жетіп жүрген дүниеден далаға шығып, алысп-жұлысып ойнағанда не қалады?. Әсіресе аяқ киім қиын. Колхоз дегенде ақша болмайды, болса ол басқарма, ферма бастығы шендестерде болар. Сондықтан қыстақ балалары көбінесе үйде ойнап отыруы керек. Үйде бірденені ермек қылып ойнап отырсаң әке-шешен де жек көрмейді. Соғыс жылдарынан бері облигация деген көп үйде бұрқырап кеткен әжептәуір мол дүние. Кейін білсек еңбеккүн есебінен колхозшылардың алашақ ақшасы есебіне жатқызып соғысқа көмек деп

жұмсаған ауыр еңбекке төленетін аз қаражаттың орнына береді екен. Ол облигациялар бізге ойыншық есебінде, оларды жылдам жыртып бітіреміз. Өйткені онсыз да тозығы жеткен ескі жаман киім алысып-жұлысып ойнауға келмейді. Көп баласы бар үйлерде барлық балаға киім жоқ. Олар қажеттігіне қарай кезектесіп киеді. Киім дегеннің өзі ол- баланың өз киімі емес, әкесінің немесе әкесінен кейін үлкен ағасы киіп тастаған дүниенің сімілтірі. Тіпті әуелде киім деген аты болғанмен кейін қандай киімге ұқсас екені белгісіз бір дүние. Мәселен басында әкеңнің шапаны болған дүние кейін қысқартыла келіп бешпетке, ең аяғы желеткеге айналып барып түте-түтесі шыққанша әйтеуір киім аты болып жүреді. Киім дегеніңіз осы. Аяқ киім дегеннің жағыдайы бұдан да сорақы ескі жаман саптаманың сімілтірі. ... Достым, арақідік болса да қазір мұрағаттарда жатып қалған өткен ғасырдың 20 жылдарының ортасынан бастап түсірілген кинокадрларды көрген боларсың. Бұрын социалистік жүйе осының сүренсіздігіне намыстанды ма білмеймін, мұндай сұрықсыз ленталарды көрсетпейтін. Кейіннен бұлар көрсетіле бастады. Сондағы қазақтардың киімін көрші, намыстан жарыласың... Басқа халықтардың киімдері де онып тұрған жоқ, кедейшілікпен жұтты шақырып тұрғандай екені өгірік емес. ...1951 жылдары жазда өрт көп шығып тұратын. Біздің үй жайлауда. Әкем мал бағушы еді дедім ғой. Сол өрт сондіруге келген колхозшылардың біреуі үйге келді. Тәрізі туысқан болып келетін сыяқты. Сақал-мұрты қалың өскен өңі сұсты кісі екен. 1949 жылы туған інім Кәрібек одан қорқып жұқаяқ жаққа тығыла берді. Шайды сораптай ішіп отырған әлгі адам осыны байқап: -Мына бала менің шалбарымнан қорқып жүр ғой,- деді. Оның бұтындағы шалбары кәдімгі қой терісінен елдің сол кезде киетін тері шалбар екен. Бірақ мұндай шалбарды суықта, қысқа қарай киетін. Ал мына кісі болса шілденің күнінде киіпті. Кигенде жүнін сыртына айналдырып киген, інімнің қорқу себебі осы екен. Себебін өзі түсіндірді: «ішінде іш киім жоқ болу себепті, терінің қалың жүні ыстық күнде қышытып әрі пысыната берген соң жүнін сыртына айналдырып киген екен. Сонда ол «жазғы формаға осылай көшуді ұйғарған. Сонда әжептәуір қолайлы болған сыяқты. Бірақ тосыннан көрген үлкен адамның өзі оның бұл қалпынан секем алғандай. Міне, достым, құрылғанына сол кезде отыз жылдан асып кеткен «социализмнің» сикы.

... 1951 жылды бала болсам да жақсы есте қалдырғандаймын. Сан ақын, жыраулар әнге қосқан Арқа атты қазақ жерінің Қызыларай атты әдемі де қасиетті мекеннің бір керемет жері Тарасу деп аталады. Негізінен мұның қарсы атауы Кеңасу деген де жер бар, жер емес-ау кезінде көп-көрім ферма, бөлімше орталығы болған бір айтулы, сулы жер. Кейде топонимикалық тұрғыдан да айта кетуге тура келеді, осы жерді бұрын үлкендер «қалмақбас» деп те атайтын. Тәрізі менің «Абылай заманы» деп аталатын кітабымда әжептәуір суреттелетін қазақ- қалмақ соғысы өткен жерден жаудың басы табылып жатса таңғаларлық та нәрсе болмас. Дегенмен осы атаудың жерге телінуінің ар жағында «жауды жеңдік» –деген мақтаныш сезімі жатқандығы

белгілі ғой. Сол Тарасу да бір керемет әдемі жер. Екі жағы тау шындарымен көмкерілген дәп бір Алтайдағы кіші Тарбағатай тауларының көшірмесі сыяқты елестетем кейде. Бірақ, осы әдемі жердегі сол 1951 жылғы тіршілік өте сүренсіз болды. Колхоздың ешкісін баққан әкем байғұс қыста қатты ауырып, аттан құлап калған жерінен бағына қарай бір жолаушы кездесіп калып үйге алып келді. Енді осы колхоздың үйі туралы айтайын. Сталиндік Алтын Заңның аясында толқысып отырмыз- деген сорлы қазақтардың соғыстан кейінгі жағыдайы да ондалып кеткен ештеңесі жоқ еді. Колхоздың үйі, қыстауы деп аталатын әр сайдағы колхозшылар отырған, яғни қой, ешкі бағып отырғандардың үйлері баяғы атам қазақтан калған сол қыстаулар... Бас аяғы екі бөлме-сымак. Кезінде төрде өздері, ауызда малдары болғаны көрініп тұр. Әй, достым айтып айтпай не керек. Біздің жау дегенде аянбайтын батыр, ержүрек халқымыз- осы құрлыс, үй салу дегенге күні бүгінге дейін орашоплақ екенін білерсің Сол қыстаулар шикі, әйтеуір иін кандырған кәдімгі топырақтан құйыла салған кірпіштен салынады. Төбесі сырғауыл аталатын ағаштан қабықталған (көбінесе тал, терек) нәрселермен жабылып үстіне ағаш бұтақтарының ұлпасын молдау салып (топырақ құйылмас үшін баяғы?), үстінен топырақ, күлмен жабады. Қыста жылу сақтағанмен мұның бір қиыны жазғытұрымғы қарлы жаңбырда, жаздағы жауында титтей де су ұстамайды. Аспаннан қанша жауса соншасы үйдің ішіне кіреді. Кейін қарап отырсақ Еуропа халықтарының өркениетке ерте не болғаны да рас қой. 1200 жылдары салған сол батыс королдарының қамалдарының өзіне адам қызығарлық, мықтылығы керемет, соғыста бұзылмағандары күні бүгінге дейін мұрты құрамай тұрған жоқ па. Бұл неден тұрғызылды десек, тек ізбеспен жай топырақтың қосындысы керемет мықты болып қалады екен. Ал известняк деп аталатын (ақ топырақ деп атайды) біздің даламыздың көрінген жерінде толып жатыр. Сол уақытта дәп осыдан аядай үйлерін салса мықты да су өтпейтін болады екен. Мындаған жылдардан күні бүгінге дейін осыны бір күйттемей кеткен біздің халық та қызық қой. Есімде қайта ақтопырақ суға езілгенде аяққа жабысқақ болады деп одан безетін. Жабысқақ болмаса ол мен айтқандай керемет құрылыс материалы бола алама. Дәп осы білместік көзқарас дәп осы уақытқа дейін де біздің халықтың адамдарының санасынан кетпеген.

... Қарқаралыда Құнанбай қажы мешітін қалпына келтіру кезінде, оның қызыл кірпіштен қаланған бөліктері болғаны айқындалды. Халиолла Бекметовтың белгілі үйін де қалпына келтіру жұмыстарына сол уақыттың қызыл кірпіштері керек болды. Біледі деген адамдарды жинап, сол уақыттағы тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамын басқарып отырған Сұнғат Нығыметжанов дейтін кісі ақылдасады. Сонда көпшілігі бірауыздан —Ойбой, ондай кірпішті сонау Омбымен Томнан тасыған екен-деген жорамалдарын айтады. Осы уақытқа дейін бүтін сақталып тұрған Рязанцев және тағы басқа бірқатар үйлерді барлығы барып қарап көрсе қызыл кірпіштер дәп бір мөрлеп қойғандай мықты және әдемі екенін көреді. Сондықтан да аудан

Басшыларына өтініш қылып, сол тектес бірнеше машина қызыл кірпіштерді расында Томскіден алдырады. Бұл 1980 жылдардың аяғына қарай болған уақиға. Мұны сіздерге қыр соңына түсіп баяндап отыруымның де мәні бар. Сөйтіп жүргенде әр үйде қалған ескі қағаздардың арасынан сол уақытта тіпті 1900 жылдардың бас кезінде осы қызыл кірпіштердің дәп Қарқаралы манайында құйылып, тиісті пеште өртелу арқылы мықтылық технологиясы жасалып, бүкіл қаладағы қызыл үйлер жергілікті кірпіштен жасалғаны анықталды. Онымен ғана қоймай сол кезде тоқсанға ілігіп қалған түбі Қызыларайдан шыққан, бірақ өмір бойы Қарқаралыда жасаған Әлімбаев Құсайын ақсақал қызықтаушы біраз адамдарды тіпті әлгі кірпіш құйылған жерлердегі әлі күнге ойық, ор болып жатқан топырақ алынған орындарға дейін көрсеткен. Мұндай орлар қаланың әрбір шет жақтарында болған. Бір қызық жері осында жалданып жұмыс істеп,кірпішті құйып, оны өртеп қалыпқа келтіргендер казак отбасылары екен. Олар сол жаз бойы семьясымен костап жатып осы жұмыстарды атқаратын болған. Құсайын ақсақал бала күнінде осыны қалай істегендерін көргенін әңгімелеп берді. Кірпіш арнайы құйылғаннан кейін, белгілі бір тәртіппен арасынан от жалындары өтетіндей етіп қаланып жылдам жанатын ағаш отынмен өртелетін болған. Осыны анықтау мақсатында кейін менің қолыма Қарқаралының бір оқымысты адамы, көрнекті ғалым Ақжан Машановтың інісі Ақынов Әбілдің бай кітапханасынан осы кірпіш жасау технологиясын баяндаған кітапша қолыма түсіп еді. Шынында да қызыл кірпіш жасаудың қиыншылығы жоқ екен. Іі қандырылған жабысқақ қызыл лайдан қалыпқа құйылған кірпіштерді екі-үш күн қолға алғанда сынбайтындай болып кеберсігеннен кейін, бұдан бұрын айтқандай, қалап күйдіргенде шамамен 800 градус ыстықта күйдіреді екен. Егер от-жалын қызуы одан асса кірпіштің сырт жағы жылтыр шыны тектес массаға айнала бастайды екен. Әңгімеміз расында мын жылдар кигіз үймен өмір сүрген халықтың баспана құрлысының қарапайым элементтерін неге игере алмағанынан шығып кетті ғой!

Тағы да ауыл хикаялары

Сол Маленковтың атынан менің туған ауылым өткен ғасырдың елуінші жылдардың аяғына қарай құтылып еді, бірақ бәрібір өзінің бабаларымыз қойып кеткен «Қызыларай» деген атына жете алмай қойды. Маленков демекші, жоғарыда мен азырақ баяндаған Томай қыстауында 1953 жылдың қысы өте бастаған кез, бірақ әлі қардың көбесі сөгіле қоймаған кез. Үлкендер наурыз туды десіп жүрді. Менің үлкендерге кітап, газет оқып беретінім жайлы жоғарыда айтқан болатынымын. Бірақ жазу жаза алмаймын. Жазамын бірақ баспа әріптермен ғана. Оның себебін кейін білдім: өйткені менің қолымда әліппе жоқ. ...Сондай күндердің бірінде сыпайы киінген ақсұр жүзді бір кісі келіп үйімізге түсті. Қыстаудағы үш үйден екі-ақ бала ойнап жүреміз.

Өйткені ересектер оқуда. Менің інілерім әлі кіші, далада көп ойнамайды. Сондықтан біз біреу келсе қуанып қаламыз. Ішіміз пысатып шығар... Әлгі келген адамға үй ішіндегілер «жоғары шықтап», қалбалақтап жатты. Кейін білдім: Құрманбеков Әзімбек деген мықты мұғалім осы кісі екен. Бұл кісі туралы кейінірек тоқталармыз. ...Ол кісінің қыс ішінде жүруі үлкен шаруамен жүр екен. Ауылдағы аз үйдің үйдегі-түздегісін жинап алды да, қойындағы бума қағазды алып Сталинның қайтыс болғаны жөнінде оқи жөнелді. Алдында осында соққан бір жүргіншілерден Сталинның ауырып жатқаны туралы естігенбіз. Енді ол өліпті. Жұрттын бәрі есенгіреп қалғандай болды. Осыны айтып Әзімбек мұғалім шайға да карамай аттанып кетті, асығыс себебі әлі де Қосдонғал, Қарағаш атты қыстақтарға барып осыны естіртуді осы кісіге жүктеген екен. Барлық мұғалімдерді сол күні оқуды тоқтатып осы науқанға жеккен екен... Осы кезден тағы бір есімде қалғаны Сталинның бір суреті болатын, әлгіні естігеннен кейін, төсектің арасына тығып қойған сол суретті алып, жасырып қарағаным есімде. Менің әлі жетілмеген санама «адам өлген соң сурет де өзгеріп кететіндей» көрінген. Суретті алып қарағанымда жүзі аздап күлімсірегендей кейіп беретін белгілі суреті өзгеріссіз қарап тұр екен... Ауданиан шығатын «Қызыл ту», облыстан шығатын «Советтік Қарағанды» газеттерін әкелді, бір күні. Бұл газеттерді Бабан өзі барып әкелді. Өйткені осы оқиғаның анық-қанығын білу үшін ол кісі сол күні-ақ шамасы колхоз орталығына аттанып кеткен. Газеттерден көп нәрсеге қанығып қалды, ауыл адамдары. Сталинның орнына оның «сенімді серігі, шәкірті айнымас қайратты да қажырлы телегей –теңіз білім иесі Георгий Максимиланович Маленковты» Орталық Комитеттің Саяси Бюросы қолқалап болуын сұраған. Сол уақытта «көсемдер» деп аталған осы адамдардың көбінің бейнесі кейін ашылғанын елдің бәрі біледі. Тіпті тап осы Маленковты алайық. Лаврентий Павлович Берияны «орныннан босатылдың» деп айтуды орталық комитет, Хрущев осыған жүктегенде соны айтуға жарамай, орнында былшиып отырып қалған осы Маленков ынжық адам екен ғой. Хрущев кейін бәрін тырқырата қуғанда мұны Қазақстанда салынып жатқан Бұқтарма су-электр станциясын басқаруға жіберген... Негізінен бұлардың ішіндегі білімдары да, мықты саяси қайраткер де Берия болған. Ол өкімет өз қолымда деп есептеп жүргенде ұрылып қалған.» Батыр аңқау, ер көдек» дейді қазақ мақалы. Ол ешқандай да шпион емес, саяси авантюрист деуге болар. Бірақ біржолата су түбіне кетіру үшін Хрущев, бұрын оның өзінің қолданған әдісін: «тыңшы», капитализмнің агенті» деген формулаларды қолданған. Үкіметке талас- атам заманнан келе жатқан дүние. Бірақ олар мұны «халықтың бақыты, «коммунизм» деген сыяқты нақтыланбаған дүниелермен халықтың басын катыру үшін қолданып, елді дүрліктіріп, кейде атыстырып-шабыстырып жайымен кетеді. Социализмде солай болды. «Революцияны данышпандар дайындайды, елермендер жүзеге асырады, сұмпайылар қызығын көреді» деген бір ақылды адам.

енді Маленковтың орнына (алдымен Октябрьдің 40 жылдығы болу керек?!) «Қазақстанның 40 жылдығы» болыпшыз. Бұл бір жағынан салтанатты атау және Қазақстан деп тұрған соң Маленковқа қарағанда колхозымыздың аты жөнінен едәуір жақсарып қалғандай болдык. Біздің бала көңілімізге аты дардай Қазақстанның 40 жылдығы деп тұрғанмен қораш, сүреңсіз үйлер, қайда жүдеулік, әсіресе соғыстан кейінгі жүдеулік көзге ұрып тұратын. Қыстауда әйтеуі қикайған үйлер, қарап отырсақ, кеңес үкіметінің өзінің салған ештеңесі жоқ, бұрынғы аталарымыздың қыстаулары екен ғой. Осы қыстаулардың арты жетпісінші жылдарға дейін келді десек, кейінгілер осыған нанар ма екен!

Ия достым, фэлсапашыл болғым келмеп еді, сөз орайында айтқым келгені ғой.

Арғы батыр атамыз Жалаңтөс баһадүр 16.. жылдарда Салқам Жәңгір тұтқиылдан басып кірген қалмақ-жонғар қолына шамалы ғана жасакпен қарсы тұрып, сасқанынан ұрымталдау Самарқандтқа Жалаңтөс батырға бір-ак ауыз «Жетсеніз» деген хабар жіберген. Он мындаған жау әскеріне бес жүздей ғана қолмен намысы жібермей шауып қалған, енді жан мұрынның ұшына келіп бар дүние, үміттен қол үзуге айналып,»Аллаһ» деп айтуға әзер шамасы жетіп тұрған шақта кезінде Бадахшанды бағындырған Азия патшаларының (өз достарының) сүйіктісі болған, Үндінің пілге мінген атакты батырларын арыстанша ақырып жайратқан, жеңістен басқаны білмеген, әрі таңғаларлықтай қайратты, әрі ғажап жолды Жалаңтөс баһадүр келіп асқан батырлық қайратпен және әскери қимылды ақылмен басқарудың арқасында жауды быт-шыт қылып жеңген.

...Достым бір ойды бір ой жетектеп кететіні де рас. Кейінгі кезде көңіліме бір ой түсіп жүр еді... Ол бұрыннан бар нәрсе, тіпті көп ақын жазушылар өз әмірбаянын еске ала отырып ауылдастарына ескерткіш ретінде жазып кететін болған. ... Тіпті алысқа бармай-ақ қояйықшы, бәріміз жасымыздан оқып өскен С.Мұқановтың «Өмір мектебінің» өзі ауылдастарымен, елі, жері туралы емеспе? Қарап отырсақ сол Сәбең жазған уақыт бізден алыс сыяқты көрінсе де, тіпті де алыс емес екен. Тіпті сол өткен ғасырдың 20 жылдарындағы қою әкіғаларды өрбіте жазған "Өмір мектебі" және біздің балалық шағымыздың арасы 25-30 жылдардай ғана екен. Бұл адам ғұмыры үшін едәуір уақыт болса да, тарих үшін бір тинақтай сәт ғана. Бір айтарлық нәрсе сол Сәбит Мұқанов жазған, суреттеген ауыл өмірі де, ауыл адамдары да, тұрмыс тіршілік деңгейі де алысқа өзгеріп кеткен ештеңесі жоқ. Өткен жүйе "коммунизм" деп бір жеткізбейтін сағыммен халықты алдап, өтірікке тәрбиелеп бұзып кетті.

... Адам баласының өмірге келгеннен кейінгі бір мақсаты күн көріс. Сол үшін небір хикматтарға барады. ... Тіпті алла тағала «адам баласын жаратам» деп періштелерге жар салғанда олар: -Біз ішпейміз, жемейміз, тек өзіңізге

ғибадат, зікір айтумен боламыз, ал мына бір адам баласы деген, ішетін, жейтін болса жердің үстін былғайтын болар, -деген қауіптерін айтқан. Сонда Алла тағала –Сендер білмейтінді мен білемін, соның үшін де жаратамын, бұлар ішу, жеу үшін тамақ іздейді, сол жолда күнәға бейім болады. Соның үшін бұларға арнап жұмақ және тозақ сайлаймын. Күнәсі көптер тозаққа, күнәсі өте аздары жұмаққа барады. Екеуін де осылармен толтырамын,-деген.

... Міне осы күн көріс дүниенің кілті. Кейбір адамдар «мен, өйттім, мен бұйттім» деген мақтанға құмар келеді. Мұның мәні: оның жағыдайы, күн көрісі тәуір дегенді көруге болады. Біздің балалық шағымыздың алғашқы он жылдығына сәйкес келген өткен ғасырдың елуінші жылдары... Нан болса басқа ештенені де сұрамайды. Сол нанға 1955 жылдарға дейін жарыған жоқ. Есімізде қалғаны қар қалың түседі, аяз да қатты болады. Ол уақытта градусты қарап жатқан ешікім жоқ. Сол уақытта үш шақырым делінетін Мәдениет деген Ақжарықтың батысындағы ауылдан қырықшақты бала барып келіп оқушы едік. Ретсіз бірде-бір рет сабақтан қалмаймыз. Мәдениет жоғарыда айтып кеттім кезінде колхоз болған екен. Сонда бастауыш мектеп болған. Мәдениетте бас –аяғы жиырма шақты үй бар. Ең басында Махмет ағамыздың үйі. Бұл үйге почта келіп тұрады. «Пионер» журналы қандай ғажап еді. Әр номерін асыға күтуші едік. Кейіннен «Қазақстан пионері» газетін де алатынбыз. Бұлар біздің білімге деген үмітімізді алға жетектеген дүниелер еді. Бізге дейін ағаларымыз осы бастауыш мектепті бітіріп барып үлкен колхоздың орталығы Ақжарықтағы жеті жылдық мектепте оқиды екен. Мәдениет колхоз болған кезде мұнда тіпті май заводы да ашылмақ екен. Өйткені біздің оқып жүрген мектептің жанында кішкене леу, сол күндері қараусыз, иесіз қалған үйде кішкентай сепараторлар үйіліп жататын. Кейіннен олардың бәрі біздің ойыншығымызға айналып кетті. Осыған орай бір айтатын нәрсе: кеңестік мемлекет кезіндегі иесіздік. Кейін орталықтан оқыған кезімізде де осыдан үлкендеу май заводы етіп құрған жер астынан мұздатқыш үшін терең еден салып жақсылап таспен көмкерген биік үй болатын. Онда да үйіліп жатқан ешікім іздемейтін де пайдаланбайтын неше түрлі сол уақыттың машиналарының бөлшектері шашылып жататын. 1955 жылдары сол мен айтқан үйдің маңайында колхоз басқармасының орынбасары Дүйсенбай деген кісі бар, бір қызық дүние жасала бастады. Оқуға барып қайтқан сайын бізге тамашалауға жақсы бір нәрсе еді. Цементпен құмды араластырып үлкен қырықаяқ (шестерня) деп аталатын бірденені көп адам бір айдай жабылып орнатты. Бақсақ ат диірмен деген осы екен. Әлі жақсы есімде мұны орнататын шебер іздеген. Мәдениетте тұратын менің досым Манаттың әкесі Сейдімұқаш деген кісі осыны орнатты. Бұл кісі туралы айта кету керек: соғыс кезінде Қарағандыда шахтыда болып құлаған шахта үйіндісінің астында қалған екен. Содан әйтеуір тірі қалыпты. Бір аяғы санының ортасынан жоқ. Оған протез киеді. Протез сары сірі былғарыдан мықтап жасалған дүние. Доғабаспен бекітілетін тартналары көп. Досымның үйіне барып жүргенде кейде ол кісі киініп жатады. Біз қарап тұрамыз, алдымен бір тартнаны сыр еткізіп салады,

содан келесісін... дегендей бұл бізге қызық көрінеді. Сол кезде пенсия алатын осы кісі ғана еді. Пенсия деген тірі ақша. Сондықтан менің досым Манат фабрикадан шыққан киімдер киіп жүреді. Бір жағы мектеп, бір жағында Күлғайша апаның үйі және бар. Бұл үйде менің Самат және оның інісі Манат досымнан басқа Марат, Қуат Қожамбаевтар да оқиды. Олармен де доспыз. Бәріміз қосылғанда дуылдап кетуші едік. Ар жағында Рақымбай үйі. Онда Өміржан, Орман бар. Сейдімұқаш бұрын анда-санда аңға шығатын. Бастауыш -біздің мектебіміздің отын-суын басқаратын. Қолының шеберлігі болғандықтан бір аяғы жарамсыз болса да - осы жұмысты басқарыңыз-деген болу керек, бастықтар. Бір күні сабаққа келе жатсақ сол ат диірмен құрылып бітіп, енді аттарды жегіп жүргізіп көріп жатыр екен. Аттар тартыншақтап жүрмей тұр екен. Себебі аттар тіке жүрмейді, тар шеңбер сыяқты жолмен айналып жүру керек, аттар бұған үйренбеген. ... Осы диірмен бір дән үгітпей сол бетінде бірнеше ондаған жыл жатып, ақыры шойыннан жасалған диірменді бертінде металлоға тапсырған көрінеді. Ауылдың сол кездегі өмірінің кейбір көріністері осындай еді. Елуінші жылдардың орта кезіне қарай тракторлар көбейді. Ол өгіздерді ығыстыра бастады. Солидол деп аталатын машина –трактор бөлшектерін майлайтын қою май- фанер бөшекелерде көптеп болды. Көптігі сондай жазда шөпшілер бір қонған жұрттан бұл солидол толы бөшекелерді көшкенде алып кетіп әуре болмайтын. Ана жұртта да май, мына жұртта да жартылай ашылған фанер бөшекелер жататын. Бұдан кейін құнсыз нәрсе тракторлардың жанар майы болатын. Негізінен «жанар-жағар май» деп сәндеп айтатын. Газеттердің бетінен жанар-жағар маймен камтамасыз ету-деген сөз тіркестері түспейтін. Сол жанар майлар бірнеше тонналық сымдылығы бар темір цистерналарға әкеліп құюлы тұрады. Социализмнің молшылығы сол-жанар майды шофер да, тракторшы да үлкен цистернаның үстіне өрмелеп барып алып келіп машинасына немесе тракторының бағына құяды. Бак толғанын көрсететін аспап жоқ. Сондықтан олар мұны толып бактың аузынан асып төгіле бастағанда байқайды, қолындағы шелекте қалған бензин немесе солярканың қалдығын цистернаға қайтып құя салу керек қой. Бірақ олар мұны істеп әуре болып жатпайды, жерге төге салады. Менің ойымша «социализмнің халыққа жаны ашыған жоқ», ал «халықтың жаны социализмге ашыған» жоқ. Оның құлауының да басты себебі: осында. Керемет жағыдайлар көп болды. Солярканы далаға төге салған жағыдайлардың көп болғанын сол уақытта өмір сүрген халықтың бәрі біледі.

... Елуінші жылдар тракторлар көбейе бастады дедік қой. Өгізден мезі болған балалар бұған қатты қуанды. Бұрын өгіздің жаясында екі аяғын бір жаққа салып шоқнып отырған балалар енді «косилка» деп аталатын шөп шабатын, қос донғалақты, кәдімгі өгізге тіркелген шөп шабатын агрегаттың үлкендеу түрлеріне ие болды. Басында қызық көрінгенмен бұдан да мезі болуға айналды. Өйткені жұмыс таңертеннен қара кешке дейін, есептеп қарасаң 12-13 сағаттан аз емес. Соншалықты жүргенде тым болмаса төленетін еңбекақы

да жоқ. Қазіргі заманның техникасымен салыстырғанда трактор дегенің де өте қарапайым күлкілі нәрсе болатын. «ДТ» тракторы сағатына 7-8 шақырымнан артық жүрмейтін. Бертінде 75 аттын күші бар –ДТ-75 деген трактор сағатына 12 шақырымға дейін «жүйрік деп тракторшылар қуанып жүрді. Бұлардың бәрі де басында қызық көрінгенмен ойын баласын жалықтырып жіберетін еді. Бірақ, өгізге қарағанда әрине, біршама жағдыдай жақсарғандай болды. Мұны айтып отырған себебім; сол кезде радио, газет атаулыда «Империализмның сиқы» деп жамандайтын капиталистік елдер бізден баяғыда көш ілгері кетіпті. Ауылдағы көзі қарақты кейбір ағаларымыз: Америкада жұмыссыздар демонстрацияға шығыпты-деген газет хабарының астында сол көшеге шыққандардың мойнында галстук, басында шляпа кигенін көріп» әй, осында бір бәле, бар-десіп отыратын. Шын мәнінде олар барлықты көтере алмай жүрген адамдар екен. Ал біздің ауылдастарымыз не көрді. Басқасына соқпайық: 1900 жылдардың басынан бергіні алайықшы. 1914 жылы жұт, 1916 жылы жұт, 1921 жылы жұт: тап осы кезеңде Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың жұтаған облыстарға көме көрсету мақсатында әр жерден көмек жинағаны, кейіннен оларды айыптаудың бір тармағы осы болғаны да белгілі. 1932 жылғы жұтта адам-адамды жеген. ... Адамзат тарихында тіпті сонау тарихы қолмен қойғандай жазылып қалған гректермен Рүм және бес мың жылғы атасын сұрасан жазулы тұрған Шын елінің тарихында да адам жеген оқиға тіркелмеген. 1932 бұл масқара оқиға Қазақстанда, Поволжьеде және Украинада болған. Осыған қарамастан Советтердің үгіт машинасы керемет жұмыс істеген. 1937 жылдың жазалау шаралары кезінде әкесі ұсталып бара жатқанда пионерге өткен балалары «мен сені бұдан былай әкем деп танымаймын», деп айқайлаған. Жалпы адамның санасы да қанша жетілді дегенмен өте қызық дүние. Қарқаралыда болған кездерімде бір үйдегі садақа беру ғұрыпына Қарағандыдан өмір бойы белгілі жоғары оқу орнында оқытушы болып істеген, сол күнде зейнеткерлікке шыққан бір адам отырды. Көпшіліктің әдеті, әртүрлі әңгімелер басталып қыза келе аяғы дауға ұласып та кететіні болады. Осындай сәттердің бірінде Сталин туралы сөз қозғалды. Сонда әлгі адам –Әкем отыз жетінші жылы халық жауы болып ұсталып кеткен екен,-анам соның күйігінен ерте қайтыс болды, мен соның бәрін де біле тұра бәрібір Сталинды жақсы көрем, -дегені бар емес пе. ... Надандықтың да неше түрі болады. Ерте кезде бір дәптердің шетіне чех халқының бір ақылды адамының айтқанын жазып қоя салған екем: «Цивилизацияның трагедиясы-оқыған ақымақ» деген екен. Сол сөз көп жағыдайда ойға орала береді. Жақсы, жаман көп адамдармен араластым. Әрине көбісі Совет заманында оқығандар. Бірақ көпшілігі ақылға шола. Ақыл деген бұл керемет бөлек категория. Адамға қулық көп бітеді, өйтпесе өмір сүру де қиын шығар. Ал, ақыл екінің біріне бітпейтін дүние. Оны Алла тағала тандап, іріктеп берген. Осы ақылсыз оқығандардан тәрбие алғандар дүниені бұзатындар осылар болса керек. ...Маркстің «Капиталы» Коммунизмнің жолбасшысы деп жүрді. Мына қызықты қараңыз: бұл «Капиталды» түсініп екінің бірінің қолынан келе бермейді, Қарқаралыда мешіт ашылған кездер

да жоқ. Қазіргі заманның техникасымен салыстырғанда трактор дегенің де өте қарапайым күлкілі нәрсе болатын. «ДТ» тракторы сағатына 7-8 шақырымнан артық жүрмейтін. Бертінде 75 аттың күші бар –ДТ-75 деген трактор сағатына 12 шақырымға дейін «жүйрік деп тракторшылар қуанып жүрді. Бұлардың бәрі де басында қызық көрінгенмен ойын баласын жалықтырып жіберетін еді. Бірақ, өгізге қарағанда әрине, біршама жағдай жақсарғандай болды. Мұны айтып отырған себебім; сол кезде радио, газет атаулыда «Империализмның сиқы» деп жамандайтын капиталистік елдер бізден баяғыда көш ілгері кетіпті. Ауылдағы көзі қаракты кейбір ағаларымыз: Америкада жұмыссыздар демонстрацияға шығыпты-деген газет хабарының астында сол көшеге шыққандардың мойнында галстук, басында шляпа кигенін көріп» әй, осында бір бәле, бар-десіп отыратын. Шын мәнінде олар барлықты көтере алмай жүрген адамдар екен. Ал біздің ауылдастарымыз не көрді. Басқасына соқпайық: 1900 жылдардың басынан бергіні алайықшы. 1914 жылы жұт, 1916 жылы жұт, 1921 жылы жұт: тап осы кезеңде Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың жұтаған облыстарға көме көрсету мақсатында әр жерден көмек жинағаны, кейіннен оларды айыптаудың бір тармағы осы болғаны да белгілі. 1932 жылғы жұтта адам-адамды жеген. ... Адамзат тарихында тіпті сонау тарихы қолмен қойғандай жазылып қалған гректермен Рүм және бес мың жылғы атасын сұрасан жазулы тұрған Шын елінің тарихында да адам жеген оқиға тіркелмеген. 1932 бұл масқара оқиға Қазақстанда, Поволжьеде және Украинада болған. Осыған қарамастан Советтердің үгіт машинасы керемет жұмыс істеген. 1937 жылдың жазалау шаралары кезінде әкесі ұсталып бара жатқанда пионерге өткен балалары «мен сені бұдан былай әкем деп танымаймын», деп айқайлаған. Жалпы адамның санасы да қанша жетілді дегенмен өте қызық дүние. Қарқаралыда болған кездерімде бір үйдегі садақа беру ғұрыпына Қарағандыдан өмір бойы белгілі жоғары оқу орнында оқытушы болып істеген, сол күнде зейнеткерлікке шыққан бір адам отырды. Көпшіліктің әдеті, әртүрлі әңгімелер басталып қыза келе аяғы дауға ұласып та кететіні болады. Осындай сәттердің бірінде Сталин туралы сөз қозғалды. Сонда әлгі адам –Әкем отыз жетінші жылы халық жауы болып ұсталып кеткен екен.-анам соның күйігінен ерте қайтыс болды, мен соның бәрін де біле тұра бәрібір Сталинды жақсы көрем, -дегені бар емес пе. ... Надандықтың да неше түрі болады. Ерте кезде бір дәптердің шетіне чех халқының бір ақылды адамының айтқанын жазып қоя салған әкем: «Цивилизацияның трагедиясы-оқыған ақымақ» деген екен. Сол сөз көп жағдайда ойға орала береді. Жақсы, жаман көп адамдармен араластым, Әрине көбісі Совет заманында оқығандар. Бірақ көпшілігі ақылға шола. Ақыл деген бұл керемет бөлек категория. Адамға қулық көп бітеді, өйтпесе өмір сүру де қиын шығар. Ал, ақыл екінің біріне бітпейтін дүние. Оны Алла тағала таңдап, іріктеп берген. Осы ақылсыз оқығандардан тәрбие алғандар дүниені бұзатындар осылар болса керек. ...Маркстің «Капиталы» Коммунизмнің жолбасшысы деп жүрді. Мына қызықты қараңыз: бұл «Капиталды» түсіну екінің бірінің қолынан келе бермейді, Қарқаралыда мешіт ашылған кездерде

«тәуір коммунистермен таласып қалатынбыз»; сонда –Маркстің Капиталынан бір цитата келтіріңіздерші-дегенде бұрын хатшы болған, атқару комитетінде қызмет еткен белсенді коммунистердің бірде-біреуі Капиталдан бір сөйлемді жатқа білмеді. Бұрынғы басшы комунистердің көбісі шала сауатты, кеудемсоқ, Совет өкіметінің нанын жеп, шалабын ішкенге мәз болғандар еді. Осы үрдіс өткен ғасырдың 90-жылдардың басына дейін созылып келді.

Біздің ұстаздарымыз

Өзінің оқығанын, кімнен өнеге ғибрат алғанын айтпайтын жазушы, қалам ұстаған адам сирек қой деймін. Оның себебі де көп. Шағын ғана Мәдениет атты ауылда кішкентай мектеп болды. Біріншімен үшінші, екіншімен төртінші кластар қатар оқып оқиды. Балалар аса көп емес. Қатар екі класта онбес шақты, екінші ауысымда да сондай. Бас аяғы қырық шақты бала болар. Ең алғашқы ұстазым Төлетаева Майраш деген кісі. Мейірбанды, жылы жүзді осы ұстазымыздың тоқпактай қара шашы тірсегіне түсіп тұратын. Әрине, ол кісі ылғи шашын төгітіп жүрмейді. Тоқпактай кылып желкесіне түйіп, үстінен жеңіл орамал жамылады. Елуінші жылдардың өзінде әйелдер кәрі болсын жас болсын, шашын, басын ашып жүрмейтін. Ондай болса –ол аса әдепсіздік саналатын. Біздің мұғаліміміз беталды көп сөйлемейтін, ұрса да бермейтін қасиетті адам еді. Бізге үлкен көрінгенмен азар болса отыз жастарға жетпеген болар деп ойлаймын, кейіннен. Ол кісінің күйеуі Тойымбеков Жанабек деген кісі де, кезінде майданнан қайтқан болу керек, колхоздың партком хатшысы болып келген. Жеңісбай деген балалары бізбен қатарлас. (Жеңісбай қазыр Алматыда, ғылым кандидаты, профессор) Өзіміз ұққан сол уақыттың жағыдайынан хабар бере кетсек: колхозда партком хатшысы коммунистердің санына қарай болатын шығар: еселші, не болмаса басқа бір қызметкер қосымша атқару, яғни қоғамдық негізде атқару жүктелген сыяқты. Бұған бір жағынан өткен соғыстың да әсері қатты болған. Өйткені партия мүшелерінің көбі майданға кеткен. Сондықтан партия ұйымы хатшылығы қоғамдық негізде болып қалған. Қоғам үлкен соғыстан. Кейін есін жинай бастаған елуінші жылдардың басында партком хатшысы дербес тағайындалу дәрежесіне жеткен сыяқты. Біздің жоғарыда айтып отырған мұғаліміміздің жолдасы осы кісі еді.

Бірінші класпен үшінші кластың сабағы таңертең басталады. Сағат деген не үйде, не біздің шағын мектепте болған жоқ. Кей күндері шешеміз таңертең ерте оятып жібереді, (қыстың күні күн қысқа ғой) таң қараңғысында мектепке келіп жүрген күндеріміз де болады. Маңайда төрт-бес шақырым қыстақтардағы балалар атқа, тайға, көбінесе колхоздың өгізіне мінгесіп келіп оқиды. Олардың көбісінің оқиды деген аты ғана. Неге десеніз, олар оқудан шығып жиналып қайтқанша түс ауады, өгізбен қақпалап үйіне жеткенше кеш те батып қалады, оның үстіне бала аты бар емеспе жолда әр нәрсеге алданып ойнап қалмай тұра ма? Үйіне барса отын-судан бастап мал астын тазалау,

оған шөп салу сыяқты колхоздың сүреңсіз өмірі алдынан күтіп тұрады. Сонда әлгі бала сабаққа қай уақытта дайындалады? Көп балалардың аса оқуға құлқы жоқ. Себебі колхозшыда паспорт да басқа құжатта болмайды десе болады, себебі ол колхозшы. Сондықтан колхозшының баласы да автоматты түрде колхозшы болады деген ұғым бұларға сіңіп те қалған. Сондықтан көбісінің аса оқуға да құлқы жоқ. Оның үстіне соғыс салған кесірден бастауышта оқып жүрген балалардың жастары да әр текті. Мектеп бар ауылда тұратындар баланы жеті-сегіз жастардан сырмай оқуға беретін болып қалған Ал қыстақтардағы әкесі соғыста өлген немесе хабарсыз кеткендерге сылтау көп. Олардың көбісі Кеңес заңымен (жалпыға бірдей міндетті оқу) дегенмен қорқытып –үркітіп әкелінгендер. Сол бастауышта үшінші класта онбес-он алтыдағы қыздар оқығаны есімде. Олардың ойы оқудан гөрі басқа жақта. Кейбіреуі тіпті бертін әскерге кеткен жігіттермен хат та алысады. Кейде жігіттерден келген хатпен мұғалімнің қолына түсіп қалған жағыдайлар да кездесті. Ол керемет оқиға. Оқушы қыздың мұндай істеуі үлкен қылмыс есебінде. Тіпті ата-анасын шақырып алуға дейін баратын жағыдай. Өйткені ондай қылық «социализмге жат құбылыс». Мұғаліміміз өте ақылды адам еді. Әрине, мұны біз кейін пайымдадық қой. Ол кісі басқалардай шулатпай өзі тергеп, сөйлесіп, ақыры жым-жылас болатын. Көбінесе, мұғалімінің тергеуі әлгі қыздың «ендігәрі өйтпеймін» деген уәдесімен және солқылдап бетін басып жылауымен шектелетін.

Жоғарыда айтқанымдай, әкесі соғыстан оралмағандарға кешірім де көп. Бұл кешірімдердің келешекте оларға пайдасы болама жоқ па, ол кезде белгісіз. Сабақтан, қалып қойса да, сабақты орындамай келсе де, деген сыяқты. Сол уақыттың мүмкіндігінің аздығына карамастан кейбір балалар зирек болады. Салған жерден жаттап алатындар да болады. Жалпы адам баласының миының мүмкіндігі де шексіз дейді ғой кейбір ғалымдар. Бірінші класспен үшінші класс қатар отырады. Мен оқуға жағыдайдың жоқтығынан бірер жыл кешігіп келгем. Бірақ бірінші кластың оқуы менің «жұмырыма жұқ» болған жоқ. Өз сабағым маған мүлде қиындық тудырған жоқ. Үшінші кластың есептен басқа сабақтарын жатқа соғам. Кейде мұғалім оларға үлгі қылып «үшінші кластың оқушысының білмей отырғанын» бірінші кластың оқушысына айтқызып көрейік» деп олардың намысына тию үшін істейтін сыяқты. Мен зуылдатып айтып немесе оқып берем. 1953 жылы қаңтарда каникулдан кейін сабақ басталғанда мұғаліміміз Төлетаева Майраш мені үшінші кластың партасына отырғызды. Ол кезде сабақ қызық өтеді. Сағат әлі жоқ болатын. Мүмкін басқа бір мектептерде болған шығар ал біздің мектепте жоқ болатын. Үзіліске шығуымыз қызық. Кейде тіпті көп отырып қаламыз. Мұғалім апай дйттеген жеріне жеткенше үзіліссіз отырамыз. Сабақтың көпке созылатыны сыяқты үзілістің де көпке созылатыны бар. Ол кезде біздің өңірде мұғалімді «апай» немесе «ағай» деп атау қалыптаспаған. Тек мұғалім деп қана атау үрдісі бар. Мен әрине, үйге айтып келдім. Ертеңінде ғұмырында шақырса мектепке бармайтын әкем –мектепке келіп,мұғалімімізге «қарағым, өз орнында оқи

берсін» деп тілек қылып тұрып алғаны. Мұғаліміміз өз дәлелдерін айтып еді, көнер әке болмады. Сонымен қайта біріншімде оқи бердім. Әрине, мен бұған риза болмадым. Кейін білгенім: әкем «тіл, көз» дегеннен қорыққан түрі екен. Мектептегі сол кездегі өмірді баяндап отырғаным: бұл сол кезде оқығандардың бәрінің жағыдайына ортақ. Кейінгі ұрпақ мұны қызықтап жүрсін, деген ниетпен жазып жатқаным ғой. Екінші класта Сыздықов Қапан оқытты. Бұл кісі сол уақыттарда Қарқаралы педуучилищесін бітірген. Нағыз күш-қуаты қайнаған кезі. Сабақ арасында бір кітапты құмарлана оқып отырады. Бір күні үзілісте карасам, Саттар Ерубаетын «Менің құрдастарым» деген кітабы екен. Ол уақытта мұғалімдердің бәрі де кітап оқитын. Әрине, қазырғыдей ақпарат құралдары жеткіліксіз кезде бұл табиғи, рухани қажеттілік те шығар. Дегенмен білуге құмарлықтың сипаты ол кезде мүлдем басқа дерлік. Мұғалім қатал. Ол қаталдықтың біздің тәртіпке бағынуымызға, кейінгі кезде өмір сүру үрдісінде тек пайдасы тиді деп қана айтуға болады. Сөйтіп жүргенде Қапан мұғалімді әскерге алып кетті, сол кезде жиырма бестерге келіп қалған мұғаліміміз сол жылы Ақатаева Мәкен деген Ақтоғайдағы орта мектепті бітірген ауылдың қызына үйленген болатын. Бұрындары семья жағыдайымен кейінге қалдырылып жүреді екен. Біз дәп бір соғысқа алып кеткендей күй кештік. Жоғарыда бір жерде айттым-ау деймін, социализм адамдарды аямайды деп, соның бір көрінісі осы болды. Мәкен апайымыз да мықты мұғалім болып кетті. Кейіннен жоғары педагогикалық оқу орындарын бітірді. «Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі», «Оқу-ағарту ісінің озаты» тектес білім саласындағы құрметті атақтарды иемденді... Бір қарағанда түсі суық көрінетін Мәкен мұғалім осы бастауышқа көп еңбек сіңіретін еді. Қабырға газеттері үнемі шығып тұратын. Мерекеге лайық шаралар да өткізілетін.

Мен үшінші класс оқитын жылы Мәдениеттегі бастауыш мектеп жабылып, орталықтағы жетіжылдық мектепте оқитын болыппыз. Орталық деп отырғаным: бұрын «Жұмыскер» деп аталатын колхоздың орталығы «Ақжарық» деп аталатын ауыл. Негізінен қазіргі Қызыларай аталатын үлкен кеңшар болған ауылдың аймағында жиырмасыншы жылдардың ортасында мойынсеріктік дегендер құрылып кейіннен «Саржал», «Мәдениет», «Жұмыскер», «Кеңасу» колхоздары құралған. Бертінде бұлар қосылып Маленков колхозы, одан кейін басқа аттарға ие болғаны туралы жоғарыда айтқанмын. Менің бұл жазып отырғандарымның бәрі сол кезде үлкендер айтып отырғанда еміс-еміс ұғып қалғандарым. Сондықтан оқушыларымыз бұған түсіністікпен қарайтын шығар деймін. Кезінде жоғарыда менің алғашқы кейіпкерлерімнің бірі болған, бертінде жүзге келіп Балқаш қаласында қайтыс болған Әнуар ақсақал көрген-білгенін ұғып қалған адамдардың бірі еді. Бірақ беталды айта бермейтін. Жепісінші жылдардың ішінде орталықта ақсақал-қарасақалдар қатысқан бір жиында кезінде колхозды кім құрды, кім көп еңбек қылды... деген әңгімелерге саятын қысыр әңгіме қозғалғанда ішінде болып тыңдап отырып едім. Сонда Әнуар:

-Қызыларайда колхоздың ірілі-уағын құруға қатты күш жұмсаған Нұрмағамбет деген кісі-дегенде- елдің ешқайсысы жоққа шығарған жоқ. – Есіл азамат күншілдікпен қызғаныштың құрбаны боп айдауда жүріп. Долинкада өлгенін көп ел естіп еді, кезінде деді. Мен жасымнан бұл кісімен етене болып өскендіктен еркін сұрақтар қоя беруші едім.

- Ол кісі кім? деген сұрағыма: -Нұрмағамбет, Жармағамбет. Бекмағамбет, Аймағамбет деген ағайындылар. Нұрмағамбеттен өздеріңді оқытқан мұғалімдерін Мұқыжан, Жармағамбеттен Есен, Балкен дегендер. Бекмағамбеттен Ақымыс туады деген. Аймағамбеттен Рақат туған. Мен кішкентай кезімде осылардың ішінен Бекмағамбетті көріп едім. Басында бөрік киген ұзын бойлы шал болатын. Елуінші жылдардың басында қайтыс болған. Осы кісіге Мұқыжан мұғаліміміз Балқаштан ба екен, әйтеуір бір жерден басына тас құйдырып әкеліп, Мәдениеттегі шағын үйдің қабырғасында едәуір уақыт сүйеулі тұрғанда «жазуын оқымақ болып Кәкен екеуіміз аударыстырмақ болғанда тастың салмағы билеп кетіп досым-Сейдуалиев Кәкеннің аяғы қатты ауырып сабаққа бара алмай қалған. Біз ол кезде әрине, оны ешкімге білдірген жоқпыз. Осы жерде реті келіп тұрған соң Мұқыжан мұғалімімізді еске ала кеткеніміз жөн болар. Бұл кісіні алғашқы танығаным, өткен ғасырдың қырық тоғыз-елуінші жылдары болатын. ... Кешке қарай жазғы жайлауда қой ымырттап жүрген әкеме алыстан бір кісі құйғытыңқырап келіп, ат басын зорға тежеп сәлем берді. – Өй. Мұқыжанбысын, неғып жүрсің,-деген әкеме ол: - Бесқұйрықты баптап жүргенім ғой –деп, жауап берді. Әкемнің айтуынша Мұқыжан мұғалім екен. Соғыстан қайтқан соң басқа бір жерде біраз мұғалім болып, ауылға оралғаны осы екен. Сол жылы жазда-ақ Мұқыжан мұғаліммен көрші болдық жайлауда. Оқу уақыты басталғанға дейін ол кездің мұғалімдері жайлауда болатын. Шамасы жетсе жайлауда болмай қайда болсын, курорт, басқа да демалыс мүмкіндіктері кейіннен болды. Мұқыжан мұғалімінің үйінен керемет әдемі сынғырлаған дыбыс, әуен шығып жатады. Кейде жақындап тыңдаймыз. Бұл мандолиннен шығып жатқан әуен. Мандолин тартып отырған Мұқыжан мұғалімнің өзі. Шамамен сол кездерде отыздарды орталаған Мұқыжан мұғалімнің келіншегінің аты Қамаш. Менен үш жастай кіші Бабай деген ұлы бар. Кейін білдік, оның құжаттағы аты Ораз екен. Мұқыжан мұғалімде мандолин біреу емес, тіпті екеу екен. Сол жылы жазда ол бір мандолиннің балдызы Тәттібекке силады. ... Бұл мандолин деген түбінде итальян аспабы делінгенмен, бертінде дәп бір қазақтың төл аспабы сыяқты, біздің халқымыздың өміріне терең сіңісіп кетті. Кішірек келген өте ықшам жасалған. Әрқайсысы егіз шектен тұратын төрт қатар шегі бар, (бас-аяғы сегіз шек) біздің халқымыздың дәп бір төл аспабындай домбырамен қатар сіңісіп кеткен сүйкімді дүние болатын. Сынғырлаған дауысы қазақы әндерге өте керемет келетін. Естуімізше, отызыншы жылдардан бастап қазақ табиғатына сіңісе бастаған.

Сөз ретінде айта кеткен дұрыс, мен осы әдемі аспапты сол жылдарда тағы да жайлауда Тілеуханов Серікқан дейтін ағамыздың үйінде көрдім, ол кісінің ойнап отырғанын тыңдадым. Бұл кісі сол кезде жас жігіт, жаңылмасам, Қарқаралы педтехникумын бітірген екен. Маман мұғалімдерді соғыстан кейінгі кезде қиын түкпірлерге бөледі. Бұл азамат та сол кезде Босаға, Киікті деген жаққа қызметке кетіп сол жақта мектеп директоры болыпты. Сол кісінің өзін соңғы рет 1954 жылы жазда елге демалысқа келіп үлкен кісілерге амандасып жүргенде соңғы рет көрдім... Бұл кісінің інісі Тілеуханов Қалқаман үлкен өнер қонған адам болды. Сол ағасы жүрген жақта орта мектепті оқып бітірген соң Мәскеудегі Суриков атындағы ма екен, әйтеуір сурет өнерінің жоғары оқу орнын бітірді. Бұл әрине 1960 жылдардың аяғына қарай. Содан елге келіп Алматыда көркемөнер туындыларын жасаумен айналысады. Осының аяғында Алматыда тәуелсіздік алған жылдары «Мирас» атты көркемөнер корпорациясын ашып небір туындылар жасайды. Сол кезде Президентке арнап, тұғыр және тәж тектес бас киім, белдікті аса бір ұлттық нақышпен жасағаны бүгіндері құпия бола қоймас. Тіпті осы жасалған заттардың шетелдің бірінші дәрежелі басшыларының көзіне ілініп соларға силанып кеткен деген де дерек бар. Мұның өзі Қалқаманның өнерінің аса жоғары дәрежеде екенін көрсетеді. Қазақта не көп суретшімен көп өнерші көп. Олар бұрыннан болған. Оның жасаған көптеген көркем өнер туындылары Алматыда да, Астанада бар. Өзі бертін Астанаға келіп өмірден өтті. Осылардың бәрінен өнері озып шыққан Қалқаман Тілеуханов – қазақ тарихының, Қызыларай тарихының жарқын беттерінде қала бермек. Қалқаман кезінде қоғамдық саяси өмірге де белсене қатысқан. Мәскеуде оқып жүрген кездерінде ұлтымыздың Тәуелсіздігін аңсаған алғашқы сусаған қарлығаштай қазақ студенттерінің ұйымының жұмысына белсене қатысқан. Екі мыңыншы жылдардың басында осы жолдардың авторын Қарағандыға іздеп келіп, бір жолдасының үйіне шақырып бір күн әңгімелескеніміз бар. Бала кезімізде бір ауылда ойнап жүретініміз еміс-еміс есімізде қалған екен. Қарағандыда архитектор-Төленді дейтін досының үйінде бісыпыра әңгімелер айта отырғанда бір сөздің ретінде «Жас тұлпардың» архивы менде деп еді. Мұның өзі халқымыздың Тәуелсіздігі жолында құрылған осы белсенді жұмыс істеген ұйымда Қалқаманның белсенді қызмет атқарғанының айғағы. Жас тұлпар туралы да айтып отырды. Мәскеуде әскер қатарында болғанымызда біраз әскери жастар да соның жұмысына тартылған едік... Кейін «Жас тұлпардың» бастаушысы Мұрат Мұқтарұлы Әуезовпен Астанада кездесіп қалдық. Сол кездерді еске түсіріп, бірге суретке түстік. Мен оған арнайы біз сатып алған баян аспабын сילהанымызды есіне түсірдім. Сол кезде Сәбетқазы Ақатай, Сәрсенбек Дәуітов, Жұлдыз Баймолдина, Хорлан Қалиламбекова, Сара Тыныштығұловалар Мәскеудің жоғары өнер институттарында оқитын. Бұлардың бәрі де «Жас тұлпардың» жұмысына қатысты. Белгілі жазушы Аян Нысаналинмен де кездесіп тұратынбыз. «Жас тұлпар» сол кезде Комсомолдың орталық комитетіне есеп беріп тұратын, жазғы каникулдар кезінде жер-жерде мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізіп тұратын жастардың

(қазыр «волонтерлер» дегені сыяқты) болып құрылған. Бірақ түп мақсаты тәуелсіздік жолындағы күрес болған. Бұлардың маңайына бүкіл Орта Азия республикалары, татар-башқұрт, азербайджан студенттері де, тіпті украин студенттері де топтаса бастаған. Бәрінің де түпкі мақсаты тәуелсіздікті аңсау. Соған жету жолында бірлесіп іс-қимыл жасау ұсыныстары да болады... 1967 жылдың қазан айының аяғында «Жас тұлпарды» Мәскеудің қаланың ішіндегі Жданов ауданының Мәдениет үйінде мәдени шара деген сылтаумен (ішінде әрине концерт те бар) үлкен жиын өтпек болады. Бәрі келісілген. Бірақ осы ұйым ішінде біреу сатқындық жасап тиісті орындарға «Жас тұлпардың» бүкіл құлыясын жайып салады. Сондықтан дереу жиында болмай қалды, «Жас тұлпардың» басшыларын қуғындауға олардың ары бармады ма, әйтеуір жаба сіргелеп, бәрі тиылып қалды...

...Сүтгібай атасынан тарайтын Тілеухановтардың ауылдағы туыстары Зәрухан, Асылхан Қабықановтар. Бұлармен жасымыздан бірге асық ойнап өстік. Зәрухан ауылда үлкен отбасының ұйтқысы болып жүрді. Асылқан Қарқаралы жақта қызмет істеді. Өмірден ерте кетті. Жаңылмасам, осы ұрпақтан Әзіхан, Досымхан, Қабықан деген үлкендер болды. Қабықан - Зәруханның әкесі, аналарының атын ұмыттым, Қабықан ақсақалдың атын атамай: «Зәруханның әкесі» деп атайтыны есімде қалыпты. Мұны айтып отырғаным: сол уақыттың әйелдері нағыз қазақы тәрбиенің қаймағын қалқыған, күйеуіне қарап бір ауыз қарсы сөз айтпайтын адамдар еді. Қабықан ақсақал колөнері бар адам болатын. Арнайы сайман жәшігі бар еді. Досымханнан Кәдірхан алып жігіт еді, Балқашта қайтыс болғанына едәуір уақыт өтті ғой деймін. Әзіханнан - белгілі Амангелді мұғалім, бізбен бірге оқыған Рымтай туған, көп уақыт туған ауылында мектеп директоры болды. Әдіхан аға да осы ұрпаққа жататын шығар., кішкентай күнімнен білем, зады бұл тұқым-ешкімге дауыс көтеріп жатпайтын, өздерімен-өздері жүретін адамдар сыяқты еді. Сәулехан жасында жұғымды жақсы бала болатын, кейін Балқашта деп естимін. Оқушыларға кішкентай бір естелік айтайын: 1949 жылы Бөріктас бауырында бір қыстақта отырғанымызда қыстың күні біздің үйге кәдімгі акын Серіктің әкесі Ақсұнқар келді. Ол кісі сол кезде ЦК парторт лауазымында болуы тиіс. Жанында адамдары бар. Олар асқа қарады. Сол уақытта үйге көрші Әдіхан да шақырылды. Қонақтармен бірге отырғанда Ақан қағілез жеңіл адам, Әдіханға қарап: «Әдіхан ініміз оралмаған екен, арт жақсылығын берсін» деп көңіл айтты. Сөйтсек ол кісі соғыстан оралмаған екен. Ақан сыртта қызмет істегеннен соң көп уақыттан бері ат басын елге бұрғаны осы екен...

...Мандолин содан жетпісінші жылдарға дейін көп тараған, әр үйде болмаса да он үйдің біреуінде ілулі тұратын дүние еді. Біздің халықтың өмірінде етене болып кеткен осы бір ғажайып аспапты бүгінгі күнге кездестірмейсіз де. Қазырғы жастар мұны білмейтін де шығар... Менің осы жазудағы мақсатымның бірі кейінгі ұрпақ әке-аталарының өткен ж...

деген ғой. Сондықтан да сол замандағы тұрмыстың кейбір деталдарын ендіре айтатыным сондықтан.

Нұрмағамбетов Мұқыжан деген осы кейіпкеріміз –Қарқаралы политехникумын бітірген мұғалім екен. Ұлы Отан соғысына қатысқан, тіпті араланған. Қазыр орталықтағы мектепте математика пәнінен беретін мұғалім осы кісі екен. Бұл кісі мандолинда да, домбырада да бірдей ойнайды. Әленді де көңілінің хошы келсе әуелетіп жібереді. Бесқұйрық деген аты шыққан бәйге аты болды. Мұқыжанның әнгімесі көбінесе осы Бесқұйрықтың шапқаны, озғаны тағы басқа жануар қылықтарына таңғалумен, сүйсінумен болатын. Бұл кісі қазыр ойлап отырсам, сол өткен замандағы сал-серілердің жұрнағы сыяқты. Ер көңілді адам болатын. Бесқұйрық аты шынында да елдің аузындағы ат болатын. Әредік болып тұратын колхозаралық немесе жетінші карашада Кеңестер Төңкерісінің жыл толған мерекелерінде бәйге бола қалса, Бесқұйрық алдын бермейтін. Ол уақытта бәйге алған атқа да адамға да берілетін маз ештеңе жоқ. Әйтеуір озды деген, бәйге алды деген атағы ғана.

Мәдениеттегі бастауыш мектеп жабылып қалды дедім ғой. Неге екенін кім білсін, бұрын орталықта тұрған Мұқыжан мұғалім Мәдениетке көшіп келді. Үш шақырым дейтін екі ортаға Бесқұйрықты мініп бармайды. Оны сылап-сипап жыл бойы сабақтан кейінгі бар уақытын соған жібереді. Екі ортаға мұғалімдер жаяу жүрмейді. Мұқыжан мұғалімнің бұдан басқа жуас құла аты болды, соны таңертең мініп кетіп, күн еңкейе сабақ біткен кезде қайтады. Күні бойы мектеп алдындағы аспалы сырғауыл тектес ат тұрақ бар, сонда жалғыз құла ат емес, маңайдағы барып-келіп оқитын балалардың тайлары, өгіздері де қантарулы тұрады. Кейде өгіздер қарны ашып мөңіреп тұрады. Жануарлардың ішіндегі сырбазы жылқы ғана. Тырп етпей, сыр білдірмейді ғой, жарықтық. Оның себебі ол уақыттың балалары мұғалімнен қатты именеміз. Мұқыжан мұғалім негізінен бізге қатал көрінеді. Ол кездегі ересейіп қалған балалардың дені темекі тартады. Мұның басты себебі балалардың иесіздігі деп білем. Әке-шешесі бар болса ертеден қара кешке дейін колхоздың не бітпейтін, не өркендемейтін өнімсіз жұмысынан бір босамайды. Бұл бір. Екіншіден көбісінің әкелері соғыста өлген болып келеді. Балалар ерте есейеді. Мұның бір белгісі темекі тарту сыяқты көрінеді. Шынында да бұл балалар қазырғымен салыстырғанда физикалық дене қуаты жағынан да, ақыл-ой қабілеті жағынан да алда сыяқты көрінеді. Жеті-сегіз оқитын балалар бір шағын ауылдың отын-суын түсіретін. Оның үстіне бұлар колхоздың дындай жұмысшылары болатын. Сабағын да оқитын. Бесінші класс оқитын қыздар бір үйдің ішкі жұмысын қылп еткізбейтін. Темекі тартуға әуес болудың бір сыры қараусыздықтан дедік қой. Пайда –зиянын да байыптамағандық бар. Бір ауылда бірнеше бала тартқан сон аржағы белгілі ғой. Адам баласының бір қасиеті жақсыдан гөрі жаман нәрсеге де жылдам үйірленбек. ...Біз екі ауылдың арасында, мектепке барып қайтып келе жатқан жолда емін-еркін темекі шегеміз. Махорка деген болды. Сапасыз жаман сары

қағаздан пашкесі болады. Сыртында әңгіме айтып отырған аңшының суреті бар. Моршанск деген күні бүгінге дейін жеңіл өнеркәсіп орнаған Ресейдің шағын қаласынан шығады. Осы махорка өте мол болды. Себебі дүкенде арзан. Ол кезде насыбай ататын үлкен кісілер де жапырақ темекі іздеген жоқ, осы махоркадан насыбай үте беретін. Сол уақытта осы махорканы тартқан біздің замандастарымыз «оның иісі ғажап еді» деп дәріптейді. Ол махорканы газет қағазына орап тарту керек. Оған ептілік керек. Кейбір балалар бұған епсіз келеді. Орамақ болып қолындағы қағазы жыртылып, махоркасы шашылып қалып жатады. Мен өзім жіптіктей қылып ораушы едім. Соған лайық темекішілердің арасында «апторитетім» де болды. ...Мектепте сабақ жүріп жатады. Қырық бес минуттың өткенін асыға тосып темекішілер көзіміз терезе жаққа елеңдей береміз. Сабақтың ақырынан гөрі қоныраудың даусын тосамыз. Қонырау демекші, біздің мектепте үлкен сары қонырау болды. Даусы көп жерге естіледі. Осы қоныраудың да өзіндік тарихы болатын, ол туралы бір жерінде айтармыз. Осы қонырау- гүр ете қалып дыбыс бергенде біз сыртқа жүгіреміз. Өйткені темекі тартқымыз келіп барады. Үзіліс болса бес-ақ минут, сондықтан үлгеру керек. Енді бір сәтте жүз кадамдай жерде тұрған дала туалетінен темекіші балалардың түтіні бәрі қосылғанда әсіресе тымық күндері бұрқырап кетеді. Темекіге қарсы мұғалімдеріміз қатты күреседі, үгіт көп жүреді. Бірақ біз мұғалімдеріміздің барлық тілін аламыз да, темекіге келгенде «тартпаймын» деп уәде де бере алмаймыз. Сондықтан темекі тарту мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Әр жиналыстың, кейіннен жоғары сыныптарда комсомол жиналыстарының бір азығы осы темекі тарту мәселесі болушы еді. Әрине, біз ұстаздарымызға білдіріп, көрсетіп еш уақытта шекпейміз. Тек байқамай қалғанда болмаса. Мәселен, Мұқыжан мұғаліммен біз дұрдараздау боламыз. Өйткені ол кісі математикадан береді. Сол кезде төртінші класта он төрт амалмен шығатын сөзді есеп бар десіп жүретін. Сондықтан есеп шығару өте оңай емес еді. Өздеріңізге белгілі құрметті оқушылар, мұғалімінің оқушыға деген пейілі оның сабақты қалай орындауында ғой. Бұл жөнінен келгенде біз ақсай беретінбіз. Өйткені қай заманда есеп сабағы оңай болмаған. Мұқыжан мұғалімнің түсі суықтау болғандықтан, біз оған қанша жақсы көрінгіміз келгенмен мұның орайы келе бермейтін. Есепті шығара алмау бір, екінші біздің «темекі шегетін» қылмысымыз бар ғой. Біз Ақжарыққа сабаққа келе жатқанымызда, не қайтып бара жатқанымызда темекі мәселесіне еркіндік тиеді. Темекі ұйымының мол ішінде Мұқыжан мұғалімінің баласы Ораз да бар. Оразды еркелетіп Бабай атап кеткен. Біз де солай атаймыз. Бір күні Бабай темекі түтініне шашалып қатты жөтелді, сонда Әділ деген бала тұрып-Әй, Бабай темекінің түтіні сенің ішіндегі құрттарды қырып жатыр, сен содан көп жөтелдің,- дегені есімде қалыпты. Темекі бізде үнемі бола бермейді. Ондайда Бабай арқылы Мұқыжан мұғалімінің темекісімен де жарналас болып қалатын жағдайымыз бар. Жолда келе жатқанда әрине біз алды-артымызды байқап отырамыз. Өйткені үлкендер не мұғалімдер атпен жүреді, олар біз өзімізбен әуре болып келе жатқанда артымыздан келіп қалып көріп қоюы мүмкін. Шынында да ондайда

қатты қысыламыз, ұяламыз, осы пәлеге неге үйір болдым деп өкінеміз де. Бірақ уақытша нәрсе: кейіннен темекі түтіні тағы будақтайды. Үлкен кісілер Бұқжыжанның әкесі колхозды өркендетуге күш жұмсаған адам деп айтып отырушы еді. Алғашқы сырлы молотилка, лобогрейка деген егін бастыратын қарапайым механиканы әкелген адам осы кісі екен. Жоғарыда айтып едім, тағы бір еске салсам артық болмас: бұл кісіні көре алмаушылар көбейіп, үстінен бай баласы деген сыяқты арыз түсіріп түрмеге жапқызған екен. Біраз уақыттан кейін ақталып шыққан екен. Бұдан кейін де ауылдастарын өркендетуге еңбек етіп жүрген осы нар адамды күндестер жығудың ең оңтайлы жолын тапса керек, ол отыз жетінің лаңында енді мұны халық жауы етіп көрсеткен. Сонда бұл кісіні ұстап әкетіп бара жатқанда бұл кісі : -Өңкей шіріктер, енді маған туған жерден екі аршын жерді де қимайын дедіндер ме?,- деп айтты деген сөз бар.

Біздер Мәдениеттен қырық шақты бала барып келіп оқимыз. Күннің суығы, аязы , бораны дегендерді біз елемейміз. Себепсіз сабақтан бірде-бір қалмаймыз.Тіпті соншама жерге жиналыс, мереке сыяқты шаралар болса екі рет барып келуге бармыз. Үстімізде киген киіміміз өте жұпыны. Күпәйкешалбар деген болады. Мұның өзі соғыстан кейінгі уақытта пайда болған нәрсе.Ортасы мақтадан сырылған, сыртқы тысы да жұп-жұқа матамен тысталған бір «дүние» біздің он жыл мектепте оқығанда кигеніміз осы болды десек, қазырғылар сенбес. Оның өзінің бүтіні болса... Басында әйтеуір бір құлақшын, кейбіреуінде, тымақ, бөріктің жұқанасы. Кейбір адамдар сол уақыт жақсы еді деп отырады. Осындай қиыншылықты айтсаң олар «соғыс болды ғой, анау болды ғой, мынау болды ғой» деп өздерінше бір сылтауларын көлденендетеді. Сол соғыстың болуына кінәлінің өзі сол социализм екені түсінуге өрелері жетпейді.

Аяқта «керзі» деп аталатын етік. Табаны әжептәуір мықты резеңкеден жасалған. Ол табан мыс шегелермен отырғызылған. Әжептәуір мықты нәрсе. Жазы-қысы соны киеміз, оқуда, жұмысқа да сол. Бұл киімдерге жылына бірақ рет қолын жетеді. Күзде әкеміз мінгестіріп колхоз орталығына дүкенге келеміз. Әкеміз байғұс өзі оқымаса да көнілі жүйрік адам. Балаларының оқығанын теріс көрмесе керек. Керек кітап оқулықтарды түгендеп алып шығамыз. Ақша деген қат. Колхоз дегенде жоғарыда айттым, ақша болмайды деуге болады. Алпысыншы жылдардың басында совхоздар құрылып, осыдан кейін халық еңбегіне ақшамен, есеп айырысатын халге келе бастады...

Қызылащы бұлағы

Мәдениет атты ауылдан қырықшақты балалар сол кездегі колхоз орталығындағы басында жетіжылдық, кейіннен орталау мектеп деп аталып.

алпысыншы жылдардың басында орта мектепке айналған мектепке барып келіп оқимыз. Ол кезде үлкендерде, балалар да бір-біріне бауырмал. Аязда, боранда, баскадай қиын ауа райларында ешкім тапсырмай-ақ үлкендері кішілеріне қамқорлық қылып отырады. Сол кезде Сапа, Қабду, Сейітқали, Шәмкен, Кәкен деген жоғары класс оқушылары, Күлән, Гүлбарам, Зайра, Майра, Қайша, Мәкен, Шәкен бұларда жоғары класта оқитын қыздар, олардың бір-екі класс төмендеу оқитын Алтын, Ғалия деген жоғары класста оқитын қыздар болатын. Адам шынығады-деген рас, үлкендерден бері орнаған тәртіп: құлақшынды ешкім түсірмейтін. Аязда құлақты аракідік укалап қою керек, сонда құлақ үсімейді. Бала адымға үш шақырым деген едәуір жер, әйтеуір екі аралықты үш шақырым дейтін, бәлкім бұдан артығырақ болар. Біз қанша «үйрендік» дегенмен жаяуға едәуір жер. Осы екі ортаны кейде марафон сыяқты жүгіріспен өтетіміз де бар. Кейін қарап отырсам осы шынығуымыздың пайдасы күні бүгінге дейін тиіп келе жатқан сыяқты. Сабақтан қайтып келген соң едәуір жердегі Қызылащы деген бұлағымыздан су әкелу керек. Бұлақ ауылдан әжептәуір алыс. Қызылащы деп аталу себебі бұлаққа байланысты емес. Өйткені Қызылащы өте тұщы бұлақ. Ащы аталу себебі: бұлақтың мол ағысында қызыл топырақ езіліп ағып, көп жерге жайылып жатады. Қыста әрине осы қызыл лайдың үстің қар жауып калып бұлаққа барып келу, жеңілдейді. Көктеммен күз, жазда осы лайды кешіп өтуге Мәдениет балаларына тура келеді. Бұл саздың өзі жай саз емес, аяғыңа орала жұғады, оны аяғыңды сілкіп тастап кетіре алмайсың, нағыз керамикалық дүниелер жасауға таптырмайтын материал болуы керек. Аты, көлігі барлар орталық-Ақжарықтан да осыдан келіп су алады. Ол жердегі кейбір қарт адамдар тіпті осы Қызылащының суынан басқа суды ішпейді де. Сондықтан бұл бұлақ біздің бала көңіліміздің бір мақтанышы еді. Суы мол, атылып ағып жататын Қызылащының суын ішу маңайдағы елдің арманы. Өйткені ол қасиетті бұлақ. Ақжарыққа тұспа-тұс Қарашы деген де бұлақ бар, ол да суы мол жақсы бұлақ. Бірақ, үйренгендер бәрі-бір Қызылащының суын ішеді. Суға кеткен кейбір қу балалар жақын жерден Қарашының суын алып келсе оны әлгі кейуаналар дәмінен айырып, танып қояды. Міне, Қызылащы осындай бұлақ. Біздің өзендеріміз де бар. Қазыр есімізге түсіріп отырсақ, сол кезде өзендеріміз өзімізге Жайықпен –Еділден кем түспейтін сыяқты. Әсіресе, жазғытұрым су таситын кезде, керемет салтанатты болады. Гүрілдеп Сарыөлең аталатын өзеннің түсуін күтеміз. Сең бұзылып бір түні гүрілдеп аға жөнелгенде бізге онан үлкен өзен жоқтай көрінуші еді. Сарыөлеңнен жоғары Айнакөз деген кең далаңқай болатын. Одан әрі әжептәуір биік таулар. Осы таулардан аққан көктем суы Сарыөлеңге келіп құйғанда тасыған судың гүрілі шынында да күшті болушы еді.

–Айнакөздің суы келе жатыр, –дейді Аманжол деген бала. –Үйде болған үлкен кісілер айтып отыр, – дейді. Біз соны күтіп далада көп жүреміз. Біздің соғыстан кейінгі жетіспейтін балалық шағымыздың өзінше бір қызықтары осылар

болатын. Көктем шыға күн ысыса деп армандаймыз, өйткені суға шомылу, жүзу біздің үлкен ермегіміз.

Жаңылмасам, 1954 жылы күзде Тынық мұхит Флотында қызмет еткен Әдепбеков Ахмет аман-есен елге оралды. Флотта әскери қызметке бару өте қиын шаруа. Бес жыл мерзімді уақытын былай қойғанда, Теңіз Флотына әскери қызметке бару үлкен құрметті білдіреді. Соымен қатар бұған лайық денсаулық, дене мүшелерінің параметрлерінің сәйкестігі де керек. Бойдың биіктігі, кеуденің өлшемі, тағы басқа нәрселер сәйкес келуі керек. Жастай кезінен рахитке көп ұшырайтын біздің ұлт балаларынан әскерге шақырылғанда екінің бірі де бұған ілікпейтіні сондықтан. Жылы жүзді, қоңырқай өнді, үлкен –кішіге аялы көздері мейіріммен қарайтын - бойы екі метрге жуық Ахмет ағамызды бұрын демалысқа келгенде бір көріп қалғанбыз. Бұл кісінің Флотта қызмет еткенін біз керемет мақтаныш ететінбіз. Енді міне, өзі де келді. Қоңырқай өнді, жүзі үнемі күлімсіреп тұратын Ахмет ағамыз тіпті мейірбан екен. Бәрімізге де жылы жүзбен карап, кім нешінші класта оқитынына дейін аса сыпайылықпен сұрап қояды. Күзге қарай келгендіктен, өзінің қара матадан жасалып, жолақпен әдіптелеген керемет формасымен біраз жүргені бар. Бас киімінде «Тихоокеанский Флот» деген алтындай жарқыраған жазуы бар. Әскери қызметке бармас бұрын педагогикалық техникумды бітіргендіктен бірден мұғалім болды. Жоғары класс оқитындар көбінесе Ахмет ағаға үйірсек. Бізде бері жағынан барсақ, олар білдірмей қуып жібереді. Бұл кісі біздің еліктейтін адамымыз болды. Әскерге дейін үйленген екен. ...Ауылдағы өзеніміздің тереңдігі жөнінде біз: »Ахмет ағаның тамағынан, иегінің астынан келіпті»-деп өлшейміз. Бұл біздің өзеніміздің ең терең жері. Кезінде біздің бала көңілімізді аспандататын ағамыз еді. Өмірден ерте өтіп кетті. Артында қалған туғанына қырық күн толмай қалған тұяғы Әдепбеков Бағдат әкесіне лайықты азамат болды. Ретіне қарай халқының жоғын жоқтайтындай дәрежеге жетті. Құқықтық қызметтің жоғары сатысында жүріп, ауылдың, елдің, жердің мүддесін есінен шығармайтын азамат болды. Жоғарыда мен айтқан қасиетті Қызылашы бұлағының маңайын қорғау, кезінде аю өлтірген аталары Қызырдың жеріне, бұлағына мемориалдық белгі қою сыяқты этнографиялық-танымдық жұмыстары Қызыларайлықтардың келесі ұрпақтарына танымдық мәні көп болар деп ойлаймын.

Негізінен біздің ауылдан кейінгі жастарды білмеймін, Флотта қызмет еткен екі адамды білемін. Біреуі осы Ахмет ағамыз, екіншісі Біләлов Кәрім ағамыз. Бертінде Тойшыбеков Мәрден флоттық формамен келді. Жаңылмасам, Солтүстік Флоттың жағалау қызметінде болды ғой деймін. Кәрім ағамыздың мінезі де жібектей болушы еді. Бірде-бір адамға –сенікі қате» деп айтқанын ешкім естімеген шығар. Бұл адамдар өзінің ізгілігімен, адамгершілігімен сөз жоқ, біздің есімізде силас, тілеулес ағаларымыз ретінде

қалды. Бұл адамдар жөнінде сөз ретінде айтып жатырмыз, сәті түссе алдағы уақытта да айтармыз.

Қыс күндерінде Мәдениеттегі әрбір үйдің түтіндері бұрқырай көтерілгенін көру де бір ермек. Сабакқа көп уақыт алдырсаңда, үйіңе келіп су әкеліп, отын бұтау деген науқандар болады. Ол кезде тас көмір әлі ауыл пешінде жағылмайды. Пеш демекші кейінгі ұрпаққа этнографиялық түсінік үшін айта кеткеніміз жөн шығар... Ең алдымен үй деп аталатын, сол уақыттың колхозшыларына берілетін пана жөнінде айтайық. Үй деген бас аяғы екі бөлмеден тұратын, жатаған, кәдімгі көрінген жерден ойыла салған балшыққа су құйып, ат немесе өгіз аяғымен араластырып иін қандарғансыған, бұдан соң жұрттың бәрі пайдаланатын тактай қалыптармен құйып қойып кептіретін. Құрылыс материалы деген сол. Міне, осы кірпіштер кепкен соң осыдан жаңағыдай үй қаланады. Негізінен құрылысты қалай мықты істеуге болатынын, басқа халықтардың осыны ерте пайдаланғаны туралы осы кітабымыздың бас жағында айтқамыз. ... Осы кірпіштерді қалап үй салады. Содан төбесін орта тұсына мәтке деп аталатын жуандау бір немесе екі карағай орташа бөрене салып, осының үстінен шілік, болмаса басқа бұтаны жайып, мұның үстіне басында аздап топырақ, күл төгеді. Үй дегеніңіз осы. Осы салынып біткен үйдің ортасын бір жағына көптеу орын беріп, екі ортасын пешпен бөледі. Пеш дегеніміз бес құдық, жеті құдық деп аталатын кәдімгі белгілі технологиямен қаланады. Айтатын нәрсе: мұндай пеш қалау әдісі бертің шыққан. Мұның мәні мұндай пештер жылуды жақсы ұстайды. Ал біз айтайық деп отырған қазақы пештер заулама делінеді. Оның мәні пеште ешқандай жылу ұстайтын құдық болмайды. Яғни әлгі құйылған кірпіштерден қалана салған үлкен тұрба десе де болады. Әрине кішкентай ғана ұйсымақтарды қыстыгүні жылытуға осының да шамасы келетін болу керек. Бұл зауламаньң қасиеті не жақсаң да гүр еткізіп тартып ала жөнеледі. Үлкен (әрі маңызды) қасиеті бықсуды білмейді. Ал әлгі құдық деп аталатын әдіспен жасалған пештер, егер пеш салушы одағай болса көбінесе жөндеп тартпай зығырынды шығарады. Ондай пештерге көбінесе желді күн қажет. Желді күні олар суырып жақсы тартады. Мұның тағы бір тиімсіз жағы бар, кейде жаңа ғана жақсы тартып тұрған пеш бықсып қоя береді, мұның себебі жел ауысқан. Дереву үйдегі балалардың біреуі жүгіріп шығып «қалтқы» деп аталатын бір немесе жарты кірпіштен тұратын «қалтқыны» дереу мұржаның жел жағына ауыстырап қою керек. Осы пеш деп аталған біздің де, басқа халықтардың тұрмыс-салтында маңызды орын алатын дүниенің үйдің ішіндегі бөлігін «кебеже» деп атайды. Айтпақшы «кебеже» бұл құдықпен жасалған пештерде болады. Ал «зауламада» кебеженің орнына қазандық болады. Бұл қазіргі адамдар көрсе бұл не? деп таңғалуы да мүмкін нәрсе. Бұл қазандықтың өзі «универсал» дүние. Бұл пештің де, тамақ пісіретін аспаптардың де ролін атқара береді. Қазандық пештің жоғары бөлігінде

орнатылып тасталған. Үстінде қазан тұрақты түрде орын алған. Қазанның ішіне кез-келген тамақ пісіріле береді. Әрине, көп жағыдайда ет, көже пісруге арналған десе болады. Астынан от жағылған бетте ол үйді де жылытып, тамақты да пісіреді. ... Бұл әңгіме таскөмірдің ол кезде жағылмайтынынан шығып кеткен сыяқты. Оның себебі қазандықтың астында көмірдің күлі түсіп, әрі ауа үрлеп тұратындай орын және оған лайықтап жасалған торкөз темір болмайды. Негізінен қазандық ки және ағаш отынға арналған. Қазанның ішінде үнемі су тұрады, өйткені құрғақ қазанның астына от жағылмайды, өйткені қаңсып кетеді, бір жағынан халықтық наным-сенімге де қайшы келеді.

... Танертеңгі уақыт та ауылда жағылған пештерден бұркыраған түтін иісі өзінді бір ракат күйге бөлегендей. Оның себебі де бар шығар, өйткені отқа жанып жатқан отындар ол-Қызыларайдың орманы арасынан кыиып әкелінген терекпен талдың жанғандағы түтін иісі. Осы түтіндер таңертен бәсекелесе ұшып, түске қарай көрінер көрінбес буалдырға айналып барып басылады. Өйткені үйлер жылынды, енді қазандық астына тамақ үшін ғана түске қарай тағы от жағылуы мүмкін. Осы кезде ауылдың ота шенніндегі кішірек бір шошаладан сыздықтап түтін көтеріледі. Бұл Дәрбай атаның ұстаханасы. Оның ішіне кіре қалсаңыз қабырға да, ішінде жатқан ағаш көмірі де қап-қара болып көзге түсді. Бұл ұстаның құнтсыздығынан болып тұрған шаруа емес. Бәрі де ортада орналасқан шағын көрікке байланысты болуы мүмкін. Біз ұстахананы қызықтаймыз. Дәрбай ата не соғып жатыр екен? –деген әуестік басым болғанмен біз оған жуи қоймаймыз. Себебі кірген балаға Дәрбай ата бір-ақ жұмыс береді. –Әй, балам көрікті бір-екі басып жібер,-дейді. Сенің атын кім, кімнің баласысын оны Дәрбай ата сұрап жатпайды, өйткені осы ауылдағы бір үйдің баласы екенін оған мәлім.

-Бір-екі бас дегені көп басуға ұласады, өйткені көрікті бір-екі басумен оның алдындағы қызыл шоқты үрлеп тұрған жердегі темір қыза қоймайды, өздеріңіз білесіздер, темір тек қып-қызыл болғанда ғана соғуға келеді. Көрікті басында басу әуес сыяқты болғанмен біраздан кейін мұның жұмысының да сол уақыттағы колхоздың өнімсіз ауыр жұмыстары сыяқты мұның да ауыр екеніне көзіңіз жетеді. Біз ұстаханаға барудан қашақтағанмен кейде Дәрбай ата бізді әке-шешемізден де сұрап әкетеді. Ұстахана маңайы шашылған көп темірге толы.Бұл темірлердің көбі бір түренді өгізге не атқа жегілетін соқа болып келеді. Себебі, сол кезде егіс салатын жер жыртылып болған соң бұл соқаларды келесі жер жыртуға шындап қоюы үшін ұстахананың маңайына әкеліп тастайды екен. Бірақ біздің көргеніміз: осы жиналған соқалар қайта жер жыртуға қатысқан жоқ, себебі трактор соқалары шығып енді өнімді етіп сонымен жыртылатын болған екен. Ал әлгі біз айтқан соқалар ондаған жыл шашылып жатып кейін металл сынығы ретінде кеткен болу керек. ...Дәрбай ұстаның сол кезде расында жұмысының жеңілденген кезі екен. Ауыл үйдегілер көбінесе

шымшуыр, шок салғыш дейтін ұсақ-түйектерді соқтырып алады. Ен басты шаруа атқа таға соғу. Соғылған тағаларды кейбіреулер өздері тағалаймыз деп алып ктеді. Көбінесе ұстаның өзі тағалайды. Өйткені ат тағалау да опонай жұмыс емес. Қолдын ептілігі де керек, шеге дұрыс қағылмаса аттың тұрасына кетеді, тұрасы ат тұяғынын жанды жері. Оған шегенің ұшы бір кетсе тағалануға тиісті ат бұдан секемденгеннен кейін тағалатпай да қояды. ... Дәрбай атаны біз кішкентайымыздан көріп келеміз. Атасы Сенкібай батырмен қалмақтарды қуысқан адам болған. Бұл оқиғаны үлкендердің көбісі біледі. Бұл кісінің өзі де ашаң ұзын бойлы қарулы да жүректі адам. 1930 жылдардың аяғына қарай халықты колхозға тарту және отырықшыландыру үшін Кеңес өкіметі жер-жерде егінді қолдан суаруға болатын бөгеттер салған. Оны көбіне орысша «водоём» деп атап кеткен халық. Былқылдақ деген жерден алыс емес кейін «Бөгеу» деген ат ала бастаған осы су қоймасының нағыз керек кезде су жіберетін тығыны шығып кетіп, күллі су далаға ысырап бола бастайды, осыған лажсыз болып тұрғанда Дәрбай ата –Мені арқанға байлап , бірнешеуің ұстап тұрыңдар, деп осы судың тығынын сүнгіп барып жапқан екен. Бір өкініштісі осы ерліктер, басқа да адамдардың ерліктері аяқсыз қала беретін. Дәрбай ұста ұсақ-түйектерді соғып отырған қызылы кеткен, бірақ әлі жай адамның қолын сыдырып , күйдіріп түсетін ыстық темірлерді қолымен қағыстыра салады, мұны көріп отырған жай адам таңғалмай қоймайды. Бұл кісі көп сөзге жоқ. Бір әңгіме, оқиғаны айтса қысқа ғана қайыратын. Есесіне бір нәрсеге күлсе қатты қарқылдап риясыз күлетін. Бұл кісінің бәйбішесі Құлқайыр деген кісі өте кербез адам. Ешқашан екеуінің ұрысқанын көрмейтінбіз. Дәрбай ұстаның аңқаулықпен қызық оқиғаларға да кез болатын жерлері көп, құрдастары айтып күліп отыратын. Барға да, жоққа да төзімді, жайлы адам болатын. Біз ауыл балалары бұл кісіні жақсы көретінбіз. Негізінен ауылдың барлық қажеттерін ашып тұратын ұста болатын. Мәселен бір үйдің терезесі сынып қалса да осы ұстаға келетін. Ұста «істеп бере алмаймын» деп айтпайды, көмір қызып тұрса соғып отырған ісін бітіре сала әлгі үйге барып шыныны оп-оңай кесіп сала салады. Бір қызық жері бұл кісі шыны кескішті кішірек сымның шетінен (4,6,ші) деген сымдар болады, мұны халық аузында кара сым дейді. Осы сымдардың біреуін шетінен бір тұтамдайды ала салып қызып тұрған шоққа тығып жібереді. Қып-қызыл болып тұрған сымды оттан суырып алып үш шығарып жып-жылдам соға қойып, суара салады. Сода әлгі сым асыл шыны кескішке айналып шыға келеді. Себебі ол суаруды біледі, дейді жұрт. Бірақ Дәрбай ұстаның бұл кескіші біраздан кейін қайда кеткенін ешікм білмейді, жоғалып кетеді. Бірақ, Дәкен оған ерінбейді, қайта соға салады. «Дәкеннің майы» деген сөз болатын. Мұның шығу себебі қайбір бұрандалар тот басқансоң бұралып алынуы да, қайта бұралып салынуы да қиын. Өйткені темір қанша қажалса да шайнаса беретін металл. Сондықтан оны бұрау үшін майлау қажет. Май қайдан бола қосын, сонда Дәкен түкіре салып, әлгі винтті әжептәуір оңай бұрай салады. Міне, сондықтан осыны көрген жұрт осы құбылысты»Дәкеннің майы деп атап кеткен. 1953 жылдың

жазы. Бірге салынған үйдің екі басы. Бір қызығы сол заманда біреуді меншік үй болмайды, өйткені бұрын меншігін болса да қазыр колхоздікі. Сондықтан жаз колхоздың жазғы науқандарында болып қыстауға келген жұрт жағыдайына қарай әлгі қобырсып жатқан үйлердің өзіне ұнағанын жөндеп алып кіріп тұра береді. Біздің үйіміз тура сондай бір үйдің екінші басы еді, бір басында Дәрбай ұста тұратын. Бір күні есік алдында ол кісі маған: Әй, бала, бері кел, деп жылдам шақырып алды. Қолында үшбұрыштап жапсырылған қағаз бар. Ол бұл кісіге келген хат екен. –Мынаны оқи аласың ба? деп сұрады ол менен. Мен басымды изедім. Қағазды қолыма берді. Сыртында батыра жазылған: «Қарқаралы зооветтехникумының 2 курс студенті Дәрбаев Төлөндіден, тапсырылсын Қайранов Дәрбайға» деп жазылған екен. ...Дәрбай ұстаның Максұт, Төлөнді, Райымқан деген балалары және екі қызы болды. Үлкені Максұт 1927 жылы туған көрінеді. Біз бастауышта оқып жүргенде бұл кісі Балқашта милиционер болып істейді екен, кейін ауылға келіп шофер болып істеді. Райымқан жұғымды жақсы болып өсті. Бұлардың кейінгі тағдырларын тізбелеудің қажеті болмас. Райымқанмен бірге өстік, мінезі жайлы, қу тілділігі де болатын. Мұндайды "жатып атар" дейді халық. Бұлардың үлкен ағалары Мақан бірбеткейлеу және інілерінің тілін алама? Менің айтқаным дұрыс деп жүретін Мақан алғашқыда «Уралзис» деп аталатын ағаш кабиналы колхоздың бір машинасын айдап жүретін. Есімізде қалғаны бұл артық-ауыс деталы жоқ бір мың болғыр машина болушы еді, соғыста да еңбегі көп болған-дейді. «Полуторка» аталған сорлыны айырбастаған осы машина болу керек. Бір қызық жері стартер, тормоз деген колхоз машиналарында бола бермейді. Басында болатын шығар кейіннен «бұзылып» қалған болып шығады. Ал стартердың жұмыс істеуі ол аккумуляторға байланысты. Аккумулятор дегенің Кенес өкіметі «азуын айға білеп» тұрғанда жетімді болғанын ешкім көрген жоқ. Бола қалса да сапалары төмен жылдам істен шығатын болса керек. Сондықтан да машина деген аты болмаса бұлардың да бейнеті» өгіз айдағаннан» кем болған жоқ. Оларды суықта қыздыру керек, одан рукояткамен бұрап оталдырғанша, шофер байғұс терлеп, телішіп те шаршап та бітетін шығар. ... Осындай күндердің бірінде тәрізі алпысыншы жылдардың басы болу керек, Мақана жаңа газон деп аталатын сол кезде ең көп тараған автомобилдің «самосвалы» тиген екен. Бұған Мақан да «қуанып» ауылдастары да «қуанып» дегендей болып жатады. Бұл уақытта әке-шешелері бұл дүниеден кеткен кезі. Ұстахананы әрі қарай ұстайтын Дәкеннен дарыған ұрпақ болмай ма, немесе ұстахана дегендер ол кезде жабылып қалды. Бір себебі дайын, заводтан шыққан дүниелер көбейген кез. Мақан жаңа машина тізгінін ұстап келген қуанышпен сол кезде әке-шеше үйіне не болып жүрген інісі Райымқанға келіп: -Жүр, шырағым, үйге бір отынға барып келейік, -дейді. Өзі «барайық» деп белсенділік танытып тұрған ағасына не десін, Райымқан «жарайды» деп екеуі жаңа самосвалмен-Қызыларайдағы мол ағаштың бір жеріне барып қуы, жасы бар біраз отынды тиепті. Отын-ағаш дайын жатпайды, оны кесіп алып артқанша қас қарайып

калыпты. Содан әлден уақытта тәп-тәуір отын тиіп «енді жетер» дескен. Мақаң жолда келе жатқанда Райымқан інісіне «інім, енді жақсы болды, үйге барғаннан кейін бұрынғыдай әуре болып қолмен түсіріп жатпай-ақ аудар саламыз ғой» депті. Сол мезетте Қызыларайдың тауымен қайқандары көп болады ғой. Осындай қайқандардың бірінен көтеріле берген темір борт өзі де тайғанақ, оның үстіне әлгі самосвалдың кузовы кейде лықсып кететіні болады деп бұрыннан да айтылып жүретін әңгіме бар екен, отын бірақ лықсып жылжып түсіп қалыпты. Мұны Мақаң сезбепті, Райымқан айнадан көріп отырыпты, бірақ сыр білдірмепті. Біраз жүргеннен кейін бұлар үйге жетіп, Мақаң сәл тоқтап, Райымқанды түсіріп: -Ал, шырағым, мен аздап шегінейін, сен отын үйетін жерге келгенде маған тоқтатып белгі беріп тұр деген. Райымқан үнсіз келісіп, анадай жерге барып тұрады. Бұл уақытта ымырт жабылып кеткендіктен Мақаң машина жарығын жағып, Райымқанның қол көтеруіне байланысты шегіне бастайды. Едәуір шегініп, - Болды ма,-деп айқайлапты Мақаң. -Болды, депті Райымқан. -Көтерейін ба, депті Мақаң. -Көтеріңіз депті інісі. Мақаң бортты көтеретін тетігін қосып быжылдатып әбден көтеріпті де отын сол орында түсіп қалып қоюы үшін алға жүріп барып тоқтапты. Екеу отын түсті деген жерді караса түк жоқ... Міне осындай да оқиға болған. Бертінде Мақанның жанына отырып аудан орталығынан бір қайтқаным бар. Жылдамдық тетігіне қолын ыңғайлап апарып отырады. Енді жоғары жылдамдыққа ауыстырар дейсің-ау. Бірақ Мақаң өйтпейді. Ол ауыстыру туралы шешімге келгенше лықсып жолдың тағы бір жаман жері келіп қалады да жаңағы төмен жылдамдықпен тағы дырылдатып отырады. Өте ішті пыстыратын жылдамдықпен жүреді Мақаң...

Тағы да ұстадарымыз жайлы

Адам өміріндегі басты дүние, оның бала күні, бала шағы, алған тәрбиесі, оқыған ұстазы –сөз жоқ, оның келешек өмірінде үлкен маңызы бар. Маңызы ғана емес, бүкіл өмір бойына жол сілтеп тұрады-деп айтсақ артық емес. Адам баласының көңілі де қызық. Біреуді біреу жақтыртпайды, ал оның жақтыртпайтын адамы кейде біреудің сүйікті жары, біреудің сүйікті досы. Адам баласының көп реніш қайғысының көбісі бірін-бірі түсінбеуден туындап жатады. Басқасы басқа шығар, бірақ сол кездегі ұстадарымызда бірақ мақсат болғанына қазір біз куәлік ете алатын сыяқтымыз: олардың мінез-құлқы, білімі, алған мақсаты әртүрлі болуына карамастан олардың алында бала жөнінде бір-ақ мақсат бар болған. Ол осы балалардың адам болуы. Өйткені олардың өзі де көп қиыншылық, теперіштерді бастан кешірген. Сондықтан да біз сол кездегі мұғалімдеріміз туралы айтқанда олардың бірі жақсы, екіншісі жаман еді деп емес, қайта олардың ұлағатын келесі ұрпаққа үлгі болатындай жағыдайын ойлауымыз керек деп білемін. Ал бұл кітапта олар туралы ризалықпен айта отырып, тек сол кісілердің қызық қылықтарын, кейде езу тартқызатын әрекеттерін еске алуды мақсат тұттым. Менің өзімнің оқушыларға бір құпиямды ашып қояйын, мен адам

баласының бойынан тек жақсылықты іздеймін. Бұл өте керек нәрсе деп ұғамын. Өйткені жақсылықты іздеп табу өте қиын да, ал жамандық өзі-ақ көрініп қалады. Сондықтан да келесі ұрпаққа да «бір-бірінің бойларыңыздан жақсылық ғана іздесеңіздер өркендейсіздер» демекпін. "Тіпті бұрынғы аталарымыздан қалған сөз осындай да тілге өзі-ақ оралып тұр: "Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дер, Өспес ауыл баласы бірін-бірі қатын дер" деген сөзді олар кейінгі ұрпаққа айтып кеткен. Қай заманда болмасын адамның келешекте қандай адам болуы ұстаздан алған тәрбиесіне көп байланысты. (Әрине, оқу оқыған болса). Сондықтан көп уақыттар өткенімен кейінгі ұрпаққа естелік ретінде болса да бұлар туралы айтып кеткеніміз жөн шығар.

Біздің ұстаздарымыз мықты болды деп айта аламын. Қызыларай мектебі аудандағы алғашқы жетіжылдық мектептің бірі екен. Алпысыншы жылдардың басында аудан бойынша ауылдағы алғашқы орта мектепке айналды. Сол кездегі өлшеммен алғанда мектебіміз еңселі, шатырлы үй болатын. Өзімізге әдемі де, айбынды, салтанатты болып көрінетін. Біз жоғары кластамыз... Елуінші жылдың аяғына қарай жоғары білімді мұғалімдер көбее бастады. Жаңылмасам, 1954 жылдан мектеп директоры Қаз.ПИ-ді бітіріп келген Ағеділов Қасжан еді. Биік бойлы, әдемі дөңгелек аксұр жүзді бұл кісінің жүзі жылы болатын. Қасжан мұғалімнен кейін сол елуінші жылдардың ортасына қарай тағы бір Қазақ Педагогикалық институтының түлегі Жақатаев Айыпқан директор болып тұрды. Бұл аталған екі адамда институтқа дейін Қарқаралы педагогикалық техникумын бітірген екен. Осы жөнінде сөз қозғалған соң айта кеткеннің артықтығы болмас: Қарқаралы педтехникумы Қазақстан бойынша үлкен білім беретін база болған. 1920 жылдардың басында сол кездегі халқынан жан аямастар: Әлімхан Ермеков, Имам Әлімбеков, Мәннан Тұрғанбаевтардың тікелей күш салуымен, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановтардың тілекшілігімен ашылған бұл оқу орны 1952 жылы Саран қаласына көшіп кеткенше көп адамдарды тамаша білім беріп оқытып шығарған екен. Жоғарыда аталып отырған ұлт жақсыларының ақылдылығын айтсаңызшы! Олар Қарқаралыда төңкерісшіл пиғылдары үшін айдалып, жер ауып келген орыстың озық ойлы адамдарының осы Қарқаралыда кәсіпсіз жүргендігін біліп осыны пайдаланып осы оқу орнын ашуға күш салған ғой. Бес жүз бойы еркі өзінде болмаған халықтың осы ұлдарының осы еңбегінің өзі қандай ерлік! Осыны оқығандардың жадында барларын айта кетейін: Академик Ақжан Машанов, Академик Әбілқас Сағынов, Академик Шапиқ Шокин, Генерал Кемел Бошаев тағысын тағылар осында оқыған. Қарқаралы педтехникумі асырып айтпайтындардың айтуынша сол кездегі институттан артық білім беруші еді,-дейді көне көз, кәрі құлақтар. Ғалым Ясенецкий, химик кейіннен химиядан Одақ бойыша оқулық жазған Петровский дегендер, бүгін бізге аттары беймәлім ғалымдар сабақ берген соң әрине, бұл оқу орны мықты болған. Осы орайда жалғыз педтехникум ғана емес. Қарқаралы

зооветтехникумының тағдыры осындай. Әлгі педтехникумде сабак берген мықтылардың көбі осында да дәріс берген. Сол себепті Қарқаралының осы екі оқу орны берісі республика, әрісі Одаққа мәлім болып тұрған. Бертінгі Кенестік жүйе құлағанға дейін мықты шаруашылық басшылары, совхоз директорларының көбі осы техникумды бітіргендер еді. Бұл әңгіме ұстаздарымызды әңгімелеуден шығып кетті ғой.

Сол кездегі мұғалімдердің үлкені Мақай мұғалім болу керек. Құрметті оқушылар! Біз сол уақытта ер болсын, әйел болсын, ағай, апай деп атамаушы едік. Тек мұғалім деп атайтынбыз. Сондықтан мен осы жазбаларымызда сол үрдісті сақтап ұстаздарымызды «мұғалім» деп атап отырмын. «Мұғалім» араб сөзі, «ғалым» деген тікелей мағынаны білдіреді. Мақай мұғалімның шын аты Махамбетше екенін көп жылдан кейін зиратынан көрдім. Бұл аса тұлғалы, зор денелі, гүрілдеп сөйлейтін адам болатын. Менің Кәрібек деген інім бастауышта осы кісіден оқыды. 1948 жылы Ленин орденімен марапатталған екен. Ленин одені Кеңестер Одағының ең жоғары марапаты. Онымен марапатталған адамға осы награданы Советтер Одағы Жоғары Кеңесі Президумының Председателі деген лауазымдағы адам, яғни үлкен мемлекеттің үкімет басшысы (Партия басшысы емес) өзі қолымен тапсырады. Міне, Мақай мұғалім осы жоғары атақтың иесі еді. Сөз орайында айта кетейік: Қызыларайдан шыққан адамдардан осы жоғары награданы алған біз білетін тағы үш адам бар: олар- Смағұлов Абдрахман, Еңбек бөлімшесінен –Исабек деген кісі (фамилиясын біле алмадым), және Имұхаметов Сәмет. Кейіннен Оспанов Жолдыбай да көп ордендер: Ленин, Октябрь Революциясы, Қызыл ту ордендерінің иесі болған, шопан еді Алдажанов Мұқамедия деген атамыз Қызыл ту орденін алған екен. Бұл кісі туралы сөз болғанда: ағасы Мұқаш туралы да айта кетейік. Өйткені есте сақтап отыруға жазып қойған «шорнабегіміз» жоқ. Мұқаш, Мұқамедия бірге туған адамдар. Бірақ Мұқаш елден ерте кеткен. Ол кісінің лақап аты «Слаугөрт». Себебі бұл кісі аумалы-төкпелі заманда Сібірге жөнкілген елмен бірге кетіп, дәм айдаған жер Славгородка барған ғой. Бертінде елге оралып Қарағанды-Сортировкада еңбек сіңірген. Әңгіме айтқанда кзі көп оқиғаларды бастан өткізген «Слаугөртте» деп бастайды екен, содан жұрт қалжыңқой ғой, «Слаугөрт» атап кеткен. Бұлардың әкесі Жұрын айтулы шешен болған екен. Шабанбай биді кезінде сөзден тосқан дейді. Зираты Шылымнан Ақтоғайға қарай асканда Қасабай деген жер маңында кара жол үстінде. Біздің үлкен әкеміз Шанышқұлбай сүйегі де осында....

Смағұлов Абдрахман байырғы мұғалім- Туған ауылында отызыншы жылдардың аяғында сабак берген екен, кейіннен Қарқаралыда, одан соң Қарағанды қаласында педагогтік қызмет еткен. ... 1968 жылы жаздыгүні Қарағандыға оқуға түспек боп бір топ жігіттер Қарағанды көшесінде келе жатып, алдымыздағы киоскіден газет алмақ болып кезекке тұра қалдық. Ол

уақытта кезекке тұрмайтын жерің жоқ. Өйткені қазіргі бырдай дүкендер ол кезде жоқ. Дүкендер қадау-қадау жерлерде. Газет алу себебіміз: ол кезде қазіргі пластика қапшықтар жоқ. Тор көзді «сетка» деген болады. Бірдене алсаң ол сеткадан көрініп тұрмас үшін жұрттын көбі әлгі нәрсені орай салу үшін көбінесе газет қолданады. Міне, осындай халде мен «Индустриальная караганда» деп аталатын газетті ала салсам, кейін жатақханада ашып көрсем, Ленин орденді, Құрметті ұстаз Смағұлов Абдрахманның қайтыс болғаны хабарланған қазанама екен. Суретімен басылған некролог тіпті көлемді екен.

...Бұл кісіні ауылға келіп жүргеннен білетінбіз. Жоғарыда мен әжептәуір әңгімелеп кеткен -мұғаліміміз Сыздықов Қапанның әкелерімен біге туысқан адам. «Ақын аға» деп атайтын барлық туысқандары. Ауылда сабақ берді деген деректі ауылдың өмір бойғы тұрғыны Ілиясов Зейнұрдан естіп едім. Сөз мұғалімдеріміз туралы болған соң, Қызыларай ауылымыз туралы болған соң, біз осы мемуар тектес дүниемізді жазып отырғанда жана эпизодтар еске түсе кететіні бар. Бұл қасиет қалам ұстағандардың бәрінде де бар. Мәдениеттегі Қапан мұғалімінің үйінде бірсыпыра адам тұратын. Әсіресе, Қабду, Қалқаман деген інілері орталыққа бізден бұрын барып келіп оқитын. Шырын деген інісі есейіп кеткен, сол кезде үлкен жігіт болған. Шырын ағамыз кейіннен ауылда еңбек етіп, өмір сүріп, ұрпақ тәрбиелеп дегендей еліне белгілі азамат болып өмірден өтті... Себебі бұлар бастауышты бітіріп кеткен. Кішкентай жатаған үйлер жиі араласып жүреді. Қапан мұғалімнің үйінде ең төргі үйде биік етіп салынған жайлы орында Смағұл деген ақсақал, зор денелі кісі отыратын. Бұл кісіні ел «батыр» деп те атайтын. Ақын ағаның әкесі тәрізі осы кісі болар...

Мақай мұғалім өзінің зор денесімен аса сестілігі сондай манайына жақындаудан қорқамыз, алыстан көрсек жақындамай алыстан зытамыз әрине. Бірақ мұны қорқыныш деп айту да дұрыс болмас, бұл ұстазға деген үлкен құрмет деп түсінген жөн шығар. Өйткені біз әр мұғалімге қарсы кездесіп қалсақ «бір мінімізді көріп қоя ма» -деген сыпайылық сезіміне душар болатынымыз рас еді. Немесе әлі дайындап болмаған сабағымызды біліп қоя ма деген қауып дәрежесінде сезілетін. Біздің мұғалімдердің көбісі (кейінгі жастарды қоспағанда, олар туралы айтармыз) көп қиыншылықтың бәрін көрген майдангерлер еді. Майданда болмағандарының өзі бәрібір соғыстың зардабын тартқан, тылда болғанмен мұндағы ауыр еңбекті өткерген адамдар. Әрине, бұлар әйел адамдар. Сондықтан олар өмірдің барлық өткелінен өткендер. Оларда беталды ұрсу, артық талап қоюлар болмайтын. Сабақ орындатуға келгенде талапшыл-Құрманбеков Әзімбек мұғалім майдангер. Мекеев Қалиакбар мұғалім да майдангер. Ол кісінің жолдасы Мекеева Төкен қазақ тілінің маманы. Қалиакбар мұғалімнің анасы атақты Уғар Жәнібековтың қарындасы екен. Сөз орайында айтайын бұл екі адам, кейіннен белгілі республикалық дәрежедегі журналист Мекеев

Бағдаттың ата-аналары еді. Бағдат «Егеменді Қазақстан» газетінің Қарағанды, Жезқазған облыстарындағы тілшісі қызметін атқарған. Келіншегі Гүлниса да журналист болатын. Екеуі де ертерек бұл өмірден өтіп кетті. Қалиакпар мұғалімнің бір қызық сөзі есімізде қалды: -Құдай төбеннен қос қолдап ұрсын, деп ұрсатыны бар еді. Негізінен жылы жүзді, әділетті мұғаліміміз болатын. Әр солдаттың қалтасында адресі жазылған медальон шиыршықталып кішкентай қапсуланың ішіне салынып төс қалтада сақталады екен, себебі оққа ұпқан жағыдайда тауып үйіне хабарлау үшін істелген әдіс екенін бірінші рет осы кісіден естідік. Бұл кісі орыс тілінен және тарихтан сабақ берді. Соғыста жараланған, контузия да алған, сол жарақаттарының кесірінен бе, әйтеуір мезгілсіз бұл дүниеден өтіп кетті. Ол кезде біз әскерде болатынбыз. Әзімбек мұғалім қаталдау. Бұл кісінің сабағы да біз үшін қиындау. Себебі ботаника. Мәселен мұғалім бидайдың құрамын оқытады. Бір дәнде екі жарып луамен үлкейтіп қарау керек. Оның сырты, екінші қабаты, онан кейін ядросы деп айтып келе жатқанда енді ядроның ішінде не бар дегенде сөз жоқ, біз білмей қаламыз, жаңағы айтқандарымыздың барлығы зая кетеді. Әйтеуір бір үшті өліп талып алып жүреміз. Бұл кісі негізінен өз ісіне керемет берілген адам. Биология деген ғылым да кейіннен білгеніміздей көрешекті көріп келе жатқан ғылым. Ол көрешекті көруге кінәлі ғылым емес, соған плагиатпен кіріп кететін атакұмар ғалымсымақтар көрінеді. Әзімбек мұғаліміміз бізді ғылымда болып жатқан таластардан да хабардар етіп қояды. Сол уақытта академик Вильямспен академик Прянишников дегендердің арасында үлкен талас болған. Екеуі де генетик ғалымдар екен. Вильямстың суреті ботаника оқулығының біреуінде болатын. Вильямсты ұлы көсем аталған Сталин жақтаған. Өйткені ол кейбір дақылдарды лаборатория жағыдайында өсіріп, кейбір түрлі химикат, минераль тынайтықтарды қосып ерекше мол өнім алуға болады деп, Сталинның алдында осы көзқарасы үшін жағымды болса керек. Құрметті оқушылар бір айтатын нәрсе : Сталин өлгеннен кейін бұл ғалымның өтірік концепциясын басқалар әшкерелеп тарих баспалдағынан түсіп қалды. Ұлы көсем деп аталған Сталинның өзін алдап кеткен алаяқтар сол кезде де болыпты. Боголюбов деген дәрігер, адам баласы жүз елу жас жасай алады, таяу уақытта осыған жету үшін жұмыс істеп жатырмын» деп көсемнің алдына барып сый-сиапат көріп жүрген. Бірақ, өзі алпыс бес жасында ауырып өліп қалыпты. Сонда Сталин «ол бізді алдап кетті, жулик деген екен. Еңбекке тәрбиелеу сабағынан да берді. Өртүрлі станоктардан да көп нәрседен хабары бар адам. Соғыстан алған ордендері де көп бірақ бұл кісі оны тағып жүрмейді. Макай, Әзімбек, Қалиакпар мұғалімдерден балалау түгілі жас мұғалімдердің өзі ығып жүреді. Олардың айтқанын дәп бір оқушы балаларша орындайды. Оның себебі, бұл ұстаздар кезінде осы мұғалімдердің өзін оқытқан...

Әзімбек мұғалімнің наградалары көп екенін біз білеміз. Өйткені оның жаңғырығы сол кезде басылмаған Отан соғысы біз үшін қызық бола...

Сондықтан біздер өткен ғасырдың елуінші жылдың балалары бейне бір соғыстың ішінде болғандай күйді кешіріп жүретінбіз. Ол уақытта шыққан кітап та соғыс туралы, кино да соғыс туралы дегендей. Өзекең мұғалім соғыс туралы айтқанды сүймейді. Біз батып ол туралы сұрай да алмаймыз. Өзі сол уақытта үш техникум бітірдім дейтін. Соның біреуі әскери училище болу керек. Ықтиятты оқытатын, жүрдім-бардымдықты сүймейтін. Бұл кісі бір тақырыпты білмей қалсаң бірнеше сабақ өткен соң бәрібір сол білмей қалғаныңды есінде ұстап жүріп сұрайды, сондықтан сен білмей қалған сабағыңды сол бетімен білмей кете алмайсың, өйткені Өзімбек мұғалім оны бәрібір талап етеді, сондықтан қандай қиын болса да ол тақырыпты еріксіз игеруге тура келеді.

1950 жылдардың екінші жартысында мектебімізде өзгерістер көп болды. Жоғары білімді мұғалімдер көбее бастады. Сол жылдары Қарағанды педагогикалық институтын бітірген өз ауылымыздың қыз-жігіттері лек-легімен келе бастады. Мектеп директоры болып Бәкіров Сейтказы деген математик істеді. Бұл кісі тұлғалы, басы дәп бір Лениннің басынан да үлкен шығар деп жүрді жұрт. Бірақ мен өзім математиктерді ұнатпайтынмын. Себебі математик боламын деген ойым да жоқ, оның үстіне осы бір тапжылмай қадалып отырып, басыңды қатырып отыратын пәнді ұнатпадым. Негізінен есептерді шешуі едім, бірақ ығыр болып отыруға төзімім жетпейтін еді. Осы жас мұғалімдерді айтпай тұрып Әбдіразақов Сейтказы мұғалімімізді ерекше айтып кету борышым іспетті. ...Бала күнімізде соғыстың аяқталғанына да көп уақыт өтпеген сыяқты. «Жайлауда Әбдіразақ ақсақалдың үйіне баласы Сейтказы келіпті» деген хабар дүңк ете қалатын. Ол кісі біздің ұғымымызда батыр, өйткені белінде нағаны бар. Кейін білсек, бұл жан мылтықты майдан командашысы ма, әйтеуір бір генерал бұл кісіге ержүректілігі үшін деп, силап, құрметтеп берген ғой. Менің бір өкінішім: сол кезде кейіннен сабақ оқып жүргенде осы туралы батып сұрап алмаппыз, бұл кісінің мінезі өрттей еді, жақсы көрсе жадырап сала беріп, жамандық десе жанып кете жаздайтындай бөлекше мінезді адам еді. Осындай болмаса ауылдан небары жетінші класс бітіріп кеткен бала жігіт сонау неше түрлі ұлттың ығаймен сығайлары бар жерден батальон командирі лауазымында, кеудесі орденмен медалға симай қайтар ма еді. Біреудің кемшілігін бетіне айтатын, ешкімнің жамандығын көтермейтін адам еді. Мінезі керемет еді дедім, ғой жаңа: Әкесі осы мінезінен «біреуді атып тастай ма екен, деп қорқып жүреді екен. Соғыс аяқталғаннан кейін елге қайтып «Балхаш жұмысшысы» деген орыс-қазақ тілдерінде шығатын газетте істеген Сейтказы батыр –әке-шеше қыңқылдай берген сон ба, елуінші жылдардың аяғына қарай ауылға келіп сол кезде орталау болып құрылғанын айтқамын, мектепте тарих пәнінен сабақ беретін мұғалім болып келді. Қазақ Мемлекеттік Университетінің тарих факультетін сырттан оқып орталаған уақыты екен. Кейіннен бітірді. Сабақты да керемет қызықты етіп береді, ұғындырады. Бастауыш әскери дайындық сол кезде кірді-ау деймін, соның

сабағын да берді.Қырықтарға енді келе бастаған кезі-ау деймін. Әлгі сабақтарда жүгіретін жерде керемет жүгіреді. Біз бұған қызыға қараймыз. Оған қарап денесі жеңіл деуге болмайды. Орта бойлы мығым денелі болатын. Соғыста контузия алған. «Рота командирі болып бір қиын соғысқа кіріп, бүкіл рота жауған оқтың астынан шыға алмай көп шығынға ұшырағанда аға лейтенант Әбдіразақов Сейтқазы да ауыр жараланған және контузия алған. «Үлкен бір өзеннен өткен кезде, деп өз аузынан естіген бір әңгімеміз бар еді, (зады бұл кісі соғысты көп әңгіме қыла бермейтін) снаряд талқандап кеткен қайықтың бір үлкен бөлшегі қолына түсіп, есі-кіресілі-шығасылы болса да жандәрмен соған жармасып жаны қалған болу керек. Жағалауға малтып жақындап кле жатқанда,-талқысып кеттім, дейді мұғалім, талмаусыраған ұйқы сыяқты бір маужыраған жай басып барады екен, кенет түс көрдім ауылдағы әкемізбен қатарлас ағайын-әкеміз Жақаң (Жақыпбек) деген кісі алдымда тұр екен, «Сейтқазы, түрегел! Деп айқай салды, дейді мұғалім әңгімесін жалғастырып, сол кезде ұшып тұрмақ болған екенмін, сөйтсем әлім жоқ, бірақ жағаға шығуға жарадым, деп бір әңгімесін айтып еді. Бір әңгімесінде «Қызыларайдан Берлинге дейін» деп соғыстың аяғында мен туралы жазушы-журналист Жылқыбай Нұрбеков «Советтік Қарағанды» газетінің бір бетін түтел арнаған, деп айтқаны есімде қалыпты. Жоғарыда бұл кісінің пистолеті болғанын кішкентай күнімізде көрдік делі қой. Ол рас, әкесі Әбдіразақ баласының ұшқыр, қызу мінезінен ылғи да қорқып жүреді екен. Ол уақыттың бір үрдісі соғыстан қайтқандардың кейде ішімдік ішіп қоятыны да болады екен. Осындай сәттерде біреуді атып тастар ма екен, деп қауіптеніп жүреді екен. Бір күні баласы Сейтқазы қызыңқырап бір мереке күні үйге оралған екен. Сөйтсе осыны пайдаланған әкесі «шырағым, соғыстан қайтқанда, елде әкем бар еді деп тіпті немістікі болса да бір базарлық әкелмедің» деп өкпелегенін білдіріпті. Сейтқазы батырдың мінезі сондай болғанмен өте ақкөңіл, аңғырттығы да болған. Әкесі ренжіді екен деп қиналып қалып-әке, өзіңе не керек, айтшы әкелейін-депті. Сонда әкесі: - Ештеңе іздеп ешқайда бармай-ақ қой, мына кішкентай мылтығыңды силай салсаң болады-деген. Сонда бұл кісі қобурымен -белінен әлгі өзі тастамайтын пистолетті алып әкесіне бере салыпты. Әбдіразақ ақсақал дәл сол күні жақын жердегі милицияға барып жөнін айтып, әлгі атаулы мылтықты тапсырып жіберіп қолына қолхат алған. Мылтықтың жайы осымен тамам болған.

Сейтқазы мұғалімнің інісі Қаура деген елге белгілі кісі болды. Бұл кісі өзінің ағасы Сейтқазының жасы соғысқа баруға толып барса, Қаураның жасы толмаған. Әрине, бұл оқиға соғыстың алдында болған... Комсомолға жасы келгендер өтіп жатады. Жасы толмаған Қаура ағамыз ауыл кеңеске барып есебін тауып жасын үлкейтпін жаздырып, ағасымен бірге комсомолға өтіп кеткен. Сүйтіп жүргенде Ұлы Отан соғысы басталып жасы толмаған Әбдіразақов Қаура да соғысқа барып аман-есен оралған.Тіпті қолынан жараланған да. Бұл кісі де жарқын көңілді, бетке айтатын, әртүрлі қызы

әңгімелердің кейіпкеріне айналған адам еді. Бұл кісіні «Ауа» деп атайтұнбыз. Ауаң сол кездегі ауылшаруашылығы деп аталатын қоғамның сүйреуші күшін жетектеушілердің біреі болып көп жұмыстар атқарды. Бас зоотехник, селолық Кеңес Төрағасы, кәсіподақ комитетінің Төрағасы міндеттерін аудан көлеміндегі кеңшарларда атқарып жүрді. Бұл кісі жарқын көңілді адам. Бала-шағасы көп. Бірденені пайда қылам демейді. Біреуге айтатынын тура айтады. Бастықтарға да солай. Өзі реті келсе сұмдық әңгімешіл. Әңгіменің арасына қалжыңды да шебер қыстырып отырады. Бұл кісілер беріле еңбек етті. Еңбек еткенде халық үшін, қоғамның көтерілуі үшін деп шын ниетімен еңбек қылған бұл ағаларымыз. Социализмның шіріп құлап түсетінін қайдан білсін, бұл кісілер. Сондықтан қашан да бұл ағаларымызды мен өзім ілтипатпен еске алып, жақсы мінездерін еске түсіріп отырғанды ұнатамын. Ауаң кәсіподақ комитетінің төрағасы болып жүрген кездерінде аудан орталығы Ақтоғайда бір дөңгелек мерекеге арналған байқау болады. Бұл байқауға әрісі респубика, берісі облыс, аудан қатты маңыз береді. Ауылда клуб деген болады. Кеңес уағында сорлы мекеменің біреі осы құлып болатын. Өйткені өзінің бюджеті жоқ. Өзбетінше табыс табуға тағы болмайды. Сөйте тұра барлық мәдени жұмыс жүргізу осы мекеменің мойнында. Клуб меңгерушісіне қойылған адам да көп істемейді, себебі жұмыс көп, қаржы жоқ. Қаржыны совхоздың өзі шығару керек. Клуб совхоздың балансында. Олар бейшара кәсіподаққа сілтейді. Өйткені мәдени жұмыстарды жүргізетін жоғары орган қылып кәсіподақтарды тіркестіріп қойған. Кейбір жерде жергілікті кеңестерді де тіркестіреді. Ауылдағы мәдени жұмысқа осыған қарамастан көп талап қойылады. Толыл жатқан әртүрлі кеш өткізу, кездесулер жасау, сырттан келіп ойын қоятын артистерді қарсы алып орналастыру сыяқты жұмыстар шаш-етектен болатын. Мұнымен қоймай жоғарыда айтылған «байқау» дегендер шыққанына көп болған. Арнаулы төленетін ешнәрсе де жоқ, тек ауылдағы ән айтатын, күй тартатын өнерпаздарға «бәленшеке, түгеншеке» деп жалынышты боласың. Олармен келіскен күнде совхоз басшылары оларды жұмыстан босатпайды. Өйткені байқауды олардан талап етпейді, ол үшін партиялығын қарамайды, сондықтан мұның жүгін қаржысы тіпті де өлшеулі кәсіподақ көтеріп жүретін. Бүгіндері сол кезден бері біраз уақыттар өткен екен. Бірақ та казак деген халықтың өнерін жанқиярлықпен сақтап қалған клуб, кітапхана қызметкерлерінің еңбегі еске алынып отырса нұр үстіне нұр. Міне осындай жағыдайлардан «Ауаң» жол таба білуші еді. Апыл-тұпыл сондай шараларды жылдам ұйымдастырып өзі басы-қасында болатын. Сонымен байқауға қатысатындарды дайындап, аудан орталығына апарып, кезегі келіп Қызыларайдың концертті басталып кеткен... Сахнаға ауылда мәз жұмыс істемейтін, «берекесіз» атанып жүрген бір жас жігітте осы байқаудың мүшесі болып келген. Дауысы жақсы. Ауаң да басқа казылар мүшесінің қатарында Мәдениет үйінің алдыңғы орындықтарының біріне жайғасқан. Содан әлгі аталған жігіт шығып:

...Еркелеуім сенің арқан, сенің арқан, туған жер,-деп ән салғанда, Ауаң қатты риза болып жанындағыларға айтты дейді: Мына баланы бұрын жұмысты жөндеп істемейді, ішкілікке де үйірлігі бар деп естіп ұнатпай жүруші едім, бұдан былай мұны жек көрмеспін,-шынында да .-еркелеуім сенің арқан, сенің арқан туған жер деп тұр ғой, апырай мұны бұрын неғып ескермегенбіз, шынында да жөні бар екен ғой –депті. Жанындағылардың бәрі де Ауаңды қоштапты. Сөзге түсінетіндер болса Ауанның халқына деген, оның өнеріне деген үлкен жүрегі осыдан –ақ көрініп тұр емес пе?.

...Бірде облыстан бір үлкен басшы келетін болып, алдын ала дайындық жасала бастапты. Бұл жерде мәселенің мәні мынада: үлкен бастықтар тұтқиылдан келіп кемшіліктің бетін ашып кету керек қой. Бірақ іс жүзінде олай болмайды. Ол жақтағы «жансыздар» аудандағыларға үлкен бастықтың келейін деп жатқанын хабарлай қояды, қай жерге, қанадай мәселемен баратынын және олар айтып қояды. Сондықтан үлкен лауазымды адамның диттеген жеріне дайындық, тазалық жұмыстары жүргізілетіні қашаннан да аян.Осы нысандағы дайындық жұмыстары дирекция тарапынан Ауаңа жүктеліпті. Содан айтылған күні аудан басшылары жанына ерген әлгі облыстық дәрежедегі басшы да келіпті. Бәрін ықтияттап көріп «барлық жерде осылай болса, мына жұмыстарыңыз жақсы екен, дей бергенде Ауаңда сол жерде ғой, киіп кетіпті,-Шырағым бастық-ау жақсы болмай қайтеді, осында сіз келеді деп жар құлағымыз жастыққа тимей әуреге түскенімізге көп болды ғой,- депті. Сөйтіп Ауаң жасырып тұрған дүниені білдіріп, «бүлдіріп» қойыпты.

Жетпісінші жылдардың қыс айы. Ауаңның бір әдеті бірде насыбай атып, кейде оны тастап темекі тартатыны бар. Өйткені соғыстың кесірінен денсаулығында кінәрат бар. Кейде дәрігерге көрінгенде олар темекі тартуға болмайды, деп әрине, қорқытады. Мұндайда Ауаң насыбайға көшуге тура келеді. Өйткені бұл әдетті тастап кету ешікмге де онай тимейді. Өйткені ағылшынның ұлы жазушысы М.Твен айтыпты деген сөз де бар.» Темекіні қою онай, мен өзім де жиырма рет тастадым» деген. Сол айтпақшы Ауаң темекіні де насыбайды да тастамақ пиғылынан әлі нәтиже шығара алмай жүрген кез. Насыбай атып жүрген кезде Ауаң оны оны өзі дайындамайды. Екеуі соғысқа бірге барған құрдасы Қасымбек деген кісі бар, (бұл кісі туралы мен жоғарыда айтқанмын, сәті түссе әлі де айтармыз), міне сол кісіге Ауаң насыбай уқалауды біржолата жүктеп қойған. Бірақ, әр нәрсенің де шегі болады, екі насыбайшыға -насыбай уқалап дайындаудан қажыған ба немене, немесе басқа бір себебі барма кім білсін, Қасымбек бір күні насыбайды алып кетуге жіберілген балаға насыбайдың жоқ екенін және бұдан былай да болмайтынын айтса керек. Ауаң Еріксіз сигаретке көшеді. Сигарет болғанда Ауаң жаман сигарет тартпайды, тура «Қазақстанның» өзін ғана тартады. «Қызылбас! Атанып кеткен, сыртқы қорабының өзі әдемі көркемделген осы!

сигарет Кенес уағында жасалған дүниелердің бірегейі еді. Темекішілер аса сүйсініп шегетін осы сигареттің жұрттың бәрінің қолына түсе беруі де қиын еді. Әрине бұл жоқ нәрсе емес. Бар болып көпке де жетпейді. Сондықтан мұны склад, дүкен ұстайтындардың ебін тапқандар ғана тартады. Ауаң келсек пілдей бір совхоздың «рабочкомы», бұл кісі тартпай кім тартады, «Қазақстанды»! Ауаңның бір әдеті ел құсап кабинетіне бұрқырата бермей, есік алдына шығып тартады екен. Осындай күндердің бірінде, қыс кезі болса керек, Ауаң есік алдына темекі шегуге шыкса есік алдын тазалап жүрген жігіт «Ауа «қызылбасыңыздан» біреу беріңізші деп сұрайды екен. Ауаң оған сөз айтпай бір тал сигаретті бере салады екен. Бір қызық жері әлгі жігіт бүтіндей жарналас болып алыпты. Ауаң есік алдына шыкса болды, ол жігіттің қызметінің өзі есіктің алдын тазалау емеспе, сап ете қалады екен. Ауаңның «Қазақстанын тартып тұрып әртүрлі қызықты әңгіме, ауа райының қолайсыз болып, биыл қар көп түсіп, соны күреумен шаршап жүретіндігін де айта береді екен. Тәрізі Ауаңның ақкөңіл екенін білетін қу болса керек. Ауаң шынында да оған аяушылық сөздер айтып, -жөні келсе бір дұрыс жұмысқа орналастырармыз-деген. Бірақ сигарет сұрап тарту тиылмапты. Онымен ғана қоймай есіктің алды бырдай қызылбас темекі тұқылдарына толып кетіпті. Өйткені бір адам емес, тартушы екі адам ғой. Ауаңның бұл әдетін кеңселегілдердің бәрі де біледі. Бірде ауданнан бір өкіл келе қалып есіктің алдында бырдай болып жатқан тұқылдарды көріп, совхоз директорының кабинетінде осыны сөз қылған екен. Әрине, тазалық мәселесіне кіреді ғой, темекі тұқылдары. Бұл мәселе ойын-қалжың есебінде Ауаңды да шарпыса керек. Сонда Ауаң отырып ойға қалыпты «мынау оңбағанның істеп жүргенін қарашы, менің темекімді тартады, тұқылын жым-жылас жинап алу соның міндеті емеспе? деген сұрақ туады... Бірде кешқұрым Ауаң сигарет шегейін деп есік алдына шыкса әлгі жарналаста тұр екен. Қолында күрек. Ауаңның жанында кабинетіне келген бір өкіл де бар еді, бұл жолғы есік алдына шығудың мәні әлгі адам да темекі шегеді екен. Шыққан бетте-ақ Ауаң қалтасынан қорабын суырып алса «Қазақстанды» көріп өкіл де қол соза қалыпты.»Әлгі» келе қоймас деп тұрса қымсынбай –ақ ол да жақындап –Ауа қызылбасыңыздан біреу беріңізші,-депті, дәп бұдан бұрын түк көрмегендей-ақ. Ауаң бұған да бере салайын десе-танертең Мүгілсім женгейден алып шыққан су жаңа пашкіден түк қалмауға айналыпты. Мұның себебі: сұраушылар есік алдындағы жұмысшыдан басқалар да көп болса керек... Ауаң сонда әжептәуір ыза болса керек, әлгі «клиентіне» қарап: -Әй, «пәленше» сенің ата-бабаң, жеті атаң осы «Қазақстаннан» басқа темекі тартпаған ба? депті. Осыдан кейін осы әңгімені естіген әлгі клиенті де, басқалар да Ауаңның сигаретінен сұрауды қыт тоқтатқан екен.

Мұғалімдеріміз туралы әңгімеміз үзіліп кетті, қайта жалғайық. Әбдіразақов Сейтқазы мұғалімімізді бәріміз де жақсы көреміз. Өйткені ол-әділетті, анау –

мынау ұсақ түйекке көңіл аудармайды. Бұл кісі үлкен командир болған дедік қой. Алда-жалда балалар класта шулап кетсе бұл кісі бір акырып қалса жым боламыз. Бірақ, бұл кісінің тарих сабағынан үлкен ләззат алып шығатынымын, менің өз басым. Өйткені тек оқулықта жазылған дүниені ғана емес, сыртқары ақпараттарды өте көп білетін мұғаліміз, біздің романтикамызды қанаттандырған адамның бірі еді...

Максұтов Төлтай мұғалім –әдебиеттен алпысыншы жалдардың басынан сабақ берді. Жаңылмасам бұл кісі ауданға оқу бөлімінің менгерушісі болып кеткен Жакатаев Айыпқанды айырбастады. Бұрын «Кенасу» мектебінде болған. Бұл мұғалім – жалғыз маған емес, сол уақытта Қызыларай орта мектебінде оқығандардың бәрінің өмірінде із қалдырған адам еді-деп айтсақ дұрыс болар. Қазақ әдебиетін терең білетін. Оның проблемаларын да айтып жүретін. Тек бағдарлама емес, әдебиеттен жан-жақты білімінің арқасында Абайды, Мағжанды, Сұлтанмахмұтты тағы басқа біздің әдебиеттің классиктерін керемет білетін. Олардың шығармашылығын аса қызықты етіп айтатын. Өзі от ауызды, орақ тілді, негізінен бетің бар, жүзің бар демейтін турашыл адам болатын.

Сол елуінші жылдардың аяғына қарай Жәлелова Күлзипа физикадан, Балапанов Мәннен- биолог-химик, Смағұлова Бизада - химиядан, Төлеуов Бекен мұғалім математикадан жоғары білімді мұғалімдердің үлкен шоғыры келіп, ауылымыз дәп бір қалаға айналып кеткендей көрінетін. Осылардың ішінде Бизада мұғаліміміз Қызылорда педагогикалық институтын бітіріп келген екен. Аса талапшыл, мінезі де қызба болатын. Сөзге өте шешен, арғы – бергіден өткізіп сөйлейтін керемет қабілетті болатын. Өзі жақсы сөйлеп түсіндіреді сабақты, жеріне жеткізе айтады, құлаққа құйып беру деген осындай-ақ болар. Бірақ оқушы жауап берген кезде орағытып көп сөйлегенді ұнатпайды. «Химия –жарапазанды жақтырмайды» деп бірақ түйеді, ол кісі. Сол уақытта тұрмысқа шықпаған жиырманы ғана орталаған қыз екен, бізге үлкен боп көрінуші еді. Мінезінің қаталдығы: бет қаратпайды. Бұл кісінің қыбын табатын біздің кластасымыз ол өмірден өткенше қатарластары жақсы көріп кеткен Әбеуов Манат еді. Бір әдеті жай ғана жымылып отырушы еді. Екеуміз көп уақыт бір партада отырдық. Манаттың жазуы айтуға келмейтін әдемі еді. Каллиграфияның да әртүрлісі бар ғой, Манаттың жазуы дәп бір бөлекше жерден оқыған адамның жазуы сыяқты көрінуші еді бізге. Оның ең бір үлкен қасиеті күнделікке баға қойған мұғалімнің қолын айна қатесіз қоя салатын керемет дарыны бар еді. Осы Бизада мұғалімнен «3» алыпты да , ұмыттырып күнделігін бағасын қойдыруға апармаған ғой. Өзі «5» ті қонжытып алып, Бизада мұғалімнің қолын қойып қойған. Токсан аяғына қарай бір сабақты сұраған соң күнделігін апарса баяғы үштің орнына бес тұрған. Ол кісі: "қашан саған бес қойғанмын», деп таңғалыпты. Манат «өзіңіз қойғансыз» деп мінгірлеп желкесін сипайды. Сонда Бизада мұғалім «қой онда бесінді бұзбайын» деп тағы да бес қойып берген. Оның бәрін әрине, біз көріп, біліп:

ырмыз, артынан шегіміз қатқан. Мінезі жақсы Манат кейіннен мал дәргері болып істеп жүріп өмірден ерте кетті. Жалпы Құлпейісовтер дұрыс өскен ұрпақтар. Алпысбай инженер болып Ақтоғайда қызметін дұрыс атқарып, бүгіндері еңбек демалысында. Ізбасар ағамызбен осы күнге дейін хабарласып тұратын, силас адамдармыз. Елубай ағамызды жақсы көретінбіз: ауырып жатқанда Қарқаралыдан арнайы келіп көңілін де сұрап қайтып едім, ажалға ара тұрмақ жоқ, әрине... ...Кейінірек Шортанбаев Бектұрсын физика, математикадан берді, бұл кісі кейінірек өнер куды, Ақтоғай халық театрының өркендеуіне үлкен үлес қосты, осының аяғы Жезқазған облыстық филармониясының бастығы болып істеп тұрғанда дүниеден өтті. Әйелі Күләш жеңгей де бір аяулы адам болатын. Кейінірек Ақтоғай ауданының Әкімі болған Сағадат Жапабайұлы да бізге орыс тілінен бір қыс сабақ берді. Мұғалімдеріміз де келісіп, нанда көбейіп дегендей жағыдайымыз жақсарып келе жатқанда бізді бір қырсық шала кетті... Нан көбейіп дегенді босқа айта салып отырған жоқпын. Елуінші жылдардың ортасына дейін нанға халық жарыған жоқ. Себебі аз ғана егін егуге күш жетсе, алған өнімнің барлығын дерлік мемлекеттік жоспарды орындау үшін мемлекетке өткізу керек. Егін неге аз егіледі? Өйткені күш жоқ, еркек кіндіктің көбі майданнан қайтпаған. Бірен-саран тірі оралғандардың өзі жараланғаннан кем болып қалған аксақ-тоқсақ. Халыққа керемет көп мөлшерде салық салынады екен, атап айтқанда бір сиырға алдында 12 кейін жеңілдеткенде 9 кило май тапсыру керек екен. Біздің халықтың отбасы үлкен келеді, жалғыз сиыры бар отбасылар сонда қалай өмір сүру керек? Шындығына келгенде елуінші жылдардың ортасына дейін халықтың жағыдайы өте төмен болып келді. Сол уақыттың балалары да үлкені де нан болса басқа ештеңе де іздемес еді. Міне, осы қиын әлеуметтік жағыдайдың шет жағасын өзіміз де көрдік, бізден бұрынғы ағаларымыз толық кешкен ғой.

Қырсық шалды дегеннің мәні мынау еді. Біздер елуінші жылдардың балалары жаз болса-ақ өгізге мінуден бір босамайтынбыз. Өгіз деген транспорт құралы. Өгіз міну дегеніміз кәдімгі сол транспорттың «шофері» есебіндесің. Жүк әкелу, апару, шөп шабу, жинау сыяқты науқандардың бәрі де бізсіз бітпейді. Осыдан ығыр болған біздер, мектепке оралғанда бір жасағандай болатынбыз. Оқуымызды да оқып, арасында ойынымызды да қандырушы едік. Сталин өлгеннен кейін Кеңестер Одағының өкімет басына Хрущев деген келді. Кеңестер Одағының құрамындағы он бес республиканың бірі Қазақстан. Одақтас республика дегені болмаса, басында билік жоқ. Сол уақыттағы Кеңестер Одағының Конституциясы деп аталатын, Сталиндік «Алтын Заң» деп дәріптелетін осы заңның 17 бабы болатын. Осы бапта: » Егер Одақтас Республиканың еңбекшілері қаламаса, өз еркімен Одақ құрамынан шығып кетуіне болады» делінген. Бірақ «саптыаяққа ас құйып, сабына қарауыл» мықтап қойылатынын біздің бала көңіліміз сезбейді екен. Біз сол кезде де, кейінірек Мәскеудегі қазақ жастарының Тәуелсіздік сүйгіш «Жас тұлпарға» да тілектес болып жүргенде «неге одақ құрамынан шығып

кетпейміз» деп армандаушы едік. Сөйтсек, мұның бәрі сөз жүзінде ғана екен. Депутаттарды да жоғарыдан өздері ұсынатын да «халық осыны қалап отыр» деп жар салуға шебер өкімет еді, Кеңес өкіметі. Халықты бұрын сонды мұндай алдампаздықпен, айлакерлікпен бірге, тұрпайы өтірікпен ұстаған басқа қоғам болмаған шығар. Қулықтарына құрық бойламайтын еді. Әлгі депутаттарды олар білімді адамдардан сайламайды, қайдағы қойшы, малшы, сиыршы, надан сауыншылардан, қаладағы өзі жұмыспен есі шығып жүрген шахтердан сайлап алушы еді. Былайша айтқанда олар ешбір тұлғалық қауқары жоқ «пешкалар» болатын. Жоғары кеңестің мәжіліс не болмаса съезд болса, алдын ала даярланып, үндеуге күмнідетіп қойған қаулыға бәрі қол көтере салатын. Оның байыбына барып жатқан да ешік жоқ, барудың да қажеті сол сыяқты, бәрін партия өзі тындырып жатса несі бар? Міне, біз байғұс осындай өтірік жайлаған қоғамда көп жыл өмір сүргенбіз. Бұл шегінісімнің жоғарыда "қырсық жайлады" деген оқиғаға да қатысы болған соң жазып отырмыз. Кейінгі мұндай қателікке ұрынбайтын болып өссе деген тілектен де туындап жатқан жайы бар. Жоғарыда айттым өкімет басына яғнай Совет Одағы Коммунистік Партиясының бірінші Секретары лаузымына Никита Сергеевич Хрущев деген келді. Ұлы Отан соғысы кезінде Украина Коммунистік партиясының бірінші хатшысы болған адам. Партия қайраткері екені рас. Сол уақытта халық арасында мынадай сөз болатын: «Баяғыда, Отан соғысы кезінде Киевті жау қолына тастап кеттін деп» Сталин ашуланып атқызып тастағысы келгенде Молотов ба, Маленков ба әйтеуір біреуі ара түсіп аман қалған екен" деген сөз айтылып жүретін. Міне сол «сабазың» енді бірінші хатшы болып келе қалды. Сталинның осындай зығырданы өткенсоң оны бұл аясынба? «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген біздің халықтың мақалы сай келіп –ақ тұр осы жерде, ол Сталинның жеке басына табынушылықтың зардаптарын жоюға белсене кірісті. Бірақ, бейшара халық бұдан пайда көре қойған жоқ.

Хрущевтің ең басты мәселесі жүгері бола кетті. Бұрын қазақ даласында өспеген нәрсе шығар. Сол уақыттағы бүкіл газет-журналдар жүгеріні «Дала аруы» деп дәріптей жөнелді. Мұны сиырға берсе сүті әрі көп, әрі майлы болады екен. Мұның солай екені рас, бірақ жүгері сулы, нулы жерде өсетін нәрсе екен, оған қараған Хрущев жоқ, боз көделі дөңге де, саздауытқа да. Әйтеуір қай жерге отырғызуға болса соған жүгеріні отырғыза берді. Мен жүгеріні ұнатпай айтып отырғаным жоқ, бұл сөздерді. Бейшара жүгеріні тым-тырақай қылып, тырбитып қасиетін алып жіберген сол уақыттың шалағай басшылығымен, жандайшап орындаушыларының жағымпаз ісін жазғаным. және мұның зардабы балаларға да тиіп кеткенін айтып жатқаным ғой. Мұның бір азапты жері жүгерінің тұқымын алу үшін собығынан қалақшамен ұрғылап қолмен айыратын. Көктемге дейін жүргізілетін осы науқан кезінде бұл жұмысқа еңбектеген жас еңкейген кәріге дейін тартылатын. Тұқым дайындап болып, көктем шыға бергенде соғыстан бір аяғынан айырып қайтқан солдаттың балдағы сыяқты бір нәрсені көптеп әкелетін. Мәселен

мәні мынада: жүгері басқа шөптесіндер сыяқты кабаттасып өсе бермейді екен. Әрбір тұқым өсіп шығуы үшін арасы әжептәір ашық болу керек. Міне, сонын үшін арасын бір шаршы кадам өлшей отырып, жыртылған, бапталған жерге ересек, әлгі балдақтарды игере алады деген балаларды сапқа қойып, сонау егіс даласының бір басынан бастап жүгеріні шаршылап егу науқаны басталады. Алыстан карап тұрғандарға бұл бір қызық дүние болып көрінеді. Әлгі балдақтардың екі арасында үш-төрттей жүгері сыятын өзек бар. Балдақтың өзінің биіктігі бір метрден асады ғой деп ойлаймын. Балдақтың шұқыр өзегіне немесе ұңғысына жүгері тұқымы қолдан салынады, былайша айтқанда «шиті мылтықты оқтаған» сыяқты, осыдан соң қатар сапқа тұрған балалар (басқа да үлкен колхозшылар) әлгі балдақты мөлшерлі жерге қадайды. Балдақтың ұшы үшкір болып келеді, жерге қадап төрт-бес сантиметрдей кірген кезде, әлгі балдақтың үстінгі қолдауын ішке қарай қысқан кезде балдақтың ұшы екі айырылып ашылады да әлгі ұңғысына салынған жүгері тұқымы топырақ арасына түседі. Егу үрдісі осылай жүргізіледі. Бір айтатын нәрсе: қазақ даласы шұрайлы ғой, бұрын егін салынып қажымаған ту, тын дала. Жаңбыр суымен болса жақсы өсетін жерлер де болды. Осыған емексіді ме, Хрущев технологиясы 60-жылдардың бас кезіне дейін өз мәнінде болмаса да қолданыстан шыққан жоқ. Бір қызығы осы жылдары жүгеріні шаршылап егетін сеялка-сымақ пайда болды. Мұның бейнеті адам шыдатпайды. Себебі әлгі сеялка әдеміленіп қызыл бояуға малынып жасалғанымен, жұмыс процесінде нағыз оңбаған нәрсе еді. Кейінгі ұрпақ «Советтер жақсы еді» деген жалған ұғымға сенбесін деп айтып отырғаным. Әр метрінде домалақ түйін темірі мықтап орнатылған ұзын болат сым орамы әкелінеді. Оны жазып ұзындығы төрт-бес шақырым егіс аумағының екі басына екі «станция» орнатылады. Станция дегені ұзын үшкір жерге қадайтын, жоғары жағында адам басып ұстап тұратын қолдау рычагі бар қызыл темір дүние. Екі жақтағы екі осы станцияларға әлгі түйінді болат сымның екі ұшы бекітіледі де оны керіп әкеліп әлгі «станциялардың» бекітетін жеріне өткізіп бекітеді. Әрі жерге станция темірдің ұшын барынша нығарлап кіргізіп, мықтап ұстап отыру керек. Осылай етілген соң, тракторға тіркелген әлгі сеялка станцияның тұсындағы сымға сәйкес жүргізіліп келеді де соның сол немесе оң жағындағы маркер деп аталатын тетіктің сыртылдаған шығыршығына өткізіледі. Бар мәселе осы шығыршықта: трактор сеялканы тарта жөнелгенде, шаршы метрлік түйінге келгенде, әлгі түйін шығыршық арасынан сиып өткенде клапанды ашып кетеді, сол кезде үш-төрт дәнге лайықталған ұңғыдан дән жерге сеялканың сіңіру тетігі арқылы түсіп қалу керек. Бірақ, бұл былай бола бермейді. Көбінесе ойлы-қырлы жер болса-ақ болғаны әлгі түйін шығыршыққа қыстырылып қалады да станцияны да, оны басып жаны қалмай тартып отырған адамды да бірақ жұлып әкетеді. Мұны әрине, тракторшы байғұс көре қалып тоқтайды, болмаса тоқтағанша сүйрей бермек. Енді темекілерін тартып ес жинап алған соң әлгі ширатылып кеткен болат сымды қайта таркатып әлгі үрдісті тағы жасау керек, сонымен бұл бір азапты жұмыс екенін білдініздер. Күні бойы қақтаған күнмен желдің астында

бейшара совет жастарынын көрген күні осы болатын. Сол уақыттағы техниканын жетілмеуі, ғалымдардың надандығы, жоғардағылардың көзіне түсу үшін өтірік есеп беру де Кеңес өкіметін құлатушылардың алдыңғы қатарында болды. Тағы бір айтып кетейін, социализм адамды аяған емес, адамдар да социализмді аяған жоқ, төкті, шашты, реті келгенше жеді, ақырында бара жер басар тау калмағандай болған соң құлады.

Мектебіміз және ұстаздарымыз туралы әңгімемізді және сол жылдардағы балалардың көрген бейнеті туралы әңгімемізді тағы жалғастырайық. Өйткені біздерге тағы бір «сор тап бола кетті» дедім ғой. Хрущев Сталинды жоққа шығарып алғаннан кейін әртүрлі жағыдайлармен ойқастай келіп, барлық адам еңбек ету керек деген бір концепция тауып ала қойды. Біздің мектебіміз сол кездегі оқыған балаларын да, елдің де есінде шығар «Еңбек» мектебі аталыппыз. Орта мектепке айналды. «Еңбек» мектебінің мәні мынау екен: жетпіс бес сиырды алып бағып қағу мойнымызға ілініпті. Ол ауылдың жанынан ағып өтетін Ақжарық өзеншесінің арғы бетінен сол уақытта «стандарт» деп айлар таққан қора салынды. Сиыр қорасы әжептәуір дәрежеде асты тақтайланып дегендей сол уақыттың талабымен салынған еді. Тіпті әр сиырдың алдына жем салатын науалар да орнатылды. Әр сиыр алдынан су ішетін шұңқыр астаушалар да әкелініп, өзі жарымай отырған сорлы колхозшылардың аузынан қағып, бірқатар сондай жабдықта әкелініп, сол салынған мал қораның ішкергі үлкен бөлмесіне үйліліп қойылды. Дәу сепаратор машинасының сол уақытта электр мотормен жұмыс істейтіні әкелінді. Қайдан әкелінгені белгісіз қосымша ақ қамыс қоралар салынды. Сол алпысыншы жылдардың басында осы қорада «кіші ферма» деген пайда болды. Фермаға балалардан кәдімгі менгеруші қойылды. Оған бірінші Елеусізов Метай, кейіннен Тохметов Амантай менгеруші болды. Бір ат берілді. Онымен оқушылардың ересек біреуі өзара келісіп сиырды күні бойы бағып келеді. Сиыр бағушыларға сол уақытта орыс ертоқымы деп аталған былғары ертоқымды көк ат берілді. Шынында да «көкшолақтардың бәрінің шабан болатыны несі екен, ол жағы бізге мәлімсіз. Өлгі көкшолақ керемет шабан. Төртаяқтап шабу өз алдына, әзер дегенде қамшымен бірсыпыра сабалағаннан кейін ғана желген болады, оның өзі көңіл үшін. Көкшолақ : «Әйтеуір адам баласысың ғой, біз болсақ жануармыз, аллатағала сендерге бізді игіліктерің үшін жаратқан ғой, құр соны силағаннан қатты жүргенім осы, сен шаппадың деп өкпелеме, өйткені күнде мені басқа бала мінеді, бәрінің көңілін табам деп шаба бермсем нем қалады»-дейтін сыяқты. Бірақ, сол кездерде бірсыпыра кеңес белсенділерінен көкшолақтың ақылы -жануар болса да артық па деп те ойлаймыз. Өйткені тіпті таяқ жеп жатса да шыдап бағады. Тек мұрын қуысынан жаратпай бір пыс ете қалатыны бар. Бірақ, бағып жүрген сиырларды кешке ауылға қарай ертерек айдайсын. Өйткені күн өтпейді, содан шыдамай кейде, өзің тоңып та қалғандықтан ерте қайыратынымыз бар. Сол кезде көкшолақ та көңілденеді, өйткені сиырдың бәрін жайластырғанша өзін ешкімнің ескермейтінін көкшолақ баяғыдан біліп

болған. Оған ол кірелжи қоймайды, себебі күні бойы сиырдың шетінде жүріп үзіп-жұлып жеген шөбі оның қарнын әзір ашыра қоймайды. Тек қазыр су ішкісі келіп тұрғаны болмаса. Әлгі бақташы болған бала енді көп кешікпей келіп мұның ертоқымын алып, Ақжарықтың шеті алыс емес, содан суарып, қайта жетектеп әкеліп маяның бір шетіне қояды. Мұндайға көкшолақ кереметті алғыш, жетектегенде лыпылдап отырады, дәп бір бәйгеге қосуға жаратып баптап жүрген ат сыяқты. Бағана сиырды қайырып келе жатқан үстіндегі пұшық қара баланың шамына тимей, шашау шыққан сиырларды қайырғанда кейбір көнбейтін жас құнажындардың құйымшак тісінен тістеп алып та үстіндегі қожасына жақтастығын көрсеткен. Сондықтан да көкшолақ басқа қырсыққа кездеспесе бүгін шөпке тоятыны күмансыз. Шындығында Көкшолақ осының бәріне, жеген таяғына, орысша , қазақша естіген боқтығына да, бәріне көніп болған. Мұның жұмысының кейде жеңілдігі де бар. Өйткені мұның «пасажиры» үлкен адам емес, сондықтан күні бойы үстінен түспесе де белі тала қоймайды. Екіншіден кейбір балалар «бұл бейшара да қайбір жетісіп жүр дейсің» деп кейде сиырлар отты жерге жайылып, өздеріне ұнайтын ұзын сабақты өлең шөпті тілдерімен орай жұлып жатқан кезде, әлгі бала екі аяғын кеңей шідерлеген болып, мұны да отқа қоя береді. Әрине, бұл өлең шөпті ұнатпайды, сондықтан шеткерілеу, қырлауыттағы өзіне ұнамды шөптерді күтірлете бастайды. Көкшолақ картайған ат емес. Бесті деуге де болмайды, тәрізі қазанат болар... Көкшолақта басында басқа жылқыларда туған құлын сыяқты, кәдімгідей енесін еміп өскен. Әрине, тұтас еме алған жоқ, өйткені бұл туған соң, мұның енесін жылқы фермасының бастығы сұрап келген бір адамға жаздай саууға берді. Сонда да болса жылдам ширап сүтті енесінің аркасында отығып кеткен. Бергін тай, құнан шыға жақсы жүгіретін өнері де бар-ды... Бірақ, мына заманда жүйрікті кім құптасын, бір малшыға бере салған, сонымен малшының көкшолағы болды да шықты. Бұл бауыр жазып шаппағалы не заман. Көкшолақтың осы өмірі өзіне ұнайды. Тек кейде ферма бастығы болғандардың бір жерге жылдам барып келу керек болып қалып міне жөнелетіні бар. Көкшолаққа ұнамайтын нәрсе де осы, бірақ не амалың бар, кейде көнуге тура келеді. Дәл осы кең шідермен ұстатпай қашып кетуге де болады, бірақ Көкшолақ ақылды. Ол бұдан пайда таппасын, тек боқтық естіп, қатты өтпесе де қамшы жейтінін біледі. Кейбір балалар шідерді тіпті селкеу салып шешіліп қалған күндері де болады, ондай кездерде көкшолақ қашпайды, қайта ұстауға келе жатқан баланы көріп тіпті тырп етпей тұрып риза қылған жері де көп. Сондықтан да Көкшолақ «Кіші ферманың сүйікті коллектив мүшесі». Көкшолақ адамдармен күнде жақын болғандықтан ба, тіпті адамдардың сөзін түсінетін де болған сыяқты. Балалар ерігіп кейде мұның қасына келіп жалынан сипаған болып тұрып «колхоздың көкшолағы дейтіні бар. Мейлі айта берсін. Көкшолаққа жаны аса қиналмайтындай осы жұмысының өзі жақсы. Аркасында шилі болып кеткен жауырының да пайдасын көріп жүр, Көкшолақ. Семіріп кепейтіні де жақсы. Негізінен көкшолақ семіретіндей тамақ та жейді. Бірақ, оның организмі солай. Қанша

тамақ жесе де осы қалпынан айырылмайды. Онысы жақсы. Семіруден құдай сақтасын! Әнеукүні өзі сыяқты біраз малшы аттарын семіз екен, бұлардың орнына бұларға үйретіп мінетін тай беріледі» деп колхоз басқармасы «еттің планы орындалмай жатыр деп» біраз малшы аттарын етке, «заготскотка» айлатып жіберді. Ол байғұстар ендігі Семейдің консерв комбинатынан домалақ ақ қанылтырдың ішіне бұрышталып, пияздалып Мәскеудегі бір шенеуніктің тамағы болып жатқан да шығар... Сондықтан Көкшолақтың ешқашан семіргісі жоқ. Көкшолақтың адам тілін түсінетін болғанына көп уақыт өткен жоқ. ...Бір күні маяның шетінде қыстын аса аязды емес кешінде, шөпке тұмсығын молдау тығып, сиырларша дәмділеу шөпті іздеп үнгіңкіреп жатқаны сол еді. Жанына екі адам жақындап келеді екен. Көкшолақ екеуін де тани кетті. Біреуі осы бетте үйімен тұрып «іші ферманың» түнгі өлім-жітімін мойнына алған жігіт ағасы. Екіншісі осы ауылдың адамы, соғыстан «індуэлит» боп келген қатты қайырым жұмысқа жарамайтын, бірақ өте сөзшен адам еді. Екеуі ананы-мынаны айтып арасында әңгімелерінің қызықты бір сәттерінде күлісіп қойып тұрды. Көкшолақ түнге қарай бір жерге барып келуге өзіне құда түсіп тұрма деп, басында секемденіп қалса да, бұлардың жаймашуақ қалпына қарап ол күдігі сейілгендей болған соң "сендерде не шаруам бар" дегендей шөпті бытырлата шайнады. Кейде осы күзетшінің өзі колхоздың көкшолағын аяп қайтем деп бір жерге барып келуге сұрап келген адамға мұны беріп жіберетіні де бар. «Бармаймын» деуге мұнда тіл де жоқ, шама да жоқ. Мұң-зарын кімге айтқандай. Тек әлгі «уақытша қожайын» жылдам жүрмедің деп қатты сабамаса болғаны, алыс жер болмаса деп тілейді, бұл. Негізінен көкшолақ таякка да мықты көнтулақ болып алған. Өйткені үстіне мінгендердің бәрі де оң жақ қапталдан жаяның үстінен қамшылайды. Сондықтан оң жақ жаяның үсті қалыңдап көнтулаққа айналып кеткен. Мұны адамдар білмейді, егер біле қалса мұның сорын қайнатып басқа жеріне қамшыласа батады ғой. Аракідік біреу осындайда кешке жасырып сұрап міне қалса көкшолақтың ең қолына келгені «бұған мен міндетті емеспін» дегенді білдіріп, әлгі адам сипай қамшылаған кезде құйрығын бір көтеріп тулаған болып қоюы ғана. Бұған қарап ол үстінен түсе қоя ма, сондықта көкшолаққа ештеп бүлкілдей беруден басқа жоқ. Сиыр бағып жүрген балалардай емес, қамшылағанда мұның қолы қатты тиеді, сондықтан бүлкілден артық жүру талабы болса да амалсыздан орындауға мәжбүр. Өйткені бұдан артық қарсылық білдіргеннен ештеңе ұтпайтынын көкшолақ жақсы түсінеді. Өйтеуір аса болдыртпай түн қаранғысында әкеп, шөп жиегіне байласа болғаны да. ... Осындай бір «ұрлық» жүрістен мінген адам барған жерінде арақ ішіп көп отырып қалып, таң ата қайтқаны бар. Білдірмей ертерек әкеліп қоюы үшін ой, шықпыртқаны ай! Онысымен ғана қоймай мұның «колхоздың» шилі, жауыр аты» екені, боқтық сөздермен бірге әлгінің аузынан ағытыла шығып, осыдан кейін адамдардың тілін жақсы түсінетін қасиет өзінен-өзі пайда болып кеткеніне бұл жануар да таңғалушы еді. Өйткені мұсылман адамдардың бәрі солай қамшылайды. Бірақ, адамдардың көзінше әдеп сақтау керек. Өзінді мешкей қылып көрсетуге болмайды. Кейіннен мұның зардабы

...де мүмкін. Көкшолақтың адамдардың тілін түсіне бастауы бір ғажап болғанын. Әнекүні бір қызық әңгіменің куәсі болды. Бұл маяның шетінде шөп жеп, жеп тұр еді. Жоғарыда айтылған кіші ферманың күзетшісі мая маңайын айнастырып жүрген... Оның жанына соғыстан балдақ ұстап қайтқан, жас шамасы елуден асқан бір ауыл адамы келе қалып екеуі аمانдық-саулықтан соң қысыр әңгімеге кірісті. Әңгімелерінің тақырыбы көрініп тұрған мен емей кім болсын, күзетші мені жамандай бастады. –Өзі шабан, онысына қарамай шөпке тоймайтын мешкей,-деді. –Әйтеуір бір жақсысы жуас, қойған жерден табылады,-деп мақтағансың та қойды. - - Өзі қартайып та қалған шығар, бірер жылда етке айдатып жіберетін шығар, деп сөзге араласты, әлгі келген кісі.

-Осы шабан ат дегеннен шығады-ау, бір әңгіме есіме түскені деп, бір ұзақ-сонар әңгіме айтуға ниет білдірді, әлгі келген кісі. Көкшолак қайда барсын, амалы жоқ шөпті күтірлетуін қоя тұрып тындай қалды... Баяғыда Сүлеймен пайғамбар заманында деп бастады, бір адам болыпты. Өзі Сүлейменнің көзіне ілігіп жүретін жақсы ниетті адам болғанға ұқсайды. Пайғамбардың айтқан тапсырмасын тамаша етіп орындап жүреді екен. Күндердің күнінде бұған Сүлейменнің мейірімі түсіп: -Бері келші мұритім, мен саған анмен құстың, басқа да жануарлардың тілін үйретейін. бірақ мұны ешкімге тісінен шығармайсың, мұбада білдіріп қойсаң тірі болмайсың, бірақ күндердің күнінде пайдаңа асады,-депті. –Ләбпай, таксыр, депті бұл. Сонымен қанша уақыт өткенін кім білсін, бұл адам жан-жануардың тілін түсінетін болып шығыпты. Бір жорықтан қайтқаннан кейін Сүлеймен бұған: -от басын құрып өзіңше өмір сүр- деп кеншілік етіпті. Әлгі адам бір дұрыс адамның қызына құда түсіп, үйленіп, сол уақыттағы үрдіспен өмір сүріп жатыпты. Бау-бақша егеді екен. Көп емес, шамалы жалдаған жұмысшылары болыпты. Екі-үш жерде күш көлігін сақтайтын қоралары бар екен. Бір өгізбен, өзі мініп жүретін есегі әлгі адамның өзі үйінің жанында екен. Бұл адамның әдеті жануарлардың тілін білгенмен, олардың өздерінше сөздерін тындаудан кашады екен. Өйткені Сүлеймен пайғамбар оған жануарлардың тілі үйреткенде: «Егер білдіріп қойсаң тірі болмайсың» демеді ме. Сондықтан да жануарлардан, аң, құстардан да аулақтау жүреді екен. Бір күндері үйіне кешқұрым қайтып келе жатып, қызметшісінің күні бойы жер жыртуда болған өгізін қораға кіргізі жатқанын көріп, өзі ерігіңкіреп келе жатса керек, әуестік билеп кетіпті. «Бұлар сөйлесер ме екен,-деп есекпен өгіз тұрған қораның есік санылауына құлағын тоса қалыпты.Ойлағанындай есекпен өгіз сөйлесе кетіпті. Өгіз айтыпты есекке қарап: -Әй, достым-ай, бүгін қатты шаршадым, бұл адам балалары да бізге жаны ашуды қойған қой, деймін, күні бойы жарманы бір алмады, шаршағаным сондай мына берген тамақтарын жеп, суды да ішуге шамам келер ме екен-дейді, -сенің тұрмысың қандай жақсы есек достым, тіпті де менікімен салысыруға келмес. –Қожайын сені бір жерге, көбінесе базарға мініп барып келеді, оның мына тұрған жер,-онысымен қоймай сені сылап сипап, әдемілеп те қояды оның қызметшілері. -ішкенін алдыңда, ішпегенін артыңда,-деп күндепті.-екеуміздің тұрмысымыз жермен көктей, мен бишара

осылай жұмыс істете берсе зорығып өлетін шығармын-деп есекке мұнын шағыпты. Есекте көп ақыл болмайды деген бар, бірақ бұлардың ішінде де ақылдылары болуы керек қой. Мынау есек сондай ақылды ма, әйтпесе өгізге жаны шындап ашыды ма: - Ей, достым, менің саған жаным ашып-ақ тұр, бірақ, қолымнан не келеді, сонда да болса бір ой басыма келіп тұрғаны,-дейді есек. - Өгіз достым, тыңда мені тілімді алсаң сен расында шөппен жемді жемей-ақ қой бүгін, суды да ішпе. Бірақ демінді ала бер, -танертең жұмысшы сені жетуге алып кетуге келгенде, көзінді бадырайтып сұлқ түсіп жат, арасында қиналғандай пысылдап қоярсың,сода олар сенің мына қылығыңды көріп, әі шөппен, жемді жемей, суды ішпегенінді көріп қожайынға сен ауырып қалыпты, деп хабарлауы тиіс. Сөйтіп бірер күн болса да демала тұр, онан кейінгісін тағы ойластырармыз,-деп ақыл беріпті есек. Сонымен ертеңгілік өгізді жұмысқа алып кетуге келген жұмысшы өгіздің жатқан түрін көріп, жүгіріп қожайынға білдіріпті. Ол әрине, есекпен өгіздің ақылдасқанын, есектің қандай ақыл бергенін түгел естіп білді ғой. Сәл ойланыпты да , жұмысшыға :-Есекті апарып жек, десе, жұмысшы: -Құрметті қожайын, есектің неменеге әлі келмек, өгіздің тартып жүрген соқасын тарта аларма екен? Деген күмән білдірсе, қожайын дәл қазір жөппелдемеде өгізді қайдан табамыз, бір күн осымен лаждап көрейік,-деп тапсырмасын қайталапты. Сонымен ойламаған жерден салқын қорада таранып тұрған есекті анау-мынауға қаратпай ала жөнеліпті. Есек қожайының көлігі ретінде барғысы келмей тартынған екен, бір-екі рет әлгі әпербақандау жұмысшы шықпыртыңқырап жіберген екен, есек байғұс маймандай жөнелген. Есекті егіс басына апарып өгіздің жармасы бұған келмейді, қамытсымақ бірденені құрастырып мұның мойнына салып шыбыртқымен бір-екі рет осып жібергенде есек байғұс тыртындап соқаны сүйрей жөнеліп, күні бойы қиналса да тіпті артынан мақтау естіпті. Әлгі жұмысшы осыдан кейін есекті аяп:- бұл сорлыны зорықтырмайын деп, жұмысты ертерек доғарып есекті қорасына алып келіпті. Кірген бетте өгіз халін сұраса: -Халім жаман емес, әкетіп бара жатқан жұмыс емес көрінеді, өгіз достым, сен несіне қиналасың, менің күшім сенікінен әлдеқайда аз болса да қинала қойғаным жоқ, қайта біраз серуендеп қалғандай сергіп қалдым,-депті есек. -Әрине, біреуге көмектесу жануарлардың да сыбағасы, саған көмек қылғанымға өзім разы болып келдім, бірақ бір жамандық хабарды да ести келдім, саған айтсам ба екен, айтпасам ба екен, деп есек өгізге сынай қарапты. Өгіз байғұс:- есек достым, ол не жамандық, не болса да айтшы маған, -деп жалынады. --Айтайын, ендеше, дейді - есек. - Бағана мені жетектеп әкеле жатқан жұмысшысына қожайын қарсы кездесті, сенің жайыңды сөз қылды, қожайын бүгін базарда қасапшы Хасанға кездескенін, еттің қазір қымбаттап тұрғанын айтты. - Біздің қожайын мені жетектеп келе жатқан қызметшісіне айтты,-Хамит, танертең қораға кіріп өгіздің жағыдайын қара, егер, алдындағы жеммен шөпті жемеген болса , оны арықтап кетпей тұрғанда сойып сатып жібергеннен басқа лажымыз жоқ. Осы жұмысты өзіңе тапсырдым, депті қожайын,- өгіздің етінің ақшасына үсті-

аны ақша қосып бір жастау өгіз сатып алсақ деймін. –Құп таксыр, депті Хамит.

Өгіз мұны естіген соң өлім деген оңайма, есі шығып кетіп, осыдан, құтқар, достым, ақылдың бар еді ғой, -деп есекке жалыныпты. Есек біраз қиналып, ойланған болып –Олай болса қазірден бастап мына алдындағы шөпті де жемді де жеп ал, суды іш. Сөйтіп жатып күйсейсің бе өзін біл, таңертең Хамит қызметшы келгенде ойнақтап қой, бір-екі рет далаға қарап мөңіреп те қоярсың, сонда олар науқан кезінде мынау жақсы болды-ау, деп қуанып, сені жұмысқа алып кететін шығар, - ал енді өгіз достым, күндердің күнінде өзіңді құтқарғанымды есіңе ала жүрерсің, шаршаңқырап тұрмын, күні бойы өгіздің жармасын сүйреу оңай ма? деп қисая кетіпті. ...Таңертең жұмысшылар келсе (олар есекті жегуге әкетуге келген қой) өгіз алдарында ойкастап мөңіреп пыскырып қойып жүр дейді. Бұлар мұны көріп қуанып кетіп, біреуі жүгіріп қожайынға барыпты. Қожайын: - Тіпті жақсы болды, бұл өзі жуас әрі күшті өгіз, бұлардың да ауруы болатын шығар, ендеше өгізді апарып жұмыстарыңды істей беріндер,-депті. Күндер солай өтіп жатыпты, әлгі қожайын зады көп сөйлемейтін, беталды күлмейтін адам екен. Бір күні өз үйінде әйелі екеуі отырып ас ішіп отырса, энеукүннен бергі өгізбен есектің айлалары және есектің өгізге берген ақылы есіне түсіпті де ас үстінде мырс етіп күліп жіберіпті. Оны байқап қалған әйелі тап сол жерде :-Әй, күйеуім, неге күлдің дереу айт, сен сирек күлетін адамсың, тап осы жолы бұрынғы жәлептерің есіңе түсіп отырған шығар,-тап қазыр айт, әйтпесе талақ хатымды бер,-деп әлек салыпты. (күйеуі таралынан үш рет талақ деп айтылса мұсылмандар айырылысқан болып есептеледі.авт.) Байғұс қожайын қатты қысылыпты. -Өгізбен есектің сөзін тыңдадым, десе мынау әйел оған нанбас, әрі өзі өледі.Айтпайын десе күн сайын мынау әйел жанын қоймай барады. Қожайын бұдан жол таба алмай қиналады. Сөйтіп қиналып жүрген кездерде кешке қарай әйелінің ұрысынан қашып үйден едәуір жердегі тұт ағашының жанына қарай барса, қожайынның мысығы сол жерде сейілдеп жүр екен. Сол кезде тұт ағашының бұтағына бір торғай пыр етіп ұшып келіп қона қалыпты. Мысық оған қарай жақындап сәнденіп, маңғазданып керіліп қойыпты. Қожайын байқайды, бұлар бұрыннан достасқан екенін. Әйтпесе мысық торғайды ұстамақ болар еді ғой. Сөйтіп тұрғанда торғай мысыққа тіл қатыпты:-Мысық, сенің қожайыңыңа не болған өзі, әбден жүнжіп барады ғой,-депті.

-Бәріне кінәлі өзі-депті мысық.

-Қалай кінәлі болады? деп торғай қоймапты.

Мысық айтты: - Бұл менің қожам, өзі жақсы адам, әйелі бір оңбаған, жақсыға жаман кездесетін әдеті ғой. бұған сырынды айтпайсың деп, ол әйел күн сайын мұның мазасын кетіруде. –Ал бұған сыр ашуға болмайды, оның себебін мен

білем-депті. Торғай айтты: -Енді бұл бейшара осылай жүре береме, не қылмақ ойы бар екен-десе, мысык:- кожайын өзі сезбей жүр, оның емі оп-оңай табылады. дейді. Торғай бұған қатты қызығып: -Апыр-ай, мысык достым, айтшы, бұл не істеу керек, шайпау әйелінің жынын қағып алуы үшін,-деп қоймапты. Сонда мысык айтты: -Тұт ағашының солқылдақ шыбығын алып барып әйелді сабаса бәрі орнына келеді,-депті. Торғай бұған қайран қалып тұрғанда жасырынып бұлардың сөзін тындап тұрған қожайын үйіне қарай асыға басып жөнелді. Есіктің алдына жақындап өсіп тұрған тұт ағашының солқылдақ бұтағын отап алды да ішке кірді. Әйелі сазарып алған, бұл кіріп келгенде теріс қарапты. Сол кезде әлгі сабазың әйелді шыбықпен осып жіберіпті, және осыпты. Тұт ағашының шыбығы керемет солқылдақ екен, қожайын онан сайын осықылап мейілінше сабапты. Бұрын мұндайды көрмеген, күтпеген әйелдің есі шығып кетіпті. Қожайынға да әйелінің зығырданы әбден өтсе керек, шаршағанша сабапты. Тұт ағашының солқылдақ шыбығы мұндай мықты боларма. Бір уақытта әйелі жалыныпты: «әкетай, көкетай, менде нең бар, мұнша ұрып өлтіріп қоярсың, менің "жәлептеріңе бар" деп қалжыңдағанымды білмегенің бе" деген сыяқты бірденелерді айтып, азар дегенде құтылып шығыпты. Содан кейін бұл әңгіме мүлде тиылыпты.... Көкшолақ байғұс бұлардың әңгімесін тындады, одан басқа қолынан не келеді... өйткені ол колхоздың көкшолағы, көкшолақ ат түгіл колхозшылардың да еш құқығы болмайтын.Тіпті алда-жалда талапты бір бала оқуға барам десе де оның алдында, колхозшының баласы да колхозшы болу керек деген» қағида тұратын. Бұқара халықты құл етіп ұстаудың бір айралы жолы екенін ол уақытта кім білді дейсіз...

Тағы «кіші ферма» туралы

Алдымен оқушылар 6-7 отряд дегенге бөлінді. Әрқайсысында 7 кластан жоғары оқитын онбес-он жеті бала болады. Содан бұлар кіші фермада өз кезегімен жұмыс атқарады. Ол бір аптаға созылады. Осы бір апта бойы сиырлардың астын тазалау, шөп, жем беру, суару бәрі осылардың мойнында. Екі кезекте оқитын балалар өз ауысымына қарай кезектесіп жұмыс атқарады. Оқудан ешкім де босатылмайды, тек сиырды бағушы ғана сол күнгі сабақта болмайды. Бұл мәселе ылғи да мектеп жиналыстарында қатаң айтылып, тапсырылып отырылады. Жазда мұның шөбін де балалардың өздері дайындау керек. Әрине өгізі, тракторы беріледі, колхоз басқармасы тарапынан бақылау да болады. Бұл ферманың ашылуына тағы да әлгі жүгері байғұстың себебі бар, өйткені жүгеріні терең қазылған орға жастай шауып әкеліп таптап, тұздап тастайды. Содан қыс түсе мұны бір шетінен ашып сиырларға бере бастайды. Расында сиырлар мұны аса сүйсініп жейді, тіпті бұркыраған иісін сезгенде-ақ өкіріп солай жүгіреді. Бірақ өкінішке орай бірер қыс осы сүрлем болды ғой деймін. Оны алып, аршып беру оңай емес. ...Қыста бастап сиырлар бұзаулай

астайды. Әйтеуір түнгі күзетші үлкен адам. Сол маңайда тұрады. Түнде сиырлар бұзауласса сол кісі әйтеуір күтім қылады. Егер күндіз болса кезекте жүрген балалар өздері атқаруы керек. Мұның бәрі оқушыларға, оның ішінде қыз балаларға өте ауыр, сәйкессіз дүние еді. Негізінен Кеңестік жүйе негізсіз, өнімсіз кейіннен өздері де біліп «показуха» деп аталатын дүниелерге әуес еді. Ол әуестік сонау Москвадан басталған соң, төмендегілерге не жорық. Бұл сол показухалардың бір айқын көрінісі еді. Балалардың ол уақытта айырбастап киетін киімі жоқ, соғыстың біткеніне он жылдай ғана уақыт болған, барлығы жетімсіз жағыдайда осындай өнімсіз «эксперимент» жасаған «кеңестік машинаны» мен өзім ұнатқан емеспін, қазыр де сол ұнатпағанымды білдіріп отырмын. Біздің халыққа еш жақсылық әкелген жоқ. ... Күні бойы кіші фермада болған оқушы сабаққа қашан дайындалсын. Танертенгі ауысым түстен кейін сабаққа келіп тұрады. Үсті басына сиырдың астын о-төрт онбестегі балалар белдері майысып әзер дегенде тазалаған болып келеді. Мын жерден сақтансан да сиыр жануарының лас екенін бәрі де біледі, оның сұйық жапасының ең аз болғанда шашырандысы жұкпай қоймайды. Мұғалімдеріміз оған не десін. Сабақ сұраған болады. «Кіші фермада болдым»... деп мыңғырлайды оқушы. «Отыра ғой, келесі жолы дайындалып кел», деген болады мұғалім. Үш-төрт жыл Қызыларай ауылының балалары азап шекті. Кейбір жерлерде бізге еліктеп сиыр емес, тауық фермасын құрғандар болыпты, бірақ артынан нәтижесіз болған болу керек, бәрінің де үні өшті. Кезінде осы бастама дәріптеліп «Правда» газетіне дейін шығыпты десіп жүрді. Сол кезде жас журналист кейінгі мықты жазушы, қоғам қайраткері елге белгілі қайраткер Шерхан Мұртаза келгені есімізде. Ол кезде жастар газеті «Лениншіл»жастың» тілшісі еді. «Сондай жерде керемет бастама көтеріп жатыр екен» деген дақпыртпен жіберген ғой. Ол «Лениншіл жаста «Қызыларайдың қызғалдағы» деген беттік мәтін жариялады. Әрине, жаман делінбейді, бәрі жақсы, жайқалып, гүлдей жайнап тұр» екен делінеді ол уақытта. Шерхан да ол кезде сол саясаттың ту ұстаушысы. Қайдан білсін, халқын өркендетпейтін нәрсе екенін. Орталықтың сол уақытта құлдық пиғылда екенін. Қазақ болса малмен қой, өзбек болса мақтамен, жеміс тағысын тағы сондай аз халықтардың «аузын ұрып отыруға» арналған жымысқы құлдық саясат екенін ол кезде Шераған қайдан білсін.

...Кіші фермадан қанша дәріптегенмен ештеңе шықпады. Хрущевтың біздің жақтың ауа райы жағыдайында, жер жағыдайында өсуге қолайсыз жүгерісін де егілу сұйыла бастады. Сол кезде әлгі 75 сиырдан 20-30 бұзау ғана алынды-ау деймін, кіші ферма да нәтижесіз іс болып шықты. Өйтпегенде ше? Ата жазушымыз Сәбит Мұқанов мәселені осылай сұрақ қойып қойып өзі жауап беріп отыратыны есімізге түсіп кетті. ...Өйткені ешікімнің құлқы жоқ. Оқуын тастап оқушы жұмыс істегісі келеме? Колхоз бастықтары болса астықтан түскен азын-аулақ еңбеккүн есебінен колхозыларға бермек тиын –тебенді кіші фермаға аузынан жырып, жүрмейтін сепаратор сыяқты жабдықтарға жұмсады. Өйткені олар осыдан ештеңе шықпайтынын білгенмен- жоғарыдағы

кеудемсоктарға не істей алсын. Мұны істемесе тіпті өзі жазықты болып, сотталмаса да партиядан, қызметтен қуылмақ. Құрметті оқушылар, осының аяғы -жоғарыда мен айтқан сырты әдемі ақ сырмен сырланған сиырлар су ішіп тұруы тиіс- әр сиырға арнап заводтан дайындалған астаулардың ішіне су жүгірмеген күйі Ақжарық ауылының төбеттеріне лайықты итаяқ болғанын өтірік екен деменіз.

Ауылдың өткен, кеткен әңгімелері.

Қызырдың аюды соғып алуы.

1930 жылдары болу керек. Мойын серіктіктен колхозға айналып жатқан кез болса керек. Голошекиннің науқандатқан кезі. Сеңкібай батыр ұрпағы Қызыр деген адам болған. Қонырқай тіршілікпен өмір сүрген. Өйткені басында дәулетті адамның сол кездегі белсенділер мал-мүлкін тәркілеп алған.

Жаз айы. Қызыларай тауы етегіне қарай бір шұрайлы қыстау Ордабек қыстауы. Осы қыстаудан алыс емес, Қызырдың жыл сайын жайлап отыратын, атадан қалған жерінде бір керемет бұлақ бар еді. Суының өзі балдай, айналасы жаз айында құшырып кететін майсалы жердің нағыз өзі. Жылдағы әдетімен Қызыр азғана отбасымен әлгі бұлақтың басына қонған. Қызыларай тауларында ол кезде аңның неше түрі болған. Үлкендердің айтуынша тіпті маймылдың да бір түрі мекендеген деседі. Аюлардың болғаны анық. (Ең соңғы аюды 1951 жылы Әмірқан қыстауының желкесендегі Бөріқтас тауынан көрдік дегендер болыпты.) Одан кейін аю көрінбеген. Қызыр жылдағы әдетімен өзі жақсы көретін, атадан мирас болып қалған бұлақтың басында өмір сүріп жатты. Заманның тарылған кезі. Белсенділер тағы нені ойлап шығарады деп онсыз да тіршілігі сұрқай тартып қалған халық корқулы. Әйтеуір отбасы шағын, сиыры бар. Аз мал қаңғып кетуі мүмкін. Сондықтан қоналқыға сиырды белдеуге байлай салған.

...Түнде бөлекше ақырған дыбыс естілді. Дала адамының құлағы естігіш келеді. Бұл дауыс аюдыкі екендігін Қызыр бірден таныды. Өйткені кезінде Қызыларайда аю көп болған. Олардың арқармен басқа аңдарды аулайтынын, тасты жіберіп қалып үлкен арқарды ұрып алғанын да көріп жас кезінде қызықтағаны да бар. «Аюда бір адамның күші бар, қырық адамның жүрегі бар» дейтін бұрынғылар. Әлгі ақырған дыбыс тағы қайталанды, жақындап келе жатқан сыяқты. Ай жарық екен. Шағын, тозыңқыраған кигіз үй шайқалып кетті, Қызыр дереу баласымен әйелін ағаш төсек астына жасырып жатқызды да кигіз есіктен жалдам барып сығалап еді, жаңағы үйді шайқалтқан сиыры екен. Аюдың қаһарлы ақыруынан қорқып басжібін үзіп таяудағы қалың ағашқа қарай безіп барады екен. «Барса барсын, жануар» деді іштей Қызыр. Сөйткенше болған жоқ, аю сиырды қуып кетпей, кигіз үйде «дайын ас» тапқысы келді ме, кигіз үйді бір айналды да туырлықтын біреуін сыпырып

алды. Қызыр дереу балтаны колына бір ұстады да тастай салды. Сабы тозған балта тым қысқарақ көрінді. Көп ойлап жатуға уақыт тар, атам заманнан калың, шойындай қатып қалған шокпарды колына алды. Бұл шокпармен насыбай уқалайтын. Шокпарды алып білемдеп қойып еді, колына толықтау сезінгендей болды. Дәл осы сәтте аю едәуір жерге шегініп кетіп қайта жақындап келе жатқан сыяқты. Бұл мақұлық- сірә, қасқырлар сыяқты бірден өнмеңдемей, өзіндік тәсілмен шабатын сыяқты. Қызырдың аюдың мінезін ойлап тұратындай уақыты калмаған сыяқты. Бір сәт атасы Сенкібайдың ерліктері ойына түсті. «Қызык», деді ішінен, ол кісі осылай аюға кездесіп калса қайтер еді, садакпен атар ма еді, кылышпен шабар ма еді. Әлде найзамен түйрер ме екен. Бірақ, ол кісінің жанында әскерлері бар ғой. Олар батырдың өзіне жақындатпай-ақ жайғай салатын шығар біреуі. Осындай ойлар жанталаса сырғып Қызырдың ойынын әлем тапырығын шығарды. Сол сәтте-ақ сыпырылған туырлықтан аюдың алдыңғы екі сойдиған қара тырнағымен тұмсығы көрінгендей болды. «Ия, мынау дәп аюдың тұмсығы», ішінен күбірлеп сиынып тұрған. Қара шокпарды аюдың тұмсығына ұрды, «ырр» деген бір қатты дыбыс шыққандай болды да аржаққа қарай гүрс еткен және бір дыбыс шықты. Бір кезде есін жиғандай болып қараса шокпарды қатты ұстаған күйі тұр екен. Ұрғанын ойына алып еді, қараңғыдан қаймығып жайлау ұрылды деп ойлады, бірақ, колы сүйсінді. Ол нық тиді дегенді білдіреді. Осы кезде әйелімен баласы есіне түсіп оларды аршып алды. Әйелі не болғанын сыбырлап сұрап еді. Қызыр: «қорықпай-ақ қойындар, аю өлген шығар» деді. Меңіреу тыныштық орнады. Кешікпей таң да атты. Қызыр далаға шықты. Жан-жағына қарады. Үйді айналып, аюдың ізін мөлшерлеп едәуір жүріп еді. Бұлақтың аяғын қуалай өскен калың ағаштың сұйылған жеріндегі алаңқай да аю қылжиып жатыр екен. Үйге қайтып барып кездігін алып келді. Қырға қарай сүйіремек болып еді. Тіпті ауыр мақұлық екен. «Үлкен аю» деді ішінен. Осы кезде кішіректеу баласымен әйелі келді. Олар да өлген аюдан қорыққан жоқ, тек тамашалаумен болды. Еркек аюдың терісін сойып алды. Кәдімгідей баска аңдардың терісіндей кейіннен иледі. Төр алдына бөстек сыяқты салып тастады. Сиыр ешқайда кетпепті, бұзауын ертіп жайымен жайылып жүр екен. Түндегі аюдан қорыққанын есіне де алмайтын сыяқты.

...Қызырдың аю өлтіргені аңыз болып кетті... Осыдан сексен жылдай уақыт өткен соң осы уақиға болған жерде Қызырдың кейінгі аталас ұрпақтары ескерткіш – мемориаль орнатты, бұл істі бастаушы ауылын ардақтап жүретін, мен жоғарыда біраз әңгіме еткен Әделбеков Ахметтің, әкесі қайтыс болғанда әлі қырқынан шықпаған баласы Әделбеков Бағдат еді. Құқықтық дәрежелі қызмет атқаратын Бағдат Қызыларайдың табиғатын сақтаумен аялау мәселесінде, тарихи орындарды құрметтеу, осы арқылы Қызыларайдың табиғатын өз аясында сақтау жөнінде көп камқорлық жұмыстар атқарып жүргені рас. «Сүйер ұлың болса сүй, сүйінерге жарар ол» деп Абай атамыз айтқандай азамат.

Сафаның әңгімесі: аюлы атқан Мешекен...

Мешіт бірадар деген кісі өмір сүрген. Сол Қызыр өмір сүрген кезеңде, яғни өткен ғасырдың 30 жылдары болса керек. Кішкентай күнімізде бұл кісі туралы үлкендердің айтқаны сан естігеміз. Одан бері алпыс жылдардай уақыт өтіп кетті. Санамызда сол әңгімелер буалдырланып барады екен... Бұл кісі де Сеңкібай ұрпағы болса керек. Мешекен, Мешіт бірадар деп аталуына карағанда халыққа аса қадырлы адам болу керек. Халыққа жақсы аталу, жақсы көріну деген өте қиын нәрсе. Мешіт бірадар, өзінің малымен, арасында аң аулайтыны да бар екен, Қызыларайдың батыс жағындағы Бөріктас тауларының маңайында өмір сүрген сыяқты. Шын аты бізге мәлімсіз. Мешіт бірадар деуіне карағанда дінмен байланысы бар екені сөзсіз. Жас күндегі естігендеріміз буалдырланып бара жатқандықтан Қызыларай ауылының имамы болып отырған, ауылдың қазырғы үлкендерінің бірі Ақаев Сафаға телефон шалып, өз білетіндеріме қосымша бар ма екен деп сұрағанмын... Сафа туралы осы кітабымның бас жағында атын келтіргенмін. Сөз орайы келіп тұрғанда айта кетейін. бұл кісі біздің жас күнімізден сонынан бірге еріп, алдымызға айбат қылып ұстайтын ағамыз. Сол Қызыларай ауылының ардақты азаматы. Өмір бойы сол ауылдың ыстығына күйіп, суығына тонып келе жатқан адам. ...Жас күніміз. Мәдениеттен Ақжарыққа оқуға бара жатамыз. Сәкең алдымызда кетіп бара жатса қуып жеткіміз келіп жүгіреміз. Оның мәні бар. Сәкең кейбір үлкендер құсап кішкентайларға менсінбей алара карап, зекіп тастамайды. Қашан да жылы жүзбен карап, мейірім көрсетеді. Әлде мұның себебі де бар шығар. Сафа Ақаевтың әкесі үлкен ғұлама молла болған.

Әйтеуір 37-нің зобаланынан аман қалған екен. Оның есесіне ұлы Сафа екі жасқа толмай, әкесін 1941 жылғы соғысқа алып кеткен. Сол бетінде хабарсыз кеткен. Сафаның қолында әкесіне қалған арабша көп қолжазбалар, дұғалар бар. Орнында бар оналар, демекші, сафа Ақаев өзбетінше араб тілін игерді. Бұл өз басымнан да өткен сон білемін аса қиын шаруа. Негізінен арабша өз бетімен оқу деген бұрын мүлде болмаған. Қазырге дейін. солай. Тек арнайы оқу орындарында ғана оқытылуы тиіс. Бұған бір дәлел: С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтың кітаптарында айтылған сөздер бар. "Кейде екі жыл оқығандар сол беті хат танымай кетеді екен. Сондықтан да өз бетінше оқу ол үлкен ыждаһатты тілейтін нәрсе. Оған оқуға күштарлық, еңбеккерлік аздық етеді. «Оқу қонған» адам болу керек. Генетикалық қабілет керек. Жалпы оқу, ғылым содай нәрсе. Арабтілімен қытай тілі күні бүгінге дейін «элитарлық» деп аталады. Өйткені екінің бірінің тісі бұған бата бермейді. Сәкең туралы әңгімемізді жалғастыра отырып, араб оқуы туралы тағы бір қосымша түсініктер айта кетейін. Қазырғы медреселерді, араб тілі институттарында таза арабша оқытылады. Ал біздің халқымыздың көп дүниесі түркі-шағатай тілінде. Бұл не тіл дегенге де түсінік бере кетейін. Ахмет Байтұрсынның төте алфавитіне дейін (1918-1930жж.) Оқу арабша болған және түркі деп аталатын оқу да қосымша оқытылатын болған. Яғни түркі-шағатай деген

оқу. Ол кезде қазақша деген болмаған. «Түркі» дейтін атау болған. Түркі шағатай дегенміз не? Бұл арабша сөз, парсыша сөз, татарша сөз, қазақша, өзбекше сөздердің конгломераты. Бұларды оқуға, жазуға да араб алфавитімен грамматикасы қолданылған. Негізіне араб тілінің де грамматикасының да аса жетілген екенін айтуымыз қажет. Өйткені пайғамбарымыз заманынан әртін қолданылып келе жатқан осы тілді де, грамматиканың да жетіктігіне таңғаласыз. Міне, түркі –шағатайда осы араб грамматикасы алфавитімен коса қолданылған. Қиыншылық өзі осыдан туындайды. Мәселен араб тілінде дауысты, дауыссыз дыбыстар деген болса, осы дауысты дыбыстарға жандандыратын белгілер қойылу керек. Ол алғашқы оқу кезеңдерінде атқарылатын болса керек, жоғары сыныптарда бұл белгілер алынып тасталады, себебі оқушы немесе шәкірт дейміз бе, лингвистикалық білім жоғарылауы себепті бұл белгілерсіз-ақ оқи алуы тиіс. (Әлгі молладан шыбықты жейтін жер де осы болу керек.) Сафа туралы, тағы айтатын болсақ, осындай қиыншылықтың бәрін жеңіп, арабша игеріп ауылдың имамы болды. Жақсы қашан да жақсы. Жас күнінде тұрмыс қиыншылықтарының бәрін жеңіп, сол заманның белгілі адамы болды. Жас кезімізде Сафа ағамызға еліктегіміз келетін. Бұл кісі кезінде мықты палуан да болды. Күрескенде жауырыны жерге тиген жоқ. Кезінде әнді де керемет айтатын. Әсіресе, үндінің «420 мырза» атты фильмінен керемет жаттап алған әнін ел сүйсініп тыңдайтын. Әрине, кезінде қуса бұл кісі керемет әнші де немесе палуан да болып кететін еді. Бірақ, жаратылысына біткен сыпайылық, екінші-екі үйлі жанның бүкіл нәубетін көтерген адам екенін елдің бәрі біледі. Бертінде Рысқұл жеңгеміз де лайықты жар болды, өкінішке қарай өмірден ерте озды. Сафа деген сөзде мен «ф» әрпін саналы түрде қойып отырмын. Неге десеніз: Сафа, Марва деген таулар Сауд Аравиясы жерінде Мекка қаласының маңында. Сәкеннің әкесі ескіше оқымысты адам бола тұра осы қасиетті пайғамбарымыз аяқ ізін қалдырған Сафа тауының атауын қойғанына сөз жоқ дегім келеді. Сафа Ақаевтың әкесі Ақай молла атанған кісі болыпты. Әжептәуір ақындығы да болған. Осы кітап жазылу барысында мен Сафа ағамыздың өз қолындағы Әкесінің қолданған кітаптарын ұстап (өзім де арабша таныған соң) көрдім. Ол кісінің пайдаланғаны графикасы күрделі Стамбул құраны екен. Азын-аулақ қолжазбасы да қалған. Тіпті бір кітаптың шетіне баласы Сафаның қай күні туғанына дейін өз қолымен арабша жазып қойыпты. Жазуы маржандай. Арабша оқуы біраз дәрежеде болғаны көрініп тұр. ...Бұл кісінің кейінгі тағдыры да өкінішке толы. Баласы Сафа екі жасқа толмай жатып отыз сегіз жасында әскерге шақырылып соғыс майданында 1943 жылдың ортасына дейін тірі болған азаматтың ізі осы жерден үзілген. Кейін немересі Дананын сұрау салуымен Подольскідегі мұрағат 1943 жылдың ортасына дейін соғыс майданында болғанын, Таллин қаласында бауырластар зиратында «Жунұсов Ахайя» деп жазылғанын, бірақ, бір әріпте көп мәселені шешіп кетеді, кейде қосымша анықтау керектігін айтыпты... Ақайдың інісі Ақанды іздеп, сағынып жазған бауырмалдыққа толы өленін де оқыдық. Өкінішке орай Сәкеннің өзі арабша білмей тұрған кезін шешесі

Тыныштық-ана ауылдағы Ақайдың құрдас, көз көрген, арабша білетіндердің біреуіне сол соғыс даласынан өлеңмен, туған елмен жерге деген сағынышын көркім кестелеп шабытпен жеткізген өлең жолдарының біразын ол кісі аударыпты да. Бірақ, арт жағы аяқсыз кеткен болу керек, тіпті қолжазба да жоғалған сыяқты. Әрине өкінішті. Сафа ағамыздың қолындағы әкесінің бауырмал өлең жолдарына қызыққанмен оны алып бұл кітапта жариялауды дұрыс көрмедік. Себебі: оқушылардың мұндайды ұнатпауы, яғни «біреудікін, кітапты толтыру үшін пайдаланып кеткен» деген сөзінен де қымсындық. Екіншіден тәуір жазылған өлең жолдарын кітапша етіп шығару жөнінде Сәкене ұсынысымызды да білдірдік. Шығарудың себебі: кейінгі ұрпақ таланты аталарын, олар бастан кешкен қиын жолды білсе артық болмас деген ойда болдық.

...Сонымен Сафа ақсақал жөнінде (қазыр солай ғой) әңгімеміздің жетегінде біраз кетсек те Мешіт бірадар туралы әңгімемізді жалғайық. Сонау ел ашаршылыққа ұшыраған сұрқай 1932 жылдары. Аштықтан басқа да біздің халқымыздың басына қиыншылық көп түскен. Қайтыс болған адамды дұрыстап жерлеуге де адамдардың әлі келмеген. Жер тайыз ғана қазылып қойыла салатын болған. «Жұт жеті ағайынды» деген халық. Сол адамдардың мүрдесін ашыққан аюлар ашып тастайтын болған себебі, бұл мақұлық та аштыққа шыдасын ба. Өлген адамдарды суырып алып жеген -жағыдайларды біліп қалған халық Мешіт бірадарға арыздарын айтыпты. Бұған жаны түршіккен Мешіт бірадар қандай мылтық екенін кім білсін, айтылған, оқиға болған зираттын маңайына мылтығымен жасанып келіп түнде аңиды. Жанында басқа адам барма, жоқ па белгісіз. Адамның аңдығанын сезіп қалған сыяқты әлгі мақұлық жоламай қояды. Бірнеше түн өткен соң аштық шыдатсын ба, әлгі дәндеген мақұлық зират шетіне келе берген. Сонда аңдып жатқан Мешекеннің мылтығы гүрс ете түскенде әлгі аң-аю құлап түскен. Мұның мәні Мешіт бірадар асқан мерген адам екен. Мерген болған бұл кісінің әдеті түнде дыбысқа қарап ататын әдеті екен. Сонымен халық бұл нәубеттен де құтылыпты. Мешекен құстарды өкініште қалмасын, деп үркітіп барып ататын болған деп аңыз қылады ел. Ал аюмен бұдан бұрын да бір рет істес болған екен. Ірі жартастың құламасына қарай тұрған арқарды ұрмақ болып тасты көтере бергенде соңына ерге екі қонжығы мұның пиғылын түсіне қоймай аюдың соңына келе беріпті. Сонда аю ыза болып тасты жерге қоя тұрып, әлгі екі қонжықты үлкен тастың астына бастырып қоя салыпты. Аюдың бұл қылығын көріп тасада жатқан Мешекен, аю қарауылына ілініп тұрған кезде тасты жіберіп қалып арқарды мұрттай ұшырыпты, сол кезде мергеннің мылтығының ұшынан түгін де бұрқ ете қалған. Бұл атылған оқ аюға жүректен тиіп өлтірген. Дереве жүгіріп барып қатты мертліккен арқар құлжасын адал бауыздап алып қалып, енді аюдың жанына келсе бірден өліп қалған ұрғашы аю екен. Бағана артына қарап неге алаңдады екен деп білейін дсе, тастың астында аюдың екі қонжығы тастың ауырлығынан жаншылып өліп қалған екен. Мешекеннің өмірінде осындай оқиға болған екен, деп жа

күнімізде естіген әңгімелердің жұқанасы осылай болатын. Осы әңгімелерді біздің өзіміз естігелі алпыс жылдан асып кетті, қанша зирек болса да адамның санасы да тозады. Содықтан құрметті ауылдастар, оқушылар артық, кемі болса өздеріңіздің патша көңілдеріңіз таразыласын.

Қызыларайдан аю өлтірген екі адамды білесіздер, енді үшінші адам бар, сіздер оны да білесіздер. Бірақ ол кісінің бір ерекшелігі аюды Қызыларайдан емес, Таятқан-Шұнақ деген алыс, қуаң өлкеде өлтіріпті. Осы оқиғаны бастан кешірген Кемешев Шекен деген кісі еді. Бұл адам да Сенкібай ұрпағы. Қараның ішінде Жиымбай, атакты Ермековтарға жақын болып келеді. Бұл адам туралы әрман бастау керек болар, өйткені басына өткен оқиғалары өте қоюлау келеді.

Шекен батыр

...Кемешев Шекен сол колхоздастырудың бүкіл қиыншылықтарын бастан өткерген момын қарапайым шаруа еді. Қызылшырайлы төртпақ денелі, мұрты тікрейген бұл адамды Қызыларайлықтар түгел білетін. Өйткені сол елдің тумасы, жасына кедейліктің тауқыметін тартқан адам болатын. Жас кезінде бай ағайындарының қызметін де істеді. Сөйтіп жүргенде Кеңес өкіметі орнап кедейлер бір жарылқанып қалғандай болғанмен, мұның арты олар қызметін істеп күн көріп отырған байларды тәркілегеннен кейін бұл бейшаралардың да тіршіліктері ту-талақай болып кетті. Осындай тағдырға ұшыраған көптің бірі осы кісі еді. Сөйтіп жүргенде 32-нің аштығынан аман қалғанда, енді 37 –нің зобалаңы елдегі біраз жақсы-жаманды алдына салып кетті. Ел қатарлы деуге келер-келмес қоңырқай тіршілік сүріп жүргенде жоғарыда айтылған мойынсерік, одан кейін колхоздасу дәуіріне шамашарқынша қатысып еді. Жалғыз бұл ғана емес, бар халық коммунистердің белсенділерінің айтуынша тұрмысымыз жөнделі кетер деген. Бірақ жөнделіп кетудің ауылы әрі сыяқты. Сол үмітпен жүргенде 1941 жылдың ғаламат соғысы басталған. 1900 жылдардың басында туған шекен отағасы әзір әскерге шақырыла қойған жоқ. Алдымен кетіп жатқан жас өрімдер сыяқты. Ол күнде соғысқа жөнелту күн сайын деуге келеді. Өйткені әскери комиссариаттан күніне бір екі адамға шақыру келеді. Шақыртылған адам комиссиядан жылдам өтеді, дене мүшелері түгел болса болғаны, жарамды делінеді. Өйткені соғыстың аты соғыс, ол ырғалып-жырғалуды көтермейді. Сол уақыттағы қай науқан болса да халыққа ауырлық қылған ғой. Соғыс тіпті ауырлық қылды. Әсіресе, колхозда белсенділердің азын-аулақ ат-көлігінен басқа ешбір көлік жоқ. Соғысқа шақырылғандарды дереу жөнелтіп, Жарық атты Қызыларайдан екі жүз шақырымдай жердегі ең жақын теміржолға жеткізу колхоз басқарамасымен ауылдық кеңеске жүктелген. Айтылған уақытта сонда болу керек. Қандай көлікпен, қалай апару жанағы жергілікті үкімет мойнында. Ал олардың тапқан ылажы елдің қолында бірен –саран биелері бар. Бұры болған ат, өгіздің бәрін «жекешеге» тартылудан қорқып

колхозға өткізіп жіберген. Онан кейін болған аштық кезінде мойынсеріктік осының бәрінен айырылып қалған. Сода кейінгі құрылған колхозе ес жиып келе жатқан мына соғыс қатты тиді. Осы биесі барларға «салық» түсті, әскерге шақырылған адамды Жарык станциясына жеткізу үшін олардың биесі транспорт құралы ретінде кезекке қойылды. Биесіне қиналады-ау деп қанша іші ашығанмен амал жоқ, апаруға тура келген. Осындай зобалаң іс бір күні Шекен үйіне де келіп жеткен. Енді бір-екі айдың жүзінде құлындайын деп тұрған биімен әскерге аттанушыны апару кезегі келіп қапты. Шекен састы, обал болатынын, құлын тастайтынын айтып басқармаға да, ауыл кеңеске де айтып көріп еді, олар да мұны түсінетінін, бірақ басқа лаж таба алмай тұрғанын айтқан. Бұдан құтылудың екі-ақ жолы бар, біреуі айтқанға көп биімен лаулап әскерді апару, екіншісі оған көнбесең милиция алдына түсіп сотталып кету. Бұл екеуінен басқа жолды, ешкім де таба алмайды, буаз биені сойып тастасаң онан әрі жазықты болмайсың ба? Шекен жануарды қатты аяды. Өзі мәпелеп келе жатқан, белсенділерден де елеусіз қылып келе жатқан жалғыз биесі еді. Жануарды қинауға қимады. «Не істесендерде өздерін біліндер, жануардың обалын көтере алмаймын» деді. «Батырға да жан керек» деген олардың өз бастарын қорғайтын лажы мұны өкіметке мәлімдеу болды. Өйткені әскерге барушының іс-қимылын ешкімнен бүгіп қала алмайсың.

...Сонымен кешегі құдайға қараған, ешкімінің ала жібін аттамаған, ағайынға да елге момындығымен бірге қолынан келсе қайыр жасайтын сабаз азамат айдалып кете барды. Осыдан бастап, сол заманда Арқаға аңыз боп таралған Кемешев Шекеннің екінші өмірі басталды. Азат, емін-еркін даланы аңсаған Шекен апарып жауып қойған абақтыларынан қашып кете берді. Қашып алысқа ұзай алмайтынын кеңестік машинаның тамырын әбден жайып алғанын ол қайдан білсін. Туған жеріне келіп жасырынып жүреді. Біраздан кейін қолға түседі. Оның себебі біреулер жатқан жері мензеп қояды. Тіпті өз жақындарының да ұстап берген күндері болғанын 1955 жылы Сталин өлген соң, кешірімге жатып елге оралғаннан кейін, келгеннен кейін әкеме әңгіме етіп айтып отырғанын кішкентай кезімде естідім. Сол жылдары, ол кісі жаңылмасам Қаратал ауылында тұрды. 1959-60 жылдары ауылға көшіп келіп үй салып алды. 1955 жылдың қысында жақсы жабдықталған, аты бар, қара шанасы бар, Мәдениеттегі біздің үйге қыс айында келіп түскен. Сол біз паналап отырған екі бөлме қара кірпіш үй бұрындары осы кісінің үйі болған екен. Боран соғып тұрған... Сол боран күшейе түсті. Әңгімелесіп жатып бір күн қонғаннан кейін бұл кісі қайтпақ болды. Бірақ боранның күштілігі сондай аяқ асты да көрінбейді, керемет соғып тұрған. Боранның бетін көрген әкеміз бізге, үйдегі балаларға да далаға шығуға тиым салды. Бір айтатын жағыдай ол кездегі борандарға, қазіргі боран аталып жүрген ауа райының амалдары жете алмас еді. Ондағы борандар апталап бет қаратпай соғатын кезі көп болатын. Қар онсыз да мыжырайған үй үстінен жүріп кететін. Міне, осындай жағыдайда әкем оған: «Қаншама қауып-қатерден аман келіп, енді боранда ұшып өлсең, не дейміз,-деп жібермеді. Сонымен тағы екі күн боран

басылғанша жатты. Әңгімені түрлендіріп айтатын кісі екен. Өзі әкемен әжептәуір кіші екен. Бір-біріне емін-еркін екендігі сөздерінен көрініп тұрады. Сөз аралығында әкеме өзінің сол бір кездердегі ризалығын да білдіріп отырды. Кейіннен білсем, қашып жүрген адамға бірінші керек нәрсе тамақ болу керек. Колхоздың қойын бағатын әкем байғұс, жасырынып келген, немесе жанындағы жолдасын жіберсе есебін тауып бірер қойды беріп жіберіп те тұрған. Әрине, бала-шаға бар, өз аузынан жырып дегендей... Бұл оқиғалар өткен ғасырдың 40 –жылдары болғанын көңілі жүйрік оқушыларымыз сезіп те отырған болар.

-Байеке, деді Шекен, әкеме қарап,- Қызыларайда, Әулиенің маңында біраз жолдастармен бекініп, жымымызды білдірмей жатқанда, бізді қайтсе осы манда болады, деп болжаған болу керек, отыз екі автомобильмен, төрт самолетпен келіп қоршады... Жап-жақсы қаруланып алған бізде берілмедік, ішімізде соғысқа барғысы келмей қашқандар да көп болатын. Ішімізде біраз аңшылықпен кезінде шұғылданған мергендер де болатын. -Қасиетіннен айналайын туган Қызыларайдың жықпылдарымен үңгірлері сан рет жанымызды сақтап қалды ғой. Ішімізде Зейнекең атайтын жасы елуге иек артып қалған жігіт ағасы бар еді. Құралайды көзге атушы еді. Әулиетаудың маңайында қоршауға түстік. Бізді тұтқынға алмай-ақ атып тастауға жоғарыдан рұқсат болған екен. Соны біліп қалған бізде аянбадық. Толып жатқан қиын үңгірлерді жасымызда ойнап жүргенде-ақ біліп алғамыз. Соның да бір пайдасы тиген сыяқты.-деп бір қойды да Шекен қайыруға келе бермейтін қайратты сары түстес мұртын сылап қойды. –Жасымыздан өскен жеріміздің арасы екі қыр ғана еді ғой.- біріміздің сырымызды біріміз білеміз, өзіңіз Шекен мылтық ұстапты, аң аулапты дегенді естіген де, көрген де жоқ шығарсыз. Басқа түскен соң сол мылтықты қу жаныңды қорғауға ұстауға тура келді. Бір қызығы мен сол мылтықты күні бүгінге дейін кәдімгідей ел құсап қарауылдан көздеп ауды білмей кеттім. Мен мылтықтың ауызын ататын нәрсемен қарап көз мөлшермен туралап, тұспалдап ататынымын, бір қызығы осы атқаным өзіме де басқаларға да ұнайтын. Себебі, қалай екенін кім білсін, жолдастарым менің мергендігімді мақтап, тіпті дәріптеп жүрген жағыдайлар да болды. Өкімет сонымызға мықтап түскен соң топтаспай бытырап кетуге шешім қылдық. Қашқындар бір-бірімізбен жылап айырылыстық. Ойдан-қырдан қашқандар көп. Ішінде әр түрлі пиғылдағы ұры-қарылар да бар. Олар бізге уақытша ғана жолдас. Сатып кетуге дайын тұратындары да көп. Бір қосылған соң жолдастарынан қорыққаннан жүреді. Әйтеуір қазақтың даласы кең. Осындай екі жолдаспен мен Тайатқан –Шұнаққа қарай жылыстадым. Бір жағы шөлейт, бір жағы кәдімгі Арқаның жері сыяқты, негізінен бұрын байлардың жайлаған кен жер, жазық екен. Үшеуімізде бір ат бар. Оған мен иемін. Қашқындарға елсіз жердің де қолайлығы бар. Елсізде аң көп болады. Кейін қолыма берденке деп аталатын тәуір мылтық түскен. Сонымен аң да атып алып жүрдік. Адам сүйегі қурап жатқан бір қыстауды мекендеген болдық. Өйткені, бірыңғай далада түней алмайсың, қыс болсын жаз болсын

пана керек. Адам сүйегінің шашылуы. 32 –де аштан кырылып қалғандар ғой. Әңгімесін айтып отыр: -Адам аласы ішінде деген рас екен, бір күні танертен оянсам жанымдағы серіктерім жоқ. Тұрып алып олай-былай карасам көрінбейді. Олардын мені тастап кеткенін білдім, осы жақтың жер жөнін бір қашкын жақсы білуші еді, екіншісі сол бастап кеткен болу керек.Атқа тиіспепті, менің иелігімдегі берденке мылтықты бар оғымен алып кетіпті. Оған да ренжігенім жоқ, себебі иен далада атты да алып кетсе қиналғанның көкесі сонда болар. Еді менде қалған қару бір айбалта. Айбалта болғанда нағыз айбалта емес. Басында кәдімгі балта болатын. Түнеукүндері ішіміздегі бір ұста- бір жағы іші пысып, бір жағы қажет болған соң, бір жерде көште түсіп қалған ескі балтаны шокка салып айбалта қалпына келтірген.Қайтадан суарып, ұзын сап кигізгеннен кейін кәдімгі айбалта қалыбына келгендей болған. Тайатқан-Шұнақтың иен даласында осы айбалтадан асқан қару жоқ сыяқты көріп жүрдім....Күндіз милициялардан бұрын сан қолға түскеннен қорқып қалғанбыз, тауда жүреміз. қыстақта күндіз жатпаймыз, өйткені орныңнан басса өкініші де кетпес. Бұрын үш адам бір топ әскердей мықты сезінуші едік, енді жалғыз қалған соң қиындық көбейді. Түнде ұйқы қайта-қайта бөліне береді, қырық жастардағы кезім ғой, ұйқы әлі бұзылмаған кез. Атты күндіз шұрайлы жерге оттатып әкеліп, түнде қора ішінде жаныма бекітіп қоятынмын.

...Мен әңгімеші Шекенге, ел «қашкын Шекен» атап кеткен адамға қарап отырмын. Жасымнан «сөз соқты» едім. Толық дене бітімі, тікірейген шашымен мұрты дәп бір ертегінің батырларындай елестеп отыр. Бұл кісінің сондағы аты қандай болды екен, Тайбуырыл сыяқты тұлпар шығар деп ойлап та қоям. 1954 жылы жазда Тасбұлақ деген жайлауда жалғыз үй отырғамыз, әкеміз колхоздың ауру малдарын бағады. Біздің үйде төрт оқушы бала бар. Үлкен екеуі өгіз басында, жаз бойы көрмейміз.Кішірек екеуміз әзірше үйдеміз, өгіз қызыметіне ілікпегенбіз. Бірақ, сонда да бізге маза жоқ, бір мезгіл, тіпті түстен кейін мал бағу біздің мойнымызда десек те болады. Күн ыстық. Түске қарай екі салт атты тура біздің үйге қарай аяңдай жүріп келіп тоқтады. Біз жалғыз үйде ішіміз қатты пысады. Ойнайтын бөтен бала жоқ. Өр нәрсені ермек қылғанмен жылдам жалығамыз. Сырттан біреу келе қуанып қаламыз. Ол кезде ондай қонақтар да көп болмайды, анда-санда мал емдеуші-санитар келіп кеткен болады. Креолин, дуст сыяқты дәрілерді тастай салып олар да кетеді. Жалғыз үйдің ешкімге де қызығы жоқ. Сонымен әлгі аттылар үйге келіп түсті, түсте ыстықта малдың жусап жатқан кезі болатын. Біреуі ірі денелі,аксары кісі. Бірінші көзге көрінетіні басындағы ағарып кеткен қалпағы. Кейін білдім, мұндай қалпақтар «сталинка» деп аталыпты. Ағару себебі- көп киілгендіктен күнге матасы ағарып кетеді екен. Жанында Өмірбек деген деген ауыл адамы, ол да сотталып «амнистияға» жатып қайтқан екен, екеуі елге амандасып жүр екен, жанындағы ақ қалпақты акбоз атқа мінген зор денелі адам осы Шекен екен. Бұрын атын көп естігеміз. Екеуі де әкешешемізбен кәдімгідей жылап көрісті. Жылап-көрісу негізі біздің халықтың

дәстүрінде бар нәрсе. Осы оқиғадан көп уақыт өтпеген. Айналасы бір-екі жылдың мөлшерінде бұл кісінің жанында отырып әңгімесін тыңдау бақытына ие болдым...

...Сонымен Шекен батыр- боран басылмау себепті әңгімесін жалғастырды. — Бір күні -деді, ол, күндіз тау басында жатып, айналаны шөлып әбден қараңғылық қоюланғанда қораға қайтып келсем, жатып жүрген жерімде мол шидемім болатын, сол шидем жоқ. Бұған мен қайран қалып қораның түкпір-түкпірін қарағаныммен ісім нәтижесіз болды. Адам аяғын басса мен тау басында қалт жібермесем керек. Атты қораға кіргізіп мықтап байлап секемденген күйі жатқан болдым. Мұндай оқиғадан кейін ұйықтай алам ба? Кенет ауылым елім, жапан түзде елден де, өкіметтен де жасырынып қашып жүруім, кішкентай төрт жастағы ұлым Нұрғазы есіме түсіп біраз күйзелгендей болдым. Өкіметтің қолына берілсем, бірнеше рет түрмеден қашып кеткен, Қызыларайдағы Әулие тауындағы милициямен болған қақтығыста қолымнан жақын ауданның милиция бастығының орынбасары менің оғым тиіп қансырап өлген. Бұл менің кінәмді бұрыннан да ауырлатпай ма? Әр түрлі ауыр ойлардың жетегінде түн ортасына дейін жатқанмын. Сағат дегенді ол уақытта білмейміз, әлден уақытта гүрілдеген, ырылдаған сыяқты бір дыбыс естілді. Таң ағарандап келеді екен, соны дәтке қуат қылып орнымнан қалай тұрғанымды білмеймін, әлгінде айтқан айбалтаны қос қолдап ұстап екі-ақ қадам жерде тұрған атқа жақындап -кұр-р-р жануар, дегенімше қатты ырылдаған дыбыстан қорыққаны ма жануар кісінеп-кісінеп жіберді. Жерге жабыса салынған қораның терезесі де жерден екі-ақ қарыс көтеріңкі, тар терезеде әйтеуір ағаш сағанасы бар, содан әлгі гүрілдеген қара пәле тұмсығын бір тығып кейін шегініп кеткендей болды. Бұрын Қызыларайда аю бар дегенмен өз басым соны көрмеппін. «Аю» деген ой басыма сарт ете түсті. Бір жағынан –аюдан несіне қорқам-деген бір батылдық та пайда болған секілді. Ең бастысы қылпыған айбалта бар. Қылпыған болғанда нағыз шашқа түсетін өткір. Күні бойы осыны баптап қайрағаннан басқа менде жұмыста болған жоқ, соңғы кездері. Аюмен кездесем деп кім ойлаған. Үтқып барып терезенің енділеу жақтағы қабырғасына қырындап тұра қалдым. Әлгі мақұлық та көп күттірмей басын терезеге сұға бергенде айбалтаны тұмсықтан жоғарылау тұстан сілтеп кеп жібердім. Бір барқ еткен дыбыс шығарып кейін шегініп кетті. Әбден дыбыс шықпаған соң сүт пісірім мезгілден кейін балтам қолымда, далаға шықтым. Тым-тырыс. Қыстау-қораның аяқ жағында шілік бар, бас жағында бұлақ. Қан ізі бар екен, сонымен еріп, баспалап келе жатырмын. Сол шілікке жете бере құлапты. Маған аса үлкен көрінді. Түсі қоңыр болады екен. Тұмсығын өткір балта қойсын ба, омырып түскен екен, тіпті тұмсығы терісіне ғана ілініп тұрғандай. Дерев терісін сойып алдым. Бұл менің шидемімді сүйретіп әкетіп дал-далын шығарыпты. Онымен ойнағаны ма білмеді, бұл хайуанның пікірін. Қалдығы кейін табылды. Бұл менің шидемімді алып кетіп, менің төсегімнен де, тоңғанда қиетін жансақтарымнан айырып еді, күн өтпей өзі келіп ұрынып, өлім тапты. Мұның терісін

баптап, тұз жағып (қашқындар, шамасы келсе, сіріңкемен, тұзды көп алып жүреді) аса қурап кебуге жібермей уқалай бердім. Себебі қатып кетсе қалын тері уқалауға көнбей қатайып кетеді, онда киімдік, жамылғылық қасиеті де болмай тулақ болып қана қалмақ. Ал кәдімгідей илеуге інді қайдан алмақсың. Бұл бір жағынан өзіме ермек болды, таудың басына барып уқалаймын да отырамын, кейіннен жібектей болды. Әрі жұмсақ, әрі жылы, түнде рақаттанып жататын болдым.

Бұл адам кезінде аңызға айналған деп кезінде айтқанмын. Кейінгі тағдыры да қызық. Қолға бір жолы түскеннен кейін (өзі барып берілген бе, немесе ұстап алған ба, ол жағы есімде жоқ, қанша айтқанмен алпыс жылдардан асқан уақыт қой) бұл кісі жиырма бес жылға тайғаға айдалыпты. Ол уақытта лагерлерде заңды қылмыскерлер басқарған. Өкімет адамдары, лагерь басшылары сырттан қарап қана отыратын болған. Түкке тұрмайтын қылмысы үшін адамды өлтіре салу түкке тұрмайтын нәрсе болған. Лагерлерді аса мықты, бұзық, кісі өлтіргіш бандиттер басқарған. Кім күші асса - сол басқарған. Сол уақыттың киноларынан қазігі жастар көріп те жүрген шығар, лагерьге жаңа түскен адамды олар арнайы сынақтан өткізген. Ақылы, қулығы, күші есепке алынып, лагерь ішіндегі иерархияда сол өз тұлғасына лайық орын алатын болған. Тамақтануы, киім киісі сол өзі жататын қастаға тән болған. Сондықтан да лагерьге түскен адам, әсіресе көп мерзімге сотталғандар жанынан күдер үзіп жүретіндей болған. Шекен батыр (батыр деген атты шын мәнінде қолданып отырмын) тайгадағы алыс лагерьге дәм-тұз жазып барған. Бұл кісі туралы әңгімеміздің орта шенінде Шекен бастаған топ кезіксе сотсыз-ақ атыла берсін деген бұйрық болғанын айтқамыз. Кеңес әскерлері жеңіске жете бастаған сайын осы бір қаталдықы сәл жұмсартқан болу керек. Бір жағынан атып тастағаннан пайда жоқ. Сондықтан бұларды ұзақ мерзімге соттап жұмыс істетіп пайдасын көрген де дұрыс деген уәждері болған болу керек.

... Алыс тайғанын түкпіріндегі ағаш дайындаумен шұғылданатын лагерьге Шекен келіп түскеніне көп болған жоқ. –Орыстың бәрі Иван ғой,-деп Шекен күліп қойды. Сонда Иван деген бәрінің үстінен қарайтын үлкен денелі, түксиген қабағы суық, ешкімді бет қаратпайтын сотқар болды. Өмір бойғы кәсібі ұрлық, қарлық. Дүниеде не оқиға болып жатқанында оның шаруасы жоқ. Оның мекені осы лагерь. Оның қашанда тамағы тоқ, жағыдайы жақсы. Лагерь бастықтары оның айтқанынан шықпайды. Өйткені олар атқаратын көп міндеттің бәрін Ивановтың нұсқауымен атқарылып жатады. Бірақ, кейінгі этаппен келгендердің ішінен осыған бір бәсекелес шыққан сыяқты. «Екі ортада шыбын өледі» дегендей лагерьдегі бақастықтың кесірінен басшылары соғысып қалса, оның кесірі қарапайым сотталғандарға да тиеді. Негізінен көп адамдар жазықсыз келіп, момындықпен жазасын атқарып кетейін десе де оған ондай мүмкіндік беріле бермейді. Себебі, лагерь іші екі, үш, тіпті төрт топқа бөлінген. Сен әйтеуір бір топқа қосылуың қажет. Ондай ұсынысты барғаннан

кейін өздері-ақ жасайды. Әлді, күшті, ақылды адамдарға бәрі таласады. Ол да сенің бір сорың қайсысына кіреріңді білмей киналасың. ...Ағаш дайындауға барып жүргенде мен жұмысты жақсы атқарып жүргем... Мұның себебі, нормасын асыра орындап отырғандарға бір жыл мерзімі үш жыл есебіне кіреді деген заң шыққан. Бұл әрине, түбінде елге қайтам деген үміті бар адамға жақсы мүмкіндік. Лагердің тамағы қай бір оңған. Сонда да болса елге он жылда мерзімді бітіріп қайтсам деген үміт мені алға жетелейді.

...Өзім ауылда момын өскен едім. Бай ағайындардың ығында болғанмен кедейлік еңсенді көтертпейтін. Тіпті солардың малын бағып жүргенде қойды, козыны қасқыр жеп не тартып кетпей тұрмайды. Жас кезіміз. Қожамыздың жағыдайын білеміз. Міндетті түрде сабайды. Ондайда біз дайындалып барамыз. Ішімізден арқаға қарай сенсең теріні киіп аламыз. Бай сабай бастағанда қашып кетуге және болмайды, өйтсең онан сайын ашуын қоздырасың. Сондықтан адамның бәрі де сөйтетін шығар, арқанды тоса бересің. Манағы қой терісі (сеңсең) сенің жаныңды алып қалады. Қашанғы сабай берсін, біраздан кейін қояды. Бұның өзі тіпті үйреншікті дүние болып кетеді. Екіншіден мұның пайдасы бар, төбелестен қорықпайсың. Бала күнде ауылда көп төбелеспейсің де. Жалшылықта жүрген сенің төбелесетін уақытың барма? Сонда да болса өзім қатарластарды жығып жүруші едім. Жігіт боп қалған кезімде бай мені «көтеріп» жылқышы қылған. Шу асауларды тырп еткізбейтін едім. Бай мені алысқа той-томалаққа да алып барып күрестіріп жүрген. Ол күрестерде жығып жүрдім. Кеңес өкіметі орнаған соң бәрі жайына қалды ғой. Байлар тәркіленіп жайына кетті. Кедей-кепшік кеңес өкіметінің сойылын соққан болдық. Шын ниетімізбен болмаса да, әйтпесе қайда барасың. Белсенді дегендер шықты. Солардың ықпалымен, алдымен мойын-серік, артынан колхоз құрдық. Аяғы мынау болды. Кім ойлаған көркем Қызыларайдан, осындай жырақ кетем деп. «Адамның басы алланың добы» деген рас екен.

... Лагердегі манағы Иван мені шақыртыпты. Ағаш кесіп, оны текшелеп жүргенде оның бір жансызы менің қайратымды көріп әлгіге жеткізсе керек. Оны мен әрине, кейін білдім. Барған бетте әркімдерден жағыдай біліп шүйіркелесе кетуге орысша тіл де қысқа. Бармауға болмайды, сені олардың өлтірте салуы оп-онай. Сенің құныңды ешкім де сұрамайды. Сендейлер мындап жүр. Күніге құлаған ағаштың астында қалып, болмаса өздері сиыспай бірін-бірі өлтіріп тастау болып жатады, үйреншікті нәрсе болып, бұлардың тіпті еті өліп кеткен. ...Иванға жіберген адамы ертіп барды. Ол уақытта тұтқын не лагерь үлгісіндегі киім деген болмайды. Кім не тапса соны киіп жүреді. Ұры-қарылардың бастықтары үлдемен бұлдеге оранып жүреді. Бұлар жұмыс та істемейді, өйткені олардың нормаларын басқалар орындап жатады. Жоғарыда айттым, онысына қарамастан бұлар өкімет атындағы лагерь бастықтарына жағымды. Себебі күллі тәртіпті осылар ұстап тұрады. Бірақ, қылдан тайып кетсе бұлардың халі де жаман болады. Өйткені өкіметтің аты

өкімет. Күштің бәрі солардың қолында. Бұлардың арамдығымен өздеріне деген сатқындығын біліп қалса -лагерь бастықтары оларға басқа күштілерді айдап салып түбіне жетіп отырады. Мен әрине, мұнын бәрін кейін білдім. Иванға бара жатқанымнан бұрын кейбір тәжірибелі казактар «сонын айтқанын істемесең, өліп қаласын» деп ақыл берген. Ол да есімде. Жақсы киінген, түксиген, жүндес жінішке, тарамыс болса да үлкен денелі екені көрініп тұр. Сыртын жүн қаптаған қолының өзі күректтей. Түрі орыстарға келмейді. Қабағы, қасы бәрі қап-қара. Былай уақытта суық көрініп отырғанмен мен алдына барған кезде түсін жылытып қарсы алды. «Адам аласы ішінде» деген рас шығар, дәп мына қалпында мұны бандит деуге қимайсың. Дәп бір жүзінен нұр төгіліп тұрғандай екен. Алдында неше түрлі тамақ. Әдейі әкелдіріп қойған ба, жоқ тамақ ішетін уақыты болған ба, білмеймін. Бұларға бәсекелес жақтың бір мықтысы бар екен, сонымен алысу керек. Астына түссе өлтірсең де еркің. Егер оның астына сен түссең оның да сондай еркі болады. Бұл үшін жаза көрмейсің, мына мықтылар өздері мойнына алып отыр. Бұларға ермек те керек. Ит, бөдене таластыратын халықтар бар деп еститінбіз. Бұлардікі де сол ермектің бір түрі. Осы тапсырманы маған жақсылап түсіндірді, ұзын ұрғасын түсінгенмен кейбір жер түсініксіз болғандықтан бір казак жігітін таптырып әкелді. Ол бұлардың айтқанын жақсылап жеткізгенмен қоймай «тіпті ата-бабамыз батыр болған, намысты жібермейтін бол» деп қайрап та қойды.Иванның алдында емін-еркін отырғанына карағанда көп уақыттан бері сырмінез, ниеттес екені көрініп тұрғандай. «Мына пәлелерге қайдан кез болдым, менен басқа адам көп емеспе, әлде өкіметтің менен кек алу үшін , құтылу үшін жасаған айласы ма» деген ұры ойлар да жылт етіп қояды. Рас, өкіметті көп әуреге салдым. «Бізді, қашқындарды іздейміз» деп қаншама әуреге түсті олар. Бірақ олар маған кектенсе сол қолға түскен кезде атып тастаса да сұрауым жоқ емеспе еді. Тәуекел, «бұл да маған бір мүшел шығар» деп, бүге-шігесін біліп алып, келісім бойынша тайганың ішінде алып биік ағаштарды дайындап жатқан жерде, көп ағаш алынып алаң болып қалған алаңқайда әлгімен кездесетін болдым. Ол жердегі мәселе былай: қарсы жақтың ойын оларға әрине, жеткізеді. Соны естіген ол өзі келіп маған ұрынуы тиіс, егер ұрынбаса мен өзім барып ұрынуым керек. Ол мықтының халі де менің халім сыяқты. Әйтеуір майдан болмай қоймауы керек. ... Қыстың күні. Тайганың бір қасиеті жел болмайды. Бірақ аязы қатты. Танертең лагерь барактарынан жан-жаққа айдап шығарғаннан кейін бізді де орнымызға әкелді. Тым-тырыс. Жұмысқа кіріспек болып жатқан тұтқындар. Бұлардың барлығын «фашист» деп атайды. Өйткені кім болсаң ол бол, мұнда түскендерді осы атаумен атайды. Бәрі аралас. Халық жауы болып жиырма бес жылға кесілгендерде, ұрылар да, соғыста қашқандар да, тіпті ұсак –түйек қылмысы үшін түскендерде осында мидай араласып кеткен. Мұнда адам жүздеп емес, мыңдап саналады. Денсаулығым өте жақсы болатын. Қанша бейнет тартып, аштықты, суықты көрсем де денсаулығым бір сыр берген емес. Алланың бұл бергеніне шүкір, деп іштей сиынып жүретінмін. Сөйткенше болған жоқ, жұмысқа кіріспек

мансып күйбендеп жатқанымда, кайдан шыға келгені белгісіз бір құрқытай пайда бола кетті. «Сені ана жерге шакырып жатыр» деп алаңқай ортасына қолын шошайтты. Әлгінің сонынан ере бердім. Айнала қоршау қылып ортасын ашып қойыпты. Бір қарасам ортаға қалай шығып кеткенімді білмей қалған сыяқтымын. Сөйткенше бір дәу маған қарсы келе жатыр екен. Бойы менен көп биік, Ұстаса кеткенімді білемін, бір қарасам алып ұрыппын. Іштен шалсам керек. Бұрын шалу дегенді білмей, құр алып күшке сеніп кеткен дүлей күштің иесі болу керек, мен үстінен жеңіл көтеріліп тұрып кеттім, тұрса тағы алыспақпын. Үстінде көп жатпаған себебім алып адам екен, оның мені аударып кетуі оп-онай. Сондықтан жылдам ұшып тұрып ыңғайланып тұра қалдым. Бірақ ол орнынан тұра алмады, бір аяғы опырыла сынған екен. Мен өзім осыған қайран болдым. Сізге жасырмай айтайын, «өзіңнен мықты шықса, екі көзің сонда шығады» демекші ол түрегеліп, қолына қайта түссем, сөз жоқ, мені жаныштап жіберер еді, деп осы уақытқа дейін тауба қыламын. Аллатағала бір періштесін жебеуге жіберген шығар... Осыдан кейін менің алыс лагердегі жағыдайым оңға басты. Мен «жақсылардың» қатарында болдым. Ондағы әңгіме көп, оның бәрін кейін айта жатармын. Сөйтіп жүргенде Сталин өлгеннен кейін амнистия болып елге қайтуып келдік қой, -деп ол әңгімесін аяқтады. Боран да басылған екен. Ол бір шай ішіп алып аттанып кетті.

...Шекен туралы үлкен шығарма да жазуға болар. Әзірше біздің мүмкіндігіміз осы болып жатыр. Көрші Қаратал ауылында бірнеше жыл тұрып, кейін ауылға көшіп келіп Ақжарықтан үй салып тұрды. Кезінде аңыз болып кеткен адам, басқа ауыл тұрғындарымен, әзіл-қалжыңы жарасып өмір сүріп бертің дүниеден өтті. Сөзге де, әзіл-қалжыңға да ұста адам болатын. Артында ұлы Нұрғазы, одан туған ұрпақтар өмірін жалғастырып жатыр.

Аю туралы Мұқаш әңгімесі

1952 жылдың қысы. Томай қыстауында отырғанымызды бас жағында айтқанмын. Әнуардың әйелі Қамаш деген адам аурулы болды, мұны да айтқамын. Осы кісінің көңілін сұрауға (қарындасы болып келеді екен) Қалабаев Мұқаш деген кісі келді. Ол уақытта халық өте бауырмал болатын. Төртпақ келген қараторы кісі. Ол кісіге тамақ істелді. Қыстактын адамдары белгілі іштері де пысып отырады. Бір жағынан шаршап та жүреді, өйткені колхоздың малының астын тазалау, шөп салып, суару деген жұмыстардың бәрі қолмен атқарылғандықтан діңкелеп жүреді. Сонда да болса біреу келсе әңгіме, дүкен құрғанды жек көрмейді. Ол уақытта радио деген әлі жоқ. Мұқаш аға да кенестің «алтын заңының» «арқасында айдауда болып елге екен. Ол уақытта бірен –саран адам ғана болмаса көпшілік еркек кіндіктердің көбісі сотты болған. Бұл кісі де сондай оқиғаны бастан өткеріп келген екен. Әңгіме тыңдаушы Бабан, оның бәйбішесі Қауыла деген кісі, (бұл әйел де Мұқашқа жақын туыс екен) менің әкем, Әнуәр, менің шешем және мен. Мұрат

(бабанның ұлы) ол да тыңдап отыр. Осы үш үйдің ортасында Қ..., Аққозы деген балалар өте жылауық болатын. Шамамен бір,екі сағат үздіксіз жылау бұл екеуіне түк емес еді. Осы күнге дейін есімде қалды. Бұлар жылауды бастаса ешікімге де не алдауға, не қорқытуға көнбеуші еді. Жылауға себеп табулары да оңай болатын. Шамамен екеулері де төрт жарым, бестер шамасында. Жылайтын баланың нағыз дер шағы ғой деймін. Бір жыласа ешкімге көнбейтінін білетін ауыл адамдарында Мұқаш аға жақсы әңгіме айтып отырғанда әлгі екеуінің біреуінен шиі шығама деп зәре жоқ. Өйткені ешбір алдаркатқанға олар көнбейтін еді, деп жаңа ғана айттым. Сол жылы қыста ұзаққа созылды ғой деймін. Бұл екі жылауықтың көз жасы «біреуге көрінер» деп қорқып ырым ғылып жүргенде Қамаш қайтыс болды. Жұрт «бәсе осыған көрінген екен» десіп жүргенде науырыз айында Сталин қайтыс болып балалардың жылағаны осыған көрінген екен деп жұрт «уһ» десті... Сонымен Мұқаш аға тамақ піскенше көп қызық әңгімелер айтты. Әңгіменің дені алыс жерде болып келген адамның басынан өткен уақиғалар. Жалпы бұл кісі шынында әңгімешіл адам еді. Кейін өскенде де тыңдаудың сәті түскен уақыттар болды.

...Бір жолы лагерь бастықтары ерігіп аю аулағысы келген болу керек. Оларға аюды қыста ұйықтап жатқан жерінен үркітіп, оятып шығару керек. Әрине олар өздері мұндайға барып неғылсын. Өлімі құнсыз айдалғандардың бірекеуін алып бара салады. -Зады, аю өте қаһарлы мақұлық екен -дейді, Мұқаш аға. Оны сол жерде көп естігенбіз. Бір күндері аюды үркітуге апарған тұтқынды жарып та тастағанын да айтысып жүретін. Өйткені жай уақыттай емес, ұйқыдан ояғанда ол өте ызалы болатын көрінеді. Сонымен бір күні лагерь бастықтары екі адамды аю үркітуге алып шықты. Әрине, олар қарулы адамды апару керек. Оларға қызық көру керек. Өйткені сол күні Мәскеуден лагерьлер басқармасының бастығы келеді деп естігенбіз. Жергілікті бастықтар соған жағыну үшін аса қызықты бірдене көрсету керек қой. ...Күртік қарға жеттік. Ар жағында ештеденің ізі білінбейді. Олардың қысқы үңгірі осы маңайда болуы әбден мүмкін. Кейде бұлар да бір тобы бірлесіп келіп бір аймақтағы үңгірлерге мекендеп жататын сияқты. Жан да-жанның бәрі солай бірлесіп күн көрмей ме? Алдымызға жанымдағы орыс серігім екеуіміз жай басып келе жатырмыз. Оның себебі: аюлардың қысқы ұйқыдан оянып қалатын мезгілі де болып қалған. Әлгі аю аулаушылардың есебі де осыған сәйкеседі. Олар бізден елу-алпыс қадам шамасы мылтықтарын асықпай ұстап тұр. Мылтық болғанда, әрине, винтовка. Ештеңе байқалмаған соң, біз «енді не істейміз» дегендей анырып бастықтарға қарадық. Оларда ақылдасып тұрғандай. Алып шыққан шатырларын сол жерге тіктіре бастады. Ар жағы белгілі. Тамақ, ішімдік ішпек. Бізге «сендер әртаман біраз жерді байқап келіңдер» деген ишара қылды. Бұл ашық өлімге айдағанмен бірдей. Өйткені бізде қару жоқ. Тек пиманың қонышына тығып жүрген бір-бір кездігіміз бар. Ол қолдан істелген. Өйткені лагердегілердің ішінде небір өнерлілер бар. Кездік аса өткір болады. Ұзындығы бір жарым қарыстай. Кейде

тінту шаралары кезінде болмаса кездікке тиым қыла қоймайды. Өйткені лагердің аты лагерь. Қанша тиым болғанмен атыс қаруынан басқа кескіш қарудың неше түрі болады. Әлгі жолдасым екеуміз едәуір жерге кеттік.... Үш-төрттей үнгірдің манайына келіп қалыппыз, аюлар оянып жатыр екен. Көре сала кейін зыттық. Зытқанда аяқта ауыр пима, қар қаттылау болғанмен қалың. Онымен жүгіру деген айтуға қана. Жүгіру емес, малтығып келе жатырмыз. Шамамыз келсе әлгілерге осыны, аюдың мекенін тапқанымызды айту ғой біздікі. Сөйтіп едәуір малтығып келе жатқанымызша болған жоқ, артымнан ырылдаған бір дыбыс шыққандай болды. Қарағанымша болған жоқ, артымнан қатты бір сокқы болып, екі иығымнан аюдың екі қара тырнақтары сойдиған аяқтары асылып тұрғанын бірақ байқадым. Әйтеуір етпетімнен жығылмай қалыппын. Ойланып тұруға уақыт жоқ. Екі иығымнан асылып тұрған екі аяқты арқалай ұстап, еңкейе бере басымнан асыра лақтырып жібердім. Нансаңыздар ауырлық сезбеген сыяқтымын. Мұным рас екен. Кейін білсем, олар қыстай бойындағы майын сорып әбден жеңілдеп тұрады екен ғой. Енді бұрылуға да, қашуға да мұрша жоқ, ол да тұра сала маған бассалды, мен оны бассалдым білем, сол жақ қолым оның аузына түскен сыяқты, ырылдап шайнап жатыр, оң жақ қонышымдағы кездікті қалай алғанымды білмеймін, ішінен есіп-есіп жібердім. Жантайып құлай берді. Қолым қан-қан болып тұр, оған қарауға мұрша қайда? Шегінін қреп кеттім, бойым дуылдап бара жатқан сыяқты. Тер басып кетті білем. Сөйткенше әлгілер дыбысты естіген болу керек, мылтықтарымен жүгіріп келеді екен. Сөйтсем жанымдағы серігім оларға жетіп, «мені аю жеп жатыр» деп барыпты. Ішіне қансырап жатқан аюдың әлі жаны шыға қоймағанекен, біреуі келіп басынан винтовкамен атты. Сөйтсем өздері атқан болып мақтану керек екен ғой оларға. Бұл оқиға менің өмірімді жақсылыққа өзгертті. Осыдан көп ұзамай мерзімді қысқартып босатты ғой -әйтеуір - деп, Мұқаш аға әңгімесін аяқтады. –Мына бармақ, содан мұқылданып қалды ғой-деп қолын әнтек көтеріп қойды. –Қырық жастардағы кезім ғой сонда, деп -қойды, тағы. –Жастықтың соны, кәріліктің алды-деп бір күреске түссем деп те жүрмін-деп қалжындап қойды.

Мұқаш аға бертінде дүниеден озды. Балаларының көбісі: Аманай, Жақанай палуан болып жүрді.

Аюмен алысқандар туралы әңгімемізді тағы бір хикаямен жалғастырып және сонымен тамамдайық. Құнанбай заманында болған оқиға екен. Тобықты-Бораншы Жанбай деген деген адам өмір сүрген. Лақап аты Көтен екен. Оқушыларымызға да басқа біздің кітабімізді зерттей қалушылар болса айта кетейін: біздерге мәлім Көтен үшеу болған. Біріншісі Майлық –Көтен деген кісі. Бұл да зор, күшті адам болған дейді. Бір байдың өгізін көтеріп әкетіп, өзіне белгілі тас үнгірде бакырға су құйып жіберіп, отқа жартылай қақтап жеп отырғанда, әлгі байдың жіберген батырсымақ, палуан адам артынан білдірмей келіп шокпармен ту сыртынан ұрғанда бакырды отқа ұстап отырған Көтен бұрылып қарамапты, дейді. Өз көзіне өзі сенбеген әлгі палуан көзін укалап

жіберіп қайта ұрғанда ғана, бақырды оттан алып жанына қоя салып: -Бұл қайсысың, ей, сорпа төгіліп, ойынын осылып жүрмесін, енді? деген екен. Себебі, ол бақырды отқа ұстап ет пісер піспесте етін алып жейді екен де, жанында тұрған ағаш па, көн торсық па, әйтеуір бір ыдысқа сорпаны жинай береді екен. Содан етке тоятпағанда барып артынан сорпаны ішетін болса керек. Міне осы сорпа құйған ыдыс мөймілдеп тұрған кезде келіп әлгі палуан мұның шамына тиген қой. Асырыңқырап айту да болмай тұрмайды, дегенмен осындай мықты адамдар біздің халықта болса керек. Кейде жастар тарапынан әр жерде сұрақ туып жатады. Олар айтады: «Батыр, батыр дейсіздер, палуан дейсіздер, қазір солар неге жоқ? деген сұрақ қояды. Себебі батырларды тудыратын соғыс, ел қорғау сыяқты құбылыстар. Қазыр тыныштық заман, сондықтан олар біздің ішімізде жүргенмен біте алмайсын.

Міне, бір Көтен атты адам туралы айттық. Екінші Қырғыздың –Көтен деген бір атасы бар. Оны өздеріңіз де білесіздер. Үшінші мен айтқалы отырған Көтен жоғарыда айтып отырған Жанбай деген кісінің лақап аты екен. Ол уақыттың бір үрдісі әртүрлі аттарды жеңгелері қояды. Міне, Жанбай деген палуанға батпақтағы түйені алып шыққанда жеңгелерінің біреуі «Көтен күшің бар екен» деген бір жағы қалжың, екінші жағы шын атауды берген деп аңыз қылып кеткен. Бұларды баяндап отырған себебім: оқушылардың кейде әр нәрсенің байыбына бармай қалатын кезі де болады. Міне, осы жаңсақтықтан сақтандыру үшін айтып жатқанымыз. Осы Көтен (Жанбай) сол уақытта Қызыларайда отырған екен. Өзі жолаушылап кеткенде, отын әкелуге барған інісін аю жәукемдеп кетіпті.Келгеннен кейін әрине, аюдан кек алмақ болады. Бар қаруы жаман балта болса керек. Негізінен бұл аюға ағашқа барып жүргенде бұл да ұшырасқан екен. Бірақ аю бұдан қашып кетеді екен. Бұл жолы барғанда аю адамнан дәндеді ме, ол да бұған қарсы жүгіріпті. Кейде біздің халық өте қызық халық қой. Өзі аю аулаймын деп барып тұрғанда қолындағы бар қаруы отынның қуын шауып, сындырып алуға жарайтындай жаман балтамен барған ғой. Әрине, аюға қарсы садақ пен найза апармайсың. Сонда бетпе-бет келіп қалғанда балтаны аюдың басына аяусыз күшпен сілтеп қалған, қаңсып тұрған олқы балтанын басы аюдан асып бірақ ұшып кетіпті. Амал жоқ, ойлануға да уақыт жоқ жан дәрмен жұдырығымен аюдың басынан қойып жібергенде аю сылқ ете қалыпты. Артына сойғанда көрсе, әлгі аюдың маңдай сүйегін ойып жіберіпті, бірақ ет қызуымен білмеген екен, қолы қаты ауырып бара жатқан соң қараса сірбегі быт-шыт боп сынып кеткен екен.(Этнографиялық тұрғыда айта кетейік, «сірбек» көп қолданылмайтын сөз, қолдың білек тұсындағы астыңғы қыры болса керек, авт.) Осы палуан кейіннен әр жердегі үлкен астарда күреске түсіп бәйге алып күн кешкен. Бірде Шыңғыстау маңайында бір асқа барғанда Құнанбайға барып сәлем бермек болса, ол кісінің аға сұлтан кезі болса керек, алдына рұқсатсыз адам жібермейді екен. Бұл өңмендеп болмаған соң, ішке кіріп біреуі Құнанбайға баяндаған соң «кіргіз» депті. Бір шара қымызды төңкеріп салған соң жөн сұралты –Құнанбай жанында отырған адамдар. Жөнін айтып отырғанда

кандай кәсіп, өнерің бар еді, деп Құнабайдың өзі сұрапты. Сонда Көтен (Жанбай) «мен мына қолыммен аюды ұрып өлтірдім» депті. Оған кандай дәлелің бар десе : шор болып біткен сірбегін (білегін) көрсетіпті. Өзі де алып тұлғалы адам болса керек.

Сонымен біздің өзіміз білген, аю өлтіргендердің саны бес адам болды. Мен бұл әңгімелерді зерттеп айтып отырғаным жоқ, естігеніміз, көргеніміз, жадымызда қалған нәрселер болған соң жазып отырмын. Бұдан да үлкен бізге мәлімсіз қызық оқиғалар болған шығар.

Зейнұр әңгімелері

Ілиясұлы Зейнұрды елдің бәрі, тіпті сол атыраптағы жұртқа белгілі адам еді. Мінезі кейде жұмбақ, қаламаса ашылып сөйлемейтін. Аяқ-қолы бүтін болса, кияк қара мұртты, аялы ақылды көзді, келбетті ұзын бойлы жігіт болған болар еді,-деп ойлайсың. Екі қолдың басы, екі аяқ жоқ. Тағдырдың бір себебі шығар.. Кішкентай күнімнен осы күйінде атқа қарғып мінгенін көріп тамашалаушы едік. Кемтар болса да сауларға есесін жіберіп көрген емес дейді, жұрт. Өзі көп отбасылы болды, Орынбек, Онғарбек деген ұлдары, Мақпал, Жібек, Шұға деген қыздары болды. Бәрін түгендеп білмеймін, тағы балалары болған шығар. Зейнұрдың қасиеттері көп болған адам. Әуелі үлкен аңшы.

Жасында қол –аяғы үсіп қалғаннан кейін әкесі еркелігінің бәрін көтеріп отырған. Бір әңгімесінде соғыстың алдында алыс бір ауданда керемет алғыр тазы-ит барын естіген Зейнұр соған көңілі кетіп, әкесіне –барайық-деп қолқа салған. Біздің бала күнімізде үлкендердің айтуынша Зейнұрдың әкесі Ілияс сол уақыттың өлшемімен тәуір адам болған. Сол кісі баласының көңілін қимай әлгі тазыны іздеп барады. Тазының иесі бір ауданның прокуроры болған екен. Отыз жетінің зобалаңы ма, жоқ басқа да себебі барма, сол кезде абактыға отырған екен. Сол тазы бар үйді іздеп тапқан соң, ішке кірсе, прокурордың жұбайы жас келіншек және жастау баласы бар екен. Тазы төрде жатыпты. Зейнұр тазыны көріп керемет қызығыпты. Бұлар сыпайылап келіп бұйымтайын айтса, басында аяғына отырғызбапты. Тіпті бос сұрамаймыз, ақысына не сұрасаң тауып беремін дегенді де айтыпты. Зейнұрдың әкесі Ілияс қарт. Қанша шоршыса да өзі текті қазақтың қызы болса керек, әлгі жас әйел. Зейнұр- баланың мына халін де көріп отырған болу керек, ақыры болмаған соң -алыңыздар,-депті де көз жасын көл қыла жылапты. Қайтсын, күйеуі түрмеде емеспе. Ол кезде түрмеге бір түскен адамның қайта шығудан үміті аз.

...Осы тазыны баптап елге алып келіпті. Зейнұр айтады: -Ауыл жүдеп отырғанда Қызыларайда бір қыста дәл санын қазыр мен ұмыттым, әйтеуір көп арқар алып, ауылды асырап шықты,-дейді. Міне, Зейнұр әңгімелері осындай болып келуші еді. Аңның әңгімесін айтқанда тыңдаушының аузы ашылып

қалады. Онын тыңдаушылары әрине, көбінесе біз сыяқты балалар. Қасқырдың, түлкінің, арқардың мінездерін айтқанда дәп бір солармен сырласқандай күй кешіп отырасың. Өзі жастау кезінде бүркіт те ұстап аңға салмақ болған. Бірақ ол кездегі қоғам ондай еркінсуді ұнатпайтындықтан еріксіз бүркітке азаттық берген. Қызыларай тауларында Алатаудың ақ иығынан да кем түспейтін бүркіт, қаршыға түрлері бар дейтін. Қызыларайдың әртүрлі әңгімелерін, бұрынғы өткен адамдары жөнінде көп мәліметі болатын. Бірақ, оны тыңдайтын құлақ бізде болмады. Құлақ болғанмен сол заманның әуеніне ерген бізде құлық болмаған болу керек.

Қызыларайға қатысты қалжың ретінде айтылатын әңгімелерді көп білетін... -
-Ол кезде «акшом» деген болған. Акшомның мәні бұл төңіректе ұн тартатын кәсіп болмаған болу керек,-деп бастайды, Зекең бір әңгімесін,- сондықтан Алатау жаққа барып ұн әкеледі екен. Ол жақта қай жерден алатынын білмеймін, әйтеуір қыс бойы дайындалып, науырыз айында еті тірі деген жігіттер акшомға аттанады екен. Акшомға түйемен тартады, кірені. Өйткені түйеден басқа не бар, өгізбен бармайды. Керуен иелері өздері әрине, жақсы атқа мініп, қарулы жігіттерді де ала жүреді. Өйткені ұры-қары қай заманда да болады ғой. Түйеге жүк артуды, білетін шығарсыңдар, қомдау десе керек. Ал ұнды қомдап артып болған соң ол енді «шомға» айналады. Ұн артып келе жатқан керуенді «Акшом» деп атаған. Өйткені көп жерден келе жатқан керуеннің бар -түйеге артқан қаптың сыртына ұнның ұлпасы шықпай қоймайды. Сондықтан да алыстан келе жатқан керуен аппақ болып көрінеді. «Акшомың құтты болсын» деген сөз содан қалған,-дейді, Зейнұр білгір. Зекең әңгімесіне қалжың араластырып отырғандықтан әңгімесі керемет әсерлі шығушы еді. -Содан деп, жалғастырады, ол, әңгімесін,- Біздің жақтың жігіттерінің ісі сәтті болып апарған тауар-қаржысына көңілдегідей саудалары жүріп ұндарын акшомдап алған соң елге қарай бет бұрған... Сол наурызда кеткен акшомшылар қайта оралғанда күзге жақындайды. Өйткені жердің алыстығы, түйенің жүрісі сол мөлшер болады. Жолда акшомшыларға әртүрлі уақиғалар да кездесіп қалады. Көбінесе, басқа жерден барған акшомшылармен қатар жүретін, тіпті қатарлас қонатын күндер де көп болады екен. Әр жердің адамдары, танысып, білісіп тіпті құда түсісіп қалатын жағыдайлар кездеіп тұрған.Кешке қонған жерде бір-біріне қонаққа бару, әуелетіп ән салу сыяқты ғұрыптар болып тұрған. Өйткені акшомшылар бір-біріне тілеулес болады, қастық, ұрлық қылмайды. Ондай бола қалса ол сырттағылардан келеді деседі. ...Түйенің жүрісі қанша, маң-маң басып келе жатады, керуен Алатаудың етегінен ұзағанша да көп күн өтсе керек. Бір күні қоналқада дамылдан жатқанда көршілердің біреуі таңғалып сөйлепті дейді. - Япырай, жарықтық Алатау мұндай алып боларма, міне, пәлен күн жебелей жүріп келеміз әлі осы таудың етегінен ұзай алған жоқпыз, қандай ғажап десенізші... Басында мәңгі қар жатады, дейді,мұндай тау дүниеде жоқ шығар... дей бергенде біздің Қызыларайдан барған бір жігіт әлгінің жанына жетіп барыпты,-дейді. Бара сала: --Түу? Осыны да тау деп тұрсың ба? деп сауал

тастай сөйлетті. Сонда әлгі Алатауға таңғалып тұрғанның тіпті есі кетіпті дейді. –Жарқыным-ау мынадан да үлкен тау барма? депті, одан әрі таңғалғанын жасыра алмай. Сонда әлгі Қызыларайлық жігіт:--Әрине, бар, ол таудың аты Қызыларай! деген. Оның алыптығын, биіктігін айтайын саған! Бір күні жылқым жоғалып іздедім. Таба алмай қойған соң, қой, тау биігіне шығып қарайын,-дедім. Себебі, жылқымыз жоғалғанда даланы босқа кезіп әуре болмай, тау басына шығып, жан-жаққа қарағанда атырап алақаныңда тұратын. Сонда жоғалған малды дәл тауып алатынбыз. Бүгінде әуре болмай тауға шықтым. Қолымда ұзын құрығым бар. Мен тау басына шыққанымша ымырт жыбылып түнге айнала бастады. Түн ішінде нені көресің? Қап? Ертерек шықпағанымды қарашы, деп, тұрғанымда аспан жап-жап-жарық болып тұр екен. Аспанға қарасам, жұлдыздар жақын сыяқты, жарқыратып тұрған солар екен. Әуестігім ұстап кетіп, құрықты көтере бұлғап-бұлғап қалғанымда жұлдыздар сау ете қалды. Онан кейін жылқым ойыма түсіп төмен түсіп кеттім... депті. Естігендер сеніп, таңғалысыпты. Ол уақыттағы адамдар кулық-сұмдықты көп білмейтін, сенгіш аңқау келсе керек,-деп қоятын Зекен. Бұл кісі туралы осымен аяқтайық, өйткені Қызыларайлықтар туралы әңгімені айта берсең көп томдық кітап болар.

Менің оқуға баратын жылым болатын. Алдымда екі ағам оқуда. Бәрімізге жағыдай қиын болғандықтан мен қанша барғым келгенмен, бара алмағам. Жағыдай деген-ол киім, аяқ киім, үстіңе киетін киім. Осының бәрі ол уақытта жетіспейді. Тәуелсіздігімізге дейін, казак байғұстын мұқтаж болмаған кезі бар ма? Сол мұқтаждык мені басымда да болды. Бара алмаудың тағы бір себебі, колхоз орталығында не оған жақын жерде отырған жоқсың. Ондайда бірдеңе қылып бара беруге де болады. 1951 жылдың жазғытұрым біз Тарасудан көшіп Кенасудың басында кигіз үйде отырдық. Әкеміз ауру еді. Сол өткен қыста Тарасуда қыстыгүні тауда ешкі бағып жүргенде қатты ауырып аттан құлап жатқан жерінен бір жолаушы кездесіп қалып,әйтеуір үйге алып келді. Содан үйде көп жатып, аудан орталығына барып емделген болып келді. Бірақ, ауруы жазылмады. Сол елу бірінші жылы әжептәуір жұт болғанын кейінгі жастар білмес. Қыстақтарда отырған халықтың көбісі «малға» деп жіберген сұлымен күнелтті. Кеңес өкіметінің бір мінезі: шамасы келсе малға, жануарға жағыдай жасаудан аянбайтын, ал адамға ешбір жағыдай жасамайтын. «Қоғамның малы» деген термин болатын. Малшылар: «өкімет қоғам малын өлтірмейді» деп жүретін. Сол қоғамның малын өлтірмеуге жасаған жағыдайы- жемге деп, сұлы жіберуі адамдардың да жанын алып қалды ғой деп ойлаймын. ...Сонымен Кенасудың басында отырмыз. Кенасуды кейде үлкен кісілер «Қалмақбас» деп те атайды. Себебі, казак-қалмақ соғысы кезінде өлген қалмақтың басы көмілмей жатқан болу керек. Менің арманым, ақыл-ойымды жаулап алған, мектеп. «Шіркін, мектепке барсам» деген тілегімнің жетегінде бір күні сондағы бастауыш мектепке шет жағалап келдім. Мен үшін мектепке бару, мұғалімді көрудің өзі үлкен оқиға іспетті. Ол уақытта сырты ақ үйлер болмайды. Сұрықсыз қоныр кірпіштен салынған үйлер... Мектептің қана

сырты ақ болады. Оның өзінде жергілікті қоңырқай, әйтеуір ағы көптеу «ақтопырақ» аталатын балшықпен сылайды. Бір күні әуестікпен мектеп үйіне келдім. Аманжол мұғалім осы балаларды оқытады екен. Бұл кісіде соғыста болған, орден, медалдары көп адам еді. Әрине, мен оны кейін білдім. Бұл кісі менің оқығым келетінін біліп қойған сыяқты. —Отыра қой-деп бір бос орынды нұсқалды, біраздан кейін үзіліс болып далаға шықтық. Балаларға қарасам, киімдері өте жүдеу. Шынын айтсақ ол уақытта бала киімі деген болмайды. Балалардың киетіні-басында әкесінен тозығы жетіп қалып жамау-жасқаумен сол үйдің үлкен баласы киген, кейінірек одан кейінгі балалар әйтеуір сімілтірін киіп жүрген, не үлкеннің, не бала киіміне ұқсамайтын жалбыраған бірдене. Өйткені жоқшылық. «Құйрығы тесіктің жамауы көп» деген қалжың мәтел мол кезде шықса керек. «Қарсақ қуған не теңін, жылтылдайды көтенін» деген қалжың, қанатты сөз де сол уақыттың еншісінде шығар. Әрине, мен оқуға кіре алмадым. Өйткені оқу жылы аяқталып қалған. Бірақ, «отыра ғой, партаға» деген Аманжол мұғалімнің жылы сөзі есімде қалды. Аманжол мұғалім жақсы адам еді. Кейіннен колхоз кеңшарға айналғанда жұмысшылар комитетін басқарды. Ешбір артық мінез көрсетпейтін жайдары адам ретінде менің есімде қалды. Аманжол мұғаліммен Шәріп апайдың тәрбиесін алған балалары Жанат жұбайы Алтынмен бірге Ақтоғайда дәрігер болып халықтың ықлас, ниетіне ие болып жүрді. Қазыр Қарағандыға көшіп келді.

2 бөлім

Өткен ғасырдың үлкендері жайлы

Амантай және басқалары

Ауылымыз туралы бір естелік болып қалса, деген жөнмен жазып отырған осы кітапшамызда өзіміз сол кезде шет жағасын көрген, немесе көрмесекте естіген адамдарымыз туралы да айта кетсек артық болмас. Кеңасуда 1951жылы жазғытұрым қар суымен көшіп келіп бір-екі айдай отырдық деп жоғарыда айтқанмын. Бұл ауылда менің нағашы апам Ләтан (Ләз) деген деген әйел адам тұрады екен. Әрине, біз үшін бұл үлкен оқиға еді. Біз,өзім және інілері сол үйге барып тұрамыз, тамақ ішеміз, сол маңайда «ойнап жүріңдер» деп қояды ол кісі. Бұл үйдегі біздің бөлеміз, балаң жігіт Төлтай Қарқаралы педучилищесінде оқуда екенін бұрын еститінбіз. Қыстақта тұратын бұл үйлердің екінші баласы Рымтай анда-санда келіп-кетіп тұрады. Біз оған қуанып қаламыз. Одан кейінгі Амантайды біз естуіміз бар, бірақ әлі көрген жоқпыз, тәрізі бір жерге мұғалім болып кеткен Төлтай бөлеміздің қолында болу керек. Өйткені оқуға ілініп, оқып жүрген болу керек. Өйткені нағашы апамыз Сейфи молла деген кісінің екі қызының бірі Ләтан- Амантайдың қызық мінездерін айтып отырады. Оқуда жүрген Төкене бұл кісі хат жаздырады екен, сонда Амантай өз тарапынан да кейбір жақсы бауырмалдық сөздерді қосып жібереді екен. Осы Амантаймен Ақжарықта бесінші класс

жын жүргенде ғана қосылдық. Содан мектеп кезеңінде арақідік кездесіп жүреміз. Өйткені ол бізден жоғары оқиды. Іштей жақынбыз. Өстік, әскерге бара кезде тіпті жақын болдық. Амантай сұнғыла, бірақ ішіндегісін сыртқа шығара бермейтін сырбаз адам болып ержетті. Біреуге жалпақтауды ұнатпайды, көбінесе өзімен өзі жүрген сыяқты болғанмен сөзді жақсы ұғады. Амантайды күні бүгінге дейін өзім жақсы көрем. Оның басқасын айтып қайтейін, демекші керемет әншілік өнері болды. Амантайдың биік дауысты әнші екенін бір алладан кейін мен және Қызыларайдың кен даласымен тау тасы білетін шығар. Оның дауысы сол далаға, сол тауларға сіңіп әлі жаңғырығып тұратын сыяқты көрінеді маған. Ол әнді өз көңіл күйі келмесе ешқашан айтқан емес. Ал көңілі түссе керемет халық әндерін құйқылжытып, тіпті құйқылжытып деу жетімсіз шығар, бар нақысымен биік дауысымен орындаушы еді. Бүкіл дала оның даусын қайталап тұрғандай болушы еді. Осындай есіл өнер ерте қоламтаға айналып кете барды. Оған себеп қазақтың от басы, ошак қасы салты. Ата-ананың көңіліне қарау, үйлену, үй болу. Тек бұл ғана емес, өнерін қадірлеп ұштап, канатандырып жіберетін азамат қайда. Колхозға әнші керек емес, жазушы, ақын керек емес, оларға қойшы, шофер, сауыншы мал құрттаушы керек. Алпысыншы, желісінші жылдардың бір үрдісі – «пәленше» трактор айдап ақша тауып, үй үшін асырап жүр, ал «әлгі пәленше» адам болмайды, оқуға барам дейді оқудың не керегі бар, мынау совхоз деген жақсы екен, еңбек қылсаң ақша береді деген үрдіс, бұрын неше өткелден өткен жарымаған халықтың санасын билеп алды. Мен сыяқты, Серік, Аманжол, Бағдат сыяқтыларды «бұлар кітап оқып ауып кеткен, адам болмайды, жалқау» деген қауесеттерді гулеткен іштің де, сырттың да адамдары болды. Міне, есіл биік өнердің бір қарлығындай өсіп келе жатқан Амантай Тохметовтың талантының аяғы совхоз деп аталатын күнкөріс көзінің батпағына батып қалды. Ауылдың надан басшылары ешқашан ешкімді қолдағанын көрген жоқпын. Бірен-саран тілектес ағайын болған шығар, бірақ олардың қолынан не келеді. Екінші үлкен фактор «пендеге пенде болмаймын» деген Амантайдың өзінің мінезінен де әрине, талантты өлтіруге отқа май құйғандай себеп болды ғой деймін. Қысқасы нағыз талантты аяламасаң ол өте нәзік нәрсе тез айырласын. Ал күшеншектер жалықпай жармасып жүріп әйтеуір бірнәрсеге қолын жеткізеді, бірақ алысқа бара алмайды. Бүгіндері кейінгі ұрпақтың өкілдері кезінде биікке самғап кете алмаған осындай өнерлі ағаларының болғанын білсе деймін. Кейінгі ұрпаққа өнерді аялап қадірлеу керек деп те айтқымыз келеді. Өйткені оны жаратушы әрбір жан иесіне бере бермейді. Сарбалақов Базыл жөнінде де осыны айтуға болады. ...Алпысыншы жылдардың басында бұрынғы Еңбек колхозы Қызыларайға қосылды. Осы үлкен мереке ретінде өтті. Сонда Базыл «Базарын құтты болсын, ардақты

елім,-деп басталатын биік әнді керемет әуелетіп салып еді. Жігіт шағында той-домалақтарда біраз ән салып жүрді, аяғы сұйыла берді. Себебі белгілі баяғы колхоздың жұмысы, үй, бала шаға дегендейін... Қызыларайдан өнер қонғандар көп шыққан.

Шүйішбаев Қапастың балалары Қабыжан, Қайрат, Төлеухан мықты, жақсы әншілер еді. Өздері шетінен ақкөңіл жастар еді. Қайратпен Төлеухан кейіннен Қарағайлы, Қарқаралы жақта болып өнерлерімен халық көзіне түсіп жүр еді. Тіпті облыстық, республикалық әншілер жарысында алға шығып жүрді. Өкінішке орай бақтары жанбады, өнерге де себеп болатын қолдаушы керек, сол қолдаушылар болмады. Тағы бір себеп сол кездегі қоғам да сәйкес болмады. Олар сөз жүзінде «өнерді қолдаймыз» дегенмен іс жүзінде олай емес еді. Қазір көп әншілердің бағы жанды. Қолдаушыдан бұрын нағыз өнерді көре алмаушы жауы да көп болады. Олардың сол жаулары басым болып кеткен сыяқты көрінеді маған. Сөйтіп жүргенде екеуі де жастай өмірден өтіп кетті. Әрине, Қабыжан да өтті өмірден. Оның бәрін теріп айтуға біздің кішкентай кітабіміздің беттері тарлық қылар... Менін жазып отырған уағиғаларымның өзіне алпыс жылдың арғы бергі кезіндегі хикаялар. Ал, жетпіс-сексен, одан арғы кезеңдегі адамдарды біз білмейміз, неше түрлі әнші күйшілер шыққан деседі. Арыстанбеков Жакыпбектің үш баласы бірдей соғысқа аттанған. Бұлардың есімдерін ол кісінің өзі де өнерпаз болған немересі Қайырберліден сұрап біліп едім. Турағұл, Әбілқас, Әбдуқас деген азаматтар сол кезде елге белгілі өнерпаздар болған екен. Турағыл оқыған, сол кезде ел басқару істеріне араласқан қабілеті үлкен адам болған. Әбдуқаспен Әбілқас аса өнерпаздар болыпты. Тіпті шертпе күйдің аса көрнекті орындаушысы болған Әбікен Хасеновпен бірге сол кездегі қазақ өнерін көтеруге керемет еңбек қылған өнерпаз азаматтар екен. Өкінішке орай олардың айтқан әндері, тартқан күйлері жазылып қалмаған. Жазылып қалатын мүмкіндік ол кезде болмаған. Өміре әншінің өзі сол кезде Парижде эбонит таяқшаға әйтеуір көмескі жазылған бірденесі бар... Тіпті Әбікен Хасенов бұл екеуін де өзіне ұстаз санаған деген сөздерді бала күнімізде Жақан атамның аузынан естіген едік. Әрине, біз ол кезде мұның бәріне көңіл қоймайтын кезіміз де болған шығар. Жақанның өзі де шау тартқан шағының өзінде "Бүркітбайдың әнін" өте жақсы орындайтын. Соғысқа ілікпей қалған кенже ұлы Қапаста осы әнді орындайтын. Ал Қайырберлі (Жақанның немересі) жақсы әнші болды. Әсіресе, «Алматының «алмасы» деп басталатын әнді жұрт қоярда қоймай орындататын. Қайырберлі де әншілікті қумады.

Арыстанбеков Жакыпбек, (осы жоғарыда айтып отырған атам) өңірге белгілі шешен, дұрыс билікшіл адам болған. Ол кісінің мықтылығы: соғыс жүріп жатқан кезде өзінің соғысқа аттанған туған інісі Жолдасбек деген кісіге «қара қағаз келгенде көзіне жас алмапты. Сонда өзімен қатарлас қариялардың біреуі «апыр-ай осынша қатты-ма едің» дегенде «мен жыласам, мына ел,

бала-шаға, жетім ауыл не болар еді» деген. Ол, ол ма, кейінірек үш баласы бірдей соғыстан оралмағанда да нар көтермес қайғыны көтерген қасиетті Қызыларайдың қасиетті ақсақалы болып, тек мықтылығын, қайыспайтынын көрсетіп өмірден өткен осындай аталарымыз аз емес! Ұлы Отан соғысы тақырыбын қозғайтын ойым жоқ. Оған соқсаныз, бөлек кітап арнауы керек. Неге десеңіз ол аз айтылған жоқ, жазылды да. Сондықтан көп айтылған дүниені шиырлай бергім келмеді. Басқа қазақ ауылдары сыяқты жүздеген боздағы аттанғаннан қайта оралмаған отбасылардың қайғысына ештеңені де теңеп жұбатуға болмас. Тек сөз реті келіп қалған соң айтқанымыз. Оның бәрін уақыт ысырып келеді, бізден кейінгі ұрпақ сол уақиғаларды қанша дәрежеде сезініп бағалайды, оны сол уақыт көрсетер.

Имаш -- Қали Байжановтың баласы. Қали Байжановты білмейтін адам жоқ шығар. Ат төбеліндей қазақ әншілерімен, 20-30 жылдары Әміремен. Исамен, Ғаббаспен бірге қазақ әнін аспандатқан адам. Тегі Баянауылдық. Кәдімгі Жаяу Мұса Байжановпен ағайын. Имаш 30 жылдары қызметпен келіп Қызыларайда тұрып қалған. Содан осы жақта үйленген. Осы жерден соғысқа аттанған. Хабарсыз кетті ме, қара қағаз келді ме, білмеймін, әйтеуір оралмаған. Қали Байжановқа Қарағандыда 45 махаллада ескерткіш тақта қойылған. Жетім қалған Рымхан деген баласы осы атасының қолында өсіп, жігіт болған соң шахтаға жұмысқа түскен. Рымхан да ән айтатын. Бірақ «қумаған». Шахта күн көріс көзі. Әнмен шахта бірін-бірі жақсы көрмейді ғой, әрине. Рымханның Әлихан деген баласы Балхашта тәуір өнерпаз деп естимін. Бұл Рымханды бірінші рет 1967 жылдың аяғында әскерден келген біздің үй Жүнісбекте екен, сонда көрдім. Тіпті күнде кездесіп тұрдық. ...Қызыларайдың Шығыс сыртындағы құтты мекен Жүнісбек деген қыстау маңында кейін көп болдым. Суы мұздай қасқа бұлақтары бар, шағын болса да орман, тоғайлары бар айтулы мекен. Қазыр Қалихамет иелігінде болса керек. Бұл Қалиахметпен бастауыш кластар оқығаннан бері бірге өсіп келгенбіз. Өмір сүруге ебі де құштарлығы да бар қабілетті адам. Екеуіміз бірге тракторда да, (мен прицепшіктің ғой), бірге сан жұмыс атқардық. Сиыр да бақтық, ол бас малшы мен көмекшісі болғанмын. Ол қой баққанда тағы мен көмекшісі болып едім. Екеуіміздің атқармаған жұмысымыз жоқ шығар. Себебі менің ағам Сапарғали осы ферманың меңгерушісі еді. Сондықтан ол кісіні сипағандықтан, қай жерде жұмыс ақсап жатса бара беретінбіз. Ол кісі бірде мені Шәкір қыстағында Рахметолла ініміздің ауылына жіберді. Себебі, келініміз Орал босануға кеткен екен. Ауылда әйел жоқ болғандықтан екеуіміз барлық үй шаруасы жұмысна дейін өзіміз атқара бердік. Сиыр сауу, нан иелеу жұмыстарын атқара бердік. Жаңылмасам, нан илеген соң, бауырсақ қылып пісіре салу оңай еді. Бейсен –кішкентай кезі, оның шалбары, бұты былғанып қалса да жуа салу бізге түк қиындық тудырған жоқ. Бірақ, сиыр сауғанда ол әйел адам болмаған соң жатырқап сауғызбауға айналды.

Рахметолла оның әдісін тапты, алдыңғы екі аяқты тар қылып тұсап қойып еді, әлгі сиыр сауғанда тырп ете алмай тұратын болды. Үйдегі жұмысқа менің ебім аздау болғандықтан сыртта сиыр карауға мен барып тұратын болдым. Сиыр бағудың өзіндік тәсілі бар. Оның соңында қой құсап еріп жүрмейсің. Танертен өріске өзі үйренген шұбырып кетеді. Тек, ит-құстан байқау үшін түстен кейін ғана шолуға шығамыз. Бұл күз айы еді. Бірақ, жерге әлі қар түспеген кез... Әрине, бұл уақытта ит-құс малға шапқыш келеді деп білетінбіз. Бірақ, біздің иелігіміздегі сиырларға шапқан қасқырды көрмегендіктен, тіпті қасқыр жайында мен ұмытып та кеттім. Жуастау атқа мініп, түстен кейін сиырды «байқауға» шығатынымын. Байқаған деген аты, әйтпесе, біраз үлкен кітаптарды ала келгенмін. Менің ойым сол кітаптарда. Жуастау атты жартылай шідерлеп отқа жібере салып темекімізді тарта отырып, кітап парағын ашып оқи бастаймын. Сағат бар, уақыты келгенде сиырлар бір тойымсыз мал, сондықтан өздері қайта қоймайды, сондықтан оларды жинап айдап алып қайтамын. ... Күндегі дағды бойынша түстен кейін өріс маңына келгенмін. Сиырлар шұрайлы жердің бар сөлін тамсап жатқандай. Кейбіреуі тіпті тойғандықтан күйіс қайырып жатыр. Мен биік шоқының басына шығып атты бастау тұсай салып кітабымды ашып оқуға кірістім... Әлден уақытта жан-жағыма көз тастап қоймақшы болып түрегелсем, алыстау тұстан бір шар көрінеді. Сол кезде ғылыми-техникалық прогресс деп ат қойылып айдар тағылған кеңестің өтірік-шын желдірме, газеттердің басынан түспейтін, «бәрінен алға шығып жатырмыз, ғарышты бағындырып, басқасын қағындырып» деген сыяқты желбуаз үгітіне өзіміз де көп еретінбіз. Дүниедегі мықты, тәуір мемлекет өзіміз дегендей кеудомсоқтық бізде де болатын. Алыстан көрінген шар біздің космостық аппараттардың біреуінің қонғаны шығар деген ой жылт ете қалды. Дерев атыма мініп шауып барсам: әлгі көрінген шар сиыр жарып кеткен тайыншаның қарны екен. Қасқыр жарып, бірденеден қорыққан болу керек, жеуге үлгермей тастап кетіпті. Кепкен қарын үлкейіп дөңгелек шар болып көрінген. Маңайды аралап жүрсем, өзектегі шіліктің аяғынан тағы бір тайыншаның жемтігі табылды. Мен кешке осы оқиғаларды Рахметоллаға айттым. Басқа біреу болса байбаламдап шыж-быж болар еді. Рахметолла не істесе де ойлап істейтін, байыпты, сабырлы болушы еді. Тіпті бірауыз сөз айтқан жоқ. Көп кешікпей фермаларды аралап жүрген осы бөлімшенің сол кездегі зоотехнигі Әділов Совет және бөлімшенің мал дәрігері Шағыров Қордабай (Кашабдин) келді. Әрине, олар қасқыр жеп қойған екі сиыр үшін емес, өздерінің «аралауы» болса керек. Рахметолла оларға қалай айтқанын да білмеймін. Әйтеуір екі тайынша жөнінде әңгіме ешқайда тараған жоқ. Шамасы актіге ілігіп кеткен болу керек. Реті келіп тұрғанда айта кетейін. Менің өзім биыл жетпіс жасқа келіп тұрмын. Әділов Совет ағамызбен өмір бойы силаспыз. Бір ауылдың ұрпағымыз. Бұл кісі де жасында кітапты көп оқитын. Әсіресе, қырғыз жазушысының «Қаныбек» деген кітабін мактап отыратын. Зады, өзі қожанын баласы, гуманист-адам. Беталды жамандыққа бармайды. Зиялы адам деп білем, бұл кісіні. Ферманың жұмысының бәрі лас қой. Ферманың жұмысы мал егу, мал пішу, асау

айыншаларды байлауға үйретудің бәрі қиын жұмыстар. Ферма дәрігері де, зоотехнигі де көбіне осыған араласып жүреді. Сәкен қашанда үстіне шап жуытпайды, таза жүреді. Қордабай менен кіші. Бірақ, өте силас, қалжыңдасып та жүретініміз болады. Қордабай мал танығыш қасиеті бар. Мұнын өзі аңыз да болып кеткен. ...Қордабай жасында ерке, бойкүйездеу, аурушаң болып өскен дейді. Қарқаралы зооветтехникумын бітіріп елге келген. Бір бөлімшенің мал дәрігері болып тағайындалған. Фермада кейде ынтымақтары жарасса зоотехникпен мал дәрігері жұмысты бөлісе бермейді. Ыңғайы келсе бірінің жұмысын бірі атқарып кете береді. Бұл ферма сиыр фермасы. Әр қыстақта жаңылмасам, жүздің ары-бері жағында сиыр болады. Бір күні бір қыстақта Қордабай малшымен бірге қораның ішіне кіріп аралап жүріпті. Бұрынғы дәрігер бүйте бермесе керек. Содан байлаулы тұрған сиырларды аралап келе жатып Қордакең -- әлгі малшыға: «Әй, пәленше, мына жерде тұрған қызыл сиыр қайда кеткен», -дейді. Бұған таңғалған малшы --е, тәйірі баска жерде байлаулы тұрған шығар, -деп құтылғысы келсе, Қордакең, кәне, көрсет, қай жерде байлаулы тұрғанын? деп соңынан қалмапты. Амалы қалмаған әлгі малшы біреуге айырбасқа «ірілетіп» бергенін айтып Қордабайға еріксіз тәуелді болып қалыпты. Малды жазбай тану -- бұл малмен араласқан адамның үлкен қасиеті болса керек. Қордабайға осы қабілет қонғандықтан бүкіл ферманың малын түстеп білгендіктен, оған айырбастамай тұрмайтын малшы байғұс еріксіз жалынышты болмай ма? Ол, ол ма Қордабай бүкіл ауылдың, елдің малын жазбай танитын болған. Ол бұл жөнінде аса зирек, бұрынғы соңғы оқиғаларды да біліп, айтып отыратын сұңғыла қасиеті бар. Сөзге ұста, өзі Сенкібай батырдың бел баласы- Саңырықтан тарайтын ұрпақ. Қордабайда жақсы қасиеттер көп. Әкесі Мақсұт -- өмір бойы елдің ішінде болып, өз елінің тауқыметтерін, өткен жаман-жақсы жолдарын халқымен бірге бөліскен адам. Кезінде бір белсендіні ұрып бұл кісі сотты болып жатса, Еркебай әкеміз басқаны емес сол колхоздың баска жерден келген басқарманың өзін сабап милиция мен сотқа үлкен жұмыс болып қалыпты. Екеуінің оқиғасы бір мезгілде болғаннан кейін екеуін де сотсыз-ақ облысқа бірақ апарған болу керек. Онда барған соң адамның бәрі жаман емес, асыл текті бір адамға кезіккен болар, бұларды бағына қарай босатып қайтарып жіберіпті. Ауылдың оқиғалары, оның ішінде күлкілі оқиғалары өте көп. Оның бәрін айтып тауыса алмассың. Қордабай қазыр ақсақал болып Балқаш жақта тұрып жатыр. Сағынтай, Ербол атты балалары да азамат болып жетілген. Олар әкесінің зиректік, ұғымталдық қасиеттерін иеленсе нұр үстіне нұр. Қордабайдың әкесі Мақсұтпен бірге туған Хасен деген адам болған. Ширақ, уытты адам болғанын білемін. Әбдуали екеуі құрдас білем. Бір күні ескі мектеп жанында екі сағат бойы күресіп бірін-бірі ала алмай жүрді. Баласы Ғайнетдин ағаларымызбен қатарлас. Одан кейін Қайролла да ширақ сөзшен еді. Бұлардың бәрі бұл күнде бұл өмірден өтіп кеткен. Есте қалған, көрген жерлестеріміді түгел аттарын келтіріп отырмын. «Анау қалай еді, мынау қалай еді?» деген сөздерде менің шаруам болған жоқ.

...Әбдуали, Әрінбай, Ғазиз-Мәшен, Салықбай балалары. Қызыларайдың тумалары. Әбдуали де Әрінбай да кейде мәрттігі бар, ақкөңлдігі бар адамдар еді. Әрінбайдың баласы Амангелді менімен жолдас еді, жиырма төрт жасында оқыс жазым тапты. Оған да көп уақыт өтті... Оның інісі Аманбек –жақсы азамат атына ілікті. Ғазиз ақсақал туралы да әзіл әңгіме көп. Жақсы әңгімемен көргені көп, соғысқа да барып жараланып келген адам еді. Бұл кісі туралы да кейінгі бұл кісіні көрген ұрпақтың есінде жақсы ойлар қалуы тиіс. Ошағының иесі болып қалған ұлы Ерғазы. Әбдуалиден Нұрғазы, Байғазы, Қайырғазы, Тілеуғазы, Әділғазы сыяқты ұлдар, Нұрзия, Мәрзия, Рәзия сыяқты қыздар дүниеге келген. Берекелі ұрпақ болып өсуде, өнуде. Сейдіғазым ұрпақтары Советбек өмірден ертелеу өтті. Кеңесбек Қарағандыда, кезінде жақсы дәргер болған. Оралбек ауылда. Оралбек жасында ақылды, отты, жігерлі жас азамат ретінде есімде қалды. Қазыр ауылда тұрып жатыр, жұбайы Күләй екеуі берекелі ұрпақ өсіруде. ...Ауылда үнемі тұра берудің өзіндік үрдісі болатыны анық.

Бала күнімізде Кесікбай деген қарт бар еді, боқтампаздығы болатын. Бірақ, беталды боқтамайтын, реті келгенде келістіріп дегендей... Кейіннен жасында да боқтампаз балалар болады, ауылдың бір өзіндік сәні де осы шығар, осындай боқтампаз балалардың кейбіреуінің лақап атын «Кесікбай» деп атағандарын да білемін. Ерубаетардың кішісі Мәділқайырды «Кесікбай» деп атайтыны есімде қалыпты... Кесікбай ұлы Шаймұрат та басынан сөз асырмайтын адам еді. Бірақ, өзім дегенге жақсы, бәйбішесі екеуі қымызды өте баптап ұстайтын. Сондықтан да иманды болғыр Шәкенді мен өзім жаман адам демеймін. Қымызды тәрбиелеп ұстай білудің өзі адамның түпкі қасиетін білдірмек. Өйткені қымыз қазақтың қасиетті сусыны.

... Өйткені мұндағы халық бір ізді болып, жымысқы қасиетке бой ұра бастайды. Сондықтан бос әңгіме, біреуді -біреуді аңду, сөйтіп барып біреудің мінезін біреудің бұзатын жағыдайлары ауылдан көп кездеседі. «Ауыл қазақы өнердің қаймағы» деген рас. Бірақ, ол алғашқы кезде. Негізінен «өсем, дұрыс, білімді, халқыма пайдамды тигізетін азамат болам» деген адам ертерек қалаға кеткені дұрыс деп есептеймін. Ауылдың өзіндік психологиясы болады. Күншілдікпен қызғаныштың өрбитін мекені ауыл емей қай жер?

...Нығметолла, Ғайнолла, Зейнолла Қағазбаевтар туралы аз тоқталсам, бұлармен де силас болдық. Көбінесе Үшқоңырдан бергі аймақты мекендеді. Мал бақты трактор айдады, әке-шешелерінен ертерек қалған екен. Сол уақыттың өлшемімен алғанда бәрі де ат жалын дұрыс тартып мінген, өзіндік, ақыл-келбеттері болған жігіттер. Әсіресе, Зейнолланың азаматтығы, жақсылығы бар азамат, мен өзім жақсы көрем. Мұқтаров Ғинаят дейін өте айтулы жас азамат өмірден ертерек кетті, осы кітапшада еске алғанымыз сауап болар деймін. Тек елдің есінде жақсылығымен қалған шығар... Әуезханов Тұрымқан –жолдасымыз еді. Жібектей мінезді, көтерімді керемет

жақсы жігіт болатын, ертерек кетті өмірден... Құралқан да сөз білетін, жөн білетін азамат болды деп естимін, әкелері Әуезхан адал көңілді, тура айтатын адам болатын. Соғыс салған жаркышактын себебі болды ма, ертерек кетті өмірден...

195... жылдардың аяғы еді. Біздің үй Ескі Өтей деген қыстауда отыр еді. Жазғытұрым ба, күз ба, есімде қалмапты. Әйтеуір жерде қар жоқ. «Әбдіманат деген кісінің қолы күйіп қалыпты» деп естідік, неден екенін білмеймін. Қайдан біткенін білмеймін, үйде екі қаз бар еді. Шешем марқұм асырап жүретін. Сол күйікке қаздын майын жағу керек, депті-мыс, дәрігер. Соны айтып біреу келді. Шешем сөзге келместен беріп жіберді. Балқашбай осы үйдің баласы болатын. Бізден үлкен сол кезде әскерге барып келді, мал бақты, жақсы өркендеді. Сөйтіп жүргенде оқыс қайтыс болды. Серікбай Балқашбайұлы Оразалинның әкесі осы Балқашбай болатын. Жай жымып қана жүретін, басқа малшылардай байбаламы жоқ дұрыс адам болатын. Алғашқы мал баққан кезде Сарөлең басында да болды. Біз, Мұрат екеуміз жасымыз кіші болса да ол бізбен жолдас бола беретін, қарапайым еді. Балқашбайдың жұбайы Шарбан мен жоғарыда айтқан Бекмағамбеттің қызы. Маған бөле болып келеді. Қазырғы-батырлық қылып Ауған елінде, туған елінің туын асқақтатқан азамат Серікбай Оразалинның әке-шешелері осылар еді. Серікбай туралы әр жерде айтылып жүргендіктен, менің кітабымның көлемі оны көтере алмайтындықтан көп тоқтала алмадым....

Жиенбек туралы хикая

Қалиахметті айтып келе жатып әңгімеміз бөлініп кетіп еді, енді қайта оралайық. Төлші де, мал қоранын астын тазалаушы да болып істеп жұмыс таңдамайтынбыз. Механизатор ретінде де білгір еді.Электриктің жұмысын да атқара беретін. Қалиахмет те отбасы жағыдайымен шыға алмай қалды. Әйтпесе ақылы мол, басы жұмыс істейтін жігіт. Күні бүгінге дейін екеуміз силаспыз. Қалиахметтің анасы –Рахима шешемізді еске ала кетпей болмайды. «Қарағым», -деп еркелігімізді көтере беретін. Өзім дегенге қолы ашық жан еді. Жиенбек әкеміз (мені әкеммен құрдас еді) мал баққандықтан қашан да жетімді мол үй болатын. Тіпті өз үйіміздей емін-еркін жүре беретінбіз. Жиенбек қария кеудесі шежіреге толы адам еді. Сөйлегенде өлеңдетіп сөйлейтін. Өзі Сеңкібай тұқымынан тарайды. Жасынан бай ағайындары Қоспабай, Иса, Мұқыштардың жанында болған. Олардың көп жұмысы мұнсыз атқарылмайтын болған. Мыңдаған жылқының бағылуы, ұсталуы басқа да көп жұмыстар осы кісіге жүктелген. Қартайған кезінің өзінде өмір бойы үйреніп кеткендіктен аттың үстінде өтті десек болар. Өз аузынан естіген бір уақиғаны айтқым келеді, марқұм Жиенбек атамыздың рухы бізден алыстамасын деп, көптен ойымда жүруші еді.

«Ақ қашып, қызыл қуған» деген заман болған. Ол өткен ғасырдың 1918 жылдары. Қоспабай, Исада мыңдаған жылқы бар. Қытайға қарай жөнкіліп қызылдардан жеңіліп қашып бара жатқан ақтардың әскері ешкімді тыңдамайды да, керек болса аямайды да. Оларға ешкімнің кісілігі, байлығы, билігі дегенін түкке тұрмайды. Шамасы келсе ел олардың жүреді-ау деген ықтимал жерден алыстау тығылады, әйтеуір қазақтың жері кең, тау-тасы мол. Бірақ көп жылқыны көрсетпей сақтау әрине, қиын. Осындай жайда байлар мазасыздық кешіп жүргенде шынында да көп жылқының үстіне жүз қаралы әскер сау ете түсіпті. Бірақ бұлар жылқыға тие қоймапты, себебі алдында ғана бір жердің жылқысынан құр аттарды ұстап мінген екен. Бірақ олардың үлкен офицерінің астындағы аты болдыруға жақындаған, себебі ел ат ауыстырғанда әлгі офицер астындағы тұлпарын қимай ауыстырмаған екен. Ал, бұл әскерде жетекке жылқы алып жүру деген үрдіс жоқ. Қазақтың жерінде «жылқы кайдан болсын табылар» деген токмейілеу де бар шығар. Міне, әлгі офицер қалың жылқыны аралап жіберіп «малдын» құты делініп жүрген қара айғырды ұстатып мінеді. «Таксыр, анау мықты, мынау жүйрік» дегенді тыңдамапты. Жылқыны танитын қу болса керек. Елдің игі жақсыларының қатарында жүрген Қоспаабаймен Иса бұған қалай төзсін? Бірақ мұздай қарулы әскерге не істесін. Бармақтарын тістеп қала берген. Қара айғырдан айырылып есі шығып тұрғанда, сол кезде жиырманы орталап қалған, айлалы, қарулы жас Жиенбек ағайын ағаларының күйзелісіне шыдамай атқа мініп, тоқтатқанша болмай әлгі әскердің соңынан жосылтқан. Мысықша басып аңдып, артынан жүріп отырған. Жүз қаралы әскердің беті басында белгісіз болғанмен артынша жер жағыдайына жүйрік Жиенбекке мәлім бола бастады. Бұлар Аягөзге беттеді. Арғы жағы Қытайға осы Аягөзбен аспақ ниеті білініп қалды. Үш күннен кейін Бақанастан өтті. Аса жосылтпай әскер де өз қалпын сақтамақ болып келе жатқан сынайы бар. Өйткені жеңіліп келе жатқан әскер бәрі-бір бөтен елге асуға құлықсыздау. Алда не күтіп тұр. Оларда осыны ойлап келе жатқан сыяқты. Бес күн өткенде Аягөз маңайындағы қалың шидің ішіне кірген әскер кешке қарай еруледі. Мылтықтарын мосы құсатып бір-біріне сүйеп үйіп тастап, от жағып ыстық тамақ пісірмекке талаптанған сыяқты. Осыны көптен күтіп келе жатқан Жиенбек бір шақырымдай жерге ымырт әбден жабылған кезде астындағы атын бекітіп тастап, аяғындағы саптаманың байпағын қалдырып, етікті шешіп тастап, шидің арасымен баспалай жөнелді. От жарығын бетке ала отырып көп аттардың арасын қараңғыда мөлшерлеп келіп, дәл үстінен түскен екен. Қара айғырды мықтап шідерлеп отқа жіберген екен. Ертоқымын алмапты. Жылқының ішінде бұла болып жүрген қара айғыр жарап алыпты. Ендігі қауіп қара айғыр Жиенбекті таниды, кісінеп жіберуі мүмкін. Жанына жақындап келіп тізгіннен бір қолымен, екінші қолымен тұмсығын сипалай ұстап так жануар, тақ,-деп Жиенбек кездігін ала салып аяқтағы шідерді қиып жібереді. Әйтеуір кісен салмағанына қуанған. Өйткені әскер аттарына кісен салып қояды деп естігені бар еді. «Қашып келе жатқан әскер кісенді жүк қылып не қылсын», -деп те ойлап қояды. Дереу қара айғырды жетектей жөнелген. Әрине қатты жүруге болмайды, тұяқ дүсірі

түнде қатты естіледі. Артқа қарауға да мұрша жоқ. Түн де тастай қараңғылық құшағына енген. Дереу атын қойған жерге келді. Жанына келгенде аты да кара айғырды таныды ма, құлағын қайшылап қойды. Етігін жылдам киіп алып, кара айғырдың ауыздығын салып жіберіп, тартпамен төс айылды қатайтып алып, өз атын жетектеп жылжи жөнелген. Үш-төрт шақырым ұзаған кезде артынан айқайлаған дауыспен гүрс-гүрс атылған мылтық даусы естілді. Оған қарап тұруға болмайды, былай шыға жосылтып жөнелген. Олар да әрине, қуа алмаған—, қараңғы түнде қуғанмен даланың жөнін білетін адам оларға шалдыра ма? Оларда соны ойласа керек. Одан кейін дыбыс естілген жоқ. Былай шыға Жиенбек кара айғырмен салдырта жөнелді, не болса да былай шығып, ұзап кету керек, әрине. Бір сағаттан астам сыдыртып алып, кішкене тізгінді тежеді, тоқтады. Себебі, кара айғырдың ертоқымының алдыңғы қасында да, артқы қасында да ауыр екі сөмке бар екен. Сол жүріске бөгет қылғандай болып келеді. Жиенбек тоқтай қалып ашып жіберсе біреуінің толған патрон-оқ. Төгіп тастады. Екіншісін ашса киімдер екен. Оған тиіскен жоқ. Енді қуғын жоқ, қауіпсіз жерге жеткен шығармын, дегенде тоқтады Жиенбек батыр. Әрине тіке жолмен емес, із тастап келеді. Өйткені кім білсін, олардың ішінде жол, жер жағыдайын жақсы білетін жолбасшы казактар болуы да мүмкін, «орыс ойына келгенін істейді» деген мақал да бар емеспе? Қуа келсе ше? Екінші күнге кеткенде Жиенбектің көңілі жайланды. Аттарды сылап сипап оттатып, суарып дегендей, бұрыстау сайға келіп көз шырымын алды. Енді бір түстік жерді асықпай жүріп өтіп Дәнбұлан маңында жайлауда отырған ауылға келді. Ел шулап алдынан шықты, ішінде анасы да бар. Көбісі Жиенбектің аман-есен кара айғырды алып келгеніне бүкіл ел таңғалды. Жасанған жаудан құр қол барып айғырды алып қайтуы сол жауды жеңіп келумен бірдей ғой. Елдің қуанатын да жөні бар еді. Жиенбек өлген шығар деп жаназасын шығартып, жетісін де атқарып қойған екен. Қоспабаймен Иса—Жиенбек, бауырым, мына жылқының жартысы өзімдікі деп біл, ұрпақтың ұрпағына кететін іс істедің,-деген. Бірақ көп ұзамай байларды тәркілеу басталған. Малда, жанда кетіп жатты. Қоспабай-Исаның інілері көп жыл осы өңірде болыс болған Мұқыш оқыған адам еді. Алматы жакта қызмет істеген. Жиенбектің анасына бір сандық асылмен алтынды аманат етіпті. ... Отызыншы жылдарға қарай келіп алып кетіпті дейді. Одан кейінгі олардың тағдыры Жиенбекке де басқаларға да беймәлім болып қалған.

Ақтар, демекші; сол жылдарда Қызыларайдан олардың бірнеше легі өткен. Бір тобы Шылымның үстімен Балқашқа қарай өткен дейді. Бұлар да Қытайға құласа керек. Осындай бір топ көздерінше зорлық қылған соң Шылымда отырған Тойғамбай-Шерік балалары ар жағындағы Сарымдармен бірігіп түн ішінде жасырын кісі шаптырысып, бұрын переселен мұжықтар салған ағаш үйде ұйықтап жатқан жерінде. есікті тастай бекітіп, лаулап жанып болып шаласы қалған кезде пешті сыртынан бекітіп тастаған. Жетпістен астам солдатты бар, офицері бар, танертең біреуі де тұрмапты. Иіс қатты тиіп қырылып қалған екен. Ақылға салып дереу бұларды жым-жылас терең ор

тауып көміп, үстін топырақпен тегістеп тастайды. Жетпіс мылтықты Еркебай әкеміз басында бір киын жерге жасырып жүріп, кейін пәлесі тие ме деп қорқып киын құз тастын жарығына тастап жіберіпті. Кейінгі заманда алмақ болып барса, әлгі жартастың киындығы сондай, бірде –бір мылтықты ала алмаған. Алған күнде оны не істемек?... Сонымен осыны істеген адамдар бұл оқиғаны ешқашан айтпауға сөз байласқан. Осы әңгімені бертінде осыған қатысқан адамдар сөз қылып отырғанда естіп едім. Еркебай әкеміз мақтан сүймейтін, ашылып сөйлемейтін жұмбақ мінезді адам еді. Ескіше оқығаны да бар. Өзі керемет мерген болған. Есіктің алдына шығып тұрып алыс қайқанда қарауылда тұрған құлжаны атқанын кезінде көп ел айтып жүретін. Өзі жоғары категориялы слесарь болған. Соғыс кезінде әскери заводта істеген. Бұл кісінің мергендігі де, қолөнері де кіші ұлы Серікке қонып еді, бірақ, бағы болмады....Бөртебай әкеміз де мерген болған. Соғыстан бір қолын шынашағынан жоғары беріп келіпті. Төрт жастардағы кезім болу керек, үйге келді, кигіз үйде мені шақырып алдына алып отырған, кейін шешемнің айтуынша өте балажан еді, дейді. Сонда ұшып бара жатқан бір құсты атып түсірді. Төрт жастардағы кезім бе деймін, Бөріктас төңірегіндегі қыстаулардың бірінде қыстап отырған болуымыз керек. Әкем, бір күні суыт аттанып кетті.Ертеңіне келді. Бір түйіншекті тастай салды, сары солдат көйлегі екен. Бөртебай ағамыз қайтыс болыпты, киімдерін туыстарға таратып берген ғой, әлгі көйлек есімде қалды. Сол жылы қыста тағы бір уақиға болды. біздің үйді жақсы биесі бар екен, соны буаз күйінде жылқышылар мініп, содан құлын тастаған екен. Әкем барып басын алып қайтқанын білем. Оны неге мінді екен деп ойлап, менің бала ұғымым: себебін түсіне алмай қойды ғой деймін.

Кластастарымыз жайлы...

Балалық шағымдағы, одан кейін де тілеулес болып келе жатқан жолдастарым: Сейдуалиев Кәкен және Тапаев Мұрат еді. Кластастарымызды тізіп айта кетсем деймін: алпыс жалдан асқан дүние кей адамның есінде де тұрмайды екен, мүмкіндігінше есіме түсіріп көрейін: Алдыңғы партада Ақылбаева Үміт, Хамзин Орал, Сәттібеков Аманқұл, Қожамбаев Қуат, (Қожамбаев Марат та оқыған бірақ жоғары кластарда кетіп қалды ғой деймін) Сүйіндіков Қайырқұл, Ғабдуллин Бегендік, Төлеубеков Жарылған, Өбеуов Манат, Кенжебеков Айткен, Түсіпбеков Сағат, Ықласбеков Саттар, Тапаев Мұрат, Тапаева Мәнеш, Біләлова Кәбира, Башарова Гүлшәріп, Бөлегенова Гүлсім, Уалибекова Сәлия, Кластастардан үйленген Сәлия –Орал екеуі ма деймін: Сәлия да жоғары білім алған мұғалім болды. Гүлшәріп-Қарағанды қаласында жоғары білімді ұстаз болды.Жұбайы Бекет құқық қорғау орындарындағы дәрежелі қызметтер атқарған, зейнеткерлікте болуы тиіс. Кәбира да жоғары білімді ұстаз көп жылдар сабақ берді, жұбайы Адамбаев Жолжақсы да тәуір жігіт. Қожамбаев Қуат аудандық Мәдениет бөлімін басқарды. Сейдуалиев Кәкен, Тапаев Мұрат және мен- ауылда қалып қойдық.

Осы аталғандардың көбісі «жақсы» адам болып кетті. Хамзин Орал-агроинститутты бітіріп көп жерлерде қызмет етті, өмірден ерте кетті. Сүйіндіков Қайыркұл аудандық мекемені басқарды. Бегендік Қарқаралы ауданының Қасым Аманжолов ауылында Бас экономист болып та қызмет атқарды. Төлеубеков Жарылғап сүйеушісі жоқ, өз талабымен сол кезде Целиноград ауылшаруашылық институтын (Бегендік екеуі бірге) бітіріп, кейін кеншарларда бас маман болып жүріп өзінің іскерлігімен көзге түсіп, Гүлшат совхозының директоры болып, тәуір директорлар қатарында болды. Жұбайы Құндыз Ақпанбекова да нағыз қазақы тәрбиенің қаймағын сіңірген. Жарылғап досымыздың сүйіп алған жары ғана емес, бір жағы арқа сүйер ақылшысы есебінде болғаны анық. Өйткені Құндыз өзі де жақсы маман-экономист. Әрине, ақылды әйел жігіттің бағы. Жарылғап-Құндыз екеуі біресе қаласа Балқашта, қаламаса Қарағандыда бала, немерелердің қызығын, жақсылығын көріп ғұмыр кешуде. Көп жылдардан кейін кезігіп жиі шұқырасып тұрамыз. Ықласбеков Саттар Алматы Халық шаруашылығы институтын бітіріп, есеп саласында жүріп көтерілді, геологиялық экспедицияның Бас бухгалтері (сол экспедицияда кезінде академик Ш. Есенов бастық болатын) болды. Кейін одан да көтеріліп жаңылмасам Юж.Казгеология тресінің Бас бухгалтері болды. Әнді жақсы айтып, күйді де тартатын. Ол да өмірден ертерек кетті. Түсіпбеков Сағат –Ақтоғай совхозында Бас маман болып қызмет етті. Осы кластастардың жоғары білім пайызы кісі басына шакқанда 70 пайыздан асады-ау, деп ойлаймын. Белегенова Гүлсімді басында ағасы Төлеуов Бекен мұғалім бір институтқа апарып түсірген екен, кейін естуімізше, ол оны ұнатпай шет тілдері институтына түсіп, сол саладағы жақсы маман болып шыққан көрінеді. Өзі сабақты қолмен қойғандай оқитын тәртіпті сүйетін қыз болатын. Сонымен оқуға бармай қалған, Кәкен, Мұрат және мен болсам, біздер де өз әлімізше еңбек қылдық. Ол екеуі механизатор болса, мен бұзау бақташысының, сиыр бақташысының, шопан, механизатор көмекшісі болып (айтпақшы «грузчик те» болғам) өз әлімізше «социализмге» қызмет қылып едік. Бірақ, біздің қызметіміз жетімсіз болды ма білмеймін. "социализм" құлап қалды. Бір қызығы социализмнің құлап қалғандығын әлі сезбей жүрген адамдарды көріп таңғалғаным бар.

Ұмытылып қалғандар болса кешірім етсін.... Мұрат екеуіміз бесінші класс оқып жүргенде қыркүйек айында портфелімізді Сарыөлеңмен Ақжарық арасындағы жарлауытқа жасырып тығып, өзіміз қашып кетіп елді, мұғалімдерді шулатқамыз. Анық себебі: жолда ойнап сабаққа кешігіп баруымыз көбейіп кеткен болу керек. Класс жетекшіміз марқұм Гүлшат Түсіпбекова болатын. Жалпы мұғалім қауымы ол кезде тәртіпке де сабаққа да катал қарайтын. Сондықтан мұғалімдеріміз бізге көп ұрсуға айналған соң оларға өзімізше қарсылығымыз сыяқты еді. Портфелімізді тығып кетуіміздің өзі біздің "қайтып ораламыз" дегенді білдіріп тұр емеспе?. Екеуіміз бірекі күнде Сарытеректен барып бірақ шықтық. Бару себебіміз: Мұраттың үлкен

ағасы Жүнісбеков Нұрмаш сол жерде мұғалім еді. Баруын барғанмен біз ол үйге соқпадық. Өйткені ұсталып қалатын болдық. Мұрат бұрын осы жерде оқыған, үйі осында тұрған. Отыншин Балған деген досына жолығып (әрине, жасырын) кейбір керек нәрселерді алып ізімізді суыттық. Екеуміз қашып жүргендегі оқиғадан есімде қалғаны қазіргі Қараталдан Балқашқа қарай жол тартып келе жатқанда шөл далаға түсіп кеттік. Қыркүйек айы болғандықтан күн шағырмақ, тіпті ыстық болды. Мен осы кітабымда баяндаған Шекен атамыздың үйіне қонып шықтық. Оларға осында оқулық кітап алуға келдік, дегенбіз. Танертен ерте шығып (екеумізде темекішіміз) сатушының үйіне келіп "Беломор» аталатын темекінің екі пачкесін сатып алып жол тартқамыз. Екі сағаттай тоқтамай жүріп келе жатқаннан кейін тоқтап темекімізді тартпақ болсақ жанқалтада түгел үгітіліп түсіп қалыпты. (Көп уақыт тартқаннан кейін, бертінде, бұдан жиырма бес жылдан кейін екеумізде осы темекі тартуды тастап кеткенімізді айтсам артық болмас). Ең есімде қалған оқиғаны айтайын дедім ғой. Ол: Түн ішінде Сарытерек аталатын ауылға жақындап, іргесінен ағаып өтетін Тоқырауынға жеткенде тамағымызға жеткенше бойлап барып суды ішкеніміз есімде қалыпты. Қатты шөлдегіміз ғой. Мұрат екеуміз айға жуық қыдырып қайтып оралдық. Мұндағы оқиғалар бөлек кітап болуға жарайды, сондықтан осымен тоқтатайын. Мұнан кейінгі бір оқиғалар сол жас кезде -құрдасым Махаев Марат (жоғарыда баяндалған Махай мұғалімнің баласы) екеуміз атпен де біраз серуендеген кездеріміз болды. Жастық шақта қызық нәрселер көп кездеседі, соны тұщына біту де бір жақсы сезімге жол ашатыны сөзсіз.

Бұл күнде екеуі де Балқашта тұрып жатыр. Кәкенмен кішкентайымыздан бірге өскеміз. Бірге оқыдық. Сейдімұқашев Манат та осылардың қатарындағы досым болушы еді. Бұлар ауылда тұрып сол кездегі ауылдың мамандығы механизатор болды. Кәкенді айтайын: Сұмдық еңбекшіл еді. Еңбекшіл ғана емес, техниканың тамыр соғысын біліп тұратын өзіне дарыған қасиеті бар еді. Үстінде дүкеннен жаңа сатып алған костюм киіп тұрса, бұзылған тракторды көрсе Кәкен тап сол қалпымен әлгінің астына түсіп жөндеп жатушы еді. Ерінбей, шаршамай жөндеп соны іске қосатын. Кәкеннің адами қасиеттері көп. Біреудің көңілін қайтармайды. Ешкімді не қазақша, не орысша боқтауды білмейді. Кейде қарамайға былғанып жүрсе де биязы қалпынан танбайды. Тәңірі қосқан қосағы Нұрғайша да жақсы жар бола білді. Кәкеннің қас-қабағына қарай білді. Нұрғайшаның жақсылап, шығарып құйған шайын бір емес, сан рет ішкенбіз. Бұлар қазыр үбірлі-шұбырлы болып жетіліп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырыл отырған, жақсылықты құдайдан сұрап отырған үлгілі жанұя. Тағы қайталап айтайын: Кәкен «көктемірдің жынын» қағып алушы еді. Өзі дарынды рационализатор еді. ...Қар қалың түскен, Тесіктаста көп адам бардық. Бұл жетпісінші жылдардың басы. Ақбұлақ қыстақ болудан қалған. Бірақ, бірталай шөп жазда сонда үйілген екен. Жатаған мая. Тесіктаста Төкеев Хайдар тайынша ма, әйтеуір сиыр бағады екен. Сол жылы қыс қатты болды-ау деймін. Тесіктаста шөп

таусылуға айналған. Жүнісбек ферма орталығы. Сонда бүкіл «штаттағы» адамдар түгелдей дерлік Тесіктасқа баратын болдық. Мәселе: Ақбұлақтағы шөпті Тесіктасқа жеткізу керек. Әділов Совет ағамыз бастаған топта сол кездегі мал дәрігері Жағыпбергенов Мәнтай, бригадир Кәкен, Қалиахмет, Райымқан, жартымыз атпен, жартымыз тракторда –айтылған жерге жеттік-ау. Негізінен жоғарыда бір жерде айттым-ау деймін. Мамандар делінгенмен олар да көбіне қол жұмыстан құтылмайтын. Тіпті «сенбілік, жексенбіліктен халық көзін ашпайтын. Міне, мая да көрінді. Ақбұлақтағы маяның үстіне қар жүріп кеткен. Жүріп қана қоймай борай соққан қар шиырланып қатты аязбен сіресіп катып қалыпты. Күрекпен күреуге көнетін емес. Көнген күнде оған аса көп уақыт керек.Осындай жағыдайда Кәкен жағыдайдан алып шықты. Трактордың алды артына толып жатқан темірден бульдозер сыяқты бір «керемет» жасап шығарды. Сол «бульдозеріміз» қарды керемет күреп, қарды аршып-ақ тастады.Сонымен ісіміз нәтижелі болды. Кәкен осыны атқарып жатқанда мен ойлайтынмын: неге Кәкенге мүмкіндік беріп, сен басқа жұмысты қоя тұрып осымен шұғылдан» десе ол өнертапқыштығымен көп дүниені жасар еді-ау» деп. Егер Кәкенге сондай мүмкіндік берсе қолмен атқарылатын көп жұмыс жеңілдер еді-ау деп ойлайсың. Бірақ совхоз аталатын кенестік мекемеде ондай ақылды кім берсін, оны басқарушылар да кеудемсоқтықтан басқаны білмеуші еді, жарықтықтар. Кеңестік құрылыс жегпіс жыл өмір сүргенде қойдың қиын ата-бабамыз қалай ойды, бұлар да одан оза алмай қолмен оюдан артыққа бара алмады. Қауқиған К-700 деген трактор шағарғаннан басқа бітірген ештенесін халық көрмеді-ау деймін. ...Хайдар ағамыздың үйінде оншақты күн жаттық-ау деймін. Марқұм Бәтжан жеңгеміз екеуі де нар көңілді адамдар еді. Етте, тамақ та мол. Осыншама көп жігіт ішіп-жеп жатқанымызда екеуі де қайта көңілді жайраңдап жүруші еді. ...Бұлар кейіннен Қарқаралыда тұрғанда Хайдар ағамыз, Қарағандыда балаларының қолында Бәтжан жеңгеміз өмірден өткен. Орайы келіп тұрғанда айта кетейін: Хайдардың , Тегісбектің әкелері Төкей деген кісі еді. Жоғарыда бір жерде атын атағанмын. Шын аты Әбдіманап болуы тиіс. Осы кісі Кенасу жағына тән болып жүретін. Бет-жүзі көрікті келген, сақал-мұрты бұйра келген нағыз қазақы келбетті кісі еді. Аумалы, төкпелі мінездері де жоқ емес, кейде біреудің кемшілігін бетін бар, жүзін бар демей айтып салатыны да бар. Астарлы қалжыңға өте ұста. Мен өзім Кенасу жаққа төлші болып барып жүргенімде осы кісінің мінезін көп қызықтадым.Өнді де салып жібереді, кезінде тәуір атанған әншілердің қасына да ерген. «Юран-ай» деген керемет айтылатын әнді мен осы кісіден естідім. Көңілі түссе, тәуір домбыра болса шертіп те жібереді, әнді де қосып салып жібереді. Бұл күндері ол кісі өмірден өткелі көп заман болды, бірақ қазақы ғұрыпты тамаша ұстаған, өзіндік сері мінездерімен осы атамыз да менің есімде қалды. Бұл кісі айтты деген сөздер де көп. Оның бәрін келтіруге кішкентай кітапта орын тар болатын түрі бар. Тағы айтайын Қызыларайда екінің бірі ән салып, домбыра шертетіні бала күнімнен есімде қалды. Есейгеннен кейін басқа елмен жерлерге барып

жүргенімде олар ән салмайды, домбыра шертпейді екен. Бұлар неге ән салмайды, деп таңғалатынымын.

Біләл Нұржанұлы – ауылдың қадірменді ақсакалы атақты Нұржан ақынның ұлы еді. Бұлар туралы менің бұрынғы кітаптарымда да айтылған. Ол жазғандарыма қадірменді, толып жатқан құрметті атақтардың иегері, профессор Әбілфайыз Ыдырысов ризалық кылып, әр жердің басылымдарына жазған екен. Осы жерде бір ойыма түсіп айтайын дегенім: өткен ғасырдың елуінші жылдардың аяғына қарай бір үйде шілдехана болып сонда Білекең ақсақал сол үйде жақсы домбыра бар екен, соны тартты. Сонда Тәттімбеттің «Сылкылдақ» күйін, «бұрынғы домбырашылардан үйренгеніміз ғой», деп ғажап тартты. Бұған дейін біз радиодан естіп жүрген нәрсемізді- мына жерде тыңдап таңғалғанбыз.

Тағы Кеңасудағы кішкентай хикаялар

Ойнауға бала іздеп ауылдағы жатаған кірпіш үйлерді жағалап жүргенімде бір қартайған кісі есіктің алдында бір жағы құлаңқырап қалған кірпіш қораның ығында отыр екен. Сәлем беруге батылым жетті ме, жетпеді ме білмеймін. Зады, мінезім, күні бүгінге дейін ұяндау. Сол шалдың жанында үстінде бұрын мен көрмеген жұнттай кәдімгі костюм –шалбары бар өзім қатарлас бір бала да жүр екен. Жүзі жылы, үйірсек болмағанмен оскырып та тұрған жоқ. Отырған қарт Игілік деген әйгілі, халықтың қажетін шығарып, осы арқылы өзі де ауылдың сүйкімді батағөй ақсақалына айналған кезі екен. Кейіннен, есейгенде бұл адам туралы да аңыз көп еді. Ол кісінің ұста ретінде темірден де, ағаштан да түйін түйетінін көп естідік. Халық кейде біреуді жақсы көргенмен, енді бір жерде мінін тауып жамандап та жатады. Ал өзінің қандай екенінде жұмысы болмайды. Осы тұрғыдан келгенде ұста Игілік атамыз бүкіл халық сүйіспеншілігіне бөленген адам екен. Сол балалық күнімде көргеннен кейін ол кісіні мен көргем жоқ, сол кездерде қарт адам қайтыс болған болу керек.

Әлгі баланың аты Ырзық еді. Ырзық әлгі қартпен тіпті қалжындасып қояды. Тіпті бір сөзінде «бұл атадан мен бес жас үлкенмін» дегені бар. Ырзық басқа балалармен ойнай қоймайды, көбінесе әлгі қарттың жанынан шықпайды, өздерінің әңгімесі, ермегі жарасқан... Сол Ырзықпен содан бастап құрдас, жолдас болып кеттім. Тіпті алпысыншы жылдардың басында әскерге де бірге шақырылып, ол отбасы жағыдайымен Қарағандыдан қалып қойды. Ырзық ештеңеге ренжімейтін, мінезі жақсы, жұбайы Қамажай да жақсы кездескен.

... Ырзық отбасы жағыдайымен әскерден кері қайтқанын айтқанмын. Кейін қойшы болу міндеті тиді Ырзыққа. Зады, совхоз деген- Советтер Одағы деп аталатын үлкен, алып машинаны құрайтын кішкентай бөлшегі іспеттес еді. Осы совхоз дегеннің өзінің жақтыратын, жақтырмайтын нәрселері бар еді.

Совхозға ақынның керегі жоқ, жазушының керегі жоқ, әншінің керегі жоқ, тіпті ақылды адамның керегі жоқ еді. Оған керегі момақан малшы, айтқаннан шықпайтын шопан, үсті-бас май-май тракторист жағушы еді. Айтпақшы, әйелдерге сауыншы деген мамандық ұсынылатын. Ырзық әзіл қалжыңға ұста болатын.... Бірде жетпісінші жылдардың ішінде Ырзық қой бағып жүріп, күзде күзекке барайын десе, жылда мұның күзеп жүрген жеріне тым жақын жыртылып, совхоз арпа еккен екен. Ырзықтың бұларға: Екпе! деуге шамасы келеме? Бірақ Ырзық жылдағы әдетімен келіп әлгі күзеуіне қонып алыпты. Арпа жақсы өсіп, пісіп қалған кезі екен. Ырзық қойларын анда-санда арпа шетіне қаптатып жібереді екен. Бірде совхоз басшысы жанында агрономы бар, арпаға комбайн түсіруге келді ме екен? деп шолып келсе, күзекте отырған Ырзықтың отары бір шетін жеп жатқанын көреді. Басшылар болса «биыл осы арпа жақсы өссе, бидайдың да жетпеген жерін осымен жабамыз» деп үміттеніп жүреді екен. Күздің күні- дедік қой, сол күні кара суықтау желтен екен. Мұндай бассыздықты көрген совхоз басшысы Ырзықты қалай жазалауды ойлап, ашуы терсіне симай булығып келе жатса керек. Әрине, Ырзық бұлардың келе жатқанын байқағанмен, көрмегенсіп, жел сокқан жаққа сыртын беріп тұра беріпті. Жақындай бере бастық: --Әй, Түйепаев, мынауын не маскара, совхоздың бетіне ұстап отырған арпасын қойға жегізіп! деп қаһарын төгеді. Сонда Ырзық бетін бұларға бұрып, түк болмағандай : --Әэ, сіздер екенсіздер ғой, кім деп тұрсам, ассалаумагалеikum! деп қолын ұсыныпты. Бұлар тосылып қалып, қолын алыпты да бірақ, ашулары қайтпаған күйі директорға енді агроном қосылып, екеуі боктық араласқан сөздерді Ырзыққа түйдектете жөнеліпті. Әрине, бұл сөздердің аяғы: құрту, жою болып келетіні түсінікті. Сонда Ырзекен сабырлы қалпынан бір ажырамай: -Сіздер қызық екенсіздер,-деп өздеріне ренжіп алыпты. -Осы арпаны өсіргенде қоғамның малы жесін,-деп өсірдіңіздер емес пе? деп өздеріне сауал тастапты. -Олай болса бұл малға орып бергені не, ормай өсіп тұрғанда жегені бәрі бір емес пе? деген Ырзекен. Сонда директормен агроном да сөз атасын түсінетін адамдар болса керек, «түу, мынаған дауа жоқ»,-екен,-деп айтты деген сөздер бар.

...Оқушыларымыздың бір ескеретін нәрсесі-сол уақыттың оқиғаларымен осы жазбалардың арасы елу –алпыс жыл. Сондықтан оқушы- жазушының өтірігін шығарамын демей-ақ, сол уақыттың кескін, келбетін білдірмек ниетпен жазып отырған дүниеге зер салса деймін. Жоғарыда бір жерде айттым: бұл кітапшаның мақсаты сол кездегі адамдардың тұрмысы, көңіл-күйі, сол уақыттағы әртүрлі оқиғаларды қамтиды. Әр адамның атын атаған кезде біреудің біреуге жақпайтыны да табиғи құбылыс. Бірақ, бір адамның атын атайтын болсақ, оның біреуге жақпайтынын ойлаудың мәні барма. Кейінгі жас ұрпақты мен қазбаламақ емеспін. Реті келсе атап кетіп отырармын.

...Соғыс аяқталғаннан кейін де тұрмыс ауыр болды дейді үлкендер. Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезде ауылдың үлкен адамдары халқына сүйеу

болып, шамасы келгенше қайғылыны жұбатып отырған. Ауылдың үлкен адамдары : Жакыпбек, Сейдіғазым, Усаев Махмет, Біләл, Төкей, Жомарт, Игілік, Омар, Әбдіразақ, Кесікбай, Мәжімән тағы басқалары ауыл үлкендері халқына арқа сүйеу бола білген деседі. ...Усаев Махметты мен көрген жоқпын. кейінгілердің айтуы бойынша әжептәуір тұлға болған деседі. Кезінде Қарқаралы – Семейде орысша оқу оқып, Қарқаралыда пристав болған дегенді айтып отыратын. Халықты колхоздастыруға еңбегі бар болса керек. 1948 жылдары қайтыс болған дейді. Усаевтарды айта кетейін: Мақан осы Махметтің інісі екен. Ағаш шеберлігі болған. Мәдениеттен Рақымбай баласы Өміржан екеуміз терезе кәсегін (косяк) деген сөзден шыққан болу керек, жасап отырғанда біраз тамашалағамыз. Мақмет, Мақан, Рақымбай, Ұмия Махметұлы ағайынды болса керек. Рақымбай Ұлы Отан соғысында қатты жараланған, жұмысқа жарамсыз есебінде үкіметтен зейнет алып тұрды. Колхоздың аты колхоз емеспе, бірібір аракідік қырман, қоймаға ие болуға жұмсайтын. Кезінде сері аталған ер көңілділігі бар адам ретінде менің есімде қалды. Қою қара шашын теріс жағына қайыратын Рақан – отбасы үлкен еді. Өміртай, Шәріп, Өміржан, Орман, Шорман, Отан, Оралбай, Бота және Зинаш, Рымкүл, Тайме деп аталатын бірнеше қыздары болды. Қазыр осы ұлдардың бәрі де бұл дүниеден өткен. Мақан ұлы Әркен белгілі азамат болып еді, сол заманның құрбаны сыяқты болды. Мұны айтып отырған себебім, кеңшардың бас бухгалтері болып тұрып есептен шатысқан жерлері болған ба, анығы мәлім емес, істі болыпты. Осыдан кейін оған түзу қызмет берсін бе? Туберкулезбен ауыратын Әркенді жазғұтырым төлге айдайды, бұл құрт аурулы адамға ажалға алып баратын анық жол еді. Ақ көңілді азамат көп баласын артына тастап қырықтың ішінде кете барды. Негізінен Усаевтар қимыл қозғалыстары жылдам Кеңестік қоғамға сәйкес адамдар емес еді. Мұны айтып отырғаным: бұлар жылдам ойлап, жылдам шешім қабылдайтын, қайраттары бойына симай тұрғандай құлшыныс иелері болатын. Совхоз болса мұндайларды жақтырмайтын. Оларға жоғарыда бір жерде айттым; «бетегеден биік, жусаннан аласа» адамдар керек еді. «Айранынды ұрттап, қойынды құрттап» дегендей... Сондықтан биологиялық генетикасы буырқанған Усаевтар бұған мойнұсына алмады, осыдан барып буырқанған қайраттарын сиғыза алмай әрнәрсеге ұрынып қалып жүрді. Рақымбайдың үлкені Өміртай кезінде әскер қатарында болды, бастауышта оқып жүргенімізде інісі Өміржанға хат келеті. Жазуының әдемілігін көріп, сөз саптауының қиысын көріп қызығатынбыз. Сөйткен Өміртай сол жақта (Латвияда болу керек) үйленіп балалы-шағалы болып тұрған, (өзі офицер) әкесі Рақымбай марқұм «баласы әкесін тастап, қаңғып кетті» демесінді желеу қылып, өкпе хат жаза берген соң, отбасын қалдырып елге келмей ме? Мұндағы ел-жұрт жабылып үгіттеген соң елде қалды, сондағысы Жамбыл совхозына барып қой бақты. Міне, ауылдың осындай да «мінездері» болады.

Соғысқа жастары ілінбеген Тойымбеков Қазыкен сыяқты талапты жастар соғысқа аттанған ағалардың орнын жоқтатпай ауыр қызметтерді атқарып

кеткен. Тіпті Қазыкен небары жиырма алты жасында колхоз басқармасы болып сайланған. Бұрынғы басқарма төрағасы Смайылов Қанапия енді бұл кісінің орынбасары болған. Қазыкенұлы Дәулет осы кісінің тәрбиесін көріп, кейін совхоз директорынан бастап облыстық мекеме басшылығына дейін жолдан өткен.. Дәулеттен соңғы балалары Талғат, Марат Нұрлан шетінен өнерпаз, тәрбиелі болып, атаның атын жаман ататпайтын азаматтар болып жетілді, қазыр Қарағанды қаласында тұрып жатыр. Бұл кісі Қызыларайға көп еңбек сіңірген. Басқа кеңшарларда да қызмет істеген. Осы ұрпаққа жақындығы бар: Қойшыбаев Төлеу, Төлеубаев Төлепбек, Қойшыбаев Шынарбек , Жәлелов Бақыт-байырғы қызыларайлықтардың ұрпақтары. Бұлардың әрқайсысы туралы кітап жазуға болады, деп жоғарыда айтқанмын. Төлепбекұлы Мәдениет (Самолет деп те атайды) адал, адамгершілікті азамат болып өсті. Одан кейінгі Камәлет те жақсы. Шынарбек-көргені –түйгені көп, өзі де қалам ұстайтын адам. Ауыл тілімен жазғандары шұрайлы, түсінер адам болса жас ұрпақты алыс қиялдарға жетелейді. Әрине, осы ұрпақтан жақсы ұл қыздар-баршылық болуы тиіс, бірақ, мен оларды білмейтінім себепті-аттарын атай алмай отырмын. Неге десенііз, бұл кітап арнайы зерттеулерге құрылған кітап емес.Тек бала күніміздегі ойда қалғандарды еске түсіру, сол заманның жаман-жақсылығын кейінгі ұрпақ «түйсінсін» деген ниеттен туған дүние еді бұл. Сондықтан артық-кемі болса оқушыларымыздың түсіністікпен карауын өтінемін.

Қызыларайдың Кенасу аймағында Тарасу, Керегетас, Саржал,Күлмаған, Бек-деген қыстақтар болатын. Осы өңірде Арканың самал желін еркін жұтып жүретін Әлімжанов Қуандық, Мәжитов Мамыр сыяқты азаматтар болатын Бұлар да менің есімде дұрыс ниетті адамдар ретінде қалды. Бөріктас бауырында Сланбеков Беркін, інісі Сламбеков Бүркітбай өсіп жетілді. Ерубасев Серік, Берік, Балғабай (Жеңіс) бұларда жақсылықтарымен еске түседі. Шіби ақсақал Шағырда отыратыны есімде қалыпты. Екпін сол үйдің үлкені, алпысыншы жылдардың басында Мәскеуде әскерде болып үйіне «сәлемдеме» жіберген. Соның ішінде «с ментолом» деген хош иісті сигареттен Жеткін ағамыз бізге «темекі тартатындарға» бір пашкіден беріп, «керемет екен» деп тартқамыз. Адамгершілігі бар ауыл ағасына лайық адам болатын. Сол үйдің бір баласы Шекен де басбұзары жоқ адам еді. Шібидің інісі Сымбек байсалды адам болатын. Шібимен Сымбек сол кезде жер ортасынан асқан адамдар болса, сол осы кісілердің анасы кейуана кісі болатын. Үйдің үлкен-кішілерінің бәрі сол кісіні күтіп жүретін. Жоғарыда атаған Сламбекұлы Бүркітбай тәуір азамат болып жетілді. Ән де салатын. Балқашта тұрып өмірден ертерек қайтты.

...Қызыларай аталған, оны құрайтын қыстақтармен жер аттарына да шолу жасай кеткен дұрыс-ау! Қыстау аттары өңді емес. «Бірақ, сұлуынан жылуы» деген емеспе?. Үрпек, Кәрігөң, Әмірхан, Жазбек, Керімбай, Байбатыр, Алшынбек, Алтуайт,Жүнісбек, Ыскак, Жүнісбек, Шәкір, Мұкатай корасы,

Дәнбай. Нақ Аксоранның етегінде Шабан, Көлденен, Ақбұлақ, Саржал, Тесіктас , Бертіндеу Байтілеу қыстақтары бар. Таудың етегі болғандықтан қыста қар керемет алады. Орталық-Ақжарық Ақтоғай жақтан келе жатып Ордабек қайқаңынан бері құлағанда тостағанға орнатқан өрнек сыяқты әдемі болып көрінеді. Әрине, олпы-солпы жерлері ауылға келгенде көрініп қалады. Ызылдауық, Аюатқан, Былқылдақ, Дәнбұлан, Қаршығалы, Кособа, Ит ұшқан, Қой кеткен, Алтуайт, Ақбұлақ, Майбұлақ, Әндебай, Қарасиыр... Тау аттары Серек, Аксоран, Бөріктас сыяқты болып келеді де, тау қайқаңдарының аттары да бар: «Адидын қайқаны» деген сыяқты.

...Алпысыншы жылдар Саржал деген қыстақта Қопақов Әбдірақпан деген кісі қойшы болып еді. Ауылдастар бұл кісіні Әлдекен деп атаушы еді. Баласы Бүркітбай Балхашта тұрып жатыр. Қамария, Шамшия атты қыздарынан жақсы азаматтар туып жетілді. Жоғарыда өзіміз мадақтаған Төлеген ағамыздың зайыбы Қамария ана-Әбдірақпан қызы. Сол өңірден батысқа қарай шұрайлы сайға қарай салынған-Шабан, Көлденен атты қыстаулар табиғаттын әдемі жерлеріне орналасқан. Одан оңтүстік –шығысқа қарай Ақбұлақ, Тесіктас қыстаулары бар. ...1962 жылы күзде Хрущевтың «Арамтамақ, жұмыс істемейтіндермен күрес туралы» қаулысы шығып бір топ орыс, қазақ, шешен, татары аралас адамдар әкелінді. Солардан есімде қалғандары: Яударов Хасболат, Шарафудинов Ғабдырахман (Генка), Сироткин Володя, Саша, Петро –деген адамдар еді. Бұлардың ешқайсысы мерзімі біткен соң бұрынғы тұрақтарына қайтқан жоқ. Бәрі де Қызыларайдан жай тапты. Уақыт бәрін жасырып кетеді. «Кім келіп кім кетпеген демекші», Боздақтың Әубәкірі айтатын: Осы өңірге бұрын үш ел-жұрт келіп кетіпті деп. Ең соңғысы «мық» деген халық болған дейді. Етікке қағатын «мық» шеге деген болады, әлде сол халықтың атауынан қалды ма екен?

...Сөз орайында айта кетейін: Қойлыбаев Жаңабек, Әбдиманов Арғын, Айтбаев Тәкеш, Иісбеков Әуез, Төлеубеков Жарылғап, Хамзин Орал, Бәкіров Мұрат сыяқтылар көп уақыт сыртта қызмет істеген. Тегі Қызыларайлық (Найман қырғыз) Даниял Керімбаев көп жыл Қазақстан Үкіметін басқарғаны белгілі. Жүрген жерлерінде абройлы болған адамдар еді. Сейдахметов Асқар-Қызыларайда кеңес уағында алғашқы жоғары білімді адам болды. Жаңылмасам, Қаз.ГУ-ді кейіннен белгілі тарихшы-академик Манаш Қозыбаевпен бірге бітірген дегенді естіп едім. Бірақ, бұл кісі көп оқып, көп білген дейді, негізінен білім саласында ұрпаққа білімін берген шығар, бұл кісі де туған ауылында қызмет істеген жоқ. Әбдиманов Арғынның өмір жолы да үлгі боларлық. Ол кісі 1926 жылы туған әкесінен жасынан жетім қалып, шешесімен 32 жылдың бар тауқыметін көріп әйтеуір тірі қалыпты. Бертін Кеңасу жақта ержетіп, әскерге шақырылып, Игішев Тәңкіш екеуі бес жыл әскерде болады. Бертін Қарқаралыға келіп -Тәңкіш, Рақым үшеуі бірлесіп тіршілік қыла бастаған. Осы аталған үш адам да Қарқаралының белгілі адамдары болды. Арекең болса Қалалық атқару комитетінің төрағасы:

аудандық комитетте бөлім меңгерушісі, Карбышевқа (кейін Көктас) совхозының партком хатшысы болды. Өле-өлгенше абройлы болып кетті. Зейнетдинов Сағатты да осы санатқа қосқым келді. Зейнетдинов Сағат бір жасында соғысқа кеткен әкесінің артында шешесі Зағипаның қолында тәрбиеленген. Жақсы оқып, талапты болып ауылдан барып Қарағанды тау-кен институтына оқуға түскен. (Кейіннен бұл Қарағанды Политехникалық институты). Осыны жақсы бітіріп шахтада инженер болып, денсаулығына келмеуі себепті жұмыстан босаған. Комсомолдың қолдауымен туған ауылына келіп бас инженер қызметін атқарған. Бұл өзі аса принципшіл, білгір, отты, өткір жігіт болған. Оның орнатқан тәртібіне совхоз қалай көндіксің? «Әке, үке» деп әйтеуір жоғарылатып жіберіп құтылған ғой. Содан Қарқаралы аудандың партия комитетіне бөлім меңгерушісі қызметіне орналасқан Зейнединов-аз уақыттың ішінде көзге түседі, қызыметімен, қабілетімен оларға жағады. Бұдан әрі оны аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі етіп тағайындаған. Осы кезде Мәскеудегі Орталық Комитет жанындағы жоғары партия мектебінде оқыған. Тосын ауырудан қайтыс болған. Артында Ричард атты ұлы бір жасында жетім қалған. Зағипа ана енді осыны асырап жеткізді. Ричард жақсы, бауырмал азамат болып өсті. Құқық қорғау саласында дәрежелі қызметтерге көтерілді. Бақтияр атты ұлы қазыр ержетіп, жоғары оқу орнында оқуы тиіс.

«Еңбек» бөлімшесінде, Ыстыбұлақ деген ауылда Әмірханов Әзір, Қойшыбек деген ауылшаруашылығына әрі еңбегі сіңген, әрі білгір, ұйымдастырушы азаматтар тұрды. Екеуінің де ағалық адамгершіліктері жоғары адамдар болатын. Елдің-ел болуына мықты еңбек сіңрген осы адамдардың аты атлмай қалып бара жатқан сыяқты. 1930 жылдары- сол кезде Орталық Комитеттің саяси Бюросының мүшесі, бірақ өзі Ленинград облысының Бірінші хатшысы қызметіндегі Сергей Миронович Киров (шын фамилиясы Востриков) Қазақстанға іс сапармен келген. Қарқаралы арқылы Еңбекке келген, сонда жанында осы Қойшыбек ақсақал жүрген екен. Бұл жөнінде ол кісінің әңгімелерін тыңдағанбыз. Осыдан қайтқаннан кейін ол қастандықтың құрбаны болып кеткен. Бәлкім... Қазақстанға жіберілгеннің өзінде жолда қастандық ұйымдастыру шаралары болған шығар, бірақ, іске асыру қиын болды ма екен?...

Мұқаметбек, Қалыбаев Сейтбек, Ықласбеков Сәду-сол кездегі қоғамның өркендеуіне үлкен еңбектерін аяған жоқ. Әбеуов Тендік, інісі Әбеуов Бегілік (Сүндет) ауылдарына қызмет етті. Ауылдастардың бәрін де еске түсіргін келеді. Өйткені көп уақыт сыртта жүргенмен балалық шағымыздың ізі сайрап жатқан қасиетті ауыл деген ұғымға мен қашанда ден қоямын. Тойшаң деген адам ауылдағы үлкендердің соңы болып. Алланың берген жасын жасап, бертін қайтты. Ауылға барғанда арнайы сәлем беретінбіз. Баласы Қазыбек үлкенді сипап тұратын, сыпайы жігіт. Кезінде комсомол хатшысы болды, екеуміз әлі де силаспыз. Сол Көкөзек аталатын көшеде Түсіпханов Қабықан,

Мәдіханов Қауазхан тұратын шығар деймін. Қабықан өтірік айтпайтын, турашыл адам болып болып жетілді. Қак-соқпен аса ісі жоқ. Дұрыс мінез осы шығар. Қауаз –жатып атарлығы бар. ауылдың адамына бұл да керек мінез. Жалпы адамның бәрінің де жақсы болғысы келеді ғой. Бірақ, жақсы атану қиын-ақ. Жаман атану бір сәттің шаруасы. Жаратылыстың өзі солай. Осы Көкөзек жақты Құрмет Аққанов тұрған еді. Әкесі акан деген кісі механизатор болса да акын еді. «Алматылық жас бала , он сегізде жас қана» деп басталатын өзімен бірге соғыста қыршын кеткен жолдасы туралы дастаны болушы еді... атпен болсын, жаяу келе жатса да күбірлеп өлең құрап жүретіні есімде қалыпты. Баласы Совет те құралақан болған жоқ, айтысқа қатысып жүрді, жинағын шығарыпты деп естідім...

Бұл кітапта Қызыларайды басқарған адамдар жөнінде хроника бергім келген жоқ еді. Бірақ, өлісі бар, тірісі бар демекші, өз жадымда қалған басшылардың да атын атай кеткенім орынды шығар деп есептедім. Қазақы ұғыммен айтқанда «күнде кітап шығарып жатқан жоқпыз ғой». ...Біз ес білген кезде Құлсейітов Мырзабек, Тұрғанов Шайкен, Ынтықбай деген адамдар колхоз кезінде басқарма болыпты. Ауыл адамы Ақбаев Құлжанбек те басқарды білем. Дүйсенбай басқарма орынбасары болған.Совхоз деген құрылғанда, сол уақытта колхоздың парткомы болып істеп жүрген Әмірбеков Иманғазы деген кісі директор болды. Оншақты жыл осы қызметте болды. Бұдан кейін жігерлі , қажырлы азамат Жүнісов Рымбек келді. Оншақты жылдай бұл кісі де қызмет атқарып кетті. Әбдібаев Сәбит деген адам директор болыпты, бірер рет қана көрдім –ау деймін. Бұдан кейін Қасымов Серікбай директорлықты атқарғанда Қазақстан Тәуелсіздік кезеңіне бет бұрған кез. Баймұханов Кәрібек «Ассоциация» деген кезде болып, артынан «Әкімшілік» деген сөзге қолдары жетіп, халық байғұс тілі келмейтін сөзден құтылғандарына қуанған. Яғный ол ауылдың Әкімі деген лауазымға ие болған.... Мен кітабымның басында «біреу жақсы, біреу жаман деу міндетіме жатпайды» дегенмін. Сол сөзімді тағы қайталай отырып кімнің жақсы, кімнің жаман қызмет атқарғанын ауылдастар өзі білер, бірақ ішіндегі ең уыттысы Жүнісов Рымбек шығар... Бірақ, сол кездегі қоғамның мүмкіншілігімен, саяси да, экономикалық бостандық болмағандықтан, ол кісі көп нәрсені жасағысы келгенмен жасай алмаған шығар деп ойлаймын. Бұл кісі кейін өз қабілетін Алматыда, Астанада қазырге дейін қызмет атқарған кездерінде көрсетуде. Бұлар жөнінде айта келіп, әрбір басшы «жаман жұмыс атқарайын» демеуі тиіс. Бірақ, ақыл, қабілет, мінез, әркімге әртүрлі бітеді. Шешуші фактор осылар. Қазыр осы ауылды Рашид басқаруда. Ауылдың өсіп, өркендегенін күте береміз... Әйтеуір телефонмен, таза су келіп тұрғанына қуанудамыз.

Жұмабаев Турағұл деген кісі Қызыларайға екі рет келіп екі рет қызмет бабымен ауысып жүрді. Балалары, қыздары жақсы азамат болып ержеткен деп естимін. Ақпанбаев Шәжен ақылды адам еді. Есеп қызметінің білгірі. Кезінде Ұлы Отан соғысына қатысып, десантшы-парашютист болған. Үлкен

еріктер жасаған. Самолеттен секіргенде тіпті қабырғасын сындырған екен. Бертінге дейін дәргерге қаралып соның зардабын тартып жүрді. Өзі мақтануды білмейтін адам еді. Совхоздың есеп-қисабының «аксамай қалатын» кезі барма? Сол кезде осы кісінің көмегіне жүгінеді басшылар. Серік, Алтынбек деген ұлдары, Торғай, Алма, Өрік, Амантай атты қыздарының бәрі де ақылды болып өскен. Амантайдан басқасының бәрі жаңылмасам, Алматыдағы Мемлекеттік Қыздар педагогика институтын бітірді-ау деймін! ...Жоғарыда аталған Қанапия деген кісінің халыққа жаны ашитын адам болғаны жөнінде әр жерде жазылған ірілі-уақты жазбалардан кездескеніміз бар. Зейнеткерлікке шыққанша соғыстан жараланып оралғаннан кейін ауылдың почтасын басқарған Сәттібаев Махмет ағамыздың айтып отырғанын естіп едім: –«Соғыстан жараланып қырқыншы жылдардың ортасында елге қайтарды, басында бригадир, ферма басқарып жүрдім». Мен сыяқты соғыстан жараланып соғысқа жарамсыз болып қайтқан тағы екі-үш адам болды. Ер-азаматтын бәрі майданда. Көбісінен қара қағаз келген. Мұнда жараланып оралғандарды кем-кетігіне қарамай дереу қызметке қояды. Сондай азаматтардың біреуі мал бригадирі деген лауазымды атқарып жүрсе керек. Соғыстан қайтқандар әпербақан болатыны өтірік емес. Кейбіреуі бүкіл фашисті өзі жеңіп келгендей күпінетіндері де болады екен. Осындай азаматтардың біреуі барған жерін шулатып, жесір қатын-баланы қорқытып-үркітіп, тіпті камшымен сабап та жіберген кездері болған. Оның мәні колхоздың жұмысы аксамау керек, мал бағылып, ки ойылып жату керек. Бәрі тап-тұйнақтай болу керек деген, Талтанбайдың тәртібі. Әрине, «алып кел, шауып келде» бригадир жүреді. Бірақ оны басқарма қырып, жой деп жібермесе керек. Содан бір қыстаққа барып әлгі «геройымыз» шулатып келе жатса, алдынан басқарманың өзі Смайылов Қанафия кез болыпты. Жанында сол кезде почта бастығы болып тағайындалған Сәттібаев Махмет бар. Сөйтсе бұлар әлгінде ғана Бөріктас бауырындағы қыстақтардың біріне барса әлгі бригадир шулатып, еркек жоқ ауылды әлем-тапырық қылып, «қырам, жоям, айдатам, соттатам» деп кеткен көрінеді. Бұл екеуі осы қыстақтан мән-жайға қаныққан. Ондағы жағыдайы жоқ, күйеуінен бұрын қара қағаз келген әйел-жас балаларын шұбыртып осы оқиғаның артынша келген Қанафияға арыз айтып жалауын онан сайын үдеткен. Қанафия зады, қайырымы мол, халыққа жаны ашитын адам дейді, соғыстан бронмен қалдырған адам. Өйткені жөн білетін тәуір басқарма да керек қой. Міне, әлгі бұл кісіге бағынышты бригадир кезең астында бұларға кездесіп, өзінің бітіріп келе жатқан шаруаларын айта жөнеліпті. Бұл өзі жүрген жерінде «Сталиннен үш кісі атуға болады» деген рұқсатым бар дейтін көрінеді. Бұл сорлап отырған халықтың үрейін онан сайын алатын болса керек. Осы әңгіме бұрыннан құлағына тиіп жүрген басқарма осы жерде бір керемет жасапты. –Сен, үш адамды атуға рұқсатым бар, дейтін көрінесің ғой, олай болса, мені атшы, депті, жак жүнін сипалап қойып. Жағында өскен ұзын бір-екі тал қылды сипалап қою әдетінде болса керек. Бригадир күмілжіп қалыпты, қанша айтқанмен басқарманың аты басқарма, соғысқа барып келмесе де бұл жақта

мұның жұмысы да соғыстағыдан кем болмаса керек. Сол сөзді айта сала: -- Өкеннің аузы... деп кәдімгідей боктап алып қамшысымен бригадирді осып-осып жіберді. дейді Махмет аға бертінде. Мен ол кісіден мұндай кесек мінез шығады деп, ешқашан ойламап едім дейді. Осынысына осы уақытқа дейін ойыма түссе разы болып жүремін дейді. Орайы келіп тұрғанда айта кеткеніміз жөн. Қанафия елуінші жылдардың басында дүниеден өтіп кетті. Тайтөлеу, Төлеуғали, Аманжол атты ұлдары Қайша атты қызы артында қалды. Жұбайы Зағия шешеміз кезінде мұғалім болған сауатты кісі еді. Тайтөлеу колхоздың кітапханашысы болып қызмет атқарды. Үйі Мәдениетте еді. Облыстан, ауданнан буда-буда кітап келіп жатады. Оның қызығын Аманжол екеуіміз көруші едік. Ол кітаптарды Тайтөлеу колхоз кітапханасына апарғанша кейде айлар өтіп кетеді. 1956 жылы шыққан Қасым Аманжоловтың қалың әдемі болып шыққан өлеңдерін оқитынбыз. Зейнолла Қабдоловтың «Біз жанбасақ» деген жаңылмасам сын кітабы шыққан. Сын демекші, ол кезде сыншы деген көп болатын. Біреудің шығармасы шыға калса бәрі соған бас салатын. Содан қайтсын, Сәбит Мұқанов сыяқтылардың өзі кітаптарын зорға шығаруға керек. Аманжол Қанафин жақсы өсіп келе жатқан филолог-ғалым еді, Мұқтар Әуезов атындағы әдебиетпен өнер институтында да істеген. Ойлы, тың дүниелері әртүрлі басылымдарда көп басылушы еді. Аумалы-төкпелі заманда тұрмыс билеп кетті ме, қазыр баспа бетінен көрінбейді. Бірақ, бір баласы талантты режиссер болып жүрген сынайы бар, қазыр облыс орталықтарының бірінде режиссер көрінеді. Төлеуғали марқұм өте жақсы, силы азамат еді, өмірден ерте кетті. Қайша апай Қарқаралы жақта тұрмысқа шығып жақсы адам атанды, әкеден қалған жақсылық бұл кісіге де жұққан болуы тиіс. Қойма менгерушісі болып тұрып елдің қажетін шығарып тұрады екен.

111 бөлім

ТӘУЕЛСІЗДІК АЯСЫНДА

Қарағандының 80 жылдығына

Қарағанды жаңарып келеді, жаңғырып келеді. Бұрын қалай еді, есімізге түсірейікші. Қала тарихы алыс емес. Кеңістік қайнаған қазанның жыртық шалбар, көп етікпен салынған Одақ аталатын кебеже қарын, кен құрсаққа темірді де, көмірді де өндіру үшін салынған индустриалды деп аталған қала бұл. Ия, 1933-1934 жылдары салына бастап орысқа да, қазаққа және басқа қаптап кеткен халық өкілдеріне нан жегізгені рас. Нан берді, одан артық ештеңе бермегені де рас. Қарағанды сол кезде Кеңістік жүйенің нағыз прототипі болып тұрды. Ірі заводтар мен шахталар жұмыс істеген соң, жұмысшылар көп болған соң, жабдықталу жағынан алдыңғы орында болды. Басқадан артықтау ақшаны шахтерлер алды, завод жұмысшылары алды.

Ақша табылған жерде қызғаныштың қызыл иті де аласұрды. Сырттан келген келімсектер есіктен кіріп, төр менікі-деп шығып алды төрге, шахтаға солар түсті, заводқа жұмысқа солар түсті. Яғни бұл өмірдің қызығын да солар көрді, курорт, демалыс үйлері тағы басқа әртүрлі жеңілдіктер, үй алу, пәтер мәселесі деген солар үшін болды. Ал біздің қазақ өз жерінде өзі өгей болды. Қалаға келіп жұмысқа түсейін десе, әртүрлі мүйіздеулер әлгі келімсектер тарапынан болды, олардың өйткені бірі бастық, бірі кәсіподақ. Үй жоқ, ол уақытта үй сатылу деген ұғым жоқ. Үй алу үшін кезекке тұру керек. Оның жайы болмайды. Болмайтыны жұмысқа түсе алмайды, себебі не мамандығы сәйкес келмейді, не құжаттары дұрыс емес. Қайтсе түспек болғандардың да тауы шағылады, өйткені тұратын жері жоқ. Қалада бір-екі мейманхана болды, онда канша келсе тығыз, оның алдында отыратын мейманхана әкімшілігінің әйелдері сылан қағып жүргенде жер-су баспайды, дәп бір ханымдар секілді еді. Мейманхана демекші, мейманханалар неге екенін кім білсін. Кеңестік жүйенің бір осал жері еді. Көптен салып тастау әміршілдік жүйенің қаперінде болмады ма, әйтпесе адамды мұқтаждыққа әдейі тәуелді етіп қою үшін жасаған арам бақай-есебі ме оны білу қиын еді. Әйтеуір жетіспейтін нәрсе өте көп еді. Қазіргі ең арзан дүкен сөрелерінде үйіліп тұрған үнді шайлары, ауылдағы шопан-шомыт, сақмашы-сақпыт, қойшы-қомыттарға жағымпаздық тәуір еңбегі үшін силыққа берілген. Сіздерге бұрынырақтағы бір өзім куә болған көріністі айтайыншы, Қарқаралы ауданына қарасты бір кеңшарда Кеңес дәуірінің дүрілдеп тұрған шағында әр күзде қараша айының ортасында «механизатор күні» деген өтетін. Ауылдың дені осы «механизациямен» байланысты болған соң, бұл өзі үлкен халықтың мереке ретінде аталып жатады. Сонда ең озат деген трактор, комбайн айдаушыларға бір жыл қорытындысында деп ең алдында бірер кілем, одан кейінгісіне сағат, одан кейінгісіне бір келі шай, осындай дәрежеде силықтар берілетін. Айтпақшы сақал қырғыш, радиоқабылдағыштар берілетін. Орташа құны түкке тұрмайды. Кеңес дәуірінің құлтекелік, теңсіздік психологиясы қалыптастырғаны сонша әлгі бишаралар соған риза болатын. Ал әлгі силықтардың өзі бәріне бірдей тие бермейді ғой, жетпегендері қатты өкпелейтін, мұның аяғы парткомдарға, одан жоғары парткомдарға шағымдар, арыздар жәнелтумен бірге аудандық, облыстық өзінше жанжалдарға ұштасатын жағдайлары болушы еді. Сонда осындай силық ала алмай ренжіп, ашуланып шыққан «К-700» тракторының айдаушысын бір жұбатқаным бар еді. Сонда мен оған айттым, -әй, пәленше, елге таратып жатқан сақал қырғыш сенің жыл бойғы түгіл, анау алып трактордың ішінде отырып бір сағат ыстық пен құлақ тұндырар дауыстың өтеуі болмас, ол еңбекке өтеу жоқ деп-иландырғандай болып едім.

Тағы сол уақытты, айталық осыдан он бес жыл бұрынғы уақытты еске алайықшы, өңкей қай қалаға барсаң да, өң жоқ, түс жоқ сұрқай үйлер, номері, цифры болмаса айыра алмайсын, бір-біріне соншалық ұқсас. Адамды мәңгірттендірудің Кеңестік жүйе ойлап тапқан айласы. Осы үйлер Қарағандыда әлі де әрине көп. Бірақ олар жаңа түр, жаңа сипат ала бастады.

Бірінші сипат адамдар ауылдардан ағылып келіп тұрақтап жатыр, олардың барлығы дерлік халқымыздың өкілі. Яғни қазақ халқымыз. Майқұдықтағы әрбір үйлердің ауласы шүпірлеген балаға толы, қазақша балдыр сөздері құлағыңды қуантады, бал-бұл жүздері жүрегінді уантады. Келіп жатыр, бұл дұрыс кимыт менімше. –Ойбай, ауыл босап қалды, жер босап қалды, дейді. Қарап отырсақ, бүкіл қазақтың саны қаласы бар, даласы бар, Қытайдың Ухань деген бір орташа қалада тұратын ғана халықтың санына тең екен. Жер өзіміздікі ешқайда кетпейді, қайта онда (ауылда) тұратындардың көптеп келгені дұрыс. Қайта онда жүргенде бір-бірінің малына көз алартатын әдет бар ғой, ал неғұрлым онда халық аз қалса малды да көптеп өсіруге болады. Ал ол өскен малды қалаға әкелмей қайда апарды. Сондықтан да біздің халық үшін дәл қазір бір миграциялық ғажап үрдіс болып жатыр. Дүниелік интеграцияға кіру үшін қалаға келген өте дұрыс. Ауылда отырып мың жерден өркендедім десең де қаладағыдай болмайтыны және айқын. Әрине, баспана мәселесі шешіліп тұрған жоқ. Жетіспейтін нәрсе осы ғана. Қазір біздің халықта талап та, ынта да бар. Тегі ақылды халық қой. Қолма-қол қалыптасқан жағдайға дұрыс ақылды баға бере алады. Қазір Қарағанды жаңа бір бояуға ене бастады. Сонау Майқұдықтың басынан сағаттан аса жүріп жолаушылар вокзалына дейін келсеңіз, көп жағдайды көресіз. Көшелер тазаланып жатыр. әрленіп, боялып, жөнделіп жатыр. Жол жиегіне электр бағандары орнатылып жол тегістеліп айтулы-айтулы жұмыстар атқарылып жатыр. Қаланың үлкен бір ауданы Қазыбек би бабаның атымен аталады. Қазіргі істелген, жасалған нәрселердің көбісі бір түске кірдіме? Анау бір мектеп жанында орыс баласы, алтын түсті шаштары жалтырап Қазақстанның көк байрағын көтеріп жатыр ойлап көріңізші. әрине, бұл ұрпаққа көп нәрсе әлі түсініксіз болуы мүмкін. 1950-60-70-80 жылдары өліп қалған қазақтардың біреуін алла тағала шексіз құдыретімен тірілте қалса, оған міне қазақтың ақшасы мынау Фараби. Абай, Әбілқайыр деп көрсетсе қуанғаннан жүрегі жарылып кетіп қайта құлап қалар-ау!

1993 жылы қазақ ақшасы алғашқы айырбасталғанды есіңізге алыңызшы. Ғажап емес пе?

Сонда мен ақша айырбастап алып тұрған жас жігіттердің бір шоғырына көзім түсті. Тамашалап Абайға, Фарабига, Сүйінбайға қарап тұр екен. -Әй, қазақ балалары мына аталарының суреті бейнеленген ақшаға арак алып ішпендер, онда олардың рухы сендерден алыстап кетеді деп едім. Қаншалықты ұққанын қайдан білейін. Құптағандай бастарын изеп еді.

Он жылда білген адамға, ұққан адамға көп нәрсе жасалды, жасалуда. Қазіргі осы Қарағанды да жасалып жатқан көп құрылыстар, әдеби, мәдени шаралар бұрын жасалып па еді. Академиялық лауазым алған үш бірдей ұжым бар. Тәттімбет оркестріне барып тамашаладық. Арқа шымырлатар әсем саздар, әттең осы біздің әндер мен күйлер неге қысқа тексті болады екен.

«Сарыарқа» да, «Сарыжайлау» да басқасы да қысқа-қысқа. Әндеріміз де солай көбі екі, әрі барса үш шумақтан аспайды. Бірақ жақсы, дәмді нәрсенің қысқа болғаны да жақсы шығар. Қарағанды туралы айтып отырғанда бұл туралы Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке», Ғабиденнің «Қарағанды» романдары ертеректе жазылып еді. Бертіндеу Зейін Шашкиннің іргедегі «Теміртау» романы да Қарағанды бейнесін бергендей еді. Ғабиден Мұстафиннің «Көз көргендері» осы өңірдегі қазан төңкерісінен кейінгі оқиғаларды өте жақсы суреттейтін шығарма еді. Бұдан кейінгі уақытта дәл қазақша жазылған Қарағандыны суреттейтін ұрпақ есіне түсірерліктей дүние туганын естігеміз жоқ. Жайық Бектұров сияқты ағаларымыз бұған қабілеті болғанмен лагердің ашы азабы бойына кеткендіктен «тағы бірденеден жазып қаламыз ба» деп терен тақырыптарға бара қойған жоқ. Бірақ, Жайық ағамыздың бағы бар екен, қысылып іштегі шерін шығара алмай жүр екен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ қарымды қаламын сілтеді-ақ!

Бұған дейін жазғанына осы төрт-бес жылда жазғаны тең шығар-ау. Кезінде бағы болғанда, қуғындалып беті қайтпаса талай үлкен дүние жасайтын ағамыз еді. Бірақ енді осыған да тәубә дейміз, кейінгі ұқсататын, ұғатын ұрпаққа ғибрат боларлық талай дүние тастап кетті.

Қарағандыда бұрын-соңды да, қазір де әдеби орта қалыптасқан жоқ деуімізге болатын шығар. Мұның басты себебі әміршілдік-кеңестік жүйенің тек әр республика астаналарында ғана бір-екі баспа қылуы жазушылар және журналистер Одағы қылуы «сапты аяққа ас құйып, сабына қарауыл» қоюы басты себеп еді. Әйтпесе Қарағандыда әдеби орта таланттың аздығынан, кемдігінен болған жоқ.

Кезінде Шашубай, Доскей, Ғабдиман Игенсартовтар, іле талантты Аллажар Теміржанов, Мақсұт Байсейітов, орыс ұлтынан Д.Оськин, М.Балыкин, Ю.Попов сияқтылар әрі тамандау буын десек, бертінде тіпті талаптылар мен таланттылар көптеп шықты. Қажымағаны Алматы кетті, қажып, шаршап-шалдыққаны елде қалды, кейіннен бойындағылардың жоғалтты. Айтыстар қазіргі тәуелсіздіктің бір атрибуты ретінде өтіп жатыр. Талантты халықтың бір ғажап сипаты. Жоғарыда аталған ақындар өздерінің бар мүмкіндігін аша алмай кетті. Әрине, тағдырдың жазуына дауа бар ма, олар өтті, енді олардың соңында жаңа буын олардың балалары іспетті, інілері іспетті жаңа ұрпақ жаңа заманды, тәуелсіз қазақ елін жырлауда.

Өзім қалам ұстаған адам болған соң өзіме жақсы белгілі, кейбірімен таныс, біліс сол заманның қиындықтарын жеңіп бүгінгі күнге қаламдарын мықты ұстап, өз мамандықтарына, тіпті талантының алдында сатқындық көрсетпей келген қаламгерлердің атын айта кету де орынды деп білемін. Серік Ақсұңқарұлы бастаған қаламгерлер: Қарағанды облысының оның ішінде Қарқаралы, Ақтоғай өңірінен шыққан Абзал Бөкенов, Дәуітәлі

Стамбеков, Сүйіндік Жанысбаев, Төкен Әлжанов, Сәбит Бексейітов, Балтабай Батталгазин, Аманжол Қанафин, белгілі жазушы-романист Сапарғали Ләмбеков, Асан Жұмаділдин, Мақсым Омарбековтар, романист-жазушы Кәмел Жүнісов, Қанат Жойкынбековтар-- бұрынғы жүйемен өздерінің ашы терін аямай арпалысып бүгінгі күнге жеткені аян. Бұлардың қай-қайсысы болса да, мемлекеттің де халықтың құрметін иеленуге құқығы бар адамдар.

Қарағанды туралы сөз болғанда бұрынғы Кеңестік жүйе кезінде басқа ұлт өкілдері пайызы жағынан ең жоғары орында болған облыс еді. Сол уақыттарда 14% пайыз ғана жергілікті ұлт өкілдері облысты жайлайды деуші еді. Ендеше Қарқаралы, Егіндібұлақ, кейіннен қайта қосылған Ақтоғай, Шет аудандарын және Жаңа-арканықосқанда жергілікті ұлт дені сонда тұрғанда. Қарағанды қаласының басын елестетіп көріңіз. әрі барса 2-3% пайыз ғана қазақтар болды. Олардың өзі студенттер еді көбісі. Көшеде де, автобуста да, ресторан, мейрамханаларда да қазақ сөзі естілмеді. Бір үйде бір қазақ жанұясы не бар, не жоқ кез болды.

Сол кезде арақидік келіп қайтқанда жүрек жылап күйзеліп қайтушы едік. Сол заманның әсерінен бұл күнде Қарағанды қаласының өзінде тұрғылықты халықтың басым көпшілігі дерлік өз тілін білмейтін мәңгірттеу. Ал мәңгіртте отаншылдық болмайды, өйткені ол орыс да емес, қазақ та емес «дүбәра». Міне, осылардың проблемасы бар деп білуіміз керек сияқты. Өйткені бұлардың ата-аналарының дені жұмысшы-шахтер, көңілдері надандау болып келіп, енді дүниенің бәрі орысқа айналады деп түсініп, өз тілдеріне сатқындық жасаған. Сондықтан бұларды құжатына қарап қазақ дегенмен, қазақтық ештеңе қылмаған, яғни түрі ғана қазақ. Сондықтан бұларға ауылдан келген қазақтар тілден, әдебиеттен мақұрым қалған бұл бейшараларға көмек, көмек болғанда рухани көмек беру керек. өткен жүйе кезінде тіліміз өте жүдеу тартты. өз елімізде өз тілінде сөйлей алмаудан өткен қасірет бар ма, бұл тілдегі полигонның зардабы сияқты өте ауыр нәрсе еді. «Қарнымның ашқанына емес, қадырымның қашқанына ренжимін» деген бабалар мақалы осыған дәл келмей ме. Тілдің қолданысуының азаюы, өте көп жағдайда шұбырлануына әкеліп соқты. Орыс сөздері мен көптеген терминдердің ауыз –екі сөзде көптен қолданылуы тіліміздің әдеби нормаларын өте жүдетті. Бірақ «орнында да бар оңалар»-деген даңалық тағы бар, қазіргі тіліміз, тәуелсіздік алған жиырма жылда табиғат бар шуағын мейірімін төгіп тұрғаны сияқты, тілімізде бар шұбарынан арылып мәйектеліп, өзектеліп келе жатыр. әсіресе бұрын-онды сілкініс қалада байқалады. Қарағандыға Ақтоғай, Егіндібұлақ, Қарқаралы, Шет өңірінен көшіп келушілер қазақ тілін өте жақсы біледі, сөйлейді, қолданады. Оңтүстік өңірден, Моңғолиядан келгендер қазақы дәстүрді тәп-тәуір ұстағандар. Әсіресе жас бүлдіршіндер сыңғырлаған дауыстарымен қазақ тілінің бар бояуын бере сөйлейтіні үлкен әсерге бөлейді. Түркі тілдерінің ішінде бояу бай, тілге ең бір жетік тіл-қазақ тілі екені мәлім. Ол таяу уақытта Ел басын

қамқорлығымен және облыстардағы басшылары, яғни облыс әкімдерінің арқасында жүзеге асады десек қазірдің өзінде оған көзіміз жеткендей.

Қарағанды облысының әкімдігі және оның басшысы Әбдешев қала халқы үшін мандай терін төгуде. Қарағанды облысына 80 жыл толатын уақыт та алыс емес. Облыс әкімшілігі, жылы жүзді Әбдешев мырзаның көптеген шаруа атқарғалы жатқанын көзіміз көруде. Қала әкімінің сәлеттендіру және аббаттандыру жөнідегі орынбасары аса іскер азамат Мейрам Смағұловтың үнемі іс үстінде жүретінін көп ел біледі. Алты жүз мыңдай адам тұратын Қарағанды үлкен архитектуралық сәулеттену үстінде. Оңтүстік-Шығыстағы Тәуелсіздіктің он жылдығына арналған сухана-демалыс жайы бірегей құрылыс. Үлкен мешіттің құрылысы қызу қарқынмен жүріп бітті. Тұрғын үй қорлары да салынуда. әрине, оның бағасы жөнінде әңгіме қозғау қиын. Ол жөнінде әңгіме басқа болар.

Қарағанды облысының әкімшілігі құрамының атқарып жатқан жұмыстары өте ауқымды, айдынды көрнекті.

Облыс Әкімі Бауыржан Әбдешев бастаған мемлекет қызметкерлерінің қазіргі қызмет етіп отырған легі тәуелсіздіктің айнасындай. өйткені бұл лек тағдырдың өзі берген, өткенге өксік қылмайтын, шын мәнінде Қазақстанды өркендетуге, сол арқылы халқын, елін, жұртын өркендетуге күш салатын өрендер екеніне, көңілі соқырлардан басқанын көзі жеткендей. Көзбен көргенді айтайықшы, Қарағанды ішіндегі жүріс-тұрыс артериясы іспеттес бес бірдей көпір күрделі жөндеуден өтуде. Стадион швейцарлық технологиямен жөнделіп, халықаралық стандарттарға сәйкес жабдықталуда. Мақсат: Халықаралық жарыстар өткізу жағдайында болу. Қала орталығындағы фонтан 25 метрге су шапшытпақ, Қазақстанда әзірше бірдің- бірегейі. Вокзал аланы, тағы айтайық, этно-парк ғажап құрылыс! Онбір жылдай діңкелеп тұрған орталық мешіті тікелей облыс әкімінің араласуымен бітіп, елбасы өз қолымен ашқаны елдің есінде. Су бұрқақтар көптеп салынуда. Майқұдық паркі жанартылып, жақсарып қалды. ҚарМУ маңайында да әдемі бұрқақ ашылды. Ұлы ғалым Қаныш Сәтпаевқа ескерткіш орнатылды. Техникалық Университет алдындағы алаң қаланың ең бір көрнекті жері,-- осында Қазыбек бидің ескерткіші көрік беріп тұр.

Не нәрсе жасалса да өз бетімен жасалмайды, оның басы-қасында мәртебелі адам тұрады. Ендеше Қарағанды облысы әкімшілігінің тәуелсіздіктің жиырма жылдығы қарсаңында істеп жатқан жан жадыратар жұмыстарына қас күйініп, дос сүйінгендей. Көңілдің адамы едік, өтірік мақтанға қас едік. Сондықтан сенбегендер болса көзімен көрсін дейміз.

3000 жанкүйер сиятын бокс Сарайы, хоккей клубына арналған Мұз Сарайы, Теннис корты керемет бірегей құрылыстар. Бұл құрылыстар ең озық шетелдік стандарттарға жауап береді.

Қарағандыда керемет-4000 адамды сидыратын мешіт құрылысы аяқталғалы қашан. Көп жұмыстар атқарылу үстінде. Ақтоғай сыяқты алыс ауданға бірде –бір облыс басшысы Әбдешевтай қамқорлық қылмаған сыяқты. Әбдешев Ақтоғайға ақылды, ширақ әкім тағайындады. Ол: Нихан Омарханов. Бұрын үлкен аудан Қарқаралыны он бір жыл басқарып өркендеткен. Халқы одан әлдеқайда аз Ақтоғай ауданының жұмысын ол «шыр көбелек» айналдырар, деген үміт пен сенім бар. Қазырдың өзінде Қызыларайға барып бұлар жиналыс өткізіп, Қызыларай-Жамбыл (Қарқаралы ауданына қарайтын) жол салуды межелеп, жұмысын қазірден бастап жүргізе бастаған. Бұл жақсы хабар!

Осы жұмыстарды барлығы нәсіп болса Қарағандының 80 жылдығына кезеңінде аяқталмақ. Бейбітшілік бульвары «Тәуелсіздік» мүйісі бола ма, орамы бола ма осы туралы ұсыныс жасалмақ екен. Қуанайық, тәуелсіз елдің азаматтары. Өйткені елде өзіміздікі, жер де өзіміздікі!

Сәулеттендіру әр көше бойына жүруде. Сүренсіз үйлерге осы жұмыстар келбет беруде. Кейінгі кезде бағы жанбай кеткен, бір кездегі үлкен байлардың шұрайлы, жұғымды қонысы болған Майқұдықта сәулеттендіру қызу етек алды. Сүренсіз өң тұрған ескі трамвай темір жолдары алынып тасталып көше тазалығы мен сәулеттендіру бір мезгілде жүргізілуде. Жасыратыны жоқ, Тәуелсіздік пен екі ортада иессіздік сияқты бір кезең болған, сол кезеңде Ресейге де, басқа жұртқа да Отансыз жұрттар жөңкеле жәнеліп, соның салдарынан босап, қанырап қалған біраз үйлер де қайтадан өз халқымыз қоныс тауып жатыр. Кейінгі үш жылда жылу да, жарық та газ да қалпына келді. Алайда келіп жатқан халық үшін тағы айтамыз, ақылы жұмыс орны жетіспейді. Әрине, бұл жөнінде облыс, қала әкімшілігі құрамы қол қусырып жатқан жоқ, қолдан келгеннің бәрін жасауда. Бірақ сонда да, ауылдан келген мұғалім, дәрігер, зоотехник, айдаушы тағы басқа мамандық иелеріне қалада зерулік болмай отырған сияқты. Осыдан барып олар қоныстануын қоныстана да пәтерақы, жылпақы, электрақысын төлеуде үлкен қиыншылықтарға тап болуда.

Қазақтың қасиетгі жері Қарқаралыда да көптеген өзгерістер: оның Әкімі болып қарымды, ақылды, шешімді, Отаншыл азамат Халел Мұқатайұлы Мақсұтов барған соң көп өзгерістер, өзгеріс болғанда көркейе түсер деп үміттенеміз.

Иә, заман басқа, заман жаңарды. Дүниелік үлкен кеменің үстінде тереземіз тең, Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүшесі-тәуелсіз Қазақстан да өз Байрағын көтеріп дүниелік мұхит сапарында жүзіп келеді.

Сапар алыс, жол ұзақ, бірақ өзі ізгі, өзі батыр халықтың ұлдары, ұлдары, қызғалдақтай желпілдеген қыздары қоңыр өңдермен, нұрлы қара көздерімен алысқа, өте алысқа көз тігеді. Жол алыс болса да жететініне кәміл сенгендей. Сенгенде өздерін біреу алып барды деп емес, елінің, жерінің кеңдігімен, ақылдарымен қайраттарына сүйеніп үш миллион шаршы шақырым ұлан-ғайыр аймаққа сіңіп жатқан байлығын ұқсата пайдалана отырып жеткісі келеді. Бас-аяғы жиырма жылда осындай дәуірлеу кезеңіне жеткен Астана ашқан, бүкілдүниелік мешеулікте болған халық бірден дүр сілкінді. Сілкіндіде- кара ауыр жамылғыны лақтырып тастады. өз данышпанының соңына ерді, қателессе өз қателігі, көтерілсе өз биігі, алар асуы өз асуы болмақ. Текті халық қандай қиын жағдайда жүрсе де өзінің тектілігін көрсетті. Жалынған жоқ, жалбарынған жоқ, қайсарлығын көрсетті. Енді міне оның да күні туды, өлгені тіріліп өшкені жанды. Биылғы тәуелсіздік жылы қарсаңында ақ жаңбыр жаз бойы дамылсыз жауды, ақ нөсер дамылсыз жауып тұр, біз осы шығармамыздың басынан бері шиырлап келіп тоқтаған түйініміз, туған ауылымыз Қызылараймен, сүйікті қазақ халқының жайы-күйі еді, осы халықтың сүйген бір ұлы болған соң, осы кітапшаның өзегі, осы ауылымыздың адамдарына деген деген сүйіспеншілік пен махаббат еді, айтқымыз келгені, қандай дәрежеде оқушы көңіліне жеткізе алдық, төреші оқушылар сіздер! Лып еткен сезімге ерік беріп отырған жерлеріміз көп. Біреуді жақсы, біреуді жаман демедік!

Жаксыдан шарапат немесе түрік дүниесінің ғұлама ғалымы Ақжан Жаксыбекұлы Машанов ақсақалмен кездескендеріміз жайлы.

Сонау елуінші жылдары бұл кісінің атын кітаптардан оқитынбыз, «Білім және еңбек» журналында неше түрлі тақырыпқа қызықты ғылыми әңгімелер, фантастикаға да бой ұрған кездері көп еді. Біздің бала қиялымызда ұсынса қол жетпейтін асқар таудай көрінетін адам еді. Шығармаларының тілі бай, қарапайым, әсіресе балаларға өте ұғымды, жұғымды келетін еді. Сол кезден есімізде қалғаны, бұл кісінің әртүрлі кітаптары мен шығармалары шығып жататын, сол кезде профессор және мүше-корреспондент аталушы еді. Осы ағамыз жаңылмасак, академик болмай-ақ кетті. Бұл кісі туралы аңыздар көп еді. Бұл кісі ол кезде намаз оқиды екен деген әңгіме тіпті басым болушы еді. Сонда академиядағы күншіл қарабайыр ғалымсымақтардың кейбіреуі «академияға молла кіріп кетті» деп өсектепті. Тіпті бұл мәселе сол кездегі

билеуші партияның орталық комитетіне дейін мәлімделіпті, сонда кісілігі бар Димаш аға әлгі есерді басыпты дейді, «кайтер дейсін бір шал жүре берсін», - деп. Әлгі дінсіз оған тоқтады ма, тоқтамады ма, ол жағы беймәлім, бірақ қадірлі Ақаңның, бүкіл қазақ халқына еңбегімен де, атақ іздемейтін әдеп-сыпайылығымен де сүйкімді болғаны мәлім. Ақаң Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұлан сынды қазақтың, бүкіл дүниенің алдында алдына ұстаған, былай айтқанда «азуы алты қарыс» энциклопедист-ғалымдары дәрежесінде екеніне ешкім таласпас. Жеке басы жөнінде жаңағы, дінін де, ділін де сатпаған асыл текті адам. Біле білгенге Әл-Фараби бабамызды өмірге алып келген, ғылым дүниесіне Отырардан екенін дәлелдеген тынымсыз еңбегінің өзі неге тұрады. Ал Әл-Фарабиді бүкіл түркі дүниесі бүгіндері мақтаныш етеді.

Ақжан Жақсыбекұлы Машанов ақсақал қасиетті Қарқаралы топырағында өткен ғасырдың алғашқы онжылдығының соңында дүниеге келген. Үлкен әкесі Машан би әулетті, өз дәуірінің, өз қоғамының айтулы адамы дәрежесінде болған. Бұған бір-ақ дәлел келтірсек те жеткілікті болар: Ілияс Есенберлиннің атақты тарихи «Қаһар» романында Масан би осы Машан би, әрине Ілекең Кеңес заманының үрдісіне қайшы келмеу үшін бірер әріптің транскрипциясын өзгерткен ғой. Машан би Жамантай ханның ең жақсы көретін биі болыпты. Кейде бір-екі күн Ордаға Машан келмесе Жамантай оны көксей – сағының тамақ та ішпей қояды екен дейді. Тіпті ондайда хан аузынан «Машан, Машандай тағы ұл туғанша қашан» деп күрсініп отырады екен дейді. Хан аузынан өзі кара бола тұрып осындай баға алған Машан би яғни Ақжан Машановтың үлкен әкесі сол заманның қайраткері болған деуге толық негіз бар. Расында сол қазақ қоғамында ел іргесін ақылды билер, айбынды хандар ұстап тұрған ғой. Жамантай (Тұрсын) ханда ақылды адам болған, айналасына Үш жүздің әр табынан адамдар көп шоғырланып шапағатын көрген. Әлі күнге дейін Кіші жүздің Рамадан Тама, Жағалбайлы рулары, Найманнан шыққан Садыр руларының ұрпақтары сол маңда өсіп, өніп жатыр. Оларға бөліп жер берген, ақылды адамдарды, өнерлі адамдарды маңына көптеп топтастырған Жамантай хан әлі күнге дейін ел аузында. Бірақ, тарихтан белгілі бұл кісінің тұсында хандық жойылып аға Сұлтандық тағайындалған кез, орыс бодандығына біржолата бойлай кірген кез болғандықтан Жамантай ханнан еліне тәуелсіздік алып бермедің – деп орынсыз талап қоймауымыз керек қой. Жамантай хан туралы осы жолдарды пайдаланып айтар ойымыз: Бұл кісі Қарқаралы ауданының Нұркен ауылық Зиратында жұпыны ғана жатыр. Өз әлінше қадари-хал халқын басқарған адам елеусіз қалмайды ғой деп ойлаймыз. Бүгіндері Астанада бір кездері атын атауға сескенген Кенесарыға 13 метрлік ескерткіш қойылса, алла бұйыртса тап қазір болмаса да бір күндері бұл адам да елеусіз қалмас, тіпті тарихымыздың бір белгісі ретінде болса да белгі қойылар деп ойлаймыз. Ақжан Машанов жөніндегі әңгімемізді бір-екі ауыз сөзбен қоя салмаспыз. Алғаш осы ғұлама адамды көруім 1989 жыл еді. Күз айында туған жері

Қарқаралыға тіпті оның тап жанында 30 шақырымдай ғана жердегі Нұркенге келді. Сол кездегі Ислам жолына бет қойып енді Қарқаралыдағы Құнанбай қажы мешітін халық болып калпына келтіріп ашпақ болып талап қылған кез еді. Тоқабаева Қамария деген апайымыз Ақанның жақын қарындасы екен, кезінде көп шапағатын көріпті, Ақанды қай жерде болмасын дәріптеп айтып отыратын. Нұркен аулында бұдан да басқа Ақанның аталас туыстары көп болатын. Сол кезде аудандық атқару комитетінің орынбасары Үнзила Мұратқызы Қадырова деген сыпайы, мәдениетті қыз бала сол кезде сексеннен аса бастаған Ақанды ел аралаған сапарында бастап жүрді, жанында Ақанның жұбайы Жамал және Алматыда тұратын жақын қарындасы еріп келген екен. Әйкен есімді ауылдың бір үлкендігі бар, сөз білетін жөн білетін адам Ақаңа күйеу екен, жұбайы Райса деген апайымыз дәмді өте тәрбиелеп ұстайтын адам еді және қымызды да өзгеше баптап ұстайтын. Бұл жолғы келісінде Ақаң осы үйге түсіпті. Қарқаралыдан ресми еріп келген адамдар өз алдына, толып кетіпті. Мен сол Нұркен ауылының Мәдениет үйін басқарушы едім. Түстен кейінгі мезгілде үйімдегі телефон шырылдады, звондаған, телефон шалған жоғарыда айтқан Қамария апайымыз екен. –Ал қарағым, жылдам Әйкеннің үйіне келіп қал, өзіне айтып жүр едім ғой, Ақаңмен таныстырамын деп, ал жылдам кел, бұл кісі қазір аттанып кетеді деп шегеледі апай. Бұл кісінің өзі кезінде белсенді, беделді қызметтер атқарған мәдениеттен өнерден мол түсінігі бар адам болатын. Мен барған кезде Ақжан ақсақал көп кісінің қоршауында тамақтан соң есіктің алдына шыққан беті екен. Есіктің алдынан жырағырақ бірнеше жеңіл машина тұр. Есік алдындағы сапырылысқа қарағанда Ақанның аттанып кетуге дайындығы байқалып-ақ тұр. Мен қасына келіп сәлем бердім. –Ә, әлгі ел айтып жүрген азамат сенсің бе, сен туралы Қарқаралыдан да естіп едім, атын кім болады – деп сұрады. –Мұхамедқали деп едім, иншалла бір пайғамбардың әрі шаһариярдың аты түбі тегін нәрсе болмас деп маған бұрын білетін адамдай жаркылдай үн қатты. Орта бойлы, ақшыл өнді, кең маңдайлы, қарапайым ғана бірақ өте таза киінген екен. Басында жұқа қамыс шляпа. Қолында іші нығыздау, қағаз екені көрініп тұр ішіндегісінің, қалың көнетоздау кара папка. Өзін қоршаған жұртқа жағымды қоңыр дауыспен өзіміне сөйледі,- бәріңе де кейін келіп қонақ боламын, ал қазір рұқсат етіндер, жұмыстар бар деді көпке қарап. Сөйтті де маған:- Мыналарды көрдің бе, бұлар бізді әңгімелестірмейді, машинаға отыр. Қарқаралыға жолай сөйлесеміз, содан соң... деп сөз аяғын айтқан жоқ. Мен дереу ол кісі отырып жатқан қызыл «Жигули» машинаға артына, жеңгейдің жанына және жоғарыда айтқан қарындасының жанына жайғастым, машина иесі Ақанның жақын туысы Хаят (арабша «өмір» деген сөз) деген өз ауылдың әр нәрседен хабары бар, ойы, пайымы, түсінігі бар жігіт, әдейі соның машинасына отырған екен. Ақаң қазір бұл өмірде жоқ, сондықтан Ақан сияқты халқымыздың қайталанбайтын ғалым адамына кездесуімді әдейі бүгешігесіне жете айтып отырмын, мақсатым кейінгі ұрпақ бұл кісілер туралы молырақ білсе деген тілек. Жоғарыда айттық, Қарқаралы мен Нұркеннің арасы 30 шақырым екі арасы майда асфальт лезде жетіп баруға болады.

Жайырақ жүргейсін- деді үлкен кісі қозғала бере, жан-жағына кимағандай көз тастап, содан маған карап туған ауыл, туған жер, қанша ғұмыр қалды алла біледі, енді жол сапар түсе ме кім біледі деп даусы дірілденкіреп толғанып қалды. Сол кезде жолға түсе бергенде артта отырған қарындасы мен жұбайы қосарлана:- Ақа, Шокатайдың шешесіне үйіне барып құран оқимын деп едіңіз, тәрізі ұмытып кеттік пе?- десті. –Жүре бер, Хаят деді Ақан, сендерге түсіндірейік, бағана зират басына барғанда күллі жақын-жұрағаттарға тіпті өз әке-шешеме бір құран оқыдық емес пе? Ол да соның ішінде, мысалы сәлемді бір берген соң тағы қайтып бермейсін ғой, сол сияқты бұл да әдепті қалайды дейді. –Егер Құран –кәрімнің мұсылмандар тілеген бір аятын алла тағала қабыл қылса соның өзі бүкіл мұсылмандарды жарылқауға жетер еді деді – ғалым кісі. Ол кісінің аузынан бірінші естіген ғибрат осы еді. Ол кезде арабистиканың дамымаған кезі, әрине қазір де кең көлемде дамып кеткен жоқ, осының басты себебінің бірі Құранның, діннің араб тілінде болуы. Мұны және істеп отырған өркендетпей отырған өзіміз, халықтың ішінде әсіресе елу-жетпіс жастағыларда ескіден сінген патология. Түбінде араб тілі бүкіл дүниеде орын алып келе жатқанындай біздің еліміз де өзінің лайықты орнын алады. Ерте дүниеден келе жатқан ғылымның өркендеуіне тек ол ғана емес, Ислам өркен жаюы араб тіліне көп байланысты. Көп ғылымның тегі арабтан, қадау-қадау болса да тарихта айтылған. Араб тілі және де өзінің морфологиялық, фонетикалық құрылысы бойынша өте қызық, өте қиын да ғажап тіл. Ол семиттік тілдер тобына жатады, яғни ассирия, арамей, иврит, идиш, араб. Алғаш араб графикасы мен тілін үйрене бастаған адамға ол өте ауыр көрінеді. Өйткені әріптерде бас әріптің, кіші әріптің болмауы көп қиыншылық келтіреді, және графиканың өзінің сөз басында бір түрлі, ортасына келгенде өзгеріп кетуі, сөз аяғында тағы өзгеріске түсуі көп қиындық келтіреді. Бірақ, графиканы игере келе бұл әріптердің өте ақылды, ойластырылып жасалғанына көзіңіз жетеді. Негізінен бұрынғы заманда медреселерде араб әрпі демей, «алланың әрпі» деп оқытады екен. Ақанмен жол үстінде келе жатып: -Ақа, айып етпеніз, араб тілін қай дәрежеде білесіз?- деп сұрадым. «Мен өзім медреседе оқығаным жоқ, әкем Жақсыбек ескіше жақсы білім алған адам еді, сол кісіден оқуды, жазуды үйрендім, әрі қарай өзім дамыттым, бірақ Әл-Фараби мұраларын зерттеуге дейін басқа ғылым саласында болуыма байланысты қанша қызықсам да арабистикаға мойын бұруға жағдай да, уақыт та келген жоқ»- дейді Ақан. Бұл жердегі мәселе, оқушыларға түсінікті де шығар, дегенмен Ақан ол жылдары партия тарапынан, дүмше ғалымдар тарапынан діндар ретінде қуғындалған ғой, сондай жағдайда мұршасы келмеген ғой. – Содан, дейді үлкен кісі,- елу жастан асқан кезімде қайтадан қолға алуыма тура келді. Қазір шүкір, аса бір ғылыми формулаларға кезігіп қалмасак, тәржімасыз-ақ сөйлесіп қаламыз,- дейді Ақан. 1990 жылы Алматыда Қазақстан мұсылмандары діни басқарманы сайлаған төтенше ІІ құрылтайы болды. Ақан сонда үзілістерде Кувейт, Оман сияқты елдерден келген жас араб діндарларымен арабша сөйлесіп тұрды, екінші арабша сөйлесіп тұрған адам Халифа Алтай, бұл көзіміздің көргені. Ал

Рәтбек қажы боса-болмаса 1969 жылдан бастап Ливияда оқыған, бұл тілді жақсы біледі. Ұлты чечен менің досым – Мұхамед-Хұсайын Осман ұлы арабша жақсы біледі, ол да Араб елдерінде оқыған. Негізінен Кеңестік дәуірде басқа тілдерге жол жабық болды. Бір Қазақстан сияқты республикада бір-ақ шетел тілі институты болды. Араб тіліне сұраныс та болмаған шығар, Қазақ университетінде бір бөлім, шетел тілі институтында бір бөлім болды. Міне, енді барлығына жол ашылды, талабы бар жас болса сіміре бер, сіміре бер!

Ақжан Жақсыбекұлы өзі геолог, Алматы политехникалық институтында сол геомеханика кафедрасын басқарған, Қазақстанда геомеханиканың негізін қалап. дамытушы, Құсмұрын, Қарағайлы, Ақшатау кен орындарын ашуға көп еңбек қылған. Бұл өзі міндетті қызмет қылған білім саласы. Ал әдебиеттен, өнерден, діннен, мәдениеттің басқа қай саласы болмасын үлкен білім иесі. Ұлы Мұхтар Әуезов сол уақытта өздері қатарлас қайтыс бола қалған біреулердің үйіне бара қалса, дұғаны Әлкей Марғұлан да емес, Қаныш Сәтпаев та емес, тағы басқа да емес. Ақа сіз оқыңыз дейді екен. Әрине күнделікті оқи бермеген шығар, заман солай ғой, аракідік болса да оқығаны анық. Мәдениетті өркендету жөнінде бір жиналыста Ақа өнер адамдарына үлкен қамқорлық керек екенін нақтылап айтып, солардың ойындағысын тауып және оны партия басшыларына батыл жеткізіпті. Сонда Күләш Байсейітова қатты риза болып: «Қайран ағатайым-ай», - деп мойнынан құшақтап, Ақаға қатты ризалық білдірген екен. Қаншама кітаптар жазған: «Геомеханика», «Абай мен Фараби», «Ғажайып от құшағында», «Ғабдолла дәптері», тағы басқа көп еңбектер жазған. Сексенінші жылдардың басында Ақа өзі айтты, көп жазған нәрселерді шығаруға мүмкіндік жоқ, үлкен бір том қолжазбаны аманат қылып Димаш Ахметұлына апарып беріп едім дейді. Мұны кейінгі ұрпақ іздеп табу керек. Жалғыз бұл емес, - дейді Ақа, - Сәдуақас Ғылыми дейтін үлкен діни ғұлама кісі Алматыда бетегеден биік, жусаннан аласа болып жүрді, сөйтсек арабтан, парсыдан аударған, жинаған, зерттеген дін туралы, дүниелік кітаптар туралы жиырма томдық еңбекті сол Димекеңе беріп жіберіпті, кейінгі ұрпаққа аманат қылып дейді. Мұны да іздеп табу керек. Димаш Ахметұлы ешқашан Ақады ренжітпепті, қайта бұл кісінің дүмше ғалымдар тарапынан намаз оқығаны үшін қуғындап, қағажу қыла бастағанда «қайтесіңдер бір шалды» дегендей, елеусіздей қылып әлгілерді тоқтатыпты. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты лайықты бағалаудамыз. Бірақ көптеген құжаттарда Қаныш Сәтпаевқа Социалистік Еңбек Ері Атағын беруге басқаның бәрі келіскенде бұл кісі келіспеген. Пендешілікпен көре алмаған ба екен, жарықтық! Сол жөнінен қатты ренжідім, мен өз басым. Сенбейін деп едім, бірақ табылған құжаттардың бәрі бұл кісінің осы бір осалдығын айқындап тұр.

Осы үлкен ғалыммен, өнер иесімен, биік адамгершілік, өз халқының ғылымы мен мәдениетінің өркендеуі үшін өлшеусіз еңбек қылған Ақжан ақсақалмен үш рет кездестім, соңғы рет ол кісінің жасы ұлғайып қалған, тіпті

аурушандау болып жүрген шағында кездестім де, көңіл көншіте әңгімелесе алмадым. Бірақ осы жолдардың авторын құптап, ұнатып кеткені және анық. Осы үш кездесуде көп-көп ғибрат алдым. Кітапшаның басында айтқан едім, жақсы адам адамның өмірінде көп кездеспейді, кездессе, әрине хас жақсыны айтам, онда бағың, көкірек сарайың ашылғандай болады, өзінді бақытты сезінесің. Өз өмірімде осындай ғибрат аларлық үш-төрт игі жақсыға кездескеніме шүкіршілік етемін. Ақанның маған жазған хаттары да бар, әрине ол хатты ол кісі менің ақылыма мұқтаж болып жазған жоқ, қайта менің мұқтаждығым үшін жазды. Бірақ мақтанып кетерліктей сезімнен сақтанып, оқушыны ренжітіп алудан сақтанып, ол хаттарды жарияламадым.

Ақан ауыз әдебиетіне, тіпті ертегілерге қандай өң береді десеңізші! Өрбір ертегіге ғылыми негіз, дәйектеме береді. Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі Тайказанды баяғыда Эрмитажға алып кетіп, кейін қайтып берді ғой. Ақаң осыған қатты толғанып отырып, бұдан соң: «Ол ел ойлағандай тамақ асатын қазан емес, ол обсерватория сияқты нәрсе, өнебойының бәрі астрономиялық символдар, күннің, жердің айналысы, уақыт, меридиан өлшемдеріне дейін бар оның бойында. Әттең оны өз орнына қойып, тағы басқа құралдың компоненттерін тауып орнатса, сол заманғы ғылым деңгейін, түркі ғылым деңгейін бейнелейтін ғажап дүние қалпына келер еді.»,- деді. Ақан ұлы жерлесіміз - Әл-Фараби тұлғасын түркі, оның ішінде Түркістандық, яғни Отырардан шыққанын дәлелдеу турасында аса маңызды еңбек жасаған. Өзбектер оны өзіне икемдеген, басқа түркілер де солай. Ақанның орасан күш-жігері, дәлелдеулері Әл-Фарабидің қазақ топырағынан шыққандығын сөзсіз дәлелдеді. Бұдан кейін Араб елдеріне өз қаражатымен барып, қазіргі Сирияда, Дамаскіде Әл-Фарабидің зиратын іздеп тапқан.

Ақанның бір таңқалдыратыны, сөйлегенде немесе қазақша әңгіме айтқанда сөз арасына қазіргі шешендеріміздің, тіпті әдебиетшілерде жиі кездесетін сөзге ноқайлық жоқ. «Тіл – ойдың жемісі» деген рас қой деймін Ақанның әңгімесі ақ өлең тәрізді немесе жаттап алған тәрізді қиысып, киюласып ойды онан әрі өрбітіп, ағып отырады. Даусы да бір ғажап! Жаздыкүнгі ыстық күннің кешіне қарай соққан қоңыр самал сияқты жаныңды, жүрегінді, сезімінді желпіп, бір қоңыржай тамаша күйге түсіріп отырады.

Ұлы адамдар бірін-бірі танып, ардақтап мақтан етіп отырған ғой. Өлімхан Ермеков (бұл кісі жөнінде кейіндеу тоқталамыз) екі тілде бірдей, өте шешен адам болыпты. Ғалымдығы боса-болмасын бір төбе ғой. Оқушыларымызға белгілі болар. Сол кісінің Қазақстанның автономиясы және тағы үлкен мүдделері жөнінде 20-жылдары қазақ халқының атынан ел ұйғарып, игі жақсылар ұйғарып Лениннің алдына барған ғой. Оның алдына кіріп, бір деректерде алты сағат делінеді, енді біреуінде үш-төрт сағат делінеді, сөйлеп, ол ойын дәлелдеп, полемикалық дебатқа түсіпті. Ол кісінің

Ленинмен ой мен сөз бәсекесіне осынша уақыт түскенін естіген Ақаң (Ахмет Байтұрсынов), - Пәлі, апырым-ай Ленин не деген мықты адам еді, Әлімханмен соншама тартысуға жараған,- деген екен. Ғажап бағалау емес пе?! Тек бағалау ғана емес, біздің қазақтың сөз өнерін бағалаудың шоқтығы осы емес пе? Ал Әлімхан Ермеков бағы болғанда дүниедегі интеллектуалдардың ең алдында тұрмас па еді? Мүсілім Ермеков –ғылым докторы, академик, кезінде Ауылшаруашылық институтының, Зоовет институт ректоры болған. (Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. (Еділбай қойы үшін). Төлеген Ермеков жаңылмасам осы кісінің баласы-медицина ғылымдарының докторы, Медицина ғылымдары академиясының академигі болған. Мағауия Әлімханұлы Ермековты осы кітаптың бір жерінде жазғанмын. Оқушы ауылдастардан алдын ала көшірім сұраймын. Неге? Өйткені ролардың бәрін де мен жақсы көрем. Бірақ бәрінің атын атап, түсін түстеуге шағын кітапта мүмкіндік жоқ екен. Сондықтан ауылдастарымызға-Ықыласбеков Сәлудің «Тамырды тану» деген кітабын оқуға кеңес берер едім. Ол кітапта көп нәрсе айтылған. Ішінде ру жөнінен де, адамдардың аты-жөнінен де, жер-су жөнінен де көп ақпарат берілген. Сәкеннің көп еңбек жасағаны көрініп тұр. Тығыз жазылған мол деректі кітап.

Ақжан Машановтың ертегісіне оралайық...Үш ағайынды батыр жігіт болады. Олардың ортасында алып бір өгіз бар. Үшеуі оның басын күзетеді. Күндердің күнінде өгіз шөп жемей қояды, осыны хабарлау үшін үлкені ортаншыға келеді. Ол шынында да ауру ма екен, осы өгіздің бүйірі солып кетті дейді. Екеуі қосылып аяқ жағын күзетіп отырған кішісіне келеді. Ол айтады: «Ә, бәсе! Бұл өгіз көптен бері жапаламайды»,- деп. Үшеуі кеңесе келіп, өгізді суаруға апарды. Оны бір ай-дын келге алып келеді. Өгіз әлгі көлдің суын ұзақ сораптап, ақыры тауысуға айналады, сол уақытта көлдің түбінен дәу жайын балық шыға келіп, өгізді жұтып қояды. Сол-ақ екен, әлден уақытта шатыр-күтір етіп, күн күркіреп, дауылдатып, жауын жауады. Аспан әлемі астан-кестен болады. Қараса, аспаннан дәу қарақұс төніп келе жатыр екен. Оның алып қанаттарынан қар жауып, тұмсығынан мұз тамады. Жерге төне келе жайын балықты іліп ала жөнеледі. Ал өгіз болса сол жайынның ішінде кете барады.

Енді басқа бір таудың басында бір қора қой жусап жатыр дейді. Анадай жерде дәу бір жартастын үстінде қой бастаған көк серке какшиып, бүкіл манайын бақылап тұрғандай. Үлкен серкенің сақалының астында қойшы дем алып жатыр. Жайынды көтеріп әкеткен қарақұс дәл осы серкенің мүйізінің үстіне келіп қонады. Серке болса оны қаперіне алмайды, қайта бырт-бырт шайнап тұра береді. Алып серкенің мүйізінің ортасына жайғасып алып, қарақұс жайынды да, оның ішіндегі өгізді де боршалап жей бастайды. Желінген еттен бөлініп қалған жауырын қойшының көзіне түседі. Сонда қойшы оянып көзін уқалайды, көзінен жас ағады. Аққан жаспен қоса

жауырын да шығып, жерге түсіп қалады. Содан қойшы қойын өргізіп, ауылына қайтады.

Түн ортасы кезінде қырық жолаушы тақтайдай тақыр жолдың үстінде келе жатады. Далада бір қылтанақ жоқ екен. Сондықтан қона кетудің жөні келмей шаршаса да ілгері жүріп келеді. Таң алдында алдарынан бір биік тау кезігеді, сол таудың етегінде қонбақ болады. Шаршаған жолаушылардың көзі ұйқыға іліне бергенде астан-кестен жер сілкінеді. Олар ұйпа-тұйпа, ұйқылары қанбаған күйде атып түрегелсе таң атқан екен. Қонған тау алдын-дағы тақырлары бағанағы қойшының кезінен түсіп қалған жауырын екен. Жауырынның кемік басын бір түлкінің күшігі кемірген екен, жер сілкінгендей болғаны сол екен. Жолаушылар жабыла қуып, қамалан күшік түлкіні соғып алады. Терісін сыдырып алып, енді бөлісуге кіріседі. Қырық жолаушыға бір-бір тондық және бір-бір бөрік болуға жетеді. Бұл үстіңгі жақ терісі ғана екен, астыңғы жақ терісін сыдырайын десе аударуға әлдері кел-мепті. Бұлар енді жүргелі отырғанда. Қойшының әйелі баласын жетектеп келеді. Әйел жатқан түлкіні қиналмастан аударып түсірседі де, қалған теріні сойып алады. Теріні баласының басына өлшеп көрсе, бөріктің жартысына ғана жетпейді екен. Сонда әйел жолаушылардан қалған жартысын сұрал алып, екеуін қосып өлшегенде қыркынан жаңа шыққан балаға жұрын бөрік қана әрең шығады. Ертегінің соңында сұрағы бар, осылардың қайсысы алып? Тындап отырғандар оған әртүрлі жауап береді. Шынында, жұмбақтың шешуі аспан. ...Ақжан Машановтың әкесі жерлеген Сарыбұйрат Қызыларайға алыс емес, мен басында болдым...

Басқа да игі жақсыларымыз туралы.

Айтар ойларымызды оқушыларымызға осылай ұстап келе жатқанымызда айтпай кетуге болмайтын сияқты біраз ойлар шырмай береді. Өйткені өткен дәуірде еліміздің елдігін, тұтастығын сақтауға хандармен, билермен бірге атсалысқан әнімен де жанымен, сөзімен халықтың тіпті тұтқасындай болған тұлғалар халқымызда баршылық. Қазіргі Тәуелсіздігіміздің аясында оларды айтып шер-шеменді шығарып та жатырмыз. Ендігі біздің айтпағымыз сол шерлі дүниенің жалғасы деп оқушылар сөзіне ортақ болмас, әйтпесе одан ғибрат алатындар болса ол да әркімнің өзінің рухани дүниені қалай қабылдай алатын дәрежесінде болар. Сондықтан халқымыздың өзіміз жасап өмір сүріп отырған аймаққа тән бүгіндері көздері жоқ, өнерімен сөзімен кезінде халықтың еркесі мен серкесі, аяулысы, ақылдысы болған біраз ақындарымызды сөз еткіміз келіп еді. Олар айтылып та, жазылып та жүр. Әйткенмен де осы орайда ел есіне бір түссе оқушыларымыз түйсінсе олар туралы біраз ғибратты нәрселер алуға болатын тұстар аз емес. Бұл тұрғыда айтарымыз кейбір тұтас елдермен халықтар өздерінде жоқты бар қылмақ болып әбігер болып жатады. Ал біз кейде кеп барымызды айта алмай келгеніміз рас қой. «Игорь полкы туралы сөз» сияқты:

бір дүниені мақтаншы қылады орыс халқы. Ал бізше? Осы тектес бір емес, он емес, жүздеген дүниелер бар ғой япырау? Осыны жасаған осындай өнерлі халықтың ұлдары, қыздары, ақындары. Мейлі ол жазба болсын, ауыз әдебиеті болсын, мәселе онда тұрған жоқ деп білемін өз басым. Мәселе сөздің құндылығында, қазақ тілінің мәйегінің қолданылуында. Яғни шығарма дегеннің өзі, өлең деген нәрсе сол сөздің жымдаса қолданылуы ғой. Оны қолданған, пайдаланған халыққа саф алтындай сақтап ұсынған, артында сөз қалдырған бұл аталарымыз шын ардақты емес пе? Ендеше солардың біразын еске алайықшы. Оларды біз еске алған уақытта Кенес дәуіріндегі әдеби жазбаларда дәстүр болып кеткен «пәленбайыншы жылы, пәлен жерде туып, пәлен жаста оқу бастаған»- деген сияқты оқушыны ығыр қылған жаз-баға бармай отырмыз. Патша көңіліміз не дейді, осы жазғандарымыз осы адамдар туралы оқырманды кішкене ойлануға мәжбүр етсе де риза болмақпыз. Өйткені қазір заман үлкен өзгеріске ұшырады, сондықтан да көптеген әдеби концепциялардан бас тартуға тура келеді. Мәселен бұрынғы Кенестік кезеңде атаусыз жатқан бір белгілі адамымыз болса «оның сондай да, сондай еңбектері болып еді» енді оның атына қала қойылу керек, көше аталу керек тағысын тағылар көз жасын шұбырта жылай жәнелетінбіз. Ол әдет қаламгерлердің көбінде әлі бар. Енді қалай болу керек, құдайға шүкір, тәуелсіздік алдық. Ал әлгіндей адамдар әлі көп. Көбіне артында ұрпақтарынан шыққан бір тәуір іздеуші болса, әлгі еңбегі сінген адамға зиратына тас қойылады, елді жинап ас береді, жақын аудан, қаладан көше аты беріледі, немесе Алматыда (атақты-ақын жазушылардың көбі Алматыда қоныс қылған ғой) әдіп-такта (мемориал дегенді қазақшалағанымыз) қойылады да іс осымен біткендей болады. Тек кейбіреулері үшін (бәрі айтылмайды) мұрасын жинау керек, пәлен тойдың, мерекенің қарсаңында шығару керек делінеді. Тарихты ысырып тастамаймыз ғой. Орыс халқынан жақсы үлгіден әлі көп нәрсе алуға болады. Әрине, бодандық кезінде оның ақынына, жазушысына жасағанын біз жасай алмадық, өйткені жасауға халқымыз аз болды, ынтамыз да төмен болды. Объективті себептер де көп болды. Сонау Мұхтар Әуезовтар өз халқын мақтап айта алмады, тіпті астарлап мақтағысы келсе де алдынан орыс халқын қатты мақтау керек болды. Соңынан ғана барып сол ұлы халықтың қамқорлығының арқасында ғана біз осындай халге келіп отырмыз деп айту керек еді. Тіпті социализм кемеліне келді деген кешегі он жыл бұрынның өзінде бұрынғыдай немесе қазақтан шыққан тракторист немесе сауыншы депутат болса, еркегі болса (жоғары міндерден-ақ) мен кешегі көшпелі халықтың ұлы едім, кызы болса көшпендінің кызы едім, Қазан төңкерісіне дейін қаңғып жүрген халықтың» деп аузына сөз салып, салып емес-ау жазып беретін. Кейінгі ұрпақ мұның бәрін білу керек, әлі сан кітап жазылар, айтылар. Сол сияқты көп жылдар бойына өз халқынан жасырылып келген адамдарды ұрпақтар енді біле бастады. Бірақ әлі жеткіліксіз. Қазір мектептерде этнопедагогика (халықтық педа-гогика) деген бағыт-бағдар өрбітілуде. Дұрыс-ақ. Міне осында ақындар-жазушылар, олардың поэзиясы ықтият оқылса, үйретілсе. Осы уақытқа дейін

халқымыздың тарихы, әдебиеті, мәдениеті дұрыс зерттелген жоқ. Мұның жолында марксизм-ленинизм деген сұрқай дүние көлденең тұрып алды. Ескі араб графикасымен жазылған тарихымыз, дүниеміз Мәскеу, Петербург, Уфа, Қазан архивтерінде шаң астында жатқан болу керек. Жоғарыда біраз тұлғаларымызды сөз еттік.

Ақбайұлы Жакып – өте қайшылықты тұлға әлі өзінің лайықты бағасын алмаған жан. Көптеген зерттеушілеріміз оның Петербург Университетінің Заң факультетін алтын медальмен бітірген дегенді айтады. Жакып мырза Ақбайұлы патша өкіметіне ешбір жақпаған, өкінішке орай уақытша үкіметке де, кейіннен совет үкіметіне де жақпаған. Мұның басты себебі Жакып мырза өз дәуірінен әлі де қайда озық, ілгері ойдың, мәдениеттің адамы болуында сияқты. Ал нағыз мәдениет, жақсылық Кеңес дәуірінде болған жоқ. Ең басты себеп, халқымыздың тәуелсіздігінің болмауы еді. Біз Жакып мырза Ақбаевтың саяси қайраткерлігіне баға беруді буырқанған ұрпақты» үлесіне қалдыра тұрсақ. Тек кейбір мінез қырларына, қызық мінездеріне тоқталғымыз келді, соның өзінен халқына деген жақсы көрушілігі есте тұрады. Халқының мақал-мәтелдерін көптен, соңына түсе жинаған екен дейді, қайда қалғаны белгісіз, Алматының ба, Воронеждың ба «Кеңес қырандарының» қолында кетті ме кім білсін. Немерелес туысы Қарқаралыда көп жыл ұстаздық қылып бертінде қайтыс болған Разақ ақсақалдың айтуын-ша Жакып ел ішіндегі ұрлық-зорлыққа аса қарсы болған. Тіпті туган ағасы Ыбырайдың осындай қылықтарын бетіне баса айтатын болған. Табын Алатай деген кісі тоқсанға келіп отырған кісі екен. Ескі сөз және мақал-мәтел жинау үшін соны іздеп барыпты, бір жолы елге келген сапарында. –Е, қарағым, тоқсанға келіп алжып, жағым түсіп отырған менен не мақал шығар дейсің-депті әлгі шал. Сонда Жакып. «тоқсанға тегін адам келмейді, оныңыз бол-мас»- деп қалжындаған екен. Сонда Алатай: "Жаз ендеше дәптеріне, бір сом бие болмас, бие түйе болмас, біреудің мүлкіне қызыққан, күндердің күнінде өз мүлкіне ие болмас» депті. Қарқаралы төңірегінің үлкендерінде Ақбаев Жакып туралы әңгіме көп болды, қазір олардың дені дерлік, өліп таусылды. Екі өкіметке бірдей жағымсыз болып төңкеріс бір жақты болғанша паналай тұру керек болып Тарбағатай жаққа жылыстапты. Жанында өзінің сенімді қосшысы Қикымбек деген кісі болған. Бұл кісі тоқсаннан асып бертінде дүние салды. Сонда Қытай шекарасына дейінгі аралықта аты-жөнін білдірмей жыл-жарымдай жүрген. Бірақ қазақ түтілі ақтармен қызылдарға бірдей әйгілі Жакып Ақбаевты білмей, танымай қойсын ба. Кейбір бұл кісінің нағыз кім екенін біліп қалған елдің жақсы адамдары (Керей мен Най-манның) көмек көрсетіп, достық қылады. Бірақ та қиын-қыстау жағдайларға көбірек ұшырапты. Содан Кеңес өкіметі нығайған соң елге қарай беттеп келе жатады. Елге жақындағанда қалталарындағы ақшаларына бір саудагерлерге кездесіп өзінің де балаларына тауарлар алыпты, мата, қант, шай алыпты. Содан Қарқаралы тауларының төбесі көрінгенде тебіреніп барып Қикымбектен сұрапты: -Біз олжалымыз ба жоқ па?-депті. Әрине, Жақа олжалымыз ғой, көп

дәрсе алдық депті Қикан. Дұрыс, бірақ ең бастысы жан олжа емес пе,-депті Жақып. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары республикалық баспасөзде Жақып Ақбаев туралы бірсыпыра жазылды, бірақ бәрі де өмірбаян деректері дәрежесінде ғана. Жақып Ақбаев кім, қандай қайраткер міне осы баға оған әлі берілген жоқ. Қарқаралыда бір көше, «Бейбітшілік» ауылында мектеп бұл кісінің атымен аталды. Жақып Ақбаев – қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен, Алашорданы құрушылардың бел ортасында болған саяси қайраткер, яғни Ақмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермековтермен бірдей дәрежедегі халқының азаттығы үшін жан-тәнімен күресуші. Оның Воронеждегі тағы әртүрлі кезеңдегі Алматыдағы тағы басқа жердегі қызметі туралы тыңғылықты зерттеулер әлі де керек. Келесі ұрпақ өз бағасында, өз биігінде көре алатындай болу керек қой деп ойлаймыз ардагер аталарын. Яғни әрбір қайраткер басына қойылған құлыптастын биіктігімен емес, халқына, ұрпақтарға, келешек болашаққа беріп кеткен рухани тәлімімен бағалануы керек. Әрине сол заманның олардың халқына деген та-лабын, мүмкіндіктерін тұсаулы аттай адымдарын аштырмағанын еске ала отырып лайықты бағасын алса марқұмның рухы халқына жақындай түсер еді.

Қызыларай - Қарқаралы, Арқаның Телғарасы...

Қарқаралы қазақ даласының ортасында өзінің әсем, сұлу табиғатымен ерекшеленсе, рухани дүниеде де сондай әдемілікке ие деи айтуға әбден орынды болар еді. Неге десеңіз қазақ тарихы әсіресе соңғы екі ғасыр тарихы Қарқаралыға соқпай өтпейді. Мұның бір себебі, табиғатының аса әдемілігі болса, екіншісі өткен ғасырда ұлы далада патшаның отарлау саясатына қызмет қылса да өзінің интеграциялық өрпегін калдырған Қоянды жәрменкесі. Қарқаралыда феномендер көп, яғни табиғат ерекшеліктері, сол сияқты ерекше адамдарымен де ерекшелінген. Ең біріншісі Қаз дауысты Қазыбек деуге болады. Қазыбек бабамыздың қазақты ел қылуға, жұрт қылуда қандай маңызды орында болғанын ел де жұрт та біледі. Бұл бабамыздың үлкен дипломат болғаны тарихта да былайғы әдебиетте де көптен жазылды, жазылуда және халқымыз аман болса, одан туған өрендер аман болса жазыла да берер, келесі ұрпаққа тіліміздің мәнін түсінген сайын жарқырап ашыла берер. Ұлы бабаға арнайы арнап отырмаған кітап болған соң бұл кісі туралы атүсті айтуға именеміз. Дегенмен де рухы жақын болсын деген тілекті жұбаныш көріп бір екі деталь келтіруді жөн көрдік. Ұлы көршілермен тату-тәтті көршілікті үнемі қолдаған. Бес саусақ бірдей емес демекші Үш жүздің үш биіміз де үш түрлі саясаты бар емес пе? Өйткені кітаптардың бәрінде олар сөзсіз бірінің ойынан бірі шығып тұрған екен деген сөздер біздіңше көңілге қона қоймайды. Ақылды екені олардың рас, бірақ ақылдың да категориялары әртүрлі болмай ма? Мемлекеттік маңызды мәселелерге келгенде үш жәнс тағы басқа қосшы билер де мәмілеге үлкен айтыс даудан соң келетін болса

ксерек. Сондай бір билік соңында мәмілеге келу жолында: -Алар ма еді мына келдің қуын атып!- дейді Ұлы жүзден Төле би.

-Тигізе алмай жүрмесен, суын атып,- дейді Әйтеке би.

-Арылмастай пәлеге қап жүрмесек,

Суға келген перінің қызын атып-деген Қаз дауысты Қазыбек. Осы сөз арқылы соғысуға орысқа да Қытайға да қарсы соғысуды жақтамайтындығын білдірген. Исламды тұтынған уақыттан бері неше ықпал заман өтті. Аллаға иксан қылуымен (берілгендігімен) әулие дәрежесіне яғни ғайыптан трансқа түсіп хабар алу дәрежесіне дейін барған әулиелер болған халқымызда. Олар туралы әңгіме-зерттеу бастаусыз жатыр. Сол Қаз дауысты Қазыбек өмір сүрген манайда Бегімысық – деп аталатын сондай қасиет дарыған адам болған. Сол өңірдің халқы біздің бала күнімізде қатты аңыз қылып айтып отырушы еді. Сол Бегімысық Қазыбек қайтыс болып оң жақта жатқанда үстіне келіпті де ай-шайға карамастан өліп жатқан адамның үстіне қолындағы аса таяқ па екен, камшы тәріздес алып жүретін атрибуты ма, әйтеуір қолындағы нәрсемен өлікті үш рет ұрып тағы қолын көтере бергенде тіксініп отырған халық – мынауыңыз не сұмдық, өлікті ұрып- деп шап беріп Бегімысықтың қолынан жабыла ұстай алыпты. Сонда әлгі кісі - әттеген-ай бекер ұрғызбадындар-ау, енді мұның жақсы қасиеті үшінші ұрпағында ғана болып тоқтайтын болды,- депті. Ғажапты қараңыз, шынында да Қазыбек одан Бекболат, одан Алшынбай одан белгілі Қақабай, Мәдилермен шынында да сол қасиет одан кейінгі ұрпақтары ғафу етсін, жоқ сияқты.

Жақсы Жанғұтты немесе Жанғұтты Ботантайұлы – ғажап шешен, ақылды адам, қалың Қаракесектің Сарым елінің тұтқасын ұстаған. Құнанбаймен тұстас, сыйлас, жолдас болған. Жанғұтты феномені мынада деп білемін, ол ұлы Абайға бата берген, сол батасы қабыл болған адам. Белгілі Шортанбай акын Қанайұлы былайғы халық негізінен Шортанбайды әулие болған деп те атайды. Шынында да Шортанбай кесек тұлға, білімді, діндар, халықты ізгі жолға үгіттеген. Өзі көбінесе Жанғұттыны жақсы көруі себепті, сол кісінің маңайында болып тіпті осы кісінің қолында өлеңмен өсиетін айтып қайтыс болған. 1970 жылдар басында Әшімбек Бектасов деген қайраткер ағамыз, өзі атакты Мәдидің жақыны болады, ел аралап жүріп Көкшетау басшыларына барып Біржан мен Ақанның басына, Жезқазған облысында Лосев деген басшысына жолығып Шет ауданы, Нұраталды маңайында жатқан Шортанбай бейітіне тас қоюдың қамын жасағаны есімізде. Жанғұтты Шортанбай да Қарқаралыммен өмірлерін тығыз байланыстырған. Осы жерде Жәкеннің рухына бірер сөз тағы айтқымыз келеді. Жақсы Жанғұтты атануының өзі қалың қазақтың сүйіктісі екенін білдіреді ғой. Оқушыларымызға мәлім болсын: біздің халық жаман деген атты ол-оңай бере салады, ол бұрыннан бар. Қазір де солай, ал «жақсы» деген атты осы

қанықтан алып көріңізші, ия алу өте қиын, сондықтан Жаксы Жанғұтты аты-ұлы Жанғұтты дегенмен бірдей деп пайымдасақ шатаспаймыз.

. Негізінен осы ой-түрткі дүниенің шешімі былай болса дейміз-ау. Шөже бар, Жанак бар, Әсет Найманбайұлы сонау Қытай жерінде оның сүйегінде тауып әкелсе, Нарманбет Орманбетов Балхаш жақта, Күдері кожа Көшекұлы әйтеуір Суықбұлақта қала шетіне жерленген дейді. Нұржан Шоңұлы деген үлкен ақын болған. 1935 жылы Қазақстанның 15 жылдығында Республика ақындарының Бас бәйгесін алған екен. Кейін үлкен қызметтер атқарған балалары Мағауия, Мөлгаждар Нұржановтар халық жауы деп ұсталып кеткен соң, өзі марқұм болған ақынның өлеңдері куғынға ұшыраған. Кезінде Академияға артындағы туыстары қолжазба күйінде өткізді деген ғана дерек бар. Әлі күнге бір шумақ өлеңі жарық көрді деуге болады. Оның өзін құрметті ағамыз, кезінде Жезқазған облысы Мәдениет басқармасының бастығы болған, ардагер, жаһан соғысына қатысқан, өнердің, мәдениеттің білгірі, қаз дауысы қаңқылдаған шешен адам болған, Мәкенбаев Қалкен жариялады.

Зейнеп Қошқарбергенқызы деген ақын апамыз Кентте туып, өсіп, жастайынан, жиырма жастардан асқанда қайтыс болған. Өзін Абайдың шәкірті тұтынады екен. «Үш ғасыр жырлайды» жинағында қысқа өмірбаяны мен өлеңдері келтірілген. Бұл кісіні тіпті Қарқаралы өңірінің адамдары қазір білмей, аты өшуге айналған. Осының бәріне бертінгі Қасым Аманжолов, Серік Ақсұнқарұлын қосып Қарқаралыда «ақындар аллеясы» немесе «Гүлзары» деген дизайн қондырғы жасалса, тағы басқа халқының есінде қалатындай нәрселер, бұрын жасай алмадық, тап қазір қалай жасаса да болар еді. Тек қаражат қана керек әрине. Мемлекеттік дәрежеде, әкімдік дәрежеде көтерілсе, нұр үстіне нұр ғой. Жоғарыда айтылған айтулы ақындар, билер, қайраткерлер өз заманында қоғамды ұстап тұрған тұлғалар деп білгеніміз дұрыс. Бірыңғай ақындар туралы айтар болсақ, сөз өнері бар өнердің алды болған. Айтыстар, қақтығыстар өте дәріптелген олар билік орнына, үкім орнына да жүрген. Сол сөзіне қарап адам сиғанған, сөз білмегенді жақсы атамаған. Ертеде бір топ Қарқаралының сал-серілеу жігіттері Жетісу жақта жаз бойы жүріп калып, күзге қарай Шуды жағалап, Балхаштың сағасына жақындап бір ауылға түсіпті, қарындары ашқан әрине. Сол уақытта бір қойдың етін бір-ақ жеп қоятын адамдар болыпты дегенді кейінге дейін жиі естідік қой, жемей қайтсын бишара жолаушы таң ата аттанса, ешбір тамақсыз үдере тартып ел қонаға, қараңғы түсе келеді екен бір ауылға. Күн батпай тұрғанда жолай кездескен ауылға түсіп жата кету үрдісі де жоқ болса керек. Қонақ түскен ауыл, қонақ келді деп бассалып қойды соя бермесе керек. қонақтың түріне, халіне, кісілігіне қарай сыйласа керек. Міне жоғарыдағы жолаушылар бір ауылға жетіпті. Қара көленкеде ауыл қожасы неғып жүрген, қайдан жүрген жансыздар деп сұрапты. Олар Қарқаралының Қаракесегі боламыз – дейді. Бұлардың ішінде сөзі атымды, шешен әрі ақылды Оспан

деген жігіт бар екен. Сол уақытта әлгі қайсың барсың, шақырындаршы біздің акын қызды, мыналармен сөйлесіп көрсін, қандай жігіттер екенін көрелік,-депті. Сонда жетіп келген, сол маңды сыпыра женген, ауылдың мақтаныш кылып ұстап отырған акын қыз екен, келе сала айтыс-кақтығысқа шақырып:

«Үйден жігіт шықпаса мешеу болған,

Қыннан кылыш шықпаса көсеу болған.

Білгіш болсаң біреуің айта қойшы,

Аспандағы көп жұлдыз нешеу болған?»-депті. Бұлар бірін-бірі түртіп сен айт, сен айт дегенде әлгі Оспан тұрып:

«Астын дәмі кірмейді тұз болмаса,

Өзен өткел бсрмейді мұз болмаса.

Етпеттеген ер жігіт нені білісін,

Шалқасынан көп жатқан қыз болмаса-деп ұтып кеткен екен,

Міне осы сияқты нәрселер бұрын халық арасында көп болатын, жиналғаны жиналып қалды. Жиналмағаны өшті, жоғалды, тығып қойған біреулер болса шығуы да мүмкін. Мысалы, атакты жұмбақтай сөйлейтін Шор Кенже шешеннің ел аузында сақталған әңгімелері бірер-саран ғана. Үлкендердің айтуынша кезінде Кенже айтты деген нәрселер қатты бағаланып аңызға айналған екен. Өзі Құнанбайдың тұстасы, сыйласы болып кейде әдейі қыдырып барып жатады екен дейді. Абайдың еріксіз болыс кезі, бірде Кенже сол ауылға барыпты. Таңертен Абай бөлек үйдегі Кенжеге келіп сәлем беріпті, шай үсті болса керек, Абай болыстық белгі знагін тағып келген екен дейді. Сонда Кенже соны ұнатпағандай «жоғары шық, әлпеншек-сәлпеншегім» депті дейді. Абай күліп шығып кетіп басқа киім ауыстырып келіпті. Бірде Кенже Қарқаралының татардан шыққан ірі көпесі, байы Бекметов Халиолланың үйіне келіпті (осы үй Қарқаралыда өнер мектебі болып тұр). Күн жаңбыр, жер лайсаң болып тұр екен, Кенже аяғында етік, әрине ол уақытта аяқ-киім тастап кіретін үрдіс жоқ, асты-үсті күңгірген тактай үйге кіріп келіпті. Даланың сазы етікке жұққан еденді былғапты. Сәлем бере келген Кенжеге жаратпай қараған Халиолла (Ақбаев Жақыптың жұбайы осы кісінің қызы Гүлбахар сұлу кейін Күлбіш атанып кеткен). Кенжеке осы қазақтың «былық-шылық» дегені не?- деп сұрақ қойыпты, сонда сөз төркінін түсіне қалған Кенже өзінің еденді былғаған ізіне қарап: «былығы» менің ізім, «шылығы» менің өзім-деген. Әрине қазіргі заманда гигиеналық тұрғыдан мұны мақтауға болмас, бірақ қысылғанда сөз табатын тапқырлықты айтуға болар.

Қарқаралы – Қызыларай Сеңкібай батырдың отаны. Бұған соқпай кететін қазақ тарихы жоқ дедік қой жоғарыда. Тарихта аса белгілі із қалдырған Қоянды жәрменкесі, онда әйгілі «Айтбайды» сорғалата қалықтата шырқаған Біржан болған. Туған даласының мақтаныш құты болған, шынжыр балақ, шұбар төс халқының дегдар ұлы Ақайұлы Хасен. Бұл кісі атбегі, құсбегі, әнші, домбырашы, кожа, молда, сері, сал, ұста, зергер дегендердің бәрін ұстаған. Халқының өнерін көтерген. Нашарға қарасқан. Өзінің құсбегінің баласы Нығымет Нұрмақовты камкорлықпен оқытқан, әрі философ, әрі ойшыл көрегендігімен малын таратып беріп қызыл өкімет құрығына түспей кетіп 1930 жылдары өз ажалынан өлген деген сөз бар.

Нарманбет ақын 1860 жылы туып, 1919 жылы Қарқаралыда жаңа өкімет қызметінде тұрып қайтыс болған. Абайдан кейінгі жазба поэзияның ең ірі өкілі дәл сол уақыттағы. Баласы Мақсұт та дарынды ақын екен. Кеңес құрығына түсіп кеткен. Тіпті Нарманбеттің әкесі Орманбет бидің сөз саптасы былай келеді:

Жеңіл ауыз, жел Көкен»,
Желбірлігін бір төтен.
Тарбақ танау, табансыз,
Жолдас болдым амалсыз-

деп жанына ерген пәтуасыз жолдасына айтыпты.

Нарманбет:

«Пушкин менен Лермонтов.
Біздей ақын емес пе?
Ақын болған адамдар
Жұрттын қамын жемес пе?»- дейді.

Өзі туралы:

«Құлжа мойын, марал бас,
Ешкімде алдап ала алмас.
Бөкен қабак, бүркіт көз,
Өн бойының бәрі сөз.
Кереге сақал, кер табан,
Керек болса, мә, саған!»- депті.

Нарманбет Орманбетұлы ақынның «Сары-арқа», «Шолпан» деген өлеңдері аса көркемдік, мазмұндық дәрежеде. Оқушылар өздері оқысын-деп жұлмалап келтірмедік. Бүкіл қазақ хрестоматияларына дайын күйінде кіргізе беретін нәрселер, халықтың педагогиканы оқытып жатқан ұстаздарға,

балаларға үлкен ғибрат. Өз өмірінде, аз жасаған жиырма жеті жасында қайтыс болған грузин князының баласы Николоз Бараташвилиді жиырмадан асатын ғана өлең жазған оны әлемдік классик деп таниды. Нарманбеттің том-том өлеңдері болмаса да қазақтың бай тілін көл-көсір қолданған жарқырап тұрған поэзиясын-классикалық дәрежеде екенін тануға неге мойнымыз жар бермейді.

Қарқаралыға өлең арнамаған қазақ ақындары жоқ. Әсіресе Ғафу Қайырбеков кезінде өлең жинағының атын «Қарқаралы басында»- деп атап еді. Сырбай Мәуленов, Қасым Аманжоловтың көп өлеңдерінен Қарқаралы иісі аңқиды. Қызыларайға арналған өлеңдер де көп. Кезінде қазақтың белгілі ақыны Саттар Сейтқазин де өлең арнапты. Қажыкәрім атты ерте сөнген азаматтың Қызыларайға арнаған тәуір өлеңдері болған. «Мен шығарам» бастырам» деп жинап әкеткен адамда болыпты. Бойкүйездік пен жалқаулық әлі де көп сондықтан сол өлеңдер хабарсыз, дерексіз кетіп отыр. Әрине, екіншісі, ондайлар бәрінен бұрын әлгі ақынның атын өлтіреді ғой. Қарқаралы-Қызыларай көбіне қосарланып та аталады. Оның себебі, кешеге дейін Қызыларай алтыншы ауыл атанған. Қазырдың өзінде тегі Қызыларайдан шыққан бірсыпыра халық Қарқаралыда тұрады. Үш жүзге тарта үй Балқаш қаласында тұрады деп естимін. Әрине, жастар өседі, оған біз қуанамыз. Қарағандыда да біраз Қызыларайлықтар тұрады. Қарқаралыдағы Қызыларайлық Тәңкіш, Рахым Игішевтар сол жердегі халықтың іттипат, сүйіспеншілігіне бөленген адамдар еді. Халықтың өлік-тірік тойларының бәріне белсене қатысып, ретті жерінде дұрыс ақыл-кеңес, қамқорлық қылатын ізгі адамдар еді. Арғын Әбдиманов көп жылда қызмет атқарып өз биігінде кеткен адамның біреуі. Әлімбаев Құсайын ақсақал да шежіре іспетті болды.

Қарағайлы кен орны жұмыс істеген кезде Қарағайлыда Қызыларайдың бірсыпыра адамы тұрды, жұмыс істеді. Жомартов Ерғазы, Шанышқұлбаев Кенжеғара деген адамдармен қатар бірсыпыра халық, сонда қоныстанып жұмыс істеп күн көріп тұрған. Рысбай, Амангелді Қабыкеев деген азаматтар да сонда тұрып еді. Рысбай қайтыс болыпты, кезінде естімедім, біртоға дұрыс азамат еді. Амангелді Балқашта көрінеді. «Адамның басы Алланың добы» демекші кейін бәрі жайына қалды, ауылдастардың біразы елге, біразы Балқаш, Қарағандыға сіңді-ау деймін.

...Ясенецкий Богдан Ильич деген адам жер аударылып келген биолог-ғалым. Көп жыл тұрғанда Қарқаралы сайларында өсетін неше түрлі дәрі-дәрмектерді (шөптер түрін) жинап, науқасқа дәрі жасап халыққа шапағатын тигізіпті. Қызықты қараныз осы кісі өз еркімен мұсылмандыққа кіріп Құдайберген Ильясұлы деген атты қалапты. Өзі сол кездегі Қарқаралы молласы Имам қари деген кісінің үйінің бір бөлмесіне кіріп сол кісімен бірге ғұмыр кешіп сол кісімен қатарлас дүние салыпты. Мұсылман бейітіне сол өз ұстазы Имам қари жанына өз өсиеті бойынша Қарқаралы халқы іттипатпен жерлеген. Ол кісінің адамдығын, нағыз мұсылманға сай әрекеттерін халық әлі

аузынан тастамайды. Кейіннен химиядан үлкен оқулық жазған академик Покровский деген кісі Кеңес жазалауын осында өтепті. Тарихты білетін оқушылардың есінде болар, Қазан төңкерісінен кейін Петербургты жауламақ болған Ресейдің мықты Генералы Корниловтың үйі әлі Қарқаралыда бар. Сол сияқты өткен Жаһан соғысында немістер қайсарлығы үшін су құйып, мұзға қатырып өлтіретін генерал-инженер Карбышев те Қарқаралыдан шыққан. Аядай қаланың аспандай тарихы бар... Ресейдің ең мықты купецтерінің бірі Рязанцевтер өмір сүрген. Қызыл өкімет бәрін тартып алып атып-асып тұқымын тұздай күртқан. Ең соңында қалған Рязанцевтың ару қызы өз үйлерінде өзіне қол салып қаза болған.

Шоқан Уалиханов кезінде соғып өткен, оның шығармаларының бірсыпыра жерінде Қарқаралы аты кездеседі.

Қазақ халқының соңғы батагөйі Ахмет Байтұрсынов 1900 жылдардың басында ең бір әдемі, шұрайлы орманды, шипа сулы өңір Ақтеректе мектеп ашып сабақ берген. 1905-1907 жылдар арасында «патшаға қарсы үгіт жүргізді деген желеумен Қарқаралының аядай түрмесінде қанша отырғанын ешкім білмейді, кейіннен Семейге жөнелтіліпті. Сонда ғой Ақанның «Қош бол енді, Қарқаралы жуылмаған,

Аядай бер. Болса адамын қуылмаған»- деп жазғаны бар тәрізі Некрасовтың «Прошай, немытая Россия»- деген өлеңіне ұқсата жазған ба кім білсін. 1922-1924 жылдар арасында Министр дәрежесіндегі қызметтерде болған, арманда кеткен ардагер ағаларымыздың бірі Жүсіпбек Аймауытов екі жылдай (орта мектепте де емес) бастауыш мектепте төмендеп келіп сабақ берген. Өздеріңізге мәлім, жазалау мұнымен тынбаған, кейін ұстап апарып атып жіберген. Ахмет Байтұрсыновты да сөйткен. Бүгінде Қарқаралыда бұл адамдар қайда тұрды, қойды, ешкімге мәлімсіз. 1940-1950 жылдар арасында жер ауып келген Лиза Тухачевская, Майя Рысқұлова-екі қыз осында фельдшерлер болып істепті. Майя Рысқұлова ешкім кіргізбеген соң (халық жауы қызы деп қорқады ғой) Шнетов Кәкенжан деген мейірбанды адам үйіне тұрғызыпты. Ол кісінің өзі 1970 жылдар басында қайтыс болған, бәйбішесі Маржан осыны әйгілеп айтпай келген, тек кейіннен жария болды. Кейіннен Шнетовтың қызы Роза ол кісіні іздеп тапты. Москвада тұрады екен. Қартайып та қалған. Телефонмен бәрін есіне түсіріп, тіпті көзіне жас алыпты да –Роза, кел Мәскеуге, мен өзім бара алатын жағдайым жоқ,-деген. Рысқұлов жанұясы жайын жақсы білетін Шерхан Мұртаза ағамыз мұны біле ме, мәлімсіз бізге.

1920 жылдары Сәкен Сейфуллин келіп Қарқаралы жанындағы Қопа деген көл жағасында үйде бірнеше күн ерулеп жатыпты. Сонда әнші-жыршыларды жинағанда акыннан Нұржан Шоңұлы болыпты, әншіден

Жамантай ханның немересі Жәует деген кісі Сәкен алдында ән салыпты, қысқа-қысқа мәліметтер. Қарқаралы тарихы жұмбақ күйінде.

Қазақтың тұңғыш жоғары білімді дәрігерлерінің бірі және халқына қарлығаштын канатымен су сепкендей камқорлығын аямаған Садуақас Тәжіұлы Шалымбеков көпшілік зиратта, әйтеуір сол кезде биіктігі екі метрге таяу биік тас белгі (арабша, орысша) жазылып қойылыпты оған да тәуба дейміз. Сәбит Мұқанов кітаптарында айтылатын сол уақытта Мәскеу, Петербуртта үш жоғары оқу орнын бітірген, Сатылған Сабатаев алған мол білімді халқының игілігіне жарата алмай, қапыда арманда кеткен. 1919 жылы актер Қарқаралыға басып кіріп келе жатқанда соларды жөн айтып тоқтатамын деп алдынан шыққан. Құтырған жыртқыштай болып буырқанып келе жатқан олар тындасын ба атып тастапты. Бүгіндері қайда жерленгені де белгісіз. Көп нәрсе кәмпескенің, соғыстың, аштықтың тағы басқа зұлматтардың кесірінен естен шыққан, қағазға жазылмаған, ал өмір өте бермей ме.

Алдыңғы толқын ағалар,
Кейінгі толқын інілер,
Кезекпенен өлінер,
Бұрынғыдай көрінер-

дейді данышпан-ұстаз Абай. Мәди жөнінде айтпай-ақ отырмыз. Әйтеуір бірсыпыра нәрселер айтылған, жазылған сияқты. Қоңырлау, қарабайырлау ғана зираты бар. Бұрынғы тарихымызда аса ие бола алмай қалғандаймыз, енді тым болмаса бұдан былайғысынан көз жазып қалмасақ екен. Негізінен Қарқаралы дегенде негізіндегі Қу, Ақтоғай, Шет аудан, ауылдары тарихы Қарқаралыға қатысты. Мәселен 1940 жылы Ақтоғай аудан болып құрылғанда біраз нәрселерді яғни өкімшілік жер көлемін бөліп берген. Оған дейін Қарқаралыға сонау Балхаштың арғы жағындағы жерлерге дейін кірген. Оған себеп Қарқаралы біресе уезд, біресе Губерния дәрежесінде болған ғой. Тек Кеңес дәуірі Қарқаралыны көтерудің орнына бағын төмендетіп аудан орталығы етіп қана қойды. Әрине, патша указымен 1864 жылдары берілген қала аты әйтеуір күні бүгінге дейін сақталып қалды.

Сол кезде педагогикалық техникумға жер аударылып келген «мүйізі қарағайдай» ірі ғалымдар сабақ берген. Мұны бітіргендер сол кездің адамдарының айтуынша аса білікті болған. Жоғарыда айтқан Ақжан Машанов, Орынбек Жәутіков «бұл кісі туралы аз білгендіктен сөз қозғамдық, бірақ өмірбаянында Қызыларайда туды делінген) тағы басқалары осы педтехникумды бітірген.

Кейінгі Кеңес дәуірінде дүрілдеген академик Әбілқас Сағынов. Қарағанды политехникалық институтының Ректоры бола жүріп Еңбек Ері атағын алған, осы техникумды бітірген. Кеңестік жүйе жақсы атаулыға қарсы

болып, тектінің бәрін оққа байлағаны мәлім. Сөйтсе де осы қазақ зиялыларының ордасындай Қарқаралы кейінгі кенестік дәуірге де көптеген талантты маман, инженер, суретші, жазушы, ақындар бергені мәлім. Қазақ өлеңі Қасым Аманжоловсыз айтылмайды деуге болады.

«Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп,
Күніне жүз ойланып, мың толғанам
Өзіммен бірге өлмесін, өлеңім – деп

деген үлкен тума, құйма талант иесі Қасым партиялық шаблонның ішінен шыға алмады. Одан соны талап етті, Кенестік рухта жырлану керек деді. Сондықтан дүниеге сирек келетін ақынның өзінің бар мүмкіндігін аша алмай, ақыры құсалықпен жана шегіп, ауыр сырқатқа ұшырап көз жұмған. Жаппар Өмірбеков, Қапан Сатыбалдин деген мықты ақын, соңғысы жазушы, драматург, кейіннен жазушылардың да, елдің ақсақалы Әлжаппар Әбішевтер неге тұрады. Совет дәуірінде басқаға қиса да қазаққа қимайтын генерал атағын лайық алып жүрген Құрманов Мұрат шыққан. Кенестік дәуірде Жаһан соғысының батыры Мартбек Мамыраев деген кісінің атымен туған ауылы аталады. Қай дәуір, қай ел болсын Батырдың аты батыр, заман ағымдары, өзгерістері батырлыққа көлеңке түсірмеу керек. Өйткені Батыр да, ақын сияқты, жазушы сияқты, әнші, актер, артист сияқты көңілдің, жүректің адамы, батыр саясат жасамайды. Бір қызығы осы Мартбек ауылынан халқымыздың мақтанышы ғарышкер Токтар Әубәкіров түлеп ұшқан. Токтар Қарқаралыға көп келеді. Кешегі он жыл бұрын өткен ертоқым ат сауырына кеткендей заманда Қарқаралыға да, Қарағайлыға да қол ұшын созды. Бір қыста электр күші берілмей қалып Қарқаралыда қаншама жылу бергіш шойын батарея істен шыққанда, әсіресе мектептердің халі мүшкіл болып қалғанда сол батареяларды дереу тауып вагондап жіберді. «Жаксының жақсылығын айт, нұры тассын. Жаманның жамандығын айт құты қашсын», - дейді кеменгер халқымыз. Біз алғашқыларын айтуға тырыстық, соңғыларын айтпай-ақ қояйық дедік, жоқ болғаннан емес, оларда бар. Бірақ жүздеген жылдар аңсаған бостандығымызды көңіліміз толқып еске алып отырғанда олар туралы айтпай-ақ қояйық - дедік. Елеусіз, ескерусіз кетіп бара жатқан бір адам бар. Ол жоғарыда айтқан Мартбек Мамыраев ауылынан шыққан, естуімше Кеңес дәуірінде сонау Шалғай Күншығыс елдерінің бірінде үлкен барлау қызметін атқарған генерал-лейтенант Ғабдуллин Исатай деген кісі екен. Көптеген орден, медальдардың иесі, барлау қызметінің құпиялығымен аты аталмаған. Енді атайтын шақта Мәскеуден еліне келіп Қарағандыға тұрақтағанда жылға жетпей қайтыс болған. Әскер өмірін бе. тарихшыларымыз ба, есінде болсын-деп айтып отырған жайымыз. Кезінде осы Қарқаралыдан полигон зардабы кетпей тұрғанда бірнеше келіп, ол уақытта Мәскеуде Қазақстан даму қорының Президенті болып тұрған Тайыр Айтмұханбетұлы Мансұров қазырғы кезде Евразиялық қоғамның Бас

хатшысы. Өзі Саясаттану ғылымдарының докторы, аты осы кітабымызда атауға өте лайық деп білдім. Құнанбай мешіті ашылып жатқанда елу мың теңгені (ол уақытта құнды кезі) қолма-қол аудартты. Қала, аудан халқына аса қажет дәрі-дәрмекті бірнеше дүркін жіберді, жанына бүгінде марқұм болған облыс аптекалар басқармасы Токсамбаев Крайды алып жүріп, көздестіріп кетуші еді. Тайыр бауырымыз бұл күнде келешек -Евразиялық Одақтың Бас хатшысы міндетін атқарса керек. «жарты патшадай» қызмет атқаруда, мәртебелі болсын, халқымыздың осындай азаматтары көп болса-дейді аға ұрпақ.

«Сүйер ұлын болса сүй, сүйінерге жарар ол» дейді Абай. Осындайларға арнаған болса керек. Тағы, тағы... көп жақсылар шыққан Қарқаралы. Мезгілбаев Шаймаран деген кісі үлкен эрудит еді,- «Адамның өзі жаман болмаса, Қарқаралы жақсы»- дейтін көп жерде. Жоғарыда бір жерде айтып едік, 25-30 жылға таяу құрғақшылық болып жер құрғап кетті, себебі кері кеткен өтірікші, өтірік мәліметке үйренген жүйенің күйреуінің басталуы еді осы құрғақшылық. Аллаға шүкір, мәртебелі Елбасымыз Мекка-Мединада пайғамбар зиратына кіргенде басталған жауын, иншалла даламызға да жетті. Тәуелсіздіктің он жылдығы жақындаған сайын-ақ нәсер төге салды, бір емес, бірнеше рет төкті, төге беретіндей. Елде, жерде сәніне қайта кіретіндей. Түсінбеуі мүмкін жастар... Біздің бала күнімізде жайлауға шыққанда даланың мың құбылған түріне, шөптің гүліне көз сүрінуші еді, көңіл де көз де қуанышы еді. Кейін осының бәрінен казак даласы айырылып қалды. Себебі: қуаныштылық еді.

Боздақтың Әубәкірі деген кісі сері, сал адам болған. Қызыларайда өмір сүрген. Соғыс кезінде жасы асып кеткен адам, немістер Бакуды алып қою қаупін естіген болса керек, бір балаға «оқу қайда, Баку қайда, ашық ауыз тесік мұрын»- деп қалжындап сонысы үшін «жау» атанып кете жаздаған. Ұзын бойлы, зор денелі, сұлу мұртты сақалды келбетті адам еді. Жас күнімде ғибратын көрдік. Өз басым осы кісіні кейіпкер етіп алған алғашқы новелламды 1971 жылы «Орталық Қазақстан» газетіне апарып едім. Бөлім меңгерушісі болып Әмен Әзиев істейді екен. –Жарайды, інім, жақсы екен, орын болғанда басайық,-деген. Содан хабарсыз кетті. Бұл кісі туралы жеке кітап жазса болвр. Өзі өнерлі, етікші, палуан болған адам. Дене тұрқы бөлекше еді. Бұл кісі айтты деген қалжың сөздер өте көп.

Тағы Әсет ақын жөнінде

Қазақтың Қызыларайда туып 1921 жылы Қытайда өлген ұлы ақыны, асқақ әншісі Әсет Найманбайұлымен немерелес екен. Өзі домбыра шертіп ән салатын, көптеген қисаларды жатқа білетін.

Әсет ұлы Абайдың ақын шәкірттерінің бірі болған. Асқан әнші «Инжу маржан», «Қисмет» тағы басқа әндері биік композициялы, басқа казак әндерінен оқшау, айтылу шеберлігін өте қажет ететін әндер. Тағы бір көңіл аударатын үлкен нәрсе, Әсеттің бірсыпыра әндерінің халық әні делініп жүргендігі.» Алқоңыр» әні осының айғағы деп толық айтуға болады. Алқоңыр әнінің әуені «мен Әсеттің әнімін» деп тұрғандай. Айта берсең әңгіме көп. 1951 жылы Қазақстан Жазушылар Одағында Мұқтар Әуезовты қуғындаған Президиум мәжілісі болған. Сонда Сәбит Мұқанов атамыз өз әріптесі, тұстасы Мұқтар Әуезовке таққан кінәсі, осы Әсеттің Абай шәкірті екені, оның медреседе оқыған, ислам жолын білетіндігі ұлы жазушыға кінә болып тағылған. Оны әлі дүмпуі басылмаған «халық жауы» науканына іліктіріп жібере жаздаған.Естеріңізде болса Мұқтарды содан Мәскеуге қашырып жіберіп аман қалған. Орайы келгенде айта кетейін: Оспанбай Орынтаев деген журналист болды. Кезінде рабфак, коммунистік журналистика институтын бітірген. Қарқаралы, Ақтоғай аудандық газеттерінің редакторы (1940 жылдары) істеген. Көп нәрсені білетін, және тақпақтап айтып отыратын. Жалпы әңгімешілдік ол уақыттың адамдарына тән қасиет еді. Осы кісі Боздақтың Әубәкірінің үйіне келіп жүретін. Себебі Әукең үйіндег Күлза шешей (менің кіндік шешем) Найман қызы болатын. Сондықтан Осекең марқұм қарындас қылып келіп жүрген.Ол Әсет туралы көп әңгіме білетін. Себебі, ол кісі сол Әсет өмір сүрген өңірде көп болған. Өзінің де түбі Семей жақтікі. Айтайын деп отырғаным: осы кісі кезінде алғашқы Әсет шығармашылығы зерттеле бастағанда оның қай жердегі туғанын ешкім таба алмапты. Ол кезде біздің жақтың адамдары бұдан мүлде хабарсыз. Осындай жағыдайда Осекең өзінің мүмкіндігін пайдаланып туған жерін нақты айтып беріп, алғашқы басылымдардан бері осы анықтама келе жатыр. Осы орайда Осекең шығармашылығы, өмір жолын қуып көрмек едік, деректер жоққа тән.

Артында соңына түсіп іздеуші болмағандықтан Әсет шығармашылығында олқы түсіп жатқан жерлер өте көп. Оның қоғамдық болмысы мүлде мәлімсіз. Шындығында ол «Алашордаға» да тілектес болған. Олардың қайраткерлерінің кейбір өтініштерін де орындаған. Осыдан бірнеше жыл бұрын бір газет Алашорда басшылары Ақмет Байтұрсыновпен, Райымжан Мәрсековтың 20 жылдары Шыңжанға барғаны және онда Әсетпен бірге суретке түскені, және сол суретті жариялаған болатын. Осыған қарағанда Әсеттің өмір жолында зерттеуге тұра нәрселер әлі көп.

...Ұмытпай тұрғанда бір айта кететін нәрсе: Қызыларай Фауна-Флорасының аса байлығы. Шынын айтқанда ағаштармен сайлар арасында, түрлі шабындық алқаптарында бағалы дәрілік өсімдік түрлері көптеп кездеседі. Кезінде Потанинмен Усовқа еріп Уткина деген орыс әйелі біраз зерттеген.Онан кейінгі заманда барып-қайтуы қиын, түкпір аймаққа көп ешкім келмеген. Өткен ғасырдың бас кезінде Михайл Пришвин деген орыстын табиғатшыл ғалым-жазушысы келіп кеткен делінеді. Тіпті осында бір арқарды атып алдым

хатшысы. Өзі Саясаттану ғылымдарының докторы, аты осы кітабымызда атауға өте лайық деп білдім. Құнанбай мешіті ашылып жатқанда елу мың теңгені (ол уақытта құнды кезі) қолма-қол аудартты. Қала, аудан халқына аса қажет дәрі-дәрмекті бірнеше дүркін жіберді, жанына бүгінде марқұм болған облыс аптекалар басқармасы Токсамбаев Крайды алып жүріп, көздестіріп кетуші еді. Тайыр бауырымыз бұл күнде келешек -Евразиялық Одақтың Бас хатшысы міндетін атқарса керек. «жарты патшадай» қызмет атқаруда, мәртебелі болсын, халқымыздың осындай азаматтары көп болса-дейді аға ұрпақ.

«Сүйер ұлың болса сүй, сүйінерге жарар ол» дейді Абай. Осындайларға арнаған болса керек. Тағы, тағы... көп жақсылар шыққан Қарқаралы. Мезгілбаев Шаймаран деген кісі үлкен эрудит еді,- «Адамның өзі жаман болмаса, Қарқаралы жақсы»- дейтін көп жерде. Жоғарыда бір жерде айтып едік, 25-30 жылға таяу құрғақшылық болып жер құрғап кетті, себебі кері кеткен өтірікші, өтірік мәліметке үйренген жүйенің күйреуінің басталуы еді осы құрғақшылық. Аллаға шүкір, мәртебелі Елбасымыз Мекка-Мединада пайғамбар зиратына кіргенде басталған жауын, иншалла даламызға да жетті. Тәуелсіздіктің он жылдығы жақындаған сайын-ақ нөсер төге салды, бір емес, бірнеше рет төкті, төге беретіндей. Елде, жерде сәніне қайта кіретіндей. Түсінбеуі мүмкін жастар... Біздің бала күнімізде жайлауға шыққанда даланың мың құбылған түріне, шөптің гүліне көз сүрінуші еді, көңіл де көз де қуанышы еді. Кейін осының бәрінен қазақ даласы айырылып қалды. Себебі: қуаныштық еді.

Боздақтың Әубәкірі деген кісі сері, сал адам болған. Қызыларайда өмір сүрген. Соғыс кезінде жасы асып кеткен адам, немістер Бакуды алып қою қаупін естіген болса керек, бір балаға «оқу қайда, Баку қайда, ашық ауыз тесік мұрын»- деп қалжыңдап сонысы үшін «жау» атанып кете жаздаған. Ұзын бойлы, зор денелі, сұлу мұртты сақалды келбетті адам еді. Жас күнімде ғибратын көрдік. Өз басым осы кісіні кейіпкер етіп алған алғашқы новелламды 1971 жылы «Орталық Қазақстан» газетіне апарып едім. Бөлім менгерушісі болып Әмен Әзиев істейді екен. –Жарайды, інім, жақсы екен, орын болғанда басайық,-деген. Содан хабарсыз кетті. Бұл кісі туралы жеке кітап жазса болар. Өзі өнерлі, етікші, палуан болған адам. Дене тұрқы бөлекше еді. Бұл кісі айтты деген қалжың сөздер өте көп.

Тағы Әсет ақын жөнінде

Қазақтың Қызыларайда туып 1921 жылы Қытайда өлген ұлы ақыны, асқақ әншісі Әсет Найманбайұлымен немерелес екен. Өзі домбыра шертіп ән салатын, көптеген қисаларды жатқа білетін.

Әсет ұлы Абайдың ақын шәкірттерінің бірі болған. Асқан әнші «Инжу маржан», «Қисмет» тағы басқа әндері биік композициялы, басқа қазақ әндерінен оқшау, айтылу шеберлігін өте қажет ететін әндер. Тағы бір көңіл аударатын үлкен нәрсе, Әсеттің бірсыпыра әндерінің халық әні делініп жүргендігі.» Алқоңыр» әні осының айғағы деп толық айтуға болады. Алқоңыр әнінің әуені «мен Әсеттің әнімін» деп тұрғандай. Айта берсең әңгіме көп. 1951 жылы Қазақстан Жазушылар Одағында Мұқтар Әуезовты қуғындаған Президиум мәжілісі болған. Сонда Сәбит Мұқанов атамыз өз әріптесі, тұстасы Мұқтар Әуезовке таққан кінәсі, осы Әсеттің Абай шәкірті екені, оның медіреседе оқыған, ислам жолын білетіндігі ұлы жазушыға кінә болып табылған. Оны әлі дүмпуі басылмаған «халық жауы» науқанына іліктіріп жібере жаздаған.Естеріңізде болса Мұқтарды содан Мәскеуге қашырып жіберіп аман қалған. Орайы келгенде айта кетейін: Оспанбай Орынтаев деген журналист болды. Кезінде рабфак, коммунистік журналистика институтын бітірген. Қарқаралы, Ақтоғай аудандық газеттерінің редакторы (1940 жылдары) істеген. Көп нәрсені білетін, және такпақтап айтып отыратын. Жалпы әңгімешілдік ол уақыттың адамдарына тән қасиет еді. Осы кісі Боздақтың Әубәкірінің үйіне келіп жүретін. Себебі Әукен үйіндег Күлза шешей (менің кіндік шешем) Найман кызы болатын. Сондықтан Осекең марқұм қарындас қылып келіп жүрген.Ол Әсет туралы көп әңгіме білетін. Себебі, ол кісі сол Әсет өмір сүрген өңірде көп болған. Өзінің де түбі Семей жактікі. Айтайын деп отырғаным: осы кісі кезінде алғашқы Әсет шығармашылығы зерттеле бастағанда оның қай жердегі туғанын ешкім таба алмапты. Ол кезде біздің жақтын адамдары бұдан мүлде хабарсыз. Осындай жағыдайда Осекең өзінің мүмкіндігін пайдаланып туған жерін нақты айтып беріп, алғашқы басылымдардан бері осы анықтама келе жатыр. Осы орайда Осекең шығармашылығы, өмір жолын қуып көрмек едік, деректер жоққа тән.

Артында соңына түсіп іздеуші болмағандықтан Әсет шығармашылығында олқы түсіп жатқан жерлер өте көп. Оның қоғамдық болмысы мүлде мәлімсіз. Шындығында ол «Алашордаға» да тілектес болған. Олардың қайраткерлерінің кейбір өтініштерін де орындаған. Осыдан бірнеше жыл бұрын бір газет Алашорда басшылары Ақмет Байтұрсыновпен, Райымжан Мәрсековтың 20 жылдары Шынжанға барғаны және онда Әсетпен бірге суретке түскені, және сол суретті жариялаған болатын. Осыған қарағанда Әсеттің өмір жолында зерттеуге тұра нәрселер әлі көп.

...Ұмытпай тұрғанда бір айта кететін нәрсе: Қызыларай Фауна-Флорасының аса байлығы. Шынын айтқанда ағаштармен сайлар арасында, түрлі шабындық алқаптарында бағалы дәрілік өсімдік түрлері көптеп кездеседі. Кезінде Потанинмен Усовқа еріп Уткина деген орыс әйелі біраз зерттеген.Онан кейінгі заманда барып-қайтуы қиын, түкпір аймаққа көп ешкім келмеген. Өткен ғасырдың бас кезінде Михайл Пришвин деген орыстың табиғатшыл ғалым-жазушысы келіп кеткен делінеді. Тіпті осында бір арқарды атып алдым

деп өзінің жазғаны бар. Ал Қызыларай тауларының өсімдік дүниесі туралы ештеңе жазбаған сыяқты. Бертінде кеңес заманында мумия терушілер қаптап кетті. Олардан не қалғанын ешкім білмейді. Мәскеуден, Ленинградтан келген аспирантпыз, ғалымбыз деп жергілікті халықты алдап осындай қазыналарымыздан да жұрдай етті. Ал жергілікті халық осындай бағалы дүниелерінің қызығын көрудің орнына, кеңес өкіметінің өтірік айтағына ерген надан белсенді-басшыларының айдауында қойдың шуымен шуашын ііскел, «қоғам малы» деп жеммен шөп дайындаудан басқа ештеңе білмеді. Осы еңбегінің бір игілігін көрмеді. Ен «жарылқағанына» күзде бір кілем беріп алдайтын. Бұл құлдық емей немене? Қазақтың мектеп бітірген жас қыздарын басқасы аздай қойдың соңына салды. Оны «комсомол-жастар бригадасы» деп дардайтты. Көбісі армандарына жете алмай аурулы боп та кетті. Кеңес өкіметінің біздің халыққа істемегені жоқ. Кейбір адамдар әлі күнге дейін өзінің «тілалғыш құл» болғанын аңсап өзіңді таңғалдырады. «Үйренген тозағын қимайды» деген осы шығар.

Қызыларайда пайдалы қазбаның да көп екені рас. Бұл жөнінде Қаныш Сәтпаевтың ғылыми еңбектерін оқысаңыздар білесіздер. Социализмнің адамды аямайтынын айтқанмын.

Тағы Қызыларайлықтар

Суретші, көркемөнерге еңбегі сіңген қайраткер, қазақтың біртуар өнерпазы атанған Сахи Романовты ел Қызыларайдың тумасы екенін бертінде білді. Бәрі сол отыз екінші ашаршылық болған зұлмат жылдың қырсығы. Бұл кісі туралы ауылдастарымыз әжептәуір білуге тиіс, деген оймен созбадық. Оның үстіне Дәулет Тойымбековтың әкесі Тойымбеков Қазыкен жайлы кітабында, әкесінің Сахи Романов туралы жақсы мәлімет беретін естелігі бар екен.

Еңсебаев Тілеукең Ахметбекұлын дәл осы Сахи Романовтан кейін айта кетуді жөн көрдім...

...Нығыман қыстауынан алыс емес, Ыбырай қажы қорасының орны болуы тиіс. Сол жерде бұлақ та бар. Ыбырай қажыдан Еңсебай туады. Туыстық жөнінен Ғабдолла, Майқы, Қопақов Әбдірақпан деген кісілерге жақын болып келеді. Ыбырай қажыны Кеңес өкіметі тәркілгенде, оның қолында 12-13 жасар мөлшерінде немересі Ахметбек бар екен. Дәл сол тәркілеу кезінде елден ертерек Семейге барып сіңіп кеткен, саудамен айналысып ауқатты болған жиендері Елемес, Бөлемес деген ағайынды екеуі келіпті. Жағыдайдың қиынға айналғанын көрген олар бала Ахметбекті құтқару мақсатында бір түні Ыбырай қажының келісімімен баланы Семейге алып кетеді. Тіпті жасында атастырып қойған Байтас балаларының бірінің кішкентай қызын да ала кетеді. Айдалғандармен бірге кетпесін дегені шығар. Ал, баланың әкесі Еңсебай, бұл дүниеде жоқ болса керек. ...Ахметбек сол жақта әлгінде айтылған

жақындарының қолында тәрбиеленіп, әжептәуір оқып білім де алған. Бертінде олар да кәмпескеге ілінген соң, бұл өзбетінше өмір сүрудің қамын жасаған... - Жиырма бір жасымда «Ақбұзау» колхозының Председателі болдым,-деп еді, Осы әңгімеміздің кейіпкері Тілеукең Еңсебаевтың әкесі Ахметбек. Ақбұзау-колхозы белгілі жазушы, майдангер, атакты Әзілхан Нұршайықовтың ауылы еді.

Қыркыншы жылдардың аяғына қарай елге жақындау мақсатында Қарағандыға келеді. Милиция офицері болып тұтқынға түскен жапондардың коменданты да болған. Қызыларайға елуінші жылдардың басында бүкіл отбасын ертіп келіп, туысқандардың сол кезден тірі қалғандарымен көріскен... Тілеукең 1947 жылы Қарағандыда өмірге келген. Бірақ әкесінің кіндік қаны тамған Қызыларайды ол туған жерім деп кетті. Қарағанды Политехникалық Институтын бітіріп, ғылыми жұмыспен айналысып жетпісінші жылдардың басында Ленинград қаласында техника ғылымының кандидаты атағын алу үшін диссертация қорғады. 1970 жылдардың аяғына қарай Павлодар индустриалды Институтына шақырылған соң келісім берген. Кейіннен Павлодар Индустриалды Институтының Профессоры болды. Бұл электротехника саласынан еді. Бұдан кейін Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар Гуманитарлық Университетінің Профессоры атағы берілді. Мұның бәрі жайдан-жай емес еді. Техникалық ғылым саласымен Гуманитарлық ғылымды бірдей молынан игерген адамдар тарихта некен-саяқ. Тілеукең Ахметұлы Еңсебаев өзің дарындылығымен, биік қабілетімен осыны ұштастыра білді. Жиырмадан артық үлкенді-кішілі кітаптар шығарды. Оның ішінде тарих, әдебиет, этнография және тіпті топономика саласына арналған еңбектер бар. Ол, ол ма, Тілеукеңнің Академиялық еңбегі қазақ халқының шежіресі, оның ішінде мың беттен астам үлкен кітап болып шыққан «Қаракесек» шежіресін жинаған басты авторлардың бірі болды. Бұл үлкен шежіре – жинақ осыдан үш жыл бұрын Павлодарлық азаматтардың, оның ішінде Арман Қани сыяқты үлкен жүректі акын-азаматтың күш салуымен басылып шыққан болатын. Енді екінші үлкен том дайындалып, қаражат болса баспаны күтіп тұрған жайы бар. Бұл томда да біздің туысымыз, жерлесіміз Тілеукең Еңсебаевтың үлкен еңбегі тағы көрінбек. Ғылым соңына мықтап түсіп, туған елінің мақтанышына айналған Тілеукең Еңсебаев өзі кезінде мықты спортшы болып еді. Самбо күресі бойынша спорт шебері болып, республикалық, одақтық жарыстарға қатысқан еді. Өзінің мінезі өте бай, кішкене болса да мақтануды білмейтін адам еді. Бар өмірін ғылым жолына сарп етті. Кезінде Қызыларайға жыл сайын болмаса да келіп, үлкендерден сөз, шежіре жинап жүретін. Бір қызығы Қарағандыда орыс арасында туып-өсіп, орысша оқығандықтан қазақшаға өте шорқақ болатын. Өсе келе осыған қатты намыстанған Тілеукең кейінен қазақ тілінде лекция оқып, кітапша жазу дәрежесіне дейін жеткен болатын. Ауыз әдебиетінің әңгімелерін де көп біле бастаған... Сөйтіп жүргенде науқасқа шалдығып алпысқа толмастан өмірден өтіп кетті. Павлодардың жоғарыда аталған оқу орындарында оның атында

аудиториялар бар. Тағы басқа есте қалдыру шаралары жасалып жатыр деп естідік. Осындай талапты, дарынды, туған елінің өнерін, әдебиетін, барлық жақсылығын паш етпек болып еңбек еткен ағалары бар екенін кейінгі ұрпақ мақтаныш етуі тиіс.

Ауылымыздың адамдары...

Қарағонысовтар әулеті –Қызыларайдың байырғы тұрғындары. Өздеріңіз байқап отырғандай, мен бұл кітабымда бұрыннан жатталып, таптауырын болған, «енбегін сіңірді, пәлен қойдан пәлен козы алған, совхозға еңбегін елден артық сіңірген» деген сыяқты тенденцияны ұстанбақ емеспін. Менің жоғарыда да айтып кеттім, адам бойынан іздейтінім: жақсы мінез қасиеттері. Кітабымның аяғына дейін қартайғандықтан жаңылып кетпесем, сол дәстүрімді ұстана бермекпін. Бәріміз бір Қызыларайдікі болған соң, бұл әулетпен кішкентай күнімнен таныспын, таныс болған да әжептәуір дәрежеде білетін болған соң осы естелікті жазып отырған сыңайым бар.

...1962 жылы жаз жайлауда орталыққа таяқ тастам Нығыман қыстауы маңында «шөпші ауыл» болып отырғанбыз. Түс ауа орталық жақтан бір ат-арбалы жолаушы оншақты үйдің ішінен біздің үйді сұрап келіп түсіп жатыр. Қарағоныс ұрпағының біреуі аудан орталығында тұратін Өкей ақсақал екен. Ауылға қашан келгенін кім білсін, енді қайтып бара жатыр екен. Амандасып сусын ішкен соң, ол кісі жүріп кетіп, бүгін Қаратал ауылына жете қонбақ болып келе жатқанын айтты. Әкем марқұм жібермеді. Дереву мал алдырып сойғызды. Сейтқали ол кезде жиырмадан асқан жігіт малды керемет жылдам союшы еді. Ақыры ол кісі қонып кетті. Аса киіп кетіп көп сөйлемейтін адам екен. Бұдан кейін бұл атамды мен әскерден келгенде Әнуэр ағамызбен бір ауылға қайтуға көлік іздеп барғанда ғана бір көргенім есімде қалды. Әнуэр ағамыз өте бауырмал ақкөңіл адам еді. Хайдар-Әнуэр екі Қарағонысов әскерге бірге кетіпті деп жұрт біз әскерге ілінбей тұрған кезде айтып жүретін.

...Әкеміз байғұс жас күнімізде қой баққанын білемін. Шешеміздің айтуынша 1935 жылы Қарағандыдан келгеннен кейін, әкеміз неге екенін кім білсін, өзі қалады ма, әйтеуір құралып жатқан колхоздың аз қойын бағыпты. Шешем марқұм зерек адам еді, сол кісі сол заманның әртүрлі қиыншылықтарын арақидік айтып отырушы еді. Түсіп деген кісі де сол уақытта қошқар бағыпты. Неше қошқар екенін білмеймін, колхоз жана құралып 32 жылдың салқыны әлі кетпей жатса, көп емес шығар деп ойлаймын. Сол Түсіп деген кісі (Гүлдіраушан шешеміздің алғашқы күйеуі) өрістен қайтарда бір аяғы ақсайтын адам екен. Есебін тауып бір қошқардың арқасына мініп қайтады екен, қошқардың ірілігін қараңыз! Сол Түсіпті заманында атқа өте мықты адам болған деп үлкендердің айтып отырғанын естіп едім. Социализмның арқасында аттан түсіп қошқарға мінген ғой. «Неужели екі қошқар бір соқаны тартпайды» деген сол кездер де болса керек.

Өңгіме Қарағонысовтар әулеті туралы еді ғой. Кәрім деген ағамызды жасымнан сол қой бағып отырған кезімізден білемін. Жылы жүзді көкшіл көзді жігіт болатын, біздің үйге келіп жүретін. Сол кездерде Қасымбек атамыздың үйімен де қоңсы отырдық. Малшы қойшылар аралары өте жақын қонбайды, өйткені мал араласып кетеді. Тым алыста қонбайды, айғайлап сөйлесе дауыс жететін жерге қонады. «Қой баққан демекші» мен де, менің аға-інілерім де туғаннан қойдың маңырағанынан басқа дыбыс естіген жоқ, шығармыз. Қыс болса боран, жаз болса, дауылмен жаңбыр, әсіресе найзағай ойнап күн күркірегені үрейімізді алатын. Әрине, үйрене келе батырланған шығармыз. Жасымда сол қоймен қой боп өскеннің біреуі менмін. Енді ел адамдары туралы кітап жазам деп әуре болып отырғанымды қарашы! Зады мені әке-шешем қанша тәрбиелесе де малсақ бола алмадым, жасымнан қоймен бірге өссе де қоймен қозының маңыраған даусын осы күнге дейін қатты жақтырмай, тітіркенемін... Неге екенін білмеймін адам баласын бір көрсем ұмытпаймын, малға келгенде өз үйімнің сиырын да танымай кеттім. Әрине, ауылда жүргенде құрдастарым мазақтар деп мен оны білдірмеуге тырысатынымын. Ел малды, қойды шатастырмай танып жатқанда мен оған таңғалумен болдым. Осы уақытқа дейін солаймын.

Қызыларай жер болып, тау болып жаралғаты неше ықылым заманнан бері талай жаман мен жақсы келіп кеткен шығар. Адам өз дәуірінің ұлы. Қасымбеков Төлеген ағамыз туралы кішкене айтқым келді. ...Сондай күндердің бірінде 1948 ба, 49 жылма екен, әйтеуір бұл кісінің аяғын сындырып алғанын білетінмін. Жайлаудамыз. Неден болғанын ұмытып қалдым, есімде жоқ. 13-14 тегі кезі болар, бірақ кішкентай біздерге үлкен көрінеді. Сонда Ақтоғайда ма, Балқашта ма, сынығын дәрігерге салдырып емдетіп келді. Содан келе жатыр дегенді біздің үйдің іші бірінші естіген екен, маған: -бар, Төлеген келе жатыр-деп сүйінші сұра-деді үйдің іші. Жүгіріп барып сол үйдегі шешейге айтқаным есімде қалыпты.

Көп кешікпей Төлеген келді. Біз кішкентай балалар үйірсекпіз, аяғы әбден жазылсын, дегендіктен ешқпайда бара қоймайды. Көп ермегі, сол үйде мылтық көп болды, таудың артына барып, бұзып қайта жинап отыратын. Кейіннен ойлауымша Төлегеннің осы темір-терсекке әуестігі ақыры шофер болуға, машинаның кем-кетігін, қай жері бұзылып тұрғанын жазбай танитын маман болуына керінген шығар. Фотоаппаратпен де елде жоқ кезде осы ағамыз айналысты, ерінбей жалықпай отырып суретті шұбатып шығарып отыратын. Кейіннен совхоздың бір бітпейтін жұмысы көп болғансон еріксіз тастап кетті ма деймін. Кей күндері Бегендік екеуміз 7-8 кластарда оқимыз, сол үйде сурет шығарғанына қарап отыратынымыз да болатын. Өткен ғасырдың 70-80 жылдары бүкіл машинасының жүріп тұруы мойнында болды. Өйткені гараж меңгерушісі болатын. Аса сенімді адам, сенімді мамн болды. Гараж болған соң, совхоз болған соң оның инженері, бұзылғанды білек сыбанып жөндейтін механигі де болу керек. Олар әрине болды, бірақ

Төлегеннің өзіндей бұзылғанды жөндейтін адам болған жоқ. Ол кісінің үлкен қасиеті қай машина бұзылып тұрса, оның шопыры – Төке, мынау қолымнан келмей тұр,- десе бұл кісі орысша бір қысқа боқтығын айта салады да, барып жөндеп береді, болмаса жарамсыз деталын ауыстырып береді. Төкеннің қолы күректей, әрі сұмдық қарулы. Аңғармаған адам сәлем бергенде байқамаса қолын алғанда уатып жібере жаздайды. Сырмінездер сақтанып қолын әкеле жатып шынтағын беретіндер де болады,әрине, бұлар қалжың, ойынға сүйейтіндер. Төкен ешкімнің қолын әдейі қыспайды, өзі солай қысылып кетеді. Төкен көп сөз сөйлемейді. Залы, іскер адамдар көп сөзге жоқ келеді. Ешқашан кеуде көтермеген адам. Бар қолынан келгенін туған ауылына арнап қызмет қылған адам. Әрине, сол қоғамның басшыларына Төкен жағымды болды, орден, мақтаулар да алды. Бірақ, соның бәрі аязды күні даладағы машинаны қолыңды қарытып жөндегеннің бір сағатына да тұрмайтын шығар. Ол уақытта машина, тракторды жөндейтін жылы жер, гараж болған емес. Жоғарыда бір жерде айтқанмың, социализм ешқашан адамды аямайтын. Тек, жұмыс істей бер? Істей бер? Өтірік ураға жандары сүйсінген бір қоғам еді. Тағдыр шығар, еш адамға жақсылықтан басқа істемеген Төлеген ағамыз бүгін өмірден аттанып кеткен. Егер, сол кезде суықтан қорғанса, жанын аяңқыраса (Сақтансаң сақтаймын деген ғой, аллатағала) әліде болса,дос құрдастарының қалжынымен гүлденіп, түлеп, мына өмірді, бала –немерені қызықтап жүре тұрған болар маеді деп те армандаймыз. Өйткені жақсыны әрине, қимайсың!

Қасымбек ақсақалды көрдік, көп шешіліп сөйлемейтін адам сыяқты көрінетін. Төлеген ағамыздың қасиеттерін айта келе, елдің арқа сүйер азаматы болып өскен Қасымбекұлы Төкен туралы әрине айтамыз. Өйткені ол атын толық атауға тұратын үлкен азамат болып өсіп, жетілді. Қазыр жігіт ағасы. Үлкен атасы Қарағоныстан дарыған жақсылық мұнын бойында бар. Бар болғанда толығымен бар. Ауылына да оның адамына да, Қызыларайдың тау-тасына да жақсылық істегісі келіп жүретін қайраткер адам. Мен өзім сыртта жүргенмен ауылдың адамдарының не бітіріп жатқанын естіп, біліп жатамын әрине. Оның үстіне қазырғы заманның ақпарат құралдары хабар алып тұру мүмкіндігін көбейтті. Сондықтан туған ауылда қандай уақиғалар орын алып жатыр, көбісі маған да мәлім. Басқа-басқа Төкен Қасымбековтың көп мінезі, аңқылдаған жүрегі, адамшылығы өзіме әжептәуір мәлім. Онын себебі: мектепте қатарлас оқыдық. Әрине, бала күнінде бір-біріңе сынап қарамайсың. Үлкен болғанда достасасың ба, қастасасың ба, оны да білмейсің. Өйткені біз онда баламыз. Сынақ өз-өзінен келеді. Сөйтіп жүргенде әскерге шақырылдык. Қазыр қарап, есептеп отырсам, біз әскерге шақырылған жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына он тоғыз жыл болған екен. Сонда Төкеннің өзінің есінде ме екен білмеймін, менін есімде қалыпты: -«Әлі мен баламын деп жүрсем» дегені бар. Қарағоныс немересі Қасымбеков Төкенмен 1964 жылы әскерге бірге шақырылып, бірге кеттік. Сол кезде Отанымыздың жүрегі аталатын Мәскеу қаласында: Сейдуалиев Кәкен, Бәйтенев Төкен, Қасымбеков Төкен, Еркебаев Сатыбалды, Серік деген жігіт- бәріміз бірге барып едік. Сол

уақыттың өзіне елу жыл болған екен. Сол уақыттың оқиғаларының көбі ұмытылып қалуға тиіс әрине. Бірақ менің жадымда едәуір нәрселер қалыпты. Бәрімізді Ақтоғайдан төбесі брезентпен жабылған машинамен алып жүрді. Ол кезде әскерге алыну әлі де көп емес. Сондықтан аяқталғанына 19 жыл ғана болған Ұлы Отан соғысының үрейі халықтан әлі қалмаған болу керек, кейбіреулердің ата-анасы жылап та қалатынын көрдік. Қара күз айы. Суық. Бірақ маған жақсы болды, себебі әкем, маған пимамен тон кигізіп жіберген. Қарағандыға келген соң он тоғызыншы шахта клубы дегенге әкеліп тоғызты бәрімізді. Ауылдан келген, орысша білмейтін... деген сыяқты, біздің ішіміздегі ширақ Төкен болды. Жолда да, Москваға бар жатқанда да Төкеннің ақылдылығымен ширақтығының пайдасын көріп отырдық. Қарағандыға келген соң менің жағыдайым нашарлай бастады, себебі күзде алғашқы жауған қар керемет еріп жатыр, менің аяғымдағы қолапайсыз үлкен ақшыл пима, тонды қойшы, әредік тон кигендер баршылық. Көресінді пимадан көре бастадық. Көшеге шықпай қалай отырарсың. Қаланы бірінші көргеніміз. Етігі барларға қызығасың. Сөйтіп тұрғанда Төкен менің халімді жақсы түсінгенін біліп әлі күнге риза болам. –Әй. Мұқамедқали, –деді, жүр базарға тарттық. Сол базарды тауып алдық, ішінде неше түрлі самсаған дүкендер. Бір нәрсе сәті болайын десе бола кететіні бар емес пе, тіпті ескі етік іздемей –ақ жаңа арзан етікке кез болдық, керзі етіктің сол кездегі бағасынан екі есе арзан жаңа етік тұр екен. Размері біреуі 40, екіншісі 41 екен. Мұның арзан болу себебінің өзі осы екі размерлі болуында болып шықты. Сатушысы мұның сырын өзі айтты. Бұл бізге өте қолайлы бірнеше күнге ғана киюге қажет болып тұрған етікке қолымыз осылай жетті. Киіп көрсек, екеуінің шамалы ғана айырмашылығы тіпті білінетін емес. Аяғымда су сіңгеннен зіл бағпан ауыр болып кеткен менің пимамды көтеріп көріп өзіміздің балалардың бәрі мәз болды. Бұл пиманы әлгі сатушыға тастап кеттік. Оның қалай ұқсатқанын білмейміз, әрине. Менің домбыраға жаным құмар болушы еді. Жас кезімізде өзімізше домбыра жасап та сым шек тағып тарта беретінбіз. Солай келе жатқанымызда бір дүкеннен домбыра да кездесе кетті. Осакаровка фабрикасы шығарған домбыра әрине. Бір айтатын нәрсе, біздің халықтың өнерін алып қалуға дәл осы фабриканың үлкен еңбегі болды, кезінде кім ашты осы цехты, өнерге жаны ашыған біреудің себебі, түрткісі болды ма, оны зерттеу керек, бірақ Қазақстан бойынша бірден-бір домбыра жасайтын осы фабрика болғанын айтқан жөн. Әрине, жасаған домбырасының көбісі сын көтермейтіндей еді. Көбінесе не шалқак, не еңкек болып келіп сөйлемейтін. Бірақ «ілдәлдаға» келетін, жаңа үйренем деушілерге, әйтеуір талаптанушыларға тартуына жарайтын. Тіпті кейде осы фабрика жасаған домбыралардың ішінде сәтті шыққан шешен домбыралар да кезігетін. Бұл фабриканың домбыра дасаудағы мақсаты, мебель жасағаннан қалған ағаш өнім қалдықтарын ұқсату керек болғаннан деп те ойлауға болады. Не десек те, жоғарыда айтқандай, бұл фабриканың еңбегі зор болды. Бірақ, осы фабрикада бірде бір қазақ баласы жұмыс істемеген екен. Оны білетініміз, әскерде жүрген кезімізде тағы көп домбыра алдырып, тартып жүрмек болып, сол Осакаровкадағы фабрикаға хат

жаздық, казак тілінде. Біраз күннен кейін біздің атымызға Воровьев деген фабриканың директорының атынан хат келді, онда: сіздердің хаттарыңызды біз жобалап қана түсіндік, өйткені біздің фабрикада бірді-бір казак ұлтының адамы жұмыс істемейлі, депті. Бірақ, обалы қанша өздері шығаратын домбыраның екі түрі екенін, бағасын, қаласақ, сол ақшасын жіберсек, оларда бізге жіберуге даяр екенін айтыпты...

... Облыстық комиссиядан әскерге жарамдылығымыз анықталып енді жүруді күтіп жүрген кезіміз ғой. Пимадан құтылған оқиғадан кейін енді бір домбыра ала кетпек болып іздедік. Домбыра да кездесе кетті. Дереу сатып алдық. Жама домбыра емес екен. Сөйлеп тұр. Он тоғызыншы шахта клубында қамалып жатқан күндеріміз өте ауыр болды. Не отыруға, жатуға келмейтін орында қысылып отырасың. Адамның көптігі сондай, мыннан асатын шығар. Ол кезде әскерге топырлатып бір-ақ мезгілде жібереді. Түні бойы бір офицер қазырғы поезбен кететін жүздеген шақырылушылардың тізімін атап жатады. Біз құлағымызды тоса қаламы. Өйткені мына сасық ауадан, ыстықтан қысылғаннан гөрі жалдам аттанып кеткіміз келеді. Жоғарыда мен айтқан Ырзық Түйепаев та бізбен бірге еді, бірнеше күннен кейін отбасы жағдайымен деп комиссия оны әскерге алмайтын болып туысқандары келіп алып кетті. Біраз адам кеткенде клуб іші сәл кеңігендей болып қалады. Бірақ бұл көпке бармайды. Жана шақырылып бір жерден келгендермен толығып, қайта тығыздалады. Кейбір селолық Кенестерден шақырылғындар тәртіпсіздік жасаса, уағында келмей қалса оларды клубтан ешқайда жібермейді. Ал біздің балалардан ондай шықпағандықтан тым болмаса күндіз бірнеше сағатқа қалаға босатып отырды. Пиманы, домбыраны осындай сәттерде іздеп алдық. Біздің тобымызға басшы қылып Еркебаев Сатыбалдыны тағайындаған. Бірнеше күн осы клубта жатқан кезімізде Төкен досымыздың ширақты біліне бастады. Тіпті бір жолы осындағы үлкен бастық майорға барып кешке дейін қыдыруға рұқсат алып келді. Содан ресторанға бармақ болдық және бардық. Бұрын естуіміз ғана бар ғой. Ресторан бізге ұнамады. Содан кешке өзімізше қыдырып қайтып келіп, аядай орнымызға тығылып отырмыз. Бұл клубтың іші тым-тырыс деп ойламаңыз. Қанша мықты тәртіп орнатқанмен жастың аты жас емеспе, тіпті қырғын төбелес те болып қалады. Ондайда тамашалап отырасың, өзінше бұл да қызық. Төбелес кезінде гитара шокпар ретінде қолданылып сынып қалып, бірақ сабының төбелесте көп қажетке жарай беретінін осы жолы көрдік. Домбыра бәрімізге ортақ. Өзі де жарықтық қатты қайырымға келіңкіремейтін нәрсе ғой. Сондықтан біз домбырамызды сойыл ретінде әрине қолданғанымыз жоқ. Қайта сындырып алмайықшы деп тығып аялаумен болдық. Дәл осы кезеңде мен күні бүгінге дейін жасасып келе жатқан Төкен деген жас жігітін бойында адамға деген бір жылылықтың, жақсылықтың бар екенін сезгендей болып едім. Кәкен де жақсы, бірақ біз құсап еліпдеп ішіндегісін шығара бермейді. Сабырлықпен отырады. Әйтеуір бір түннің ортасында қалғып, мызғып отырғанбыз... Біздің арманымыз жылдам аттанып кету деп жоғарыда айттым.

Әбден пысынағанбыз кірлегенбіз, бір жақсысы бірнеше күн бұрын жуындыруға апарған. Кәдімгі қалалық монша. Арнайы істелген болу керек, киімнің барлығын ыстық темір трубаға бір-ақ тығып қоясың, соны талап етеді. Моншадан шыкса, әлгі киімдерді алсақ теріден жасалған киімдердің көбі бырысып қалады екен. Басқа жерден келген бір баланың ондатр шапкісі тіпті адам күлерліктей бырысып қалыпты. Себебі, біз моншаға түсуге кеткенде бұл тұрбаларға жоғары температура айдалады екен. Өйткені адам бойына әсіресе кірлеген кезде үйір кішкентай жәндіктерді құрту үшін істелетін байырғы үрдіс екен. Осылардың бәрі бізге қызық сыяқты көрінген. Енді міне түн ортасында клуб сахнасы орнаған биікке шығып тізімді оқи бастағанда мыңдаған адам құлаққа ұрған танадай тым-тырыс бола қалады. Оның мәні бәрі де мынау азаптан құтылғысы келеді. Күннен-күнге үйренудің орнына қиналып, жүдеп бара жатқандаймыз. Қызыларайдан аттанып бара жатқан жетеуімізде арықпыз. Семіз біреуіміз жоқ. Енді тіпті жүдей бастағандаймыз. Бұрынғыдай шай ішу, тамақ ішу деген жоқ. Сыртқа шыққанда әйтеуір асхана кездесе бірденемен тамақтанғандай боламыз. Біз ол кезде қазақы тамақтарға ғана үйренгенбіз, шөп-шалам аталатын тағамдарға үйренбеген кезіміз. Сөйтіп қиналып жүрген күндердің бірінде біздің де аты-жөніміз аталды-ау әйтеуір! Және бір жақсысы бәрімізді бөліп жібермеді. Тан ата трамваймен қазірге дейін Қарағандының көрікті бір архитектуралық ескерткіші болып тұрған Кеншілердің Мәдениет сарайына екі жүз каралы әскерге аттанатындарды алып келді. Қаланың манайындағы немесе қаланың өзінен аттанатындардың көбісінің әке-шешелері немесе басқа туыстары шыңғарып салып жүр. Мына көрікті орынға әкелудің сыры да осыларға әскер қатарына аттанып бара жатқандарды қоллаштау рәсімі екен. Айтылатын белгілі сөз: Отанын қорғайды, бұл қасиетті міндет, әр азаматтың, кеңес Одағындағы әр халықтың ұлының міндеті т.с. дегендей, белгілі әңгімелер. Бізді алып кетуге келгендердің ішінен Гафаров деген ширақ өзбек жігіті сөйлеп, біз оған қызыға қарадық, сол Гафаров әскерге барған алғашқы күндірде біздің взвод командирі болды. Неге екенін кім білсін, үлкен командирлерге жағымды болып жүрген сол Гафаров кейін абақтыдан (гауптвахта) шықпайтын болды. Есімде қалғаны орысша тілге жүйрік, Ленинградтан әскерге дейін техникум бітірген екен. Бізге әрине, бір жағы таңсық та қызық. Өйткені соғыс болып жатқан жоқ. Сондықтан әскерге барудан ешкім де қашпайды. Бірақ, бір қолайсыз жері бар. Ол: мерзімі ұзақ. Бақандай үш жыл. Үш жыл деген аз уақыт емес. Сол кезде екі жыл болатын болыпты деген сөз көбейіп жүрген. Әскерге барып алғаннан кейін алғашқы қиындықтарға төзе алмай, алдағы үш жылды ойлағанда тіпті өтпейтіндей болып, радионың түбінде «екі жыл болады» деп айтар ма екен деп отырған күндеріміз де болды.

Домбыраның әңгімесі әлі біткен жоқ. Ұбалып-шұбалып поезға мінгеннен кейін біздің домбырамызға қызығушылар көбейді. Ана вагон да, мына вагон да тарта тұруға алып кетеді. Себебі: бара жатқандардың көбісі казак

балаларымыз. Тіпті поезд бастығы жасамыстау подполковник эшелонда концерт те бергізді. Ол кезде интернационализм деген, ұлттар достығы деген айтылатын. Бірақ, көп-көптігін істемей қоймайды. Ол заманда әскерге шақырылып бара жатқандардың баратын жері құпия болады, оны ешкімге айтуға болмайды. Тіпті қайда бара жатқанын білдірмеу үшін, поезд «із тастап» та жүреді. Неге екенін кім білсін, ол кезде көп нәрсе құпия болатын. Әскердің алғашқы күндері-ақ мемлекеттік құпияны қатаң сақтау, империалистерге сырымзды білдірмеу жөнінде лекциялар болып, ығыр қылатын. Оны айтасын анда-санда «увольнение» деген болады, тәртібі жақсы солдаттарды қаланы аралап, қыдырып келуге таңертеңнен кешке дейін жібереді. Соның өзінде -Москвада әрбір төрт адамның біреуі шетелдік болуы мүмкін, сондықтан абай болындар, олармен жақын танысудан қашындар, силық ұсынса алмандар-деген сыяқты үгіттерін айтып тағы бас қатыратын. ... Сонымен Қарағандыдан аттанып, кеттік. Поезд бірнеше сәтке жүріп келеді. Қай жерге бара жатқанымызды бізді басқарып жүрген сержанттардың өзі де айтпайды.

...Қарашаның аяғы. Қара суық соғып тұрғанына қарағанда әрине, біз оңтүстікке кетіп бара жатқан жоқ сыяқтымыз. Мен өзім оңтүстікке барғанды қалағым келген. Бірақ амал не. Түн ішінде бір станцияға келіп тоқтады поезд. Асығыс түрде жиналуға команда болды. Поездан түссек күздің суық жаңбыры төпеп тұр. Біздің қайда келгеніміз осы кезде ғана мәлім болды. Москваға кіреберіс -Карачарова деген станцияға келіп түсіппіз. Сапқа тұрғызып жатқан бетте домбырамыз ойымызға түсті, ешқайсымыздың қолымызда жоқ. Алдында ғана ел сұрап мазалай берген соң, астыңғы полкаға салып тастап еді. Көрініп тұрмаған нәрсе қапелімде қалып қойған. Біз домбырамыздың жоғын білгенімізше поездда жүріп кетті. Енді не істей аламыз. Өзіміз сапта тұрмыз. Сонымен сол домбырамыз-жақсы сөйлейтін еді, бірнеше күн ғана жолдас болып кете барды. Бізді полковник Гончаренко деген басқарған офицер, командирлер тобы қарсы алды. Отанымыздың астанасына «хош келдіңіздер» деген шын ниетті сөздерін толғаныспен айтып жатыр. Бізде Москваға келгенімізге қуандық. Содан үш жыл әскери қызметімізді жақсы өтедік. Кейіннен басқа бөлімдерге тарап кетсек те бауырмал, адамға жаны ашып тұратын Төкен Қасымбеков біз қайда жүрсекте іздеп тауып алып, келіп халымызды біліп тұратын еді. Әскерден қайтатын мезгілде де бәріміздің басымызды қосып бірге алып қайтпақ болғаны есімде.

... Қазырде Қызыларайдың арқа сүйер азаматтарының алдында болып жүрген Төкенге алла қуат берсін, дос-жарандардың, бала, немеренің қызығын көп көре берсін, - деген тілегім айқын. Ол ауылда небір бітуі қиын шараларға араласып кетеді. Ел де біледі, оның Төкенсіз бітпейтінін. Ақылы бар, сондықтан да алымды-шалымды адам болып қалыптасты. Кеңестік дәуірге де көп еңбек қылды, көп орден, наградалар алды. Елдің құрметіне бөленді. Не үшін? Өзінің биік адамгершілігімен, жақсы мінезімен, жақсылығымен.

Төкеннің інісі Төлеубек те жасында ерке болды. Тентектік, сотқарлық сыяқты жастықтың қызба қасиеттері оның бойында болған. Бірақ, ақылы бар, кейіннен жақсы азаматтардың біріне айналды. Төлеубектің өзі қазір жігіт ағасына айналған. Бұл ұрпақтың қыздары да тәрбиелі. Жаңагүл қалап қосылған жары Жәңгірмен бірге мағыналы өмір сүруде. Күйеу бала Жәңгір де ақылды, пайымды, өте ұстамды жігіт екенін білемін. Өзіннен кейінгілерді көріп қартайғаныңды білесің демекші, Төлеубек інімізде анада-санда көрісіп қалғанда (мен Қарағандыда, ол Балқашта) әрине, ыстық көрінеді. Тишыман екеуінен өрбіген Әуелбек, Нұрсұлтан аты азамат балалары өмірге құлаш сермеуде. Жалпы Қарағонысовтар әулеті дұрыс жандар. Шыныбай әкеміз де елдің құрметті адамы бояды. Өтірік айтпайтын, бірбеткейлігімен елдің мысалына айналған адам еді. Кейінгі жылдары Қарағандыда тұрді. Ұрпақтарының Ғосман, Ғомар бастағандары сол қалада. Айтпақшы Ғомар біз әскерден келгенде ауылда жоқ екен. Себебі, Теміртауда тұрады екен. Мен өзім елу жылдан кейін кездестім де алыстан танып,: -Ғомар,-деп айғай салдым. Жасында сүйкімді бала болатын. Хайдар ағамыз ауылда жақсы тұрмыспен күн кешіп жатыр деп естимін. «Әрбір адам әлемге тен» депті бір дана. Сондықтан әр адам туралы кітап жазуға болады. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деген даналар. «Жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деген және. Мен өзім адамның жақсылығын іздеймін. Сол жақсылық, бауырмалдық Қызыларайлықтардың бойында көп болса екен деймін. Жақсылықты іздейтін себебім, оны паш еткім келеді. Жамандықты іздемейтін себебім, ол байғұс-сен іздемесең де өзі-ак көрініп қалып жатады. Адам баласының бәрі бірдей дейміз. Бірақ, адамды жаман, жақсы қылатын мінездің артықшылығымен кемшілігі екенін елдің көбісі біледі.

Қазыр арамызда жоқ, кимас ұстазымыз, ағамыз Қызыларайдың ең шешені, білгірі, жақтырмаса кім болса да сөйлеспейтін зиялы Төлтай Мақсұтовпен бертінге дейін оқушы қалпымызды сақтап шүйіркелесе кете алмайтынбыз. Қарағандыға келген соң арақидік ол кісінің емеурініне қарап суыртпақтап сөйлесетінді шығардық. Аталары Байсақал, Таңқара, Асқазан, Сарықасқа, Қарағоныс, Қанқожа, Ахметжан, Шоң туралы көңілі түскенде әңгімелер айтатын. Әрине, сол кездегі үлкендерден естіп қалғаны. Негізінен «Асқазан» жорта атауы ол кісінің аты Байсақал екен-дейтін. Сол өңірдің алдыға ұстайтыны Қарағоныс екен. Ол батағөй, бір жағы шешен де адам көрінеді. Бір ауылдарға барғанда Қарақонысқа бата жасауға астан соң емеуірін білдіргенде ол кісі, інісі болып келіп, есе тимей, әр нәрседен құр қалыңқырап жүреті Байсақал үлкендерге өкпелеген сынай білдіріп жүрген. Осыны ескерген Қарағоныс: -Байсақал, осы жолы саған рұқсат, сен бата бер асқа! деген. Сонда бұрын мұндайды көрмеген Байсақал сасқалақтап жан-жағына қараса жүгіріп жүрген бала көрінбейді, қолын жайып жіберіп: «Е, аллатағала бұларға бір бала бере гөр! деп бата беріпті. Әлгі кісінің батасы қабыл болып жылға

толмай сол үйдің әйелі ұл тауыпты. Жапсар отырған ел болса керек. Сол адам былтыр қонақ болып кеткен бұларды біреуін де қалдырмай түгелдеп шақырып ұлан-асыр той жасап үлкен сый-сияпатпен қайтарған. Төкен айтатын: «Әттен кезінде сендер түгілі, сендерден мүшелге жақын үлкен болып ескі көздерді көп көрсек те әңгімесін көп ұқлаппыз. Оның себептері де көп. Бір жағы колхоз деген адамның бәрін иі қылып жіберді. Екінші себеп: әрнәрсемен әуре болып жүрген сыяқты көрінген біздерге үлкендер әңгімесін қор қылғысы да келмеген болу керек».

Қызыларайдан шыққан діни адамдар...

-Қарқаралы уезінің ең ілімді молласы Садық молла деген кісі болған- деп әңгіме өрбітетін, Танаттың Разағы. Бұл кісі Ақбайдың Жакыбының немере інісі. Оқыған, мұғалім болған адам. –Рақымжан молла Ақбайдың Ыбырайының қолында ұстаған молласы болған. «Қолында ұстаған» деген сөз барлық діни жоралғы, тұрыптарды да атқарады, балаларды да оқытады. – Рақымжан молла қара тілдің шешені еді,- деп еске алып отырушы еді, Разақ ақсақал. Осы кісінің атап отырған Садық молла –Қызыларайдың тумасы, сүйегі Ойран таудың баурайындағы Көлденен тау етегінде жатыр. Жалғыз бұл емес «Ақбейіт-Көпбейіт» аталатын зиратта Сейфи молла, Көпбай молла сүйектері де жатыр. Жанылыс болмаса, Рақымжан молла-Ақжарық басында жерленді ме екен?. Ол кісілерді біз көрген жоқпыз естідік. Көпбай молланы көрдім, 1951 жылы Байтілеу қыстауында тіпті жанында еріп те жүрдім... Ол кісі елуінші жылдардың ортасына қарай қайтыс болды. Иісі Қызыларайда ілімді адамдар баршылық болған. Өзіміз көрген Иісбек молла, Қасымжан молла, Нығметолла жожа, Ақылбек молла, Нұржанұлы Біләл, Әбілқайыр, және Ақыш деген кісі болды. Бұлардың көбісі -Ақыштың ілімі көбімізден артық,-дейді екен. Несібелдінің Ахметі -Мұқтасардың тоғыз кітабін бітірдім, дегені есімде қалыпты. Балапанов Зияда да Мұқтасарды бітірген дейді. Өмірзақов Мұқтар да ілімді кісі-бірақ «ұстамаған» деседі жұрт. Осылардың ішінде менің сауатсыз кезімде өзіме ұнайтыны Ақыш атамыз еді. Мінезі өте жұмсақ, (бұл кісі туралы, оқушының есінде болса кітаптың бас жағында айтқан жеріміз бар), көп ештеңеге араласпай өзімен өзі болып жүретін. Ұлы Отан соғысына қатысқанда тұтқынға түскен. Содан Францияда тұтқындар лагерінде отырған. Мұстафа Шоқай тараттырған құран кітапті аялап сақтап елге жеткізген. Осы үшін бертінге дейін көп қудаланған. (Ақыш қазырғы Қызыларайдан шыққан жас ғалым Бақытжан Кәдірұлының туған нағашысы). Осы жоғарыда айтылғандардың ішінде Ақыш атамыздың қирағаты ұнаушы еді. Әбілқайыр молланы да жас кезімнен білдім. Себебі, бұрын бөлек колхоз болған Еңбек-Ыстыбұлақ деген ауылдан әкеміздің мамандығы малшы-қойшы болғандықтан жайлауда сол ауылға ылғи жақын отыратынбыз. Содан әкеммен көп араласып жүретін.Бұл кісі де халықтың имамы болып көп жақсылықтарымен елдің есінде қалған кісі. Артында Қапас, Әшімтай балалары да халықпен араласып өскен, атадан қайырым үлгісін бойын:

сіңірген азаматтар болып өсті. Әсіресе, Әшімтайдың әр нәрседен мол хабары бар, ізденіп жүретінін айтқан жөн. ...Нығметолла қожа елге аңыз болып кеткен адам. Сол кезде естуімізше, бұл кісіге тамыр ұстатуға Қазақстанның барлық жерінен адамдар келеді-деп жүретін. Ал өз ауылымзда бұл кісі тамыр ұстап сырқатты айырғаннан кейін Қасымжан моллаға жібереді екен, өйткені дәріні сол кісі жасап береді, деседі жұрт. Ақылбек молланы жасымнан білемін. Сөз ретінде айта кетейін: Бұл кісінің Тұрсынтай деген баласы халыққа жағымды азамат болып өсіп еді...Ақылбек молла кезінде кеңес үкіметінің қамқорлығы арқасында көрешекті көрген адам екен. Сол үйдегі Несіпбала шешейден естіп едік. Несіпбала Омарқызы деген шешеміз айтуынша Семей жақтікі болса керек. Кезінде қалың беріп алған. Жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде алыс Сібірге, тәркілеп балашағасымен жер аударып жіберген. Кейін елге қайтпак болып сонау Амударияны кешкен. Сол қиын сапарда бес баласы бірдей көз жұмған. Есімде қалғаны елуінші жылдардың бас кезі ғой деймін. Қай жерде екенін ұмытып қалдым, әйтеуір жайлаудамыз. Ақылбек ақсақал жалғыз ұлы Тұрсынтайды – Қарағанды қаласында тұратын бауыры Қуанышбектің үйіне жатып оқытуға апармақ болып, ат жегіп сапарға шықпак болды. Елдің бәрі шығарып салып тұр. Олар арбаға отырып жүріп әудем жерге барғаннан кейін арба тоқтап көп тұрды. Ауылдағы ел- көз ұшында арбаның шықпай жатып мұнша неге бөгелгенін қалай жорырын білмей тұр. Бір уақытта арбадан бір қара бөлініп шығып ауылға қарай салды. Жакындай келе караса, жана ғана кеткен Тұрсынтай. Қарындасы Ләззатты қимай, былай шыға жылап , болмаған соң әкесі үйге қайтарып, өзі әйтеуір шыққан соң сол бауырына барып қайтпак болып әрі қарай кетіпті. Сөйткен Тұрсынтай кейін ешкімнің көңілін қалдырмайтын, нағыз ел адамы болып ержеткен. Тұрсын деген өзі сүйген қызға махаббатпен қосылды. Өкінішке қарай өмірден ерте озып кетті. Артында Бекболат, Перизат деген ұрпақтарын білемін. Бекболат та белгілі азамат. Нұрбек Әбдіұлы деген әжептәуір моллалығы бар адамның да кешкен күйі осындай болған. Ол кісіде қуғынмен, отбасынан түгел айырылған екен. Бертінде Әлкен деген ұлы бар еді, өмірден ерте көшті, артында қалған жас балалары бар еді, бүгінде ержеткен шығар... Қарап отырсаңыз Кеңес өкіметінің қуғынының зардабын тартқан халық Қызыларайдың өзінде көп-ақ. Оның бәрін түгендесең он томға симас деймін.

Жалпы кеңес уағында бұл кісілердің бәрі тұйық мінезбен жүретін. Аса ашылып, жиындарда шаріғат жолдарын көп айтпайтын. Оның мәні белгілі, қудаланудан қорқады. Бұларды қудалайтын өзімздің халықтан шыққан «шенеуніксымақтар», әйтпесе моллаларыңды неге жазаламайсындар деп келген орысты ешкім көрген жоқ. Осы жерде бір еске сала кетейін, орыс халқы христиан дінін ұстаса да біздің халыққа қарағанда әлдеқайда діншіл екеніне сан рет көзіміз жетті. Сондықтан бұл халықтан шыққан шенеуніктер дінді қудалауға құлықсыз болып келеді. Осы жоғарыда мен атын атап отырғандардың ішінде аты сол уақыттың аңызына айналып кеткен Иісбек

молла. Бұл кісіні «жынның ақ мылтығы» деп атаған. Шынында бұл кісі Орталық Қазақстан аймағында керемет ілімді адам ретінде бертінге дейін халықтың аузында жүрді. Қызылшырайлы келген толық денелі адам еді. Бұл кісі туралы көпті көріп, көп тоқыған адам, қазыр Балқаш қаласында тұратын Рамазанов Қабылбек дейтін көзі қарақты адам кітап та жазды. Сондықтан да бұлкісі туралы шамалы ғана, бір-екі эпизодтық әңгімеге тоқталмақпын.... Қарқаралыда жүргенімде менін Қызыларайдың тумасы екенімді білген Базыл деген кісі қоярда қоймай үйіне шақырды. Болмаған соң баруға тура келді. Бұл кісінің алғашқы сауалы: иісбек молланы білесің бе? Болды. Мен әрине, көргенімді, тіпті әкемнің жанында тұрып, сәлем де бергенімді айтып бердім. Сонда ол кісі: -Жасың кіші ғой, мен осы кісінің бір кереметін өз көзіммен көрген кісімін, соны өзіңе айтып келесі ұрпаққа жете берсің,-деген ниетпен өзінді шақырып отырмын. Өйткені бұл әңгімені көпке айтпаушы едім, көшеде, не басқа жерде тұрып ат үсті айтуға қимай, өзінді кәдімгідей, сондай адам шыққан қасиетті ауылдың баласы ғой деп шақырып отырғаным ғой,-деп бір қойды.

-Жастау күнімде өзім көзім көріп, тіпті ішінде болдым-ау, - деген бір оқиға ойымнан кетпейді,-деді Базыл ақсақал. Осыны өзіңе әдейі айтайындеп шақырдым десем болады. Елуінші жылдардың басы еді, деп сөзін сабақтады Абзекен. Қарқаралыға азғана полуторка машиналардың орнына «ЗИС» деп аталатын тәп-тәуір машиналар келе бастаған кез. Осының өзі құлазып тұратын көшелерді көркейттіп жібергендей болған. Бензиннің иісін мұңкітіп көшеде божылдатып өтудің өзі көңілге мақтаныш тудырғандай. Мен бір мекеменің осындай жаңа келген машинасын айдадым. Күнде керемет жұмыс болып жатпайды, көбінесе біреу сұрап алып, соның жұмысына барып келу сыяқты үрдіс көп. Бір күні машинамыз күжілдетіп конторыма келсем, бастық жанында бір адам бар. күтіп отыр екен.Бастық бізден әлдеқайда үлкен кісі. Өз байқауымша халықтың мұқтаждығына жаны ашитын кісі еді. Сәлемді алар-алмастан: -Базыл, мына кісінің үйінде ауырып жатқан адамды Қызыларайға апарып келесің,-деді. Тап қазыр, керек бензин, сайманыңды түгеледеп алып жүріп кет,-деп бірақ қайырды. Әлгі кісі менің жаныма отырып аядай Қарқаралы ғой, үйіне келдік. Керемет әдемі қыз екен, жасы он сегіздерде. Сол елірмелеп ауырғанына бірнеше күн болыпты. Маңайдағы қожа-моллаларға үшкірткен екен, ем қонбапты.Енді елдің айтуымен Қызыларайда, Кеңасу деген жерде Иісбек молла деген адамға апару керек, соңғы үміті осы болса керек. ...Қыз ауыруы ұстағанда есін білмей, үсті басын жұлып тастайды екен. Бір сәтте қараусыз тастауға келмейді. Өйткені нағыз жынды деген осындай-ақ болар. Өйткені екі жағында екі адам байлап, ұстап мінді. Себебі, иен далада түсе қашса қалай ұстарсын. Машинаға мінгізіп жатқанда көзім түсті, қыздың шашы тірсектен төмен түседі екен. Әдемі қараторы қыз. Бірақ, өңі қисайыңқырап бұзылғаны да байқалып тұр. Сонымен дереу оңтүстікті бетке алып жүріп кеттік. Жүз шақырымнан артықтау ауыл екен, тоқтамай жүріп күн еңкейе әлгі ауылға келдік. Біздің көңіліміздегі күдік: іздеп келе жатқан

адамымыз үйінде ме екен. Әйтпесе, қалай болады, оны әлі пайымдаған жоқпыз. Өйткені мындай халдегі адамды қайта оған көрсетпей қалай алып қайтамыз. Қыздың әкесімен ғаасының да менің көлімдегі мазалап келе жатқан сұрақтар осы еді. Иісбек молла ауылда екен. Қызылшырайлы келген, өнді толық денелі, шалбарына аспа бау тағып жүретін адам екен. Біздің жағыдаймызды бірден айтқызбай-ақ біліп тұр екен.

Ол кісіні көріп көңіліміз орнына түскендей болды. Бөлек бір үй бар екен. Соған кіргізіп оңаша алып қалды, біз тыста болдық. Екі сағаттар мөлшерінде молла тысқа шықты. -Қазыр ұйықтап жатыр,-деді. Таңертең бірақ тұрады. Жанында демалуларыңызға болады. Содан көп тамақ ішкісі келеді, оны жасатып қоярмыз,-деді тағы. Алла қаласа сау күйінде өздеріңізбен қайтады-деді. Біз таңғалып қалғандаймыз. Қысқартып айтайын: байлап әкелген әлгі қызымыз ертеңіне түк болмағандай жайланған, жадыраған күйі бізбен жазылып қайтты. -Қазыр осы қалада балалы-шағалы көп әйелдің бірі болып өмір кешуде -деп, Базыл әңгімесін аяқтады...

Шынында Иісбек молла ислам ғылымының тәуіптік саласын терең игерген адам болуы тиіс. Арқа өңіріне «жынның ақ мылтығы» ретінде атағы шыққан. Кезінде Ұлы Отан соғысы баталар алдында бұлкісінің зікір салатын ауыл адамдарының ыңғайы барларынан жинаған жігіттер болған. Соғыс басталған соң оның көбісі әскерге алынып кеткендіктен бұл ісі тоқырап қалса керек. «Зікір» салушыларды қазырғы түсінікпен айтсақ ғалымның «ассисенті» деп айтуға болады. Өйткені психикалық ауруларды емдеу бір қолайлы сәттің ісі сыяқты. Оны басқа сырқаттар сыяқты ұзақ-сонарға келмейді деседі. Зікір салушылар болмаған жағыдайда бөгде адамдарды да көмекке тартатын кез болған. Осындай бір болған оқиға жөнінде жоғарыда атын келтірген белгілі адам Төлтай Мақсұтовтың бір әңгімесін бірнеше рет естіп едім. Өйткені бұл да болған оқиға. -Қарқаралы педтехникумында оқып жүрген кезім-деп бастаған Төтең. Жазғы демалысқа ауылға қайттым. Үйде жалғыз шешем ғана бар. Ауыл жайлауда, Кеңасудан алыс емес жерде. Елуінші жылдардың бас кезі. Ауылда той болу деген үлкен қызық ол кезде. Рахманұлы Сәбет деген ауылдас жас жігіт үйленетін болды. Бұл қуанышты хабар біздің құлағымызға жылы тиіп, дәл сол күні кешке баруға даярланып жатқанбыз. Мен сыяқты осы ауылда тағы бір-екі жігіт бар еді. Оншақты шақырымға жарысып бару үшін құнан-дөнендерімізді жаратып та отырғамыз. Дәл сол күні таңертең -молла шақырып жатыр-деп ауылдың бір баласы келді. Дереу бардым. Менің артымша әлгі екі жігітте шақырылған екен, олар да келді. Иісбек молла біз үшін үйреншікті адам болып кеткен. Ол кісіге анау келді, мынау келді деген әңгімелер біздің құлағымызға бірде кіріп, бірде кірмейді. Өйткені үйреншікті болып кеткен, кішкентайымыздан көріп өсіп келе жатқанбыз. ...Сонымен ол кісінің алдына барып есіктен кіре: -Ассаламуғалейкум,- деп сәлем бердік. Түзу сәлем беруді әрине, осы ауылда тұрған соң дұрыстап үйренгенбіз. Жалпы діни шарифаттан да бұл ауылдың балалары құралақан емес. -

Уағалейкумассалам, деп әрқайсымыздың қолымызды алғаннан кейін, - Сендерге бір қолқа салайын деп едім,- деп мол денесін бір қозғалтып қойды. - Бүгін, біліп отырмын, бір сырқат ауыруды біреулер әкеле жатыр, бұрынғыдай зікірші, көмекші-шәкірттер жоқ. Халықтың мұқтажы оған қарай ма, шырақтарым бүгін маған біраз көмектерің керек болып тұр, себебі ауру адамға жындар келген кезде, оған ие болып тұрмасаң жындар күшейіп кетіп өзінді сабап кетеді, одан кейін ем қонбайды,- деді. Біз көнбедік, жаз бойы болайын деп тұрған тойға бармасак болама? Ол кісі өтінішін қайталаған жоқ. Біз түс ауа тойға жүріп кеттік. Таң ата қайттық білем... Түске қарай оянсам апам «енді тұрып қалар» дегендей шай қамдап жүр екен. Шай артында апам: - Барындар да ештеңе білмегендей сәлем беріндер-деді. Өзі айтпаса сендер ештеңе демендер деп, және қосып қойды. Бір бәленің болғанын сезгендей өзімізді кінәлі санап, үшеуміз басымызды қосып молланың үйіне келдік. Бәйбішесі үйде көрінбейді, ол кісі бізге апай болып келетін. Біздің тіл алмай кетуіміздің өзінің арғы жағында молланы «жезде» тұтынған еркінсу де жоқ емес. Кіріп келсек әдемі жүзді, қызылшырайлы бұл кісінің бет аузынан бастап көкала қойдай екен. Бірақ бізге кейігенін ешбір білдірген жоқ. Тек «әй, балалар-ай» деді де қойды. Кейін білсек, әлгі ауру адамды алып келген екен. Әкелген екі адамды зікіршілер қатарына кіргізіп қойып, молла емдеуге кіріскенде, бұлардың арпалысқан ауру үлкен денелі жігіт екен, жындардың күші асып кетіп ауруға ие бола алмай өздерін сабап кеткен екен. Елдің айтуынша ол ауру енді жазылмауы тиіс. Өйткені ем осындай сәтсіздікке ұшыраған дейді.

...Иісбек молла халықтың осындай ауруларын емдеуде халық көңілінен орын алған адам. Қазір Кеңасудағы шағындау зиратта дамылдап жатыр.

Әсқан ата хикаялары

Кеңасу аймағында Әсқан деген атамыз болды. Төртбақ денелі қарулы адам екені көрініп-ақ тұрады. Соғыс кезінде жасы келгенмен –засында бетін шешек бұзып кеткендіктен соғысқа алмаған. Әсқан ауылда қалғанмен көп тауқымет, бейнетті көтеруіне тура келген. Өйткені бастықтардың мұндайларға сөзі даяр тұрады: «Әске, өзіңіз білесіз, ер-азамат майданда, мына фашест деген пәлені құртамыз,-деп жатыр, елдегі жұмысқа, қатын-қалашқа сіз баскөз болмасаңыз болама,-дейді екен. Амал бар ма, Әскең ұяты, ары мол адам-не айтсада салпақтап жүре береді екен. Жүре бермейді, өзі қарулы адам, тапсырылған жұмысты атқарып келеді. Бірақ, колхоздың жұмысы бітеме?. Сөйтіп жүргенде Әскеңді «стахановшы» атап, өзін қоярда қоймай партия қатарына өткізеді. Ондағы есептері Әскеңнің жұмысын бұрынғыдан да көбейту болмай не болмақ дейсіз. Олардың үрдісі қылдан тайып кетсең «өзің коменессің, бұның қалай» деу ғой. Оқымағанмен көңілі зирек Әсқан да оларды бұл айласын сезсе керек. Бірақ сендердің сырларыңды білдім» деп қайтып айтып. Әсқан жасында еркелікпен оқымаған. Өйткені әкесі Әмір

болыс болған кісі. Әсқан қазақы тәрбиенің бәрін алса да, оқу оқымапты. Бірақ көңілі зирек екендігін бертінде менің өзім көрдім. Былайғы- адамға момын көрінгенмен, ашуы қатты сыяқты. Бірақ, боктап жүргенін ешкім естімеген. Осы Әскеңнің қылықтары жөнінде қалған әңгімелер баршылық. ...Соғыс орталап қалған 40 –жылдардың ортасы болса керек. Жаз айы. Жұрттың бәрі, бас көтерер әйел, бала шөп шабумен оны жинап алу үшін жанталасуда. Өйткені пішен аяқтала егін жинау келеді.Майданға астық тапсыру керек. Сорлы халық соның бәрін жылап жүрсе де атқарады. Әскең бір пішен қосында шөп үйіп жүрген. Әйелдерді аяп шағын маяның төбесіне өзі шыққанн. Әйелдер жерден балауса исі мүңкіген жонышқа аралас шөпті айырылап биіктегі Әскеңе қарай тастап тұрған. Алсытан екі атты көрінген. Ол уақытта екі күннің бірінде өкіл келетін болған. Бәрінің айтатыны, майданға көмек, жеңісты жақындату, жұмысты аянбай істеу деген үндеулер болып келеді. Ол кезде жиналыс демей митингі десе керек. Ол-- өкілдер «жаудан пәлен жер босады, түген жерге жауды қуып жетіп қалды» деген әңгімелерімен жұртты қуанта отырып, ақсап жатқан жұмыс болса , жұмысшыларды сөгіп, қорқытып-үркітіп кетуге де шебер болса керек. Жақындағанда көрінген екі аттының біреуі басқарма мүшесі де, екіншісі аудандың партия комитетінің бюро мүшесі «пәленше» деген кісі көрінеді. Жолда келе жатқанда әлгі басқарма мүшесі, Әсканды жамандаса керек. Өзін стахановшы ғылып көтермелеп партияға да өткізіп едік, бірақ мінезі мойыс, өз айтқаны болмаса тілімзді алмайды, осыны бір жөнге келтіріп берсеңіз» деп тілек қылған екен. Өйткені әлгі «бюро мүшесінің» әпербақан мінезін басқарма мүшесі де білетін сыяқты. «екеуінің қызығын көрейін» деген ойы да болу керек. Өмірде қандай жағыдайда жүрсе де қалжағын тастамайтын адамдар болады. әлгі басқарма да сондай болуы мүмкін. Күн сол күні желтендеу екен. Жақындай келе амандықтың орнына бас изегенсіген екі бастық аттан түспей тұрып-ақ өкімін жүргізер сөздерге ерік бере бастайды. «Мая шошайып үйілмеген, мұның арты жақсылық болмайды, себебі жауын жауса ортасына су өтіп, шөптің астын жайлап шірігіп жібереді» деген сыяқты сөздерді түйдектеді. Әскең өзі жұмысты жақсы атқаратын адам деп жоғарыда айтқанбыз. Үйілген мая бұлар айтқандай тіпті де жатаған емес екен. Бұлардың «сыныққа сылтау іздеп өзіне тиіскісі келіп тұрғанын, жол бойы мұны жамандап келген басқарманың қылығын жақсы түсінген Әскең жоғарыда: -- Жел, түк естіртіртпей тұр, қазыр жерге түсейін,-деген. Оның түскісі келгенін қимылынан сезген әйелдер-айырларын әр жерге шанышып Әскеңді биік маяның үстінен түсірген. Бұл мезетте әлгі екеуі де аттарынан түскен. Екі аттың ауыздығын алып балаусаны қарш-қарш шайнауға кіріскен екен жануарлар. ...Әсқан жерге түсті. Тер көзін жауып кетті. Басында ескі, сімілтірі қалған бөрік. Зады, тершен адам болатын. Өмір бойы жұмыс істеп келеді, міне жасы қырықтың жуан ортасында болса да кара жұмыстан рақат күй кешкендей жүретін. Жұмыстан босағанда анда – санда қапан көріп келуге бару керек. Әйтеуір Қызыларайдың арқарына өзі жарналас сыяқты. Тым болмаса аптасына бір арқар әкеліп жатады. Бұл кісінің басқадан ерекшелігі Қызыларайдың тау-тасын мұндай білетін кісі жоқ шығар.

Ес біліп етек жапқаннан бері осы тау маңында өсіп келеді. Қақпанға түскен арқардың арқасына мініп те көргені бар. Керемет қарулы аң, мұны лақтырып жібергенде әйтеуір мертлікпей қалды. Бір күні қақпан көріп келсе –қақпанды сүйретіп кеткен екен. Шұбырынды ізбен келе жатып бір қиын сайға кіргенін аңғарды. Өзі қанша таумен тасты аралып жүрсе де мынау сай бөлек сыяқты. Түртпектеп келе жатса алдында суырдың інінің көлемінен сәл кендеу үңгірге кездесіп қалды. Басын сұқса ар жағы кең сарайдай. Бұған таң қалған Әсқан тереңдей берді. Алдынан үлкендігі қырық елу атты адам сиғандай ғажап табиғи сарайға кез болды. Тіпті іші аса қараңғы емес сыяқты. Жарықтың қай жерден келіп тұрғанын аңғара алмады. Кенет... көз алды жарқ етті, алдына қараса текше тас кенересінде үлкен тауықтың жұмыртқасындай қаланған алтынды көрді. Біреуін қолына алып ұстап көрді. Әсқан алтынды жазбай таныды, кезінде болыстың бәбішесі болған анасының қолында сом алтын білезіктер болатын. Не істерін білмеді, ойында қақпан сүйретіп кеткен арқар. ...Мұны керек болса кейін алармын, деп ойлады, Әсқан,-онанда арқарымды ұстайын. Сонымен жұмыртқадай алтынды орнына қоя бергенде жерге домалап кетті. Оған қараған Әсқан жоқ. Ойын арқар билесе де, шұбырындымен келе жатып, алтынды ойлады. ...Үлендер айтып отыратын аңыз есіне түсті. ... Ертеректе қалмақтар осы өңірді мекендеп тұрып кейін қазақтар соғысып, жеңіп қуғанда олар, кейін қайтып ораламыз деген оймен қазыналарын, алтын-күмістерін тығып кеткен екен деп. Сол- рас болды ғой, деп ойлаған Әсқан көп кешікпей аяғы мылжаналуға жақындаған арқардың үстіне түсті. Басын лақтырып тастап құлжаны сойып алып қайтқан. Алтын көпке дейін есінен шығып кетіп, кейін бір оралып соғайын деп жүргенде соған уақыты да, қызығушылығы да болмаған. Кейін жылдар өткенде бір іздеп әлгі жерді таба алмаған. «Алтын көшпелі болады, деген рас шығар», деген де қойған...

... Әсқан маяның үстінен жерге түскен бетінде бастықтарға жақындаған. Терлеп әлем-тапырық болған түрі, төртпак денесінен өкілдер сескеніп қалғандай. Бұл жақындап қолын ұсынды. Сәлем қазақтың әдетіне де айналып кеткен нәрсе ғой. Олар қолын солғын ұсынып тұрғанын байқап мұның ашуы келді. Екеуін тапжылтпай жағаларынан ұстап алып бір-біріне бастарын түйістіре :-үррит соқ, үррит соқ,-деп бала күнінде қошқарды сүзістіргендей сүзістіріп қоя бере салып еді. Екеуінің де есі шығып түсі бұзылып кеткен екен. Баспалай барып, бұған бірауыз үн қатпастан аттарына мініп жатты. Әсқан бір қараса екеуі құйғытып шауып кәдімгідей қашып бара жатыр екен. Әсқан оларға қарап тұрып мырс етті, ...мықтысын бәлемдердің,-деді.

Осы оқиғаның аяғы немен тынғанын айтпасақ болмас. Бюро мүшесі ауданға шауып болған оқиғаны бүкпей хатшыға баяндаған, намысы бар адам болса әрине мұны бүгіп қалар еді, бюро мүшесі болған болып, хатшыдан бұл коммунистің мәселесін қарап ісін сотқа жіберуді талап еткен сон, хатшы Махами Яхин деген халыққа жайлы, ақылды, білікті адам –амалсыздан

бюроға шақыртады- Донақов Әскан деген коммунисті. Күн тәртібі: бірақ нәрсе – осыпартия мүшесінің һәм стахоновшының партия мүшесіне жатпайтын, сымсыз қылығын қарау. Әскенді тығыз шақыртады. Әрине, «кеңес өкіметінің құрығы ұзын» бармай қала алмайды. Не мініп барады, онда ешкімнің шаруасы жоқ. Аудан орталығы Ақтоғай. Ол кезде Қоңырат ауданы деп аталса керек. (Айта кетейін кейінгі мұрағат деректерінде ертеректе бұл аудан құрылғанда большевик-Андреевтың атымен аталсын, деген қаулы алынып, ол сол кездің үрдісімен облыста да бекіпті. Бірақ республикадан кейін қайтыпты. Себебі: «үлгірмей қалдыңдар» десе керек. Талдықорған облысының бір ауданына Андреев аты беріліп қойған екен. Екі ауданды бірдей атап жіберуге ұялған шығар). Ауданға дейін сексен шақырым. Әскан сыяқты адам, әрине, тіке жолмен баруы керек, соның өзінде алпыс шақырымнан асуы керек. Амал жоқ Әскан өзінің таяуда ғана үйретіп жүрген қоңыр өгізшені ерттеп мініп таң қараңғысынан ауданға аттанып кеткен. .. Айтқан уақыттарында жеткен екен. Өйтеуір Әскан қоңыр өгізшеге риза болып қойды. Өгізін райкомның алдындағы мама ағашқа байлап, тастап резеңкеден істелген дойыр қамшысын сүйрете ішке кірген. ...Бюро жүріп жатыр, бірі атып, бірі қуып дегендей. Біреулері партиядан шығарып, ісін сотқа беру керек десе, екінші біреулер сөгіспен тынайық деседі. Әскан қоңыр өгізіне бір жағы сүйсініп, бір жағы «жануар-ай, қарның ашты-ау» деп аяп та отыр. Мыналары жылдамырақ бітсе, былайырақ барып Тоқырауынның бір отты жеріне бірер сағат оттатып алсам, деген оймен әлек. Жаз күні ыстық. Әскан өзі де қатты шөлдегенін сезді. Ашық тұрған есіктен сыртқа көз салса өгіз көрінеді екен. Тағы бір қарағанда, ол да бұл кірген есікке қарап: «қашан қайтамыз»? дейтін сыяқты көрінді Әсканға.

Әсканда қалта жоқ. Партия билетін кеше ұмытпай тұрғанда әйеліне мықтап бешпентінің ішкі жағына тіктіріп алған. Бюро жиналысы көпке созылып кетті. Есікке тағы бір көз тастап еді, өгізі ауылға қарап мөңіреп тұрғанын көрді. Бұдан әрі шыдамы кетті. Бешпенттің ішкі қалтасын сөгіп партбилетін алмақ болып жатқанда бұған бюро мүшелерінің кейбір тіксініп те қалды. Тәрізі қойнынан қару-бірдене алып жатыр ма? деп ойлап қалса керек. Өйткені Әскеннің неден болсын тайынбайтын адам екенін әлгі бас сүзістірген бюро мүшесі бұларға боямалап жеткізген ғой. Әкесінің болыс, бай баласы болғанын, олар бәрін де әшкерелеуді. Осы жерде билетті бешпент астарынан босатып алған Әскан орнынан баяу түрегелді. Өйткені мыналардың өзінен қорқып отырғанын да біліп отыр. Жайлап хатшы отырған үстелге қарай барды. -Әй, Яхин!-деді, сендердің бағанадан бері таласып отырғандарын мынау қызыл кінәшке ме? деп сұрап алды. Яхин қанша сабырлы адам болса да не айтарын білмей көзін жыпылықтатты. -Мә! Өздерің алыңдар, маған керегі жоқ, -болмай өткізген -өздерің, енді осыны өздерің алыңдар, билет жетпей жүрген басқа біреуге берерсіңдер! деп хатшының алдына жалп еткізіп тастай салған. Мұнымен қоймай: «өздерің баяғыдан бері осыған төлеген ақшаны қайырып (взнос-жарнаны айтқан ғой) беріңдер!» деп хатшыға суық

көзбен карағанда ол сасып ештеңе дей алмай қалған. Әсқан осыны айта салып камшысын сүйрете шыға жөнелген. Бюро мүшелері өздерінің ақылдарының аздығын сезген бе белгісіз, бірақ, бір-біріне қарауға ұялғандай отырып қалыпты...

Әсқан Кеңасуда тұрды. Бертін қартайып та, тұрмыстан да жүдеп жүрді. Екі көзі көрмей қалса да аңға барып қақпан салып жүрген күндері болды. Екі көзі жұмыс істегенде үнемі тер жауып кеткеннен болды, деген,-дейді дәрігерлер. Бұл кісі туралы да әңгіме көп. Көп айтсақ дәмі кетіп қала ма, деп осымен тоқтайық, дедік.

Абылайхан, Сенкібай, Жидебай, Қараменде-Қызыларайда болған

.... Хикаямыздың бұдан әрі желісі осы Тоқырауынмен Қызыларайдың ол жақ, бұл жағында болмақ. Тоқырауын қайдан бастау алады екен?! Қарқаралы тауларының солтүстік – батыс сілемдерінің етегінде қысандау сайлы бір ұзынша төбешіктің арасы әртүрлі орман жынысына толы. Дәл осы жерден Тоқырауын басталады, жаңағы сайдан лық ағызардай екпінмен ғажайып бір жұмбақ көрініспен атқылап шығады. Жол бойы осы арна бойында кішкентай бұлақтармен өзеншелер қосылып Ақтоғайға жақындағанда әжептәуір өзен болып аға бастайды. Бұлақтан бастау алған суы әрі таза, тұщы мейір қандырарлық. Әжептәуір қуатпен ағып отырып үш жүз шақырымдай жол жүріп Көкше теңіз – Балқашқа құяды. Негізінен жақындағанда құм астына сіңіп жоғала бастайды. Теңізге Тоқырауынның жайыла келіп әлгі құм астына кіретін кезінен алу – алпыс шақырымдай әрірек жер Саға деп аталады. Қараменде бидің тұрағы, оның ұрпақтарының тұрағы осы. Қаракең кезінде өз қандасы Кеңгірбаймен келіспей, сонау Шыңғыстаудан көшкенде қазақ ішінде қалам деп ойламаған. Өзі ірі жүректі батыр, мәрт би еді. Бастапқы көшті ала жөнелгенде не мұсылман жұрты деп түріктерге, не қазақтар, әсіресе Албан, Қызайлар мекендеп, жап – жақсы тұрмыс құрып жатқан Қытайдағы қазақтарға қарай өтпек болатын. Қараменденін тұтас өз руластарынан біраз жұртты ала жөнеліп алысқа бет түзеуі расында ірі қимыл болатын. Ол уақытта ағайын арасында әртүрлі кикілжің көбінесе жер, жесір жөнімен болып ауа көшетіндер болатын, бірақ әрі барса алыс ағайын жерінің ауқымында қалып қойып жататын. Сол уақыттан қалған дерек сөзге сүйенсек Қараменде ұзын бойлы, ақсары көк көздеу адам екен. Шегірлеу көздері дұшпанға қадалса үрей тудырардай, досына ерекше қамқор жылылық әкелгендей. Қаракең Балқаш өңіріне жеткенде қырық жастың ішінде болу керек. Арып – ашығандау көшпен Сағаға келіп жеткенде мына Тоқырауынмен, оның маңайындағы шилі алқапты көріп, әрі қарай үдере аспақ ойынан айнып қалған сияқты. Қазақ билері өте ақылды болған, оның себебі ағайын ішінде, ел ішінде басқа елмен арадағы дау – дамай күнде болып тұрған десек, билер институтының өзі аса сынақты қажет етеді. Әйтеуір бидің, не батырдың ұрпағы деп биді ешкім қоя

қайтпайды. Ол көп билікте сыннан өткен адам болады, бірінші шарты қайтауды болсын әділдікпен шешу және биліктің арты былығып жатпау керек. Сонда осы ұзақ үрдістен кейін би деген ат өзі келіп әлгі адамға өзі орнай бастайды. Міне, Қараменде өзі батыр, өзі осындай адам еді. Елін Жиделібайсынға жеткізем деуінің өзі оның үлкен жүрегін көрсетпей ме. Қараменде батыр көп қиыншылықпен көшті бастап келгенде шамасы үш жүз қаралы шаңырақ еді деседі. Дадан Тобықты атанған қалың Қаракесектің ішінде бірде күшке жығысып, бірде ақылға келіп, елдің есті адамдарымен әсіресе сан жорықта, жаугершілікте бірге болып тізе қосқан Жарылғап, Жидебай сияқты батыр, билермен тіл табысқан Қараменде ауылы Үшдересін деген Балқаштын солтүстік – шығысындағы бір жағы жартылай қақ болып келетін шөбі ащылы – тұщылы жерді бұдан былайғы ата – қонысы етіп жариялады. Шыңғыстаудан алғаш үдере көшіп келген жылдары Қараменде тек руластарының дау – жанжалы болмаса, бұрынғыдай қазақ ішіндегі биліктерге араласа алмағаны рас. Неге десеңіз бүтін бір жұрттың басқа қонысқа көшіп қонуы, орналасуы оңай емес еді. Алғашқыда жақсы қарсы алғандай боп сыр білдірмегенмен кейіннен қарауындағы жұртты қағажу көре бастағаны болатын. Өйткені қазақ мал өсірген соң осындай ұлан –ғайыр жерде тұрса да бәрібір аз болып көрінуші еді. Азғана малы бар, кедейлеу бес – алты үйлі ауылға түсіп, есіктің алдында тұрып күн көзінен қолыңызды маңдайыңызға қойып көлегейлеп алдыңызға көз салсаңыз көкжиек шетсіз – шексіз сияқты. Алдыңызда сағымданып тұрған кішірек дөңес таулардан бері бірғауым елмен мал сиятыны көрінер еді. Бірақ, іс жүзінде олай емес, әр жердің жаман – жақсы болсын иесі бар, негізінен көрші ауылдардың ірілі – уақты малдары, жылқы, түйелері бұл даланы жайлаған ауылдар арасында емін – еркін аралас жайылады. Бұндайда ешкім ештеңені қорымайды. Ал сырттан бір тайлы елдің мал – жанымен сиып кетуі оңай емес. Бірақ басқа – басқада Қараменде бидің жөні бөлек еді. Жанында жас билер Сана мен Орманбет бар еді. Қысылғанда ақыл табатындығы қашаннан бар болатын. Бір кезде өзі қазақ елінің көп жеріндегі айтыс – тартыстарға билік айтқан және мұның билігіне ризалық қылмай «артынан бұзылды, қайта билік қылды» - дегенді естімеген. Бірақ ол бір дәурен еді, қазақ – қалмақ соғысының аяқтала бастаған кезі еді, қазақтар да ес жинап, етек жаба бастаған. Міне, Дадан көші осы мезетте болды. «Адамның басы алланың добы» деген рас. Әйтпесе жүздеген жылдар қалмақпен шайқаста Шыңғыстауда жеңісті тіреп ұстап тұрғандардың ұрпақтары енді «тыныштық орнады» деген мына заманда ауа көшуі – тағдырдың бір жұмбағы сияқты болатын. Бүкіл нәубет, осы соңынан ерген халықтың жауапкершілігі Қараменде бидің мойнында еді. Қараменде Қаракесекке жылдам сиысып кетті. Кейінде өзінің бүкіл Арқа қазағына, қала берді қазақ халқына аңыз болып қалатынын ол кезде Қараменде би білді – ме екен?!

Қараменде бидің бертін бір тайпа елмен сиысып, сінісіп кетуіне басты себеп өзінің данышпандығы болса, екінші бір себеп қолындағы қара бүркіті

еді. Кейінгіге аңыз болып қалған қара бүркіт тарихы, сол уақытта бидің көзі тірі кезінде – ақ айтылып жүрген. Қараменде би – бөлінген көшті бастап сонау Шыңғыстаудан – Қарқаралының шығыс сілемін басып, Томар, Бүркітті, Сарыобалы, Қызыл деген жерлерді басып өтті. Бұларда қаптаған түйе көп болды. Себебі, алысқа мықты болады деп түйеге көп күш салынды. Үдере көшкенде көбісі, әсіресе түйесі аздар сонда қалған ағайынға қолда бар жылқы, сиырларын түйеге айырбастап алысты. Кейбіреуі түйелерін құндаған соң, оған қарап тұруға мұрша жоқ, екі қара, үш қараның бәсін беріп алғандары көп. Жарықтық ойсыл қара айтқан жерден шыққандай болды.

Көш Тоқырауын өзеніне жақындағанда Қараменде - Қарашордың Сеңкібай батырына және Жидебай батырға кісі жіберді. Өйткені Тоқырауынның ұзына бойын алып жатқан Әлтеке-Сарым елі, одан қалған жердің шұрайлы әсіресе Тоқырауын бойынан кездесетін иірім, тұнық қарасулар, қара мойыл, қызыл мойыл араласа өскен тоғайлар Әлтеке – Сарымдардың иелігінде еді. Бұл аталғандар Қаракесек ішіндегі әлді текті рулар болатын. Тіпті орыс патшасы «бекет» деген сылтаумен Баян, Қарқаралы және Нұра бойына біраз қазақтар станицасын салғанда Тоқырауын бойы патша шенеуніктерін қатты қызықтырған болатын. Бірақ әлгі рулардың тегеурінен қорқып бұл өңірге жолай алмай отырғанды. Бірнеше рет жіберген жер өлшеуші – землемерлер, оннан астам адам тіпті із – түссіз кеткен. Жазалаушылар шығарғысы келсе де әліптің артын бағып отырған жайы бар еді. Бірақ түптің – түбінде осы өңірге келіп орнықпақ ойлары болатын.

Үлкен көшпен Арқаға тереңдей кіріп Балқаш көлінің шығыс бетімен Қызыларай тауларына жақындайды. Қызыларай Арқаның қимастай көрікті жерінің бірі екен. Тал, қарағай, сұлу аққайың аралас жарасым тауып өскен, қазір жаздың ортасы еді, құлпырып тұр. Көште мал аз емес еді, әсіресе түйелер бірсыпыра болатын. Осы көрікті аймақта он шақты күн ерулеп қалды. Әсіресе жастар жағы арқаның көкмайса шалғынына аунап бір жетісіп қалды. Тіпті көрген бейнет, жол азабы, Сыр бойындағы көп адам шығын болған калмақпен аяспас аяқас бәрі ұмытылғандай. Уақытша тігілген үйлердегі ел мәре – сәре. Ақындар қисса – дастандар айтуда, домбыраның үні әр үйден шығады, сыңқылдаған қыз – келіншектердің әдемі күлкісі әр жерден естіледі, бейне осы қоныста той болып жатқандай, бұл расында тойға бергісіз оқиға еді... Кенет, жол аңдыған осы көштің қапысын үш күншілік жерден торуылдап келе жатқан калмақтың аламан қолы кеп қапты. Манайдағы биік таулардың пайдасын көрді халық осы жолы, жазық болса, жағдай киын болу еді, шалғында жүрген жас жігіт тау басында тұрып байқап қалыпты, айтуында олар мұны байқамаған сияқты. Жайқалып тұратын уақыт жоқ, екі жүзге тарта жасак атқа қонды, екі жүз қаралысы өйтіп – бүйтіп дайындалғанша сол болып жатыр. Адам шіркін қызық, жайдағы ширақ, пысық адам жорықта болбырлау болатыны болады. Ал, әншейіндегі иіс алмастардан соғыста үлкен ер шығатыны болады. Бұл уақытта соғысқа халық төселген, қанды жорықта

боздақ кеткен азаматтардың орнын жоқтатпаймыз деп, бірсыпыра қыз – келіншектер де ер қаруымен ат үстіне отырыпты. Былайғы сыртқы тұлғасынан бұлардың әйел екенін тану оңай емес, тек жақындағанда құлақтарында сырға, шолпылар ықшам бөрік астына тығылмай қалса ғана, және әйелге тән әдемі жүздерінен ғана байқауға болады. Әдетте әйелдер соғыс жағдайында әйел киімін киіп шықпайды, өйткені жау жақ бұлардың әйел затынан екендігін білмегені жақсы. Әйелдердің қалмақпен соғыста атқа мініп соғысқа қатысуы тек бұларда ғана емес, басқа елдің бәрінде қалыпқа айналған. Ал, негізінен дәстүрде еркек адам әйел адамға мейлі анасы, қызы, қарындасы болсын – атқа мін де жауға шап, - деп қандай қиыншылық басына түссе де айтпайды. Бұл осы сақы халықтың бір мәрттігі. Бірақ, әрине жау келіп қалғанда жүрек тоқтатқан адам қарап тұрмайды. Бірен – саран әр жерде жау түсірген казак қыздарының аттары бұларға естіле бастаған, содан ба екен, дәл қазір ат үстіндегі әйелдер елуге тартады. Қызықты қараныз, бұлардың бастығы да бар екен, күрең қазанаттың үстіндегі әйел – бұларға тау жақты көрсетіп шаңқылдап жүр. Бұл екі ортада жау аламандардың жақындап қалғаны белгілі болды, өйткені бағанағы суыт хабардан соң, кезуілшілер дереу көбейген, бір қызығы жау тобы тура осылар құлаған сайман тіке құлағысы бар. Бұл уақытта керней тартылды, бірақ қазақы қысқа әуен дарылданқырап шығады екен, кернейдің өзі солай. Мамай батырдың өзі көрінбейді, қандай шешім қабылдады мәлімсіз, және жан –жағын ағаш қоршаған әр жердегі алаңқайдан кімнің қайда екенін ажырату да оңай емес. Бірақ, астарында екі бірдей бір – бірінен аумаған қаракөк тұлпарға мінген Еламан, Жоламан атты Мамайдың ортаншы батыр балалары ат үстінде екен. Таулы жер соғыс тәсіліне қолайлы, Мамай батыр өзі көрінбеуіне қарағанда келе жатқан жау тобы жүз қаралы екенін естіп, олардың малын алып қалмақ ниетпен келеді деп жобалаған болу керек. Әрине, жау жағына ат та, түйе де, қой да керек, үнемі соғыс жортуылында жүрген олар да малды алаңсыз өсіріп отырған жоқ, есептері шаршаған көштен қағып қалмақ.

- Батыр қайда, батыр қайда? десті жұрт.

- Батыр демалып жатыр, орнына балаларын жіберіпті- деді, топтан біреудің қатты даусы.

- Жау қолының қамсыздау екені белгілі болды, алдыға кезуілші салмай – ақ жайбаракаттау келеді, алдындағы сай арасындағы қоныста бүтін бір казак елінің үлкен бұтағы ерулеп жатыр деген ой, олардың қаперінде емес сияқты. Бірақ енді бір мезет жаудың өтірік аңқаусып келе жатқаны мұндағы жұртқа мәлім болып қалды. Олар қысаң сай арасына жақындай бере терең үш топқа бөліне сала шоқырақтан желіске ауысты. Тіпті де жақындап қалды, әне желбіреген тұлымшақтары, оған қоса өріп байлап қойған сән жалтырақтары да күнге шағылысты. Жаздың осы бір күні шағырмақ, ыстықтау еді, ауылдың жеті – сегіз жас пен он үш, он төрт жастағы балалар мына қалмақтар құлап келе жатқан сайдың жанындағы үлкен төбешіктің ар жағында күміс көл тауып соған шомылуда болатын. Үлкен көштің мына адам қимас табиғаттың әдемі жаратылысында қызықтап он күннен астам ерулеп қалуының себебі де

осы көл болатын. Осындай көл барын, оған балалардың шомыла тұрғысы келетінін Мамай батырдың кенжесі есептелетін Үшкілдір деген асырап алған баласы әкесіне жеткізген. Зады Мамай батыр – ол уақытта қазақ халқының Қабанбай, Бөгенбай, Мамай деп аталатын батырларының ішінде жорықта адам маңайына бара алмайтындай болса, үйде соншалықты мейірбан еді. Ол уақытта балалар отыз-қырық жастағыларды «ата», деп, «көке» не болмаса «ағаеке» деп (бұл сөз айтылғанда «ақке» болып кетеді) атайтын. Болмаса «үлкен аға», «кіші аға», «ортаншы аға» деп атайтын, сондай атаулар кейде әйел затына қолданылады. Ал, біреудің кемшілігі болып, аяғы ақсақ болса, көзі соқыр болса, басының тазы болса ол адамдар өз жақсы – жамандығынан, яғни мінезінен табатын. Олардың көзінше ешкім «бөленше таз», «түгенше соқыр» деп атамайды, кейбір жақсы мінезді адам болса ондай атпен аталмайды да, ал олай атала қалса сыртынан ғана атаушы еді. Үшкілдірді бір соғыстың соңында жерошаққа ораулы нәресте күйінде Мамай қосыны жауынгерлерінің бірі – жылап жатқан нәрестені үстіндегі лыпа – жабуымен алып батырға шауып келді, батырдың мейірі түсіп, өзінің бес баласынан кейінгі оларға еншілес кенжесі етіп асырап алды. Дереве жақын маңдағы соғыстан бүтін қалған тасадағы ауылдан бие саумалын алдырып кішкентайдан бергізді. Сол Үшкілдір он үш жаста, балалардың тілегін атасына жеткізіп жүрген сол, және Үшкілдің жолы оралымды, осы таяуда бір үңгірден ойнап жүріп он қадақтай, әр қайсысы жұмыртқадан үлкен етіп құйылған алтынды маңайындағы балалармен көтеріп атасына алып келді. Сонда Мамай батырдың есіне түсті. Бұл жерге қалмақ неше келіп, неше кетті, тіпті осы қазақ жерінің бәрі өзіміздікі болды, деп жүрген кезі де болған. Бірақ алла жар болып, кейін бұларды дүркірете қуған, сонда қашып бара жатып алтынды алып жүруге қиынсынып және бір жерде түсіп қалуы да оңай деп осы Қызыларай тауының қиын үңгірлеріне тығыпты, деген сөз бар-ды, сол рас болуы да мүмкін екен. Бірақ батыр – балаларға – тағы іздендер – деген жоқ. Ал мына тапқанды кейін Түркістандағы Қожахмет мешітіне жіберуді ойлап қойды, және жас келіндерінің Үшкілдірді елшілікке салуымен төрт – бес жұмыртқа кейіптес құйманы білезік, сырға соқтыру үшін соларға берді.

- Қараменде би осы кезеңдегі оқиғаларды көзімен көрді, онда би аты жоқ, батыр аты бар еді, Мамайдың қасында көбіне Тоқтамыс жүреді, Мамай сөзге тұйық, айтайын дегенін сыртқа шығара бермейді, көбіне жасы кішілеу болғандықтан Тоқтамыс ол кісінің ойын халыққа жеткізіп отырады. Қызыларайдың Тесіктас тауының алдындағы Ақбұлақ алқабында Сыр бойынан ерулеп келе жатқан Тобықты көші толық емес, алда екі апта, үш апта бұрын кеткендер ендігі Шыңғыстауға іліккен де болар. Әсіресе көлігі, жабдығы нашарлаған қосты бұлар алдыға жіберген...

Сеңкібай батыр, би, ақсары көрікті адам еді, биік бойлы қабағы көп қазақ билеріндей түксиген емес, биік бойлы, ойы да шартарапты жақындатып отырады. Биіктігі сондай анау – мынау ат бұл кісінің астында тай сияқты. Осы біздің халық та қызық кейде «ұзын адамда ақыл жоқ» дейді бар қазақ.

Мейірімді десең, мейірімді, қайырымды десең қайырымды, жетім – жесірді алладан кейін есіркегіш. Жұртты әсіресе өз жұртын жақсы – жаман демей бірдей көреді, бірегей ұстады, байлыққа да құнығып кеткен жоқ, қазір осында қонып жатқанда жүз елу қаралы түйесі, мың жарымдай ұсақ мал, екі мыңдай жылқысы бар. Жаңағы ойын бөліп отырған, Сырдан, Балқаш көлін айналып, Тоқырауынды кесіп өтіп Қызыларайда ерулеген жолы қалмақтар соңғы күші ме, немене бұларға қатты тиісті. Мамай, Тоқтамыс батырлар жасағын үшке бөліп бағанағы тарауда айтылған Ақбұлақ атырабына құлайтын Тесіктас тауының сайында үлкен алдарқату жасап, жауды өткізіңкірей беріп арттан ұрды. Бұл уақытта баяғы «ақтабан шұбырындыдағы» қазақ қолы емес, бұл қазақ қолы ысылып ысқаяқ болған, кәдүескі әскер деуге болатындай еді. Қазақ жұрты қан қақсаған сол соғыстан «корқақты қуа берсе батыр боладының» кебә болды. Әрине, қазақ корқақ емес еді, соғыс тәсіліне шорқақ еді, оның себебі әу бастан біреуді басып аламыз деп ойламаған, қазақтың аспаны да жері де кең, өздері де жарықтық керемет кең қолтық, кең пейіл. Оған бір кішкентай дәлел айтайық, бір орыс немесе басқа бір ұлттың адамы атпен әйтпесе жаяу қазақ даласын аралап шығады ғой, баяғы, бір ауылға келсе қатты қарсы алып сыйлап ас беріп, сусын беріп аттандырып жатқанда «келесі ауыл қай жерде» деп сұрапты. Мына кезеннің астында деп иек қағыпты. Ол адам да тегін емес, айтқыш қалжыңқой болса керек, кейіннен «қазақтың иегінің астында үш жыл жүрдім» депті. Неге олай айтты десеңіз, әлгі кезен астында ауыл жоқ, келесі кезенді асады онда да жоқ, өлдім – талдым дегенде әйтеуір үшінші күні бір ауылға іліксе керек.

Абылайхан – қазақтың ұлы ханы Қызыларайға сан рет соқты, әдейілеп те, жол-жөнекей де болды. Тоқырауын-Қызыларай аймағын Сенкібай, Жидебайға тапсырып еді.

Қалмақ қосыны - Мамай батыр бастаған жартылай әскери авангардқа келіп соқтығып еді. Ойлап отырса Қараменде батыр атағын алғаны осы жолы еді. Қайратты жас батыр шошақ киімді жалбыршақ қатпарлы бет ауыздарының кейбірінде түк болса, кейбіреулері тіпті көпшілігі жып – жылмағай, бірақ кәпір келеді өздері, бастықтары айтса өрте десе өртейді, шап десе шабады, әрине қару ұстаған еркек өз талайын соғыста көреді, көбісі майдан даласында мерт болады, екі жақ та ен бас батырынан бастап жекпе – жекте болады, бұл сұрапыл оқиға – екеудің біреуі өледі. Әлгіндегі соғыста сондай болды, бие сауымынан ұзақтау уақытта жау быт- шыт болды, қалғаны қашты. Қазақ даласында «Қалмаққырған» аталатын жер көп, мұнда да бір осындай аталатын жер пайда болды. Садақтың жебесі кейінгі заманға дейін балалардың ойынына жарады. Осы соғыста әйелдер қолы көп қайрат қылды, соғыс болған жерден оншақты шақырымдай жерде әйелдер қолының бірсыпырасы қуып жетіп көп қалмақтың басын алыпты, содан кейінгі тарихта «қалмақбас» деген жер қалыпты. Осы соғыста шаһид болған азаматтарын ерулеген соң, мұндайға үйренбеген бе, немене, ауылда үнсіз тыныштық орнағандай. Көшу туралы сөз болған жоқ, билер де батырлар да үнсіз, тек араның ажылымен балтаның тарсылы естіледі, өйткені әр адамда ер болу, ер –

тоқым жасакталу керек, ер жасау «ерші» деп аталатын ағаш шеберлері шұғылданады. Ер жасау үшін қайың ағашы керек, ол барлық қазақ даласында өсе бермейді, осы Қызыларай сияқты таулы, орманды жердің қайыңынан, тіпті мықты болсын десе, қайыңның безінен жасалады. Жалғыз ер ғана емес, ожау, тегене, піспек сияқты дүниелерді жасайтын тал, терек, қамшыға саптайтын ырғай ағаштары осы тауда молшылық еді. Ырғай – ағашы жуан болып өспейді, ең жуандап өскенде үлкен адамның сұқ қолының жуандығындай – ақ болады, бір жаз кептіріп, қатқан соң темірдей қатты болады, әлгі қатқан сындыруға батыр, балуан болмаса, жай адамның күші жете бермейді. Талдан домбыраға тиек, кішіректеу келген үй бұйымдары қасық, түйеге мұрындық, ұзындау жуантық талдан жеңіл құрық та істеледі, және Тоқырауынмен Қызыларайдың талы ерекше иілмелі әрі мықты, кепкен күннің өзінде морт сынбайды. Осы талдан қайың ертоқым болмаған күнде ашамай деп аталатын жеңіл әскери ер жасалады, бұл ашамай атқа жеңіл, жылдам ерттеліп жылдам сыпырылып алынады, қатты терлеген уақытта ат арқасына ауа барып тұратын аралары ашық болып істеледі де жеңіл бірқағар тоқым киізбен ерттеле салынады, бұл әсіресе жорық жағдайында қолайлы.

Ал, қайың ертоқым әдемі, бірақ ауырлау, сонысына қарай мықты келеді, бұрын қазақтар алтын жалатып, күміс шапқызып, әсем өрнектетіп, бай адамдар тұңғыш ұлына арнап істетіп, үзенгісіне дейін күміс жалатып, оң жақ босағаға таман іліп қояды. Егер ұлы жоқ болса, қызы болса соған арнатып істетеді, бірақ ертоқым да еркектікінен кішірек келіп, ою – өрнектері қызға тән әдемілікпен бөлекше жасалады. Мұндай ер жабдығының құйысқанына, өмілдірігіне дейін қолдан иленіп жасалған тері – былғарыдан ұқыпты жасалып күміспен көмкерілген, мұндай ердің әсіресе алдыңғы қасы көзге бірден ұрып тұрады. Ертоқым әбзелін сайлау кейде орташа үйді жабдықтаудан кем түспейді.

Ерші шебер ағаш тандаудан бастайды. Тым ойпанда өскен қайың ер болуға жарамайды өйткені борып кеткен болады, борымаған күнде де осалдау болатыны сөзсіз. Қырлауыт жерге келіп іздейді, өсіп тұрған қайың ағашының жасы оң – оң екі жыл болуы шарт, осындай қайың кездесе ерші – шебер қайыңның өсу порымына қарап оның тамырлы түбірінен ердің алдыңғы қасы ма, жоқ, артқы қасы ма соны дәл анықтайды. Өткір балтамен түбірін қаза отырып шаба бастайды, егер түбінде жер тас болса біткені, балтаның жүзі бір – ақ майырылады. Көбінесе түбінде тас бар жоғын да ерші дәл анықтайды. Қайыңның дінін бірден кесіп тастамайды оның түбірін қаза шапқан кезде қолмен ұстап күш алып тұруға ыңғайлы болады. Қазылып бітіп жерге құлатылған ерге қас болатын бөлігі мен дінді бөледі, бұдан кейінгі үрдіс дінді бұтақтан, ықшамдап, жіңішке артық бөлігін тағы да кесіп, бұтақтап қабықтайды. Әдетте қайыңды қабығымен тұрғызбайды «ыңғыру» аталатын қолға ұстайтын екі жақты құлағы бар аспаппен дереу қабықтайды. Егер екі – үш күннен артық қабықталмай жатып қалса, қайың ағашы іске жарамайды, борып кетеді, оның себебі қайыңның қабығы өте тығыз қоршалғанында, ал борыған қайың тек отқа жағуға ғана келетін. Қас болатын түбірден ойып

алынған бөлікті де ортақ түбіртектен тазартып жеңілдейді де дайын болған екі ағаш бөлікті де ауылға алып келіп көлеңкеге кептіреді, сыртына сиырдың сұйық жапасын жағып қояды, әйтпесе күн көзінің ыстығы көлеңкеде болғанның өзінде байқап аунатып отырмаса қайың жарылып кетеді, жарылып кеткен, борып кеткен қайың жоғарыда айттық іске жарамайды. Енді келесі қас ізделіп осындай тәртіппен келтіріледі. Мықты сапалы болу үшін биылғы жазда алынған ер ағашын тек келесі жазда ғана ер жасау үшін ұқыпты шаба бастайды. Сонда мұның қаттылығы темірдей десе болар, өткір шапашотпен шапқанда жанқасы тырнақтың көлеміндей ғана болып шабылып, жоңқаланып түседі, бейне бір темірді шапқандай шақылдаған дыбыс шығарады. Қастың алдын дөңгелек ойық үшін «аталғы» аталатын шапашоттың ерекше түрі қолданылады, «куысқұлак», «түрпі» деген аспаптар қасты қапталға орнатуға, ал «түрпі тегістеуге, әдемілеуге қолданылады. Бағанағы қайыңның дінінен қос қаптал жасалады, ол ат арқасынан тиіп жауыр қылмайтындай етіп дайындалады. Бірақ жасалған ердің бәрі осындай талапта болмайтынын оқушы түсінер, өйткені жауыр аттар болатыны да айқын ғой. Өйткені шебер де әр түрлі болады. Адамның әр түрлі болғаны сияқты бұл шеберлер сол заманда бақаннан, қазықтан бастап сырлы қасық, түйеге мұрындық, есікке, тиекке дейін жасағанын кім жоққа шығармақ. Ердің екі қасы қапталға дайын болып қондырылғаннан кейін де әлі шаруа біте қоймайды, белтірік те маңызды бөлігі ол да орнатылады, түрпіленеді, шынының өткір сынығымен тегістеледі. Енді біткен ер ағашы болялып сырланады, сонан кейін зергерге беріледі, зергер ер иесінің дәулетіне сай іс қылады, керек болса алтын жалатады, күміс шаптырады. Осы жолдар жазылып отырғанда Қараменде би заманындағы дүниелер, қазақы тұрмыстың бізді де еліктіріп кеткені рас. Кейінгі ұрпақ осы жазбаларды оқығанда бірі болмаса, бірі бізді де еске алар. Міне, бидің ойына біздің ойымыз да ілесіп кетті, адам жанының өлмейтіні хақ, ендеше Орта жүздің құты атанған қасиетті Қараменде би әрі батырдың атын, істеген ісін келесі ұрпаққа жеткізбек мақсатымызға бидің рухы да тілектес болғаны ғой деп ойлаймыз. Ер тоқым қазақ халқының бөлінбес бір атрибуты, мысалға қазіргі кезде машинасы жоқ, дәулетті адам қандай күйде болар еді, ол заманда да «атпен ертоқым» қазақ деген халықпен біте қайнасқан дүниелер еді, тіпті сол тұрмыстың аяғы 19... жылдардың ортасына дейін келгені өтірік емес. Енді «ертоқым» болып аталмай әлі «ерағаш» аталып тұрған дүние туралы айтқамыз, енді «іскердің» қолына беріледі, ол тоқым жасайды, оған қара былғарыға ақ және қызыл сақтиянмен көмкереді, былғары шашақ орнатып бәрін киістіреді, өмілдірік құйысқан әдістеліп тағылады, былғары шашақ жасалып, былғары түбіне оймышты күміс тостақша бекітіліп соған сәйкес өрме жүген дайындалып, тобылғы сапты ішіне қорғасын өзек салып өрген «сегіз өрме, бұзау тіс» камшысымен қоса даяр болады, мұндай ертоқымның ақысы екі түйе, екі бесті ат, жиырма бес тұяқ қой – ешкі деп бағаланғаны сол уақыттың өте сараң деректерінен ұшырасып қалғанымыз бар.

...Абылай сол кезде отыз жастар шамасында болар, карасұр өнді, сірә езу тартқаны болмаса күлгенін көрген адам сирек шығар. Әскерімен батырларына деген ризалығын сөзбен мактап, марапаттап білдірмейді, көзқарасымен білдіретін сияқты. Майдан даласында да – пәлен батыр жекпе-жекте жеңді – десіп қазақ жағы «аксарбастағанда» да өңі сыр бермей тұратынын қайтерсің, көрер көзге тұлғасы, ауыр мінезі адамға түсініксіз кимыл-келбеті көбіне ең жақын серіктеріне де жұмбақ. Бірақ ақылдығымен айлакерлігін қара халық түйсінген. Хан жиынға Көкшетаудың қалың қарағай ортасындағы алаңға тігілген «хан ставкасы» аталатын ақ шаңқан ауылға үш жүздің батырлары, билері жиналды. Қалмақтар осы оқиғаны пайдаланып ойран қылып кетпесін деп, сақтық шаралары әр ауылда жасалды. Бұл баяғы аңқау қазақтың кезі емес еді, әбден ширығып «актабан шұбырындыдан» үлкен сабақ алған, бұрынғыдай «ойбой, не болдык...» деуден гөрі, «келсең кел, бәлем» дейтіндей жағдайға келген кезі еді, қазірде жер қайысқан қол келсе амал жоқ, ал анау-мынау бұрымдылар тобын ықтыртып тастайтын күш әр ауылда бар. Сонда да хан бұйрығы бимен батырды шақыра барған шабарман арқылы орындалды.

Сол жолы Қараменде, Жилебай, Жарылғап, Сенкібай, Орманбет, Кеңгірбай сияқты батырлар хан кеңесіне қатысты. Бұл бұрын сонды сонау Керей Жәнібекті кім білсін Абылайдың кезінде үрдіс болған жана нәрсе еді. Кіші жүзден де Көтібар, Есет сияқты көп батырлар келіпті дейді жиынға бізге жеткен деректер.

Сол Кіші жүзден Дат, Тәуекел батырлар де келіпті. Неге екенін кім білсін, Ұлы жүз батырларымен билері қадау-қадау.

... Қараменде, Сенкібай, Жарылғап, Орманбет, Жилебай батырлар мыңбасы-сардар атағын алып Арқаның қыр төсіне өз мекендеріне оралып келе жатыр, хан пәрменімен бұларды енді окшау окқағар сарбаздар күзететін болған. Өйткені бұл батырлардың есімі қияға таныс. Аузы түкті орыстар тіпті олардың патшайымында бұл батырлар туралы мәлімет көп, көрші елдің мықты болғандығын оның батырларының көп болғандығын ешкім жақсы көрмейді, сондықтан осы кейінгі заманда қастасқан өштескен адамға «үзенгіге у жағу» деген бір пәле шыққанда да біраз уақыт болды. Басында Қытайдан шықты ма, қалмақтан шықты ма, орыс істеді ме, біздің адамдарға мәлімсіз, бірақ жорықтан оралып келе жатқанда түскен үйлерден қонағасы ішін сап-сау аттанған қазақтың қалмақтарға қарсы біраз жаужүрек батырлары шетінеп кеткен. Бұл пәле ешбір сезілмейтін, білінбейтін, көрінбейтін бір нәрсе, үзенгі қалай жағылатынын кім білсін бірақ ат үстінде келе жатқан батыр бір демде у шапқан соң қарайып барып қиналып бір сөткеге жетпей

өліп қалады, ол удын күштілігі етіктің ұлтанынан өтіп барып ұлы денеге дариды. Осы бар және басқа қастандық түрлері де бар. Тасадан мылтықпен ату да пайда бола бастаған кез еді. Енді осындайдың бәрінен батырларды сақтау үшін әр қайсысына екіден (әрине мыңбасарға) ханның өз жасағы құрамында болған, осы іске әдейі үйретілген қазақ жігіттері бұлар, әрине батылдары, өжеттері тандап алынады, оларға осы іске үйрену-жаттығу кезінде мешіттен молла келіп әңгіме өткізеді, билер, шешендер, тіпті Бұқар екеңнің өзі таяуда бұларға халық туралы, оның азаттығы туралы әңгіме өткізген. Бұларды жинап алып осылай дайындауға себеп болған хан иенің өзінің әр нәрсеге құлағының түріктігі еді. Ол әр елдің елшілерінен тәржімеші арқылы әртүрлі нәрселерді сұрап алып отыратын. Патша сарайларында қандай тәртіп бар, осының бәрін сұрап, біліп алатын да, көбісін хан сарайында жасауға талпынатын, және онысы дұрыс болып шығатын мұндай тәртіпті, жосықты көрмеген ел адамдары бұған таңқалатын. «Осы хан ием, құдауанда осының бәрін іштен оқып туған ба» - десіп, бір жағы тандасып болса, бір жағы «бізде осындай бар» дегендей мақтаныш туғызатын еді. Абылайдың хан сарайы маңындағы осындай күзет бес адамнан тұратынын жоғарыда бір жерде де келтірдік – ау деймін. Хан ордасында өткен дабырасыздау осы жиын Ордабасындағыдай айғайлап тұрған жиын еместігі, қазақ мемлекетінің де орныға бастағанын білдіргендей еді. Өйткені мұндай жиынның даңғазасы мен дабырайғаны көп болып, «еһе», деген дарақылыққа, бізге кім жолайды, пәлен-түген батырлар тұрғанда деген болса – даңғазға мұнда орын болған жоқ. Бір қызығы мұндай жиынды бұрын көрмесе де, батырлар да билер де тіпті ылғи осындай жиынға қатысып жүргендей сабырлы, салихалы күй кешіп отырды. Үш күнге созылған жиын кезінде аста-төк тағам жасалмауы, етке, қымызға қосымша әртүрлі тәттілер, жемістер, жеміс қосылып жасалған не алуан тағамдар бұларға силанды. Хан ие, сөз жоқ мұны әдейі істеді, өйткені басқа халықтармен араласу дүниенің қызығы да сонда, жеген етке ішкен қымызға мас болып жүр бергеніміз дұрыс па деген ниетті білдіретін еді.

Орманбет би, өзі шот кабак, басы сопақтау келген, көкшілдеу көзді қарасұр адам. Дауларда өз айтқанынан қайтпай сіресіп қалатын мінезі бар, бұл бір қайсарлық қана емес, өз айтқанының дұрыстығына сенуден шыққан болу керек және онысы қазақ жерінің төрт түкпіріне белгілі болған, басқа билер Орманбеттің ондай қайтпайтын билігін «Орманбеттің оры» деп атап кеткен, тіпті «Орманбеттің оры, басқа бидің соры» деген нақыл да шығып кеткен. Билігімен қоса қалмақпен соғысты сан жекпе-жекте мерейі үстем болған қалың қазақ қасиет тұтатын адам, тек шамалы сылтып басады, онысы аттан түскенде ғана білінеді, баяғы Мамай батырдың заманында Қараменде екеуі де Қызыларайда Тесіктас тауындағы қалмақтың жеңіл қолымен болған бие сауым шайқаста тірсек тұсына қалмақ найзасы бойлады, жандәрмен найзадан шап берді, жау найзасы ұшы мұның тірсегіне қадалған күйі мұның нелігінде қалды. Жара аса ауыр болмады, тек біраз құрым кигіз күйдіріліп

басылды да, таза мағамен мықты оралып таңып тасталды. Бұл да бір сұрапыл соғыс болды. Тесіктас жалынан шегінген қалмақтар Тобықты көшін басып, талан-таражға түсіріп олжаламақ болған ойы іске аспай сол бір қысанда сайда ондаған өліктерін қалдырып келген жағына қарай қашты, қазақтар азын-аулақ ақылдасқаннан кейін көш жағдайын ескеріп оларды қуған жоқ. Бірақ олары бекер болыпты, қашқан жаудың алдынан қалмақтардың тағы бір үлкен тобы келе жатыр екен, бұлар болған жағдайды соларға айтып, солардың ақылымен, сол қалмақтарға қосылып кейін қайтып қазақтардан өш алмақ болады. Алыстан барлап кезуіл жіберіп байқаса қазақтар көтеріле көшуге қамданып жатқаны белгілі болды. Бұларға бұл жағдай өте қолайлы еді, дереу тығыла отырып жымын білдірмей олар асатын Тесіктас жанындағы биік асудың астында тосуды ұйғарды қалмақтар. Егер дәл сол жерден асып келіп бұл қалмақтарға ұшырасса үлкен қырғын қазақтар жағында болатыны сөзсіз еді. Өйткені қалмақтар бекінген жер маңайындағыны шолып, біліп тұруға тіпті қолайлы екен, және ортасы терең екі жағы өркеш шоқыланып келген тау қандай жауды болсын, бас салып түтіп жіберуге өте қолайлы. Өйткені әрқайсысы атты кісіні ұйпа-түйпа қылып жіберетіндей әрқайсысы екі, үш, бес пұттай келетін бос қойтастар мұндайда таптырмайтын қару. Өйткені көштің қалың легі өте бергенде екі жағынан ойға қарай домалата тоғытса оларды қатты шығынға батыратыны сөзсіз және көштің де, адамның, көліктің есін шығарып берекесін алып жіберетіндігіне күмән жоқ. Осы жерге дереу бекініп жатқан шошак бөрік киген тұлымдылар қауқылдасып жатыр, өйткені олар енді бір сәтте ғана мол олжаға кенелмек. Тіпті қазақтар бұлардың жол тосып жатқанын білген күнде де оңбайды. Өйткені көшті кейін бұрса да бұлар тірсектеп отырып, түбінде бір тимек. Олар болса, бұларды серпіп қуып тастауға шамасы келмейді. Өйткені әскер көшті қорғай жүріп отырады. Көштен алыстап ұзап кете алмайды, өйткені қазақтың жері де, даласы да кең. Бұқпантай жыра, тау-төбешік ол да көп. Қазақтарды жау жоқ деме төбе астында» деген мақал бар. Қалмақтар бекінісін керемет сайлады, қолайлы орналасқаны соншалық тіпті осында мекендеп қалуға болатындай. Қалмақтар да жер жағдайына зерек, тіпті бұлардың ішінде тағдырдың айдауымен қазақ-қалмақтың ондаған соғыстарынан аман шығып жүргендер және бір кездерде осы өңірде болғандарын мақтаныш қылып жас әскерлерге әңгімелеп отырғандар да бар. Қазақ қолымен, көшінің басқа асар жері жоқ, кейін шегінетін жағдайы және жоқ деп есептейді бұлар.

Хош, енді қазақтар жағына келейік, бұлар неғылса да көшті қамдап жатыр, негізгі көлік түйелер, қазақ даласында көші-қонда түйе жануарлардың еңбегі көп. Маңқиған әдемі сұлу басты, биік тірсекті осы бір жануарлар дүниеге қазақпен бірге жаралған шығар деп те ойлайсың. Бірақ жорық жағдайында атқа жететін жануар жоқ екені және рас.

Мамай батыр бастаған көшпен оны жинаған әскер де ерекше дайындықта. Қараменде мен Орманбет және Сана билердің отыз жастағы

кездері, Мамай батыр рұқсат етсе, бұл тап қазір жаумен жағаласа айқаспақ. Бұлар қалмақтардың бүкіл әрекетін қолмен қойғандай біліп отыр. «Ақымақты тапқан екенсің» деп отыр бұлар. Бірақ тап солардың ойынан шығардай қам-қарекетті әдейі жасап жатыр. Мамай батыр жас билермен батырлар Қарамендемен, Сана бимен, Орманбетпен энеукүннен бері осы тығырықтан шығудың жолын іздеп бірнеше мәрте өздерінше кеңес құрған және осы көрікті Қызыларайдың батысына қарай ел бар ма, жау бар ма?» - деп шолғынши жіберілген оларға кім кездесе соған орай жауаптасудың түріне дейін жақсылап түсіндіріліп жіберілген. Әрине, қалмақ қолы сыбай-салтан. Әлсіз болса бұларды тегін өкшелемейді. Діні, тілі басқа халық, өздері туа қазақты жек көреді. Егер қолынан келсе баяғыда қазақтың тұқымын тұздай құртып, мына табиғат, мына тауды, анау көрікті әсем ағып жатқан сылдыраған бұлақтың бәрін бұлар меншіктегісі келеді. Қырудан қалған қазаққа малын бақтырмақ, олардың көзі сыңсыған әйелдеріндей емес, ботагөз қазақ сұлуларын солар иемденбек. Тағдырдың жазуы осындай тым жадағай халықпен арпалысуды қалапты. Несі бар, алланың жазуын көреміз десті қазақтар.

Тесіктастың жанында, көштің жолында мол олжаға кенелмек боп тосқауыл құрып жатқан қалмақ қолы үшін шығысқа қарай біткен тау басынан аяғына дейін терең құз еді. Құз болғанда шыңырау, екенін төрт-бес шақырымға созылған ұшқан құс болмаса жан баса алмайтын қиын тау еді бұл. Көштің ол жаққа аяқ баса алмасын қалмақтар білген соң, осы қысандау ойлы сайда шеп құрып жатыр ғой. Мамай батыр осының бәрін көріп-біліп отырып көшті қамдаңдар – деп әмір қылыпты, елдің бәрі ан-тан тіке ажалдың қолына өзіміз барып түскеніміз бе, әйтпесе кейін шегінуді жөн көрді ме жұрт қайран қалуда. Тіпті батыр алжиын деген бе» деген сөздер де кейбір үрейлі жұрттың аузынан шығып жатты. Анадан бері осында еру боп жатқанда кейбір құнтсыздау шанырақтарда калып қойған, күзем, жабағы жүндері жүк орнын алдырып жүрмес үшін жинатып бес-алты текемет кигіз басылған. Батыр Мамай сенімді сарбаздарын сол кигіздерді дереу алып келуді бұйырды. Сүт пісірім уақытта кигіздер әкелінді, Мамай барша ат тұяғына осы кигізден дереу тұяққап жасатты. Тұяққап жасау аса қиын емес, дұрыс пішімін жасаған соң, алдыңғы және артқы аяқтың қылтасына дейін жететіндей нобайланып қайыспен буыла салады, бұғанда кигіз сыртынан жадағай бумады, онда сырғып кетіп нәтижесіз болады. Кигізге онай тесіп үш-төрт жерінен өткізіп алып, қылтадан қысыңқырап буады, бұл жұмыстың тіпті қызықтығы сондай бала-шаға, әйелдерге дейін араласты. Ұсақ мал, қой-ешкілерге дейін ауыл маңына жақындай жайылуда. Жау шолғыншысы осының бәрін көріп бастықтарына айтып баруда. Батыс жаққа кеткен қазақ шолғыншыларынан хабар-ошар жоқ. Бір алладан басқа көмек күтетін ешкім жоқ. Бірен-саран қалмақтан запы болған аламан топтар мұндайда кезіге ме? Мамай батыр дереу елдің білікті адамдарын ат үстінде жинады және байлауын айтты. – Біздің жолымызда анау тұрған Найзатасты бетке аламыз, бергі жағы жатық.

ар жағы адам аяғы баспаған жер сияқты көрінген, кешеден бері мына Қараменде, Орманбет және Сана би төртеуіміз, жақсылап байқап зерттедік, сол құзды белден асуға тәуекел еттік, ұсақ малдың жол табатыны сөзсіз, алдына серкелерді салып ұсақ малды алдыға жібереміз, ат тұяғы таймас үшін тайғак жартасқа жақындағанда тұякқаққа су шылансын, бет алды сөз, айғай-ұйғай болмасын, егер жазатайым мал не адам құзға құлап кетсе, дыбыс шығару болмасын, бізге маңыздысы құзға жақындағанда жау желкемізден келсе бізге тағдырдың жеткені, онда құтыла алмаймыз, егер құзды кезеңнен асып кетсек, жау біздің істегенімізді істей алмайды, онда құтылғанымыз. – Егер, жау желкеден тиіседі деген сақтық үшін жүз аттылы таңдаулы сарбаздар осы тұрған жерімізден анау көрініп тұрған қалың қарағай ішінде жасырынып тұрады, жау бізді желкелесе олар арттан келіп қатты ұранмен ұрыс салады – деді Мамай би, қас қарая қозғаламыз, ай жарығын пайдаланамыз. егер күн бұлттап кетпесе! —деді дағы батыр көзі жалт-жұлт етіп жан-жағына қарады, өнінде қобалжу да шаршағандық та білінбейді, не болса да тәуекелге бел бұғаны көрініп тұр. Күн бата жау шолғыншысы «ештеңені көріп байқай алмайтын кезді» тосуда жұрт. Міне, көз байлана бастады, намаз оқитын жұрт намазға жығылды, имамдары бар еді, Түркістан жақтан кезінде ыңғайы келіп ертіп алған. Имам шөкесінен отырып намаз артынан әжептәуір ұзақ отырып тілек тіледі, халықтың кейбіреуі ішінен, кейбіреуі дауыстап – ия, алла! – десті, ия, пайғамбарым қолда, ия, алла онда!, десті. –Ия. Ақжол бабамыздың аруағы – деген дауыстар көптеп естіліп, енді бірде алдындағы найза тауды бетке алған көш үнсіз сырғи жөнелгендей болды.

Бағанағы әңгімемізге қайта оралайық. Жеті момын балаларының қазақ жеріне қайта орналасуы сөз болған. Батырларымыздың қылықтары еске түсіп әңгімемізді бөліп кетіпті. 17... жылдары Тобықты елі Шыңғыстауға толық оралды. Кенгірбай, Мамай, Көкше, Қараменде билер халықты төкпей-шашпай әкеліп орналастыруда үлкен еңбек қылды. Мұның мәні не десеніз, әбден қалжыраған жұрттың көбісі кейде көшкісі келмейді. «әйтеуір тағдырдың жазғанын көрермін» деп сол отырған жерінде отыра бергісі келгендер көп. Иншалла, бәрі аман-есен Шыңғыстауға келіп орналасты. Бірақ бірер он жылдан кейін кітабымыздың бас кезінде суреттелген оқиға: Дадан – Тобықтының Балқаш көлі маңына, Тоқырауын өзені бойына Қараменде би бастап қоныс аударғаны сөз болып еді, қарап отырсақ, бұл да бір сол ұлы далаға қайта қоныстанудың заңды бір жалғасы екен. Кітабымыздың басында Мамай батырдың сол үлкен көшті бастап келе жатқанда Қызыларайда қалмақтың тосқауылына кезіккенін айтқамыз, сол соғысты суреттегеміз, әсіресе Мамай батырдың аясы асырып адам аяғы бұрын баспаған тік құзды кезеңнен ат тұяғына киіз байлап, сыбдырын да білдірмей, тайып құламай бірнеше мың шаңырақты қалмақты алдап қалдырып өтіп кеткенін айтқамыз. Осының сөзі өтірік-ау деген оқушы болса Қызыларайға Тесіктас деген жартасты тау маңындағы тарихи «Мамай» асуын

көруге болады. Жас кезімізде үлкендерден осы аңыз-ерлікті естіп әлгі жерді биіктен көріп, онан кейін жеп-жеңіл бала болсақ та әлгі тік биіктен түсуге, жүруге жүрегіміз дауаламай, әлгі таудың адам асатын кезеңін айналып түсіп, әлгі Мамай асуының тұсына келіп жоғары қарайтынбыз, құздың жоғарғы жағында жартастарға лашын мен қаршыға ұя басады, ұядан ұшып, қонып жүргендері көрініп тұрады.

... Мамай батыр қиын кезеңнен үнсіз өтуге тәуекел қылғанда жұртта қалмаққа қарсы небары жетпіс жауынгер қалдырды, неге десеңіз негізгі күш бәрібір көшті қорғайтындай болу керек. Қазақ жауынгерінің мінезі өзінің даласындай құбылмалы бірде қату, бірде ажарқын, қазақ сарбазы көшті киіп кеткен жаудың қатын-баланы зәбірлегенін көргісі келмейді, сондықтан да ұрыста аулақта салғанда жақсы, қолайлы көреді. Амал жоқ, көштің жайы басқаша. Рас ақтабан-шұбырындыдан кейін біраз жылдар өтті, жау жасқанды, жеңілді, бірақ түбегейлі ұлы даладан тұқымы қалмай айдап шығылған жоқ. Ол күнде келер... Қараменде ол кезде жас батыр, көш орнында тосқауылда жауды алдарқататын жетпіс адамдық жасаққа сардар еді. Қазір бұлар өзін ойлап тұрған жоқ, іштерінен аллаға сиынып түнгі көштің кезеңнен түгел аман түскенін жасырын жаушы айтып келіп бұларды қуантып тастады. Бұлар қазір ат белін талдырмас үшін, шылбырдан ұстап, жартылай жарау аттарды шалдырып қана тұр. Сұм қалмақ бұлай тұра бермес, көштің асып кеткенін білсе, тіпті жындалар, бұлардың бастаушысын да естуінше, өлермен батыр көрінеді, кезінде жекпе-жекте біраз қазақ батырын түйреген көрінеді. Қараменде көштің аман-есен қозыкөш жерге барып қалғанын көріп отыр. Ендеше Мамай ағасы көш маңындағы негізгі күштен ықтимал жасақ бөліп бұларға көмекке жіберуі тиіс. Ауызба – ауыз келісім болмаса да, сезіп тұр, реті солай.

- Апырай, Ақсоранның арғы бөктеріне ел іздеп, жан іздеп кеткендерден хабар жоқ. Сенкібай батыр естісе, сезсе қайтсе де бұларға көмекке келеді. Баяғыда Абылай бастаған жоңғар қақпасындағы жойқын соғысты Сенкібай батыр жаудың бір қалың сауыт киген батырын семсермен соққылап тесіле қақыраған сауыттың жыртығынан қалай үлгергеніне таңғаласың, сол қолындағы найзаны сұғып өкіртіп аударып түсірді, осы кезде ана батырдың жанындағы оққағары ма, немене бір дәу қалмақ Сенкібайдың ту сыртынан айбалтамен келіп қалды. Батырдың артында көзі жоқ, көбінесе соғыс қызуында сол арттан келгеннен опат болып жатады. Осыны көріп қалған Қараменде өзі айқасып жатқан қалмақты тастай салып, атын бірақ секіртіп жетіп келіп айбалта ұстаған қалмақты бірінші қолының қарынан шоқпармен ұрғанда айбалта анағұрлым ұшып кетті. Қолма-қол соғыста қарудың онтайлысы шоқпар. Неге десеңіз, шоқпармен ұруға да, қағуға, тіпті итеруге, сұққылауға да келеді. Қорғану жөнінде шоқпарға жетер қару жоқ.

... Содан бері Қараменде Сенкібаймен аяулы дос болып кеткен. Достын жүрегі сыздап, сезетін уақыты да болды деп ойлады Қараменде. Енді бір жарты сағатта хабар болмаса қалмақтармен барып қиян-кескі шайқасқа мұның өзі түсу керек, ал шегініп көш өткен жолға қарай апарып салуға және болмайды.

Кенет! Кенет! Сенкібайлаған ұран шықты. Бұл кезде батыр Сенкібайдың аты Қаракесектен тарайтын бүкіл Қара, Шор елінің ұранына айналған. Аруақты да, ақылды алып батыр Абылайдың сан соғыста оң қолы болған. Қабанбаймен, Бөгенбаймен Сенкібай кезінде бір қорамсақтан жебе атқан. Соғыста жойқын да ақылды қолбасшы болған Сенкібай халқы бейбіт уақытта «Би ата» деп керемет қастерлейді, алты алашқа атағы озған батыр еді. Тегіннен тегін бір елдің ұранына анау-мынау адам айнала ала ма, және ол біреудің айтқанынан, телігенінен болатын нәрсе емес. Қазақта жақсы атану өте қиын да, жаман атану бір сәтте, бір оғаш іс қана жеткілікті. Сондықтан “Би ата – Сенкібай” осы халқының ілтипатына тереңнен бөленген жан еді. Ол уақытта бір жерде қалмақпен, жонғармен, дүрбітпен немесе ойратпен соғыс болып қалса былайғы халық сұрайды екен, Сенкібай бар ма екен деп, Жидебайды сұрайды екен, Қабанбай мен Бөгенбай боса да болмаса, Алтыбай батыр, Таракты Байғазы батыр, Шордан шыққан Әлтөбеттен шыққан Балағазы батыр, Ақтамберді батыр, Еспенбет батыр, Матай елінен Шөңкей батыр. Керей Жәнібек батыр, Бура Ақпантай батыр, Қаржас, Айдабол, Сүйіндіктен Олжабай, Жасыбай, Жәңке батыр, Шанышқылы (кіші-жүздің) Бердікожа батыр, Бәсентиін Малайсары, Сырым батырлардың бәрі білгенінше сұралады. Егер сол соғыста біздің жақ шегініпті,-десе,- ә... пәленше батыр болмағаннан соң, - шегінбей қайтеді, - деп жұбатады.

... Сенкібай батыр – Қызыларайды қалмақтың әбден орнығып алған үстіне келіп, қатты соғыс салып әжептәуір шығынға батып тартып алды. Осы соғыста өзінің әкесі Оразғұл асырап алған інісі Домай Батырдың тегеуріні күшті болды. Кіші інісі Шой батыр бір бөлек қол бастап бүкіл Қызыларайдың қиын жықпалдарын жаз бойына дерлік екі айдай сүзіп қалмақтарды ығыстырып шығарды. Бұлар қалмақтың ба, дүрбіттің ба, бір тайпасы екен, ақтабаннан да онан кейін болған Аңырақайдан да хабары жоқ, “сен тимесең, мен тимен бадырақ көз” дегендей, он жылдан астам осы қазақ жерінің әдемі де, басқа елден де, жерден жырақ, күміс көлімен, бұлағын өздері ішіп, жайлап бауыр басып қалған екен, бұл жерден тіпті көшкісі жоқ. Мамай батырдың ізімен келіп тұрған осылар болып шықты. Сенкібай батыр айдап шыққаннан кейін беті ауған жаққа кетіп бара жатқанда, өздеріндей ауып көшіп, әр жерден қашқан қасқырдай сокқы жеп, жырындалып бара жатқан қалмақ көшіне тап болады. Екі жағында да әжептәуір күш сақталған, атпен адам бар, ақылдаса келе осы бір шұрайлы жерді бірігіп кеп қайта торуылдаған екен. Олардың санасы қазақ даласының қазақтікі екеніне

жетпейтін сияқты, бас сауғалап бір сайда отыра беруге болады, деп ұғады, өйткені ол байғұстарға да далалық жартылай жабайы мінез сіңіп кеткен.

... Кенет Қызыларай бауырынан Сеңкібай! Сеңкібай! Деген қатты дауыс шығып Қараменденің жасағы тұрған жерге кемі екі жүзге тарта әскер жоғарыдан құйылып келеді, жақындай бере Сеңкібай! – деген ұран тоқталыңқырап, Жау қайда? Жау қайда? Деген белгілі жорықтың шартты сөзі айғаймен қайталанды. Жақындай бере олар бұлардың жайбарақат тұрғанын көріп, екпіндері басылып қалғандай болды. Ұмар – жұмар келе жатқандар құрық тастам жерге жақындап қалды. Қосынның алдында өзінің Нарқызыл деген қазанат тұлпарының үстінде Сеңкібай батыр отыр, Нарқызылмен жақындай бере тізгінін лекіте тартып, қатты аяңға көшті, оның атының аянына басқа аттар желіп келеді, жанында өзінің көп жорықты бірге атқарып келе жатқан “біреуі мыңға” тұратын жау жүректері бар. Туған інісі Шій батыр кезең астында тоспада қалыпты. Жаудың соғыста әртүрлі әдістері көп болады. Кейде олар үдере жортқан әскердің артынан андып қол алдында соғысқа қиліккен кезде желкеден, бұлардың ізімен келіп соғатын қалмақтың оңтайты әдісі бар. Бұл екі жақтан ойда жоқта қыспаққа түсіру, көбінесе жеңісті қамтамасыз етеді.

... Сеңкібай батырды көріп Қараменде қарсы алды, ат үстінде төс қағыстырды. Қысқа қайтарысқан сөзден кейін жаудың жайын білді, қысқа кеңескеннен кейін бұлар, не болса да жауға өздері тиіскен-тиіспегеніне қарамай тимек болды. Өйткені жасанған жауды мұздай күйінде қоя беру салтта жоқ. Қараменде қолы жауға алыстан айналыңқырап барып бүйірден дайындалып тұрып, Сеңкібай сарбазы сол жердегі биік төбеге батырдың өзі және бір топпен шығып тұратын болды. Қараменде қолы бүйірлеп тиісті жерге барып болды-ау деген кезді байқап тұрып батырдың айтуымен қолындағы қыл шашақты қоныр туды көтеріп барып үш рет бұлғамақ, сол кезде Сеңкібай батыр бастап келген қол маңдай тұстан, Қараменде қолы бүйірден жауға ат қояды. Жауынгерлер аллаға сиынып, аруақтардың атын күбірлеп барады. Бұлардың көбісі жас өрім азаматтар, кейбіреулері үйлі-баранды, кейбіреулері түбіт мұртты. Бірақ соғыс, бұларды ерте есейткен жандар еді. Қарамендемен Сеңкібайдың арасы он жастай, яғни Сеңкібай қырықтардан, Қараменде отыздардан жаңа асқан.

Сеңкібай батыр жадыраңқы жүзді, сұлу қара мұрт, кішкене леу қалың шоқша сақал қойған биік те алып тұлғалы ақсары кісі, орынсыз сөйлемейді де күлмейді, жай уақытта да соғыста да түрінен аса өзгеріс байқалмайды, тек кейбір қысылтаян деген кезде ғана ақсары жүзіне лып етіп қанқызыл жүгіргендей болады. Жанындағы топпен жедел шоқыта биік қырға шықты, бұл қырдан айнала алақанға салғандай көрінеді екен. Жанында Домай батырдың қолында Қызыларайдың жуан ырғайына сапталған найзаға қылмен байланған жасыл ту бар, бұлар туды Абылайханның Аңырақай шайқасынан

кейін ұстайтын болған. Абылайхан өзінің бас батырларына “бұл қазақтың туы, көтеріңдер” деп арнайы Бұхар жақтан одан әрі Үндістаннан алдырған жасыл түсті той матаны бас батырларының бәріне бөліп берген және елуден асқан жасаққа осындай туды көтеріп жүруге пәрмен етілген. Соғыс жағдайында белгілі батыр қаза болса ту ұстаушы қолбасының ұйғарымы болса сүт пісірім мезгілге туды төмен түсіретін болған. Басқа жағдайдың бәрінде ту ұстаушы көтеріп жүреді. Абылайханның пәрмені бойынша ту көтеруші ұрысқа араласпайды, тек өзіне қауіп төнгенде қорғануға еркі бар.

Сеңкібай батырдың туында жасыл матаның ту сабының түбіне жапсырылған алақандай қара мата бар, маңайындағылар, туды тамашалағандар мұны “тудың қалы” деп атайды. Мұның өзіндік тарихы бар. Маңғыстау жақтық Бекет әулие деп аталатын адам Мекеден қажыға барғанда әкелген “қара жабудан” Сеңкібайдың атағын, қылған соғыстарын естіп риза болған қажы, осы қара жабудың бір үзегін Сарғасқа Тоғанас батырдан аманат қылып беріп жіберген, Сеңкібай батырлығының үстіне халықтың ғұрыптан да, діннен мол түсінігі бар сұңғыла адам, мұны дереу туға жапсырып қоюға әмір берген. Расында осы туды көтергелі батыр шегінуді білмеді. Жаннаттан түскен сегіз тасты көмкеріп тұратын қара жабудың қасиеті әрине, мол!

Қалмақ кезуілшісі бұларды байқамауы мүмкін емес, күш келіп қосылғанын білді, тіпті олар шегінсе де тиіспей болмайды, неге десекіз, қазақ даласын бұлардан әбден тазарту керек. Сеңкібай батырдың ойына тіпті Қаз дауысты Қазыбек бастап тамам Қаракесек Қарқаралы сілеміне келсе бастарына сеңсен бөрік киген, өңдері сылыңғыр қара боп келетін жұртты ұшырастырады, сөйтсе бұлар түрікпендер екен, өздерін мұсылманбыз дейді. Бұл жақты жайлағалы оншақты жыл болыпты, Қазыбек дереу басшыларына талап қойды, амал бар ма, Қарқаралының мөлдір суын, таудағы шұрайлы бетегесін, қыста ық болатын терең сайын қимағанмен бола ма, олар қан төгіссіз кетті, ақылды басшылары бар екен. Одан Қуандықтан тарайтын Алтай туыскандарымен Қарқаралы аймағын “бәрімізге жер жетеді” деп бірге мекендемек болғанмен, кейіннен тарлық білдіретіндей болған соң “ағайынның азарына” қалмай олар да Нұра бойына жылжиды, бірақ иемденген жері сулы, нулы керемет шұрайлы болды. “Түгін тартсаң май шығады” деген осындай-ақ болар. Сеңкібай батыр – жанында ту ұстаған Домай батыр бар, бір жағы қия келген төбе басына көтерілді, жан-жаққа көз салды, Қараменде бастаған қол діттеген жеріне жетіп, ендігі пәрменді күтіп тұр. Сеңкібай Домай батырға қарады, жоғарыда айтқамыз Домай батыр Қызыларайдан қалмақтарды топтап та қуды, біртіндеп әр сайдан іздеп жүріп тазартты. Енді міне, тағдырдың жазуымен Қызыларай ең бір таулы-тасты көрікті жерін бұлар дәме ғып келді ме екен, кім біледі? Тым болмаса бір заманда айта жүрерліктей, қазақтардың есінде қаларлықтай бір ойран салып кетпекші ме? Неғылсада енді бір сәттен кейін айкас болмақ. Сеңкібай жан-жағына тағы бір қарады да Домайға бас изеді, Домай батыр туды ат үстінде

тұрып, жоғары көтеріп еді, желмен желбіреп дуылдаған дыбыс шығарады. Осы кезде екі қолымен көтеріңкі ұстаған күйі үш рет қатты былғандатты. Бұдан кейін не боларын күтіп тұрмай, өздері ылғиға қарай аттарын тебініп кеп жіберіп қатты желе жөнелді, Сенкібайдың астындағы Нарқызыл қатты кісінеп жіберді, жорықта ұрыс басталарда өзінің осындай әдеті бар.

Сенкібай батыр жанындағы адамдармен және ту көтеруші Домай батырмен бірге ойпаңға түссе, аналайдан көріп келеді ұрыс басталып кеткен екен. Домай батыр тықыршып сарылау жүзіне қан лып етіп шығып, біресе ағарып, біресе қуарып келеді. Домай батырды оқушыларға белгілі дәрежеде таныстыра кетуіміз керек-ақ, өйткені кейінгі тарихта атаусыздау келе жатқан адамның біреуі. Бірақ оның аты тарихта болған алам, қазірге дейін Қызылжарда Домай қыстауы бар, кішкентай кезімізде өткен ғасырдың елуінші жылдарында кәрікұлак, көзі қаракты қариялар айтып отыратын еді.

Соғыс болып жатыр, қалмақ та адам, кейде күші төмендеу болса жеңіліс тауып жатса, жаның да ашығандай болады, бірақ соғыста сен оны өлтірмесен, ол сені өлтіреді, соғыстағы заңдылық сол-ақ. Екіншісі бірі.

Аттан екі жақтан да домалап қалып жатқандар баршылық. Жылқы есті жануар, кісінеді дегенше үстіндегі адам аунап түсті дей бер. Аунағанда өзі аунаған жоқ, әрине. Өзінен зор біреудің найзасы ма, сөмсері ме, шокпары ма тиген. Сауыт екі жақтың да бәрінде жоқ. Өйткені сауытты ұстаның – ұстасы ғана жасай алады, кішкентай төркөз шығыршықты жыл бойы соғады десе болады. Сауыттың елдің бәріне тимейтіні содан, атақты батырлар киеді, немесе жекпе-жекке дайындалған батырға арнайы кигізетін жағдай болады. Қалқан да сондай құрал, қорғанысқа жақсы, өзің пайдалана алсаң, бетпе-бет келген қатерден жалтарып кетесің, бірақ бұл екі ортада ту сыртынды ұмытпауың керек. Желке тұста бір осал жер. Мына соғысқа кіргендердің көбінде сауыт-сайман түгел емес. Малына, қаражатына байланысты. Біреулері дулығаға ие, біреулері сауытқа, біреулерінде қалқан бар. Толық сауыт-сайман жүзден бірінде ғана. Бірақ соғыстың аты соғыс, «сауытым жоқ» деп қарап тұра алмайсың. Тағдырдың жазғаны болады деп қойып кетесің. Өйткені артта тағдырын күтіп отырған ел мен жұрт бар. “қара қазан”, “сары бала” бар. Соғыс жайында кітаптың басынан бері айтып келеміз. Бірақ, сол уақыттағы соғысқан ерлердің жанында тұрған және ешкім жоқ, сол уақыттағы оқиғаларды естумен, оқумен, көзге елестетумен, қиялының жүйріктігі қай шамада, оған да байланысты, солай жазылады.

... Қалмақтарға қарсы соғыста Орта жүз рулары, оның ішінде Қаракесектер қалмақтардың жойқын шабуылына үнемі тап болып отырды. Мысалы, Әлтеке-Сарымның түбі бір бірі Айтуғаннан, бірі Күнтуғаннан шығады. Қалмаққа қарсы соғыста бір көзінен айрылса да өле-өлгенше олармен жан аямай соғысып өткен Жалантөс осы Сарымның бір бұтағы

Құлықтан шығады. Негізінен қалмаққа қарсы соғыста Әлтеке-Сарым балалары Арқада, оның ішінде дәл қазыргы Қарағанды облысы аумағында жаудан қорғауда үлкен ерлік ұрыстар жүргізген. Оның бір дәлелі Жалантөс батырдың ерлігі болса, екіншісі Сарым Еламан батырдың сүйегі Қарамұрын деген жерде жатыр. Оның аржағына қарай Шабанбай бидің атасы Қалкаманның сүйегі жатыр. Тіпті Қара-Шордың бір бұтағы Сеңкібаймен бірге туысқан Бөргөз батырдың сүйегі тіпті Алатауда. Алатауда Бөркөз асуы деген қиын тау асуы да бар. Ал Жидебай батыр өзі айтулы шешен әрі би болған адам.

Мазмұны

1 бөлім

Өткен ғасырдың балалары.....	3
Балалық сені сезіндік пе?	19
Соғыстан кейінгі жылдар	20
Құлагер әні	31
Әйзаң және басқа оқиғалар	31
Бабан және басқалары	35
Тапайұлы Хамит туралы әңгіме	40
Тағы ауыл хикаялары	51
Біздің ұстаздарымыз	57
Қызылащы бұлағы	65
Тағы ұстаздарымыз жайлы	72
«Кіші ферма»	92
Ауылдың өткен кеткен әңгімелері.	
Қызырдың аю соғып алуы	94
Сафаның әңгімесі: аюды атқан Мешекен	96
Шекен батыр	99
Аю туралы Мұқаш әңгімесі	107
Зейнұр әңгімелері	111
Өткен ғасырдың үлкендері жайлы	
Амантай және басқалары.....	114

Жиенбек туралы хикая	121
Кластастарымыз жайлы.....	124
Тәуелсіздік аясында	
Қарағандының 80 жылдығына	136
Жаксыдан шарапат... Ақжан Машанов.....	143
Баска да игі жақсыларымыз жөнінде	150
Қызыларай-Қарқаралы, Арқаның телғарасы	153
Әсет акын жөнінде.....	162
Қызыларайлықтар.....	164
Ауылымыздың адамдары	166
Әсқан ата хикаялары	178
Абылайхан, Сенкібай, Жидебай,	
Қараменде Қызыларайда болған.....	182

Редакторы: Бану Мұхамедқали

Техникалық редакторы: Жантөре Баймұханов

Компьютерлік кенесші: Тоқтамыс Баймұханов

22 баспатабак. 29.04. 2014ж. басуға қол қойылды. «Астана-Renaissance»
баспасында басылды. Төлеби көшесі, 22. Таралымы 200 дана.